

Әмір Кәріпұлы

# ТӘБЕРІК

Өмір
КӘРІПҰЛЫ



# ТӘБЕРІК

ӘҢГІМЕЛЕР МЕН ХИКАЯТТАР

«Қазына»
Алматы
2025

УДК 821.512.122
ББК 84 (5)
К 85

**КӘРІПҰЛЫ Ө.**
***ТӘБЕРІК:*** *әңгімелер мен хикаяттар.*
Алматы: «Қазына» баспасы, 2025. - 300 бет.

**ISBN 978-601-06-8795-0**

Өмір Кәріпұлының бұл жинағына әр жылдары жазылған әңгімелері мен хикаяттары енген. Халық аңызынан бастау алған «Асан шерлі», «Түйе баққан Жиренше», «Шұлеңгер», «Атамекенін аңсаған Қожанасыр», «Көсенің Ханды алдағаны» әңгімелері өзіндік тағылымымен ерекшеленеді. «Бейбіт әңгімелер» топтамасы бүгінгі күннің шындығын көрсетеді. «Жазымышта» тағдыр тәлкегіне ұшыраған кейіпкерлердің жан әлемі ашып көрсетіледі. «Математик Ергешбай» хикаятында ұрпақтар сабақтастығы заман ауыртпалығымен шендестіре өрілген.Жинақта жеке адамдар тағдыры өмір шындығы арқылы ашылады.

Кітаптың мазмұны қою, тілі шұрайлы.

Кітап қалың оқырманға арналған.

**УДК 821.512.122**
**ББК 84 (5)**

**ISBN 978-601-06-8795-0**

**© «Қазына», 2025.**



# БЕТАШАР СӨЗ

Күні кеше ғана құлдыраңдаған ойын баласы едім. Қиян шетте... қойлы ауылда... тау арасында... өстім. Арқаның жатаған таулары Ақтау, Ортау, Қызылтау, Тайатқан Шұнақ, Сарықұлжа, Қоңырқұлжа, Тағылы - Бұғылы биіктері сексен бес жасаған ғұмырымда маған сүйеніш болды. Сарысу, Зәйімке, Атасу, Шажағай өзендерінің балығын аулап, тұнығына шомылдым. Ғұмырымның дені ауылда өтті.

Ауыл - бар қазақтың құтты шаңырағы. Жай ғана шаңырақ емес - қарашаңырақ. Сол құтты ұя мені сөз өнеріне бейімдеді. Жазушы боп қалыптасуыма ықпал етті. Туған даланың аялы қамқорлығына өтеуім шығармаларым болып табылады. Әр жазған роман, хикаят, әңгімелерімде табиғатты бейнелеп, аң - құсын кірістірдім.

Өмір өтті, қарттық жетті. Сексен бес жасаған кәрі бозбын. Қолдарыңызға тиетін мына жинақ «Тәберік» деп аталады.

Мен өмір базарынан қайтуға бет алған кәртаң адаммын. Тіршілік базарын

шарлағандағы олжам - жазған шығармаларым болып табылады. Соның біраз бөлігі осы жинаққа енді. Соны дос - жаранға, қалың қауымға тәберік есебінде ұсындым. Азырқанбай қабыл алғайсыңдар. Тіршілікте артық кетіп пендешілік көрсеткендей болсам үлкен - кішіден кешу өтінемін. Келмес жаққа сапарлап кете қалсам, қайыр қош болғайсыңдар.

Ел - жұртқа менен дұғай сәлем!

**Өмір КӘІРІПҰЛЫ.**

*Ақадыр.*

*22.09.2025.*



# І БӨЛІМ



# ХИКАЯТТАР

# МАТЕМАТИК ЕРГЕШБАЙ

## 1

Аққайнар кенті тоғыз жолдың торабында. Пойызда іркіліс жоқ, күндіз - түні ағылып жатады. Таспа жол кентті жанасылай өтеді. Кезінде аудан орталығы болған мекеннің етек-жеңі жинақы. Еңселі ғимараттар жаңа үлгімен салынған. Шеткі көшелерде бір өңкей аласа үйлер қатар түзеп тұр. Ергешбайдың тұрағы көшенің шетінде. Жапсарлас қос пәтерлі үйдің бір басында өзі, екінші жағында Сапар тұрады. Сапар бала - шағалы. Ергешбай бір үйде өзі ғана. Зайдананың денсаулығына бола ел ортасына келген еді. Үміті ақталмады Әйелі өткен қыста қайтыс болған.

Ергешбай кезінде шаруа қожалығын басқарған - ды. Қыстауы қиыр шеттегі тау қолтығында болатын. Жүнделген түйедей арса - арса қашаған кәрі тау қыстақтың көк желкесінен төніп тұрады. Қабағы бір ашылмайтын құзардың қолтық - қойнауы құнарлы. Сай - саласынан бұлақ ағып жатады. Шөбі қою миуалы. Сондай құтты қоныстан ірге бөлу Ергешбайға оңай болған жоқ. Туыс - туғаннан шола, шегене басты жалқы адамға былайғылар сүйкеншіктеп жүрмей ме. Сондағы олардың ілік қылатыны - Ергешбайдың перзентсіз жалғыз бастылығы. Сапардың балалары бұған бөтен бе? Сапардан да ши шығарып алған. Түбінің шикілігін жатып кеп қоздырады. Күңкіл мұнымен тынбайды. Ергешбайдың оғаш мінезі ауыздан ауызға таралып жатады. «Математик ол жазған» деп бір кекесе, «аңдар патшалығының сүлейі» деп іліп шалады. Қырық жыл отасқан Зайданадан айрылғалы, «мола күзеткен диуана» дейтінді шығарды. Қолының аздаған ашықтығы бар. Балаларға ақша үлестіріп жүреді. Жоқ - жітікке қарайласады. Сонысына да мін





тағады. Жұрт мұның жаяу мырзалығынан дәметеді. Қарызға ақша сұрап ығырын шығарады. «Уай, байеке, мал өсіріп болып, қартайғанда ит - құс бағайын дедің бе, бұл қай білгенің!?» деп және сүйкеншіктейді. Мұндай кекесіннің астарында шындық бар. Тегін сүйкенбейді түртпекші жазғандар. Бәлен жыл шаруа қожалығын дөңгелеткенде, ыдысында жұғын қалғанын біліп алған.

Ергешбай көшкен жақтан ақсақ - тоқсақ аңдарды ала келген-ді. Дала тағылары мал қорамен іргелес қаңылтыр қоршауда тұрады. Қорғаншақ момын жануарлар сырт көзге оғаш көрінбейді.Ауық - ауық ит үреді, онымен тынбай ұлиды.Сондай мазасыздықта, қоршаудағы аңдардың тынышы кетеді. Құлжа пысқырынып, киіктің текесі тыпыршиды. Қаңылтыр қоршауға сүйкеншіктеген өлімші бөрі азаттыққа тіленеді.

Шығарып отырған есебінен жаңыла берді де, Ергешбай тысқа беттеді. Себеттегі қоректі ұстай шыққан - ды. Алдыңғы екі аяғы бірдей маймақ боп қалған қызыл көз ала төбет иесіне ентелей берді. Қоянның сұрпы етін апаш - құпаш тауысты да, езуін жалағыштап иесіне жарамсақтана еркеледі. Жонын дүрдитіп қопсыды барынша. Бір бұрышта шоқиып отырған қасқырға айбат шегіп, ызылана ырылдады. Азулы төбеттің ата жауымен жұлқысуға шамасы келмейді. Дөң айбатпен жон арқасын қопсытты да қойды. Осыдан екі қыс бұрын иттер төбелесінде адуын қарсыласының астына түсіп қалып,екі аяғын бірдей шайнатып алған еді. Алапат айқастарда не бір азулы сырттандарды илектеп жіберетін итінің күйреп қалғанын ілік қылған иесі Алпарды қорғансыз жағдайда айдалаға қалдырып кеткен - ді. Апта жүріп, ай жүріп , биік таудың алқымындағы қыстаққа кеп тоқтаған жаралы итті мұндағылар қамқорлыққа алған - ды. Сол қамқоршысы мына тұрған қайырымды кісі болатын.

Ергешбай екінші бір тағыны шақырды өзіне.Жағы қарысып қалған бөрі қорегін өздігінен жей алмайды. Су жалаудың өзі оған қияметке түседі. Тілі икемге келмейді. Содан да иесі қасқырға бөлекше қарайды. Көкжал десе көкжал - ақ. Қалың өрт құрсауында қалып, жалынға шарпылып тұла денесін күйік шалған қасқырды осыдан бір ай бұрын даладан тауып алған еді. «Кел, мырза, - деді қалталақтап құлауға шақ тұрған бақырана бөріге, - мені жігіттің сұлтаны деп кім айтар, сені қасқырдың көкжалы деп кім білер. Өтіп те барады жалған тіршілік. Екі жарты бір бүтін боп жүре тұрайық. Келе ғой мында».

Түтікпен езуіне жіберген суды ол қылқылдата жұтты. Таңдайы жібіген соң,сілкінді өзінше.Алпарға айбат шекті.Жон арқасын қопсытып, езуін ыржитты. Төбет иесінің қырпымен болып, бөріге жауап қайтарудан тартынды. Оған қарағанда, өзінің халі көш ілгері екенін сезініп, жонын дүрдитті де қойды. Қапелімде, төбеттің маймақ аяқтары сырқырап қоя берді. Әлгіндегі дүрдиісі сап басылып, жылап үріп қатты мазасызданды.

Өлімші көкжал дүрдиді. Уытсыз жасыл көзімен бөкеннің текесіне тесірейді. Езуінен сілекейі шұбырған оны аяп кетті. Жылдамдата қимылдап, қоянның жас етін езуіне тықпалады. Бөрі қорегін ашқарақтана қылғытты. Ішіне ел қонып, көзінің оты тұтанып сала берген қасқыр араны ашылған қомағайлықпен Ергешбайға ентеледі. «Сап, сап, сабырлық керек.

Бір жылқыны тік көтере жеп кететін заманың өткен. Саған білем - білем құйрықты қайдан тауып беремін. Мал өсіріп едім, бір жағынан сендер жұлып тартып, ұры және сұғынып берекемді алып... Ақырында, міне, қоян өсіріп жатырмын. Өздеріңе бола, бір басыма не жетпейді».





Қорқауды тойындырған соң, Ергешбай бөлек торда тұрған құлжа мен киіктің текесіне барды. Бұл екеуін көшкен жерден әкелген еді. Түнгі жусауды тыншу өткізген екі момын ертеңгілік қорек айыруға кірісіп кетіпті. Екеуінің жағдайы ит пен қасқырға қарағанда көш ілгері. Көк бояқты күрт-күрт күйсеген қалыпта алаңсыз тұр. Әйткенмен де, бұларда да мұң басым. Құлжа су қараңғы соқыр. Марқасқа өлімші ақсақ. Артқы аяғын сүйрете басады. Алдыңғы бір аяғы да кемтар, оқ жұлып кеткен. Ақшулан тартып қартая бастаған текенің қос мүйізінде ақау жоқ. Танауы табиғи қалпын сақтаған қалыпта делдиіп тұрады. Тұңғиық мойыл көздеріне мұң ұялап қалған. Сол мұңлы жанардан ауық - ауық жас бөлінеді. Өз - өзінен секемденген марқасқа рақымшыл иесінен сескенеді. Екі аяқтылардан көрген жәбір - жапасы түйсігінен бір кетпейді. Ми қатпарында беріш боп байланып қалған. Табиғат сыйлаған жел жетпес жүйріктігінің арқасында талайғы сүргіннен аман құтылған еді. Соңғы бір ала шапқында қыр соңынан қалмаған қуғыншы тырылдақпен қуып жетіп соғып өткенде, жардан төмен қарай түпсіз түнекке жұтылып кете барғаны еміс - еміс түйсігінде қалыпты. Есі жиғанда биік жар төбесінен төніп тұр еді. Тырбанып - ақ баққан, бөксесін құмнан ала алмады. Сөйткенше қуғыннан көз аштырмайтын суық сұлба төбесінен төне берген. Өзін құмнан аршып алған рақымшыл жан мына тұрған мейірімді кісі болатын. Оны әлі күнге құбыжық көреді. Алдына әкеп қойған жемге жақындауға батпай шегіншектеген марқасқа иесіне айбат шекті.

Құлжа Ергешбайды жатырқай қоймады. Қайырымды адамды исінен біледі. Иесінің даусы шыққан сәтте ол өзін жеңіл сезіне бастайды. Тұла денесін буған сығымнан сәтте арылып, төңірегін тұмшалаған соқыр түнек ыдырап сала береді. Бірақ бұл сестілігі ұзаққа бармайды. Әлгіндегі алдамшы көріністер тылсым түнекке жұтылып, су қараңғы қалпына

қайта келеді. Құлжа Ергешбайға жақындады. Алдына тосқан суды қылқылдата жұтып - жұтып алды да, жемге сұғынды. Құмшекер араласқан кебек көмейін суырып барады.

Хайуанаттар тұрағына іргелес сарай қояндар мекені. Шикі кірпіштен қаланған сарайдың бұрыш - бұрышын кеуектеп қазып тастаған еді. Сарайдың көттігіне бастырыла үйілген шөп төрт - бес тоннаға жақын. Сыртын күн жеп тастағанымен, бояғы бойында. Шөпті кеуектеп алған тіршілік иелері емін-еркін суыртпақтайды құнарлы шөпті.

Күн кірпігі өткірленіп барады. Аспан шыт жаңа, көгілтір тартып өңейіп алған. Бұралқы ала төбет тойынып алған соң, кәнігі машығын бастап кетті. Көшеде қаптап жүрген бұралқы иттер өре түрегелісті. Қасыретті шерлі үнмен ұли бастаған Алпар кентті басына көтерді. Көбінесе ол түнде ұлитын еді, ақ таңнан азандағаны шәуілдектерді қатты дүрліктірді. Көшенің әр тұсынан кеп бас біріктірген көпек иттер аттанды ойбайға ұластырып жабыла үріп байбаламға басқанда, төңірек азан - қазан боп кетті. Кент тұрғындары «әлгі сырттан көшіп келгендердің иті ме, қасқыры ма, басыңа көрінгірлер ұлып мазамызды кетіріп бітті» десіп күңкілге басқалы біраз болды. Кейбір белсенділері «әкім дегендер жұмыс істегенді қойды, түге»» деп басшылыққа түртпек салып жатты.

Салпаң құлақтардың байбаламы үдеді. Даланы сағалаған аңдар ауыл шетіне кеп іргеден сығалағанда олардың үнсіз қалғаны намысқа тиетін жағдай. Бәрінен де бұрын әне бір қолапайсыз бөріні айтсаңшы. Ежелгі ата дұшпан қасқырдың ауылға тұрақтағанына қалайша төзеді? Мал тұқымдас әне біреулер де бұларға жат. Бәршектеп тастар ма еді өздерін деп және шұбыртады сілекейлерін. Иттердің бұл дүрлігісіне кінә тағу артық. Дәл іргеден мүңкіген жат иіске қайтып қана шыдайды. Ата жаулары қарақұлақтан аңқыған мүңкіме





тұмсықтарына жеткенде тұла денелері түршігіп, бойларын үрей буады.

Бір - біріне дыбыс беріп жау жеттілеген шәуілдектер кенттің түстігіндегі шеткі үйді кеп қоршады. Жалғыз - жарым емес, топталып алған салпаң құлақтар майданды бастап та жіберді. Шәңк - шәңк етіп байбаламдаған бұралқы тобырға іштен жауап болмады. Осы кезде сыртқа үй иесі шықты. Иттерді зекіріп қуып тастады. Ергешбай ішке кірген соң шәуілдектер ойбай-аттанды манағыдан бетер үдетті.

## 2.

Бүгін Ергешбайдың туған күні. Алпыстың бесеуіне келіпті. Математиканың заңдылығына сидырғанда бұл сан тым жасаң. Алтыны беске қосқанда он бір шығады. Енді қараңыз, алпыс бестен он бірді аласың. Сонда елу төрт саны шығады екен. Бұған өзінің қазіргі жасын қосқанда өзіне жүз он тоғыз жас тиесілі болуға тиісті. Есеп мұнымен тоқтамайды. Шешімі дұрыс па - соны тексереді.

Мұндай есептеудің түсініксіз амалы өз пайымдауынша кері есеп делінеді. Кері есептің кіріс - шығысы алгебралық теңдеулермен, геометриялық өлшемдермен күрделеніп, былайғыларға түсініксіз болғанымен, Ергешбайға түпкі шешімі айқын. Бұған бұйыршақ жүз он тоғыз жас нақты ма?

Есептеп келгенде мұншама жас бұған бұйырмайды. Ғұмырының кірісінен шығысы басым. Көп нәрсені жоғалтқан. Сандар діни аңыздағы періштелерге ұқсас. Өтірік айтпайды, жалғандық олармен сиыспайды. Барды бадырайта көрсетеді. Жоқты нөлге апарады. Ергешбайдың екі - үш күннен бергі айналдырып жүрген есебі осы.

Қиын есепке жаны құмар өзінің. Кез келген жайытты есепке құрып дағдыланған.

Өмір жолының бұлтарыс - бұрылысын да есептің амалына сидырып жібереді.

Ол әкесін білмейді. Қазақтан шыққан тұңғыш - демограф ғалым екен.

Және өзі ірі математик болған. Ғылыми жұмысын саясатқа бұрам деп басы дауға іліккен де, ұсталып кете барған. Ол кісінің басына бұлт үйірілгенде Ергешбай не бәрі бес жаста ғана болатын. Әкесінің дидары алдыр - бұлдыр ғана қалды санасында. Сүйекті ірі кісі болатын. Сол зор адамның мойнына мінгені есінде қалыпты. Шешесі бертінде озды өмірден. Қағаздай аппақ жұқалтаң келген әйел еді. Күйеуі он жылды арқалап сібір асқанда артынан қайта - қайта барғыштап жүріп, кеудесіне суық тигізіп алса керек.

Дімкәстігіне жар қазасы қабаттасып, екі жақтаған қасіретке төзе алмай, не бәрі отыз бес жасында мезгілсіз үзілді. Шешесі көз жұмғанда Ергешбай он үште болатын. Әкесі тайғада кесігін өтеп жүргенде үстіне ағаш құлап мерт болды. Әкесінің тосын қазасы аурушаң шешесін үсік шалған гүлдей күрт солдырып жіберген - ді.

Ергешбайға жетімдік ерте килікті. Әкесінің туған ағасы Келімбеттің бауырында өсті. Қара күштің адамы еді. Жауырыны жерге тимеген айтулы балуан болатын. Ақ қашып, қызыл қуған алағай - бұлағайда бес баласы мен әйелінен көз жазып қалыпты. Өзі ауылда жоқта Қытайға қарай жөңкілген ақ гвардияшылар ауылды тонап, әйелдерді зорлап, қыздарды олжалап білгендерін істеген. Бала - шағасынан айрылып жер соғып қалған көкесі жылай - жылай көзінен айрылыпты. Бір көзімді балаларымның жолына бердім деп отыратын еді. Содан ол соқыр Келімбет атанды. Кейінгі алған әйелінен туған көкесінің жалғыз қызы Ергешбайдан бес жас үлкен болатын. Торалып бой жете бастағанда қыз қуу бәскесіне түсем деп,





оспадардан тізе көріп, тауы шағылған ол бейдауа науқасқа шалдығып қор боп өлді.

Келімбет көкесі бертінде кеңшарда жылқы фермасын басқарды. Ақындығы оған қоса қиссашыл жыршылығы ел арасында беделін өсіріп, қияндағы малды ауылдардың ақылгөйіне айналған-ды. Сол қарсаңда ол бір жас әйелге аяқ салып, одан бала көрген болатын. Соны ілік қылған дұшпандары жоғарғы жаққа арыз түсіріп, меңгерушіліктен бір шеттетсе, өзіне балпанақтай ұл тауып берген әйелден айырып және сандалтты. Коммунистік моралға жат деген желеумен әйелді төркініне күштеп көшіріп жіберіп, Керімбек көкесі келеден көз жазған бурадай алалсұрғанын Ергешбай әлі күнге ұмыта алмайды.

Жығылғанға жұдырық болып зарығып көрген шикі өкпесі көп тұрмады. Көкесінің сондағы қиналғанын Ергешбай тілмен айтып жеткізе алмайды. Өңкиген ірі адамның уытты жасып қалған жанарынан төгілген ірі тамшылар сақалын жуып тұратын. «Өлемін... маған жалғанның жарығы һарам» деп теріс қарап жатып алған шалына бәйбішесі мұны жұмсар еді. «Көке, көтерсеңші басыңды. Мені қалай қиясың? Қаңғып қаламын ғой!» Көкесі ыңыранады. Ергешбайды тас қып құшақтаған бойда жатады - жатады да басын көтереді. «Әй, қатын, сусын әкел! - дейді бәйбішесіне жалғыз көзін тесірейтіп. - Құдайға зарымыз жетпейді. Ерімбеттен қалған мына күшіктің ғұмырын тілейік...».

Ергешбай мектепті күміс медалмен бітірді. Сені көрмесем жүре алмаймын деп көкесі оны оқуға жібермей қалды. Артық білім адамға зиян, әкең сияқты заңның құрығына ілігіп көз түрткіге ұшырайсың деп сылтау айтты. «Баланың бағын байлағаның не?» дегенерге де жұмсармады. Тек - тамырдан ба, Ергешбай айрықша ұғымтал еді. Есепке жүйрік

болатын. Сол талабы математиктердің құлағына жетсе керек. Бір күнері жоғарғы оқу орнынан мөр басылған шақырту қағаз келген еді. Оқуға емтихансыз қабылдаймыз депті. Көкесі естілік танытқан. Ақсарбас шалып, үлкендерден бата сұрады. Қойны - қонышын ақшаға сықап Ергешбайды өз ризалығымен оқуға аттандырып салған - ды. Сөйткен Келімбет көкесі көп жүрмеді. Ауылға барған сайын «сенен маған топырақ бұйырса жақсы болар еді» деп айта беретін-ді. Университеттің екінші курсын аяқтап ауылға барған жылдың жазында көкесі аз күн ауырып дүние салды. Өз қолымен жөнелтті шоң шалды. Ергешбай көкесінен жалғыз ғана олқылық тауып еді. Болмасты болдырам дегені жүзеге аспады. Жазудан артық болмайды екен. Бәз бірде түсіне енеді. Көкесінің асауға бұғалық тастағаны қапысыз болатын. Табаны бір де тайқымайды, тұрған орнында сіресіп қатып қалады.

Ергешбай есепке отырды. Жақында жоғарғы оқу орнынан бір топ студент келіп, бір қиын есеп тастап кеткен - ді. Соны қаузауға кірісті. Есеп оған қанат бітіреді. Математиканың жықпыл - жықпылын жүлгелеп, бұрылыс қалтарысына бойлап енген сәтте, тіршіліктің таусылып бітпейтін ырду - дырдуынан алыстап сала береді. Мүтін дүние мұның қаламына ілесіп, сандар тізбегінің шылауында дөңгеленіп бара жатады. Сонда ол өзін барша тіршіліктің тұтқасын ұстаған ересен күш иесіндей сезініп, есепке еліге ентелейді.

Миының терең қатпарында орныққан математикалық заңдылықтарды көмекке шақырады. Құмырсқадай өріп шыққан сандаған деректен өзіне керектісін тап басады. Мүлт кетсе есіл еңбегінің зая кеткені. Бір жақсы жері, есте сақтау қабілеті ойсан. Қиян түкпірде жатып математиканы дөңгелеткені басқалар тұрмақ өзіне де жұмбақ боп көрінеді. Бір жақсы





жері, айтулы математиктердің назарында жүреді. Солардың қолдауына сүйенеді.

Дала азан - қазан боп кетті. Иттер үйді қоршап алыпты. Топталған шәуілдектердің қарамы бір қыдыру еді. Әншейінде бір - бірімен жұлқысып тарбайысудан жалықпайтын арсылдақтар ұйымшыл бола қалыпты. Ергешбай қосауыздан оқ шығарды. Шәуілдектер безіп бара жатты.

**3.**

Бейіт басына баруға жиналған ол іштен желдіаяғын алып шықты. Тастақты төмпейде бой көтерген күмбез ауылдан онша алыс емес, жолға да жақын. Ергешбай бейітке күніге бір соқпаса жүре алмайды. Күмбездің ығына кіреует құрып қойған. Сонда жатып жүреді. Есеп шығарады, кітап оқиды. Кейде түнеп те шығады. Сонысын ілік қылған діндарлар оны іліп - шалып жүргізбейді. Ауылдың көсем шалдары оған өш. Жиналысқа салып мәселесін қарау керек деп күпілдейді.

Сиыр соқпақпен бейітке туралай салған ол Зайдана марқұм алдынан шығып қарсы алса ғой деген алдамшы сезімде келеді. Онымен қосылған жылдардағы ләзатты сәттер қандай еді. Бұл үйде бір күн жоқ болса, келіншегі судан шығып қалған сүйріктей бозарып жүдеп қалатын. Он алты жасында басына желек салған оған кінә да жоқ. Сегізінші сыныпта жүріп, жүрегіне шер байланған Зайдана өзіне сабақ беретін мұғалімге ғашық боп қалған - ды. Ергешбай сыныпқа кіріп келгенде бетін партаға басқан қалпында бұқиып жататын да қоятын. Жай жатпайды, екі иығы селк - селк етіп,үнсіз жылап жатады.Сақа жігіт Ергешбай оқушысына бірден ұрынбаған. Оқу жылы аяқталған соң барып байыптады жас қыздың ахуалын. Балаң бойжеткеннің аңсары әріде боп шықты. Ұстазына өле ғашық екен. Содан жүрегіне айықпас дерт жамаған. Дертінің сабағы

мұғалімді де шарпып, Ергешбайды күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырды. Ессіз есірік күйге түскен балаң қыз көзсіз махаббаттың ырқымен, Ергешбайды бір күн көрмесе жүре алмайтын кепке ұшырады.

Жігіт жүрегі асаусып ырыққа көнбей және туласын. Алғашқы табысқан таңдаулысынан қапияда көз жазып жүрегін жаралап алған Ергешбайды бұйрықты махаббат қолды - аяққа тұрғызбады. Зайданамен табысуын есептің амалына жатқызып, бірді бірге қосса екі болады деп қызды алып қашпай ма!

Өзі долбарлаған есептен ши шықты. Математиканың заңдылығынан да Коммунистік тәртіп пәрменді еді. Кәмілетке толмаған жас қызды түзу жолдан тайдырғаны үшін Ергешбай мұғалімдіктен бір жолата қош айтысып, соттың үкімімен үш жыл мерзімге бас бостандығынан айрылып, кесігін «қара жұмыспен» өтейтін болған - ды. Зайдана ара түспегенде жазасы тым ауырлап кететін еді. «Өзім кінәлі бәріне. Бұл адамсыз мен бір күн де өмір сүре алмаймын» деп сазарып тұрып алғаны күні бүгін көз алдында. Ергешбай кесігін жылқы бағып өтеді.

Зайдана қасында болды. Сөйтіп қосылған жары елу бес жасында мезгілсіз озды өмірден. Марқұмды бала қайғысы әкетті. Зарығып көрген жалғыз ұл құлындай құлдыраңдаған шағында суға кетіп қап, бұларды тамырын құрт жайлаған ағаштай құратып тастаған - ды. Жан кеудеде демесе Ергешбай осы күндері өлі мен тірінің аралығындағы қауқиған бір сүлдер. Бір үйде сопайып өзі ғана қалды.

Сапарға сүйеніп балаларын алданыш еткеніне де жазықты. «Қайдағы біреуге жабысқаны несі?» деп жазғыратынын қайтерсің табашыл тобырдың. Көп аузында тиым болушы ма еді. Көрге басы жеткенше күңкілдеуден жалықпайды.





Сөйткен жел көкіректер де тыншиды бір күндері. Көзге көр топырақ еніп, ауызға құм құйылып, сүйектері ақ сөңке боп шашылып қалады.

Өлетінін біле тұра өзеуреп, өзгенің көзінің жыртығы мен бетінің тыртығына үңілгенде ел алдына шыға қойса жақсы - ау? Пендемісің деген!

Ергешбай ауыр ойдан шұғыл сергіді. Бейітке таяп қалыпты. Қапелімде еңселі күмбез бұған бір түрлі суық көрініп кетті. Ақ кебінге оранған Зайдана алдынан шығып: «Мазамды алып неге келе бересің?» деген тәрізеніп, алдамшы елес шырмауында көз алды суық елеске толып кетті. Желдіаяқ бір жерде, өзі бір жерде шашылды да қалды. Зайдана боп елестеген бейіттің сұлбасы екен. Мелшиген мазарда түк қозғалыс жоқ. Өлі тыныштық құшағында сұп - сұр боп сіресіп тұр.

Ергешбай есеңгіреп қалған еді. Жаттап алған құран сүресінен жаңыла берді. Тұтыға күрмелген ол білгенін зордың күшімен ежектеп шықты. Тие берсін деп бет сипады да, іле кейін қайтты. Әлгіндегі елес алды - артын орағыштай берген.

Үйге құр сүлдері жетті. Сол күннен бастап ол мола күзеткенді тоқтатты. Бейіт басына барғанды да сиретті. Анда-санда соғып өтеді. Онда да көп аялдамай кеткенше асығады. Оның есесіне, Зайдананың пәдіретіне, сырған сырмағы мен ойған оюларына көз талдырып, жұбайының ұстаған ыдыс - аяғына жұбанатын болды.

Ұлы есінен кетпей жүр. Көшкен жақта қалған оның сүйегін осында әкеп Зайдананың іргесіне қойсам деп ойлай береді.

**4.**

Отар соңына ілескен Сапар ыңылдап келеді. Көмейінен құмығып шыққан зарлы үнге қарсыдағы биік шоқы құлақ түріп тұрғандай көрінді де, арқаланған ол әнді еліге созды.

Сондай толқыныста оның көз алдына бала күнінен серіктескен биік - биік таулар келеді. Жайыла аққан мол сулы өзеннің ирелеңдеген асау толқыны көрініс береді. Одан әке - шеше, құрбы - құрдастарын есіне алады. Осында мұны бұғаулап ұстап отырған кім бар ? Бар кінә өзінде. Албырттықпен аяғын шалыс басып алғанын ешкімнен көрмейді. Елінен қуылып шығандағанда ежелгі бабаларының ата мекені қазақ даласына тап болам деп ойлады ма? Оқ тиген аңдай есірік күйдегі ол құла түзді бетке алып шығандап кете барған - ды. Дендеп ене берген, ене берген ұшы - қиырына көз жетпейтін шалқар далаға. Өзінің туған жеріне келіңкірейтін жат өлке мұны жатырқамады.

Құшағына тартты. Адамдары меймандос, кең қолтық екен. Маңдайынан сипап арқасынан қақты. Алдына мал салды, басына үй көтерді. Қойнында жары, аясында балалары бар. Мына бағып жүрген ұсақ малдың дені өзінің иелігінде. Оншақты сиыр ұстайды. Әйелі сүтті базарға шығарады. Қарын - қарын май алады. Қой - ешкі де күн көріске сеп. Кәссіде ақшалары бар. Ергешбай ағасы тұрғанда бұларға кемшілік жоқ. Зайдана тәтей де мейрімді жан болатын.

Сапар көзіне жас алды. Зайдананың жақсылығын қалай ұмытсын. Беті әрі қарап үзілерінің алдында мұны қасына шақырып, тілге келген еді. Сондағы қалдырған өсиетінің ұзын - ырғасы мынау еді: «Сіңілімді жесір тастап еліңе кетіп қалма. Жаман күнде жар болған Ергешбай көкеңді сыйла».

Отар шетіне кеп жеңіл мәшине тоқтады. Әкімшіліктің дөкейі бас маманды танып тұр. Оны жұрт өз ныспысымен атамай «Томарбас» дейді.

- Сенің сиырларың ғой деймін көшеге кіріп кететін, - деп ол Сапарға тиісе келді, - жаяуға мал қайыру бере ме, атың қайда? Әлде саған «анауың» ат мінгізбейтін шығар.





- Олай деме, - деді бақташы сүйкеншік маманға төбесінен төніп, - ол менің ағатайым. Бауырым.

- Бауырға жарыған екенсің?! - бас маман майға батқан бауырсақтай жалпиған мұрынын шүйірді, - түріңе қарамаймысың. Сен алдымен қазақ болып ал.

Біз деген ерекше ұлтпыз. Сенің қазаққа үш қайнаса да сорпаң қосылмайды. Сібір жұртының біріненсің ғой деймін. Әлде маңғолмысың? Сенің анау ағасымақ қожайынның да оңған адам емес. Есі ауысқаннан сау ма өзінің?

- Тіліңді тартып сөйле! - деді Сапар оған төбесінен төніп, - ол сенің ойнайтын адамың емес.

- Байқағайсың! - деді томар бас маман ойқы - шойқы кеспірсіз өңіне сұс жиып, - менімен сен тұрмақ ауданның мықтылары санасады. Туған ағам парламентте депутат. Оны азсынсаң облыс әкімдігінде балдызым отыр бір саланы басқарып.

Аққайнар кентіне еңбегім сіңген. Мен деген отставкадағы подполковникпін. Кезінде осы кентте әкім де болғанмын. Аққайнардың гүлге оранып тұрғанына менің де қосқан үлесім бар. Так што, байқа! Көшеге мал жіберіп қойсаң іштірәп төлейсің. Бақташылықтан қуыласың. Сендерді мұнда шақырған мен емес. Қаңғырып келген өздерің.

Сапар тұтанды. Жұдырығын бас маманның алқымына тақап барып тайқыды. Зәресі ұшып кеткен бас маман аюдың көзіндей жіпсік жанарын жыпылықтата берді. Көлігіне отырып жатып: «Сенімен болсын ісім!» деп кіжінді.

Ол зорға түсті сабасына. Ашуға жеңдіре қоймайтын еді, әлгінің сөзі өтіп кетті. Өзі барып тұрған сұраншақ. Қойың семіз деп жырымдап берекесін алады. Ергешбай көкесі: «Бас маманнан сақтанып жүр. Бірдеңеге ұрынырып жіберуден тайынбайды ол томар бас» деп ескерткен болатын.

Әлі күнге өкінеді. Тау арасынан, үйреншікті қоныстан бекер қозғалған екен. Табиғатпен қойындасып алаңсыз ғұмыр кешкенге не жетсін, шіркін! Көз көп жерде сөз де көп болады екен. Қыбыр - жыбырдан мезі боп жүр осы күндері. Түбінің шикілігін қопсытады жыпық ауыздар.Ел ұстайды деген әкімнің түрі жаңағы.

Сапар тағы созды үнін. Зарлы әуен іші - бауырын есілтіп жіберді. Көзінің жасы бырт - бырт үзілді. Оңашада босаңсығанымен, сырт көзге сыр алдыра бермейді Қойындасқан әйеліне де байқатпайды қабағындағы кірбеңді. Бәрінен де бұған Ергешбай көкесінің назары қиын соғады. Мұның салыңқы қабағы мен жасып қалған жанарынан көңілсіздігін біле қоятын сыншыл жан бұған сұраулы кескінде тесілгенде, Сапар көрінеу жалтарып, әр қилы сылтау айтады. Тісімнің қақсап жүргені дей салады. Келіншегі Нәзікеннің де назары өткір. «Еліңді сағынып жүрсің - ау?» деп өзімен қосыла мұңаяды.

Балаларының ойында түк те жоқ. «Біз атамның баласымыз» деп жамырасады.

Сапар да бала болған. Әкесі айтулы аңшы еді. Оны жұрт өз атымен атамай. «Қара аю» дейтін. Аюмен әлденеше айқасқа түскен батыл адам болатын. Шешесі ісмер тігінші - тін. Аң терісінен тіккен киімдері Мәскеу базарын босатпайтын еді. Алғыр жас ол аңшылыққа бейім тұрды.

Бұғыға үйір боп өсті. Жаз айдарында нағашы атасына болысып бұғы бағысатын.

Әкесінің інісі мұғалім еді. Мұны оқуға бейімдеді. Оныншыны бітірген соң ол кісі екі үйдің ортасындағы ерке ұлды қолынан жетектеп қалаға апарды. Якутскінің мұғалімдер институтына сәтімен түсіп, тарих факультетінде оқып жүргенде жазатайым мүлт кетіп Қазақстанға дәмі ауған жоқ па. Жазғы





үзілісте орман шаруашылығына уақытша жұмысқа тұрған болатын.

Түскі үзілісте ағаш қиюшылар асханадан тамақ ішуге кеткенде студент серігімен жұмыс орнында қала берген - ді. Серіктері күркеде дамылдап жатқанда алып - ұшып тұрған аңғал жазған аяқ астынан белсеніп ағаш қиюға кіріседі. Тоққа қосылған арамен төрт - бес ағашты сұлатып үлгерген ол әлгілер жатқан тұстағы алып қарағайға бағыттамай ма аранның тісін. Ұшар басы көк тіреген піл сауырлы ағаш опырылып түсіп үшеудің үстіне құлайды. Сондағы жанталас сәтті көз алдына әкелгенде еңіреп жылап - жылап алады. Студент серігінің жан даусы әлі күнге құлағынан кетпейді. Түк қайраны қалмай, өзін - өзі жұлып жынданудың аз - ақ алдында қалған ол беті ауған жаққа безіп кете барған - ды.Күні бойғы жүгіріспен теміржолға кеп тоқтаған еді. Ұзыннан ұзақ созылған жүк вагондарына ілігуге жанын салды. Бір кісі әрең сиятын вагон тесігінен ішке зорға енді. Біреулерден қалған бөлке мен шұжықтың жұқанасына, консербі қалдығымен өзек жалғап, жан шақырды. Судан басқа аузына дәм алмағанына бес тәулік өткен - ді.Ішіне ел қонған соң,тыныштық алды. Қатып ұйықтап қалған екен. Ояна келген ол өң мен түстің аралығына мәңгіріп отырды да қойды. Пойыз жүйткіп келеді. Бір жүреді, бір тоқтайды. Вагондар тізбегі бір стансаға кеп ағытылды. Өзі кірген тесіктен сыртқа шығып, төңіректі шолғанда байыптады. Қазақсан шекарасына іліккен екен. Шарасыз қашқындық оны жансауға тірлікке еріксіз мәжбүрледі. Көзге түсіп қалудан жалтарып, елсіз даланы бетке алды. Белден бел асып жүре берді, жүре берді. Көбінесе далада түнейді. Қарны ашып өзегі талғанда ғана шеткергі ауылдарға аялдайды.

Осындай бұғыныспен нешеме тәулікті артқа тастаған еді. Оқшау тұрған тауға іліккен ол жайылып жатқан отарға

жақындады. Қой шетінде обадай оқшырайған малшы бұған қарсы жүрді. Әлгі ұзын кісі жақындай бергенде бұл жалт берді. Безіп бара жатқан оған әлгі адам: «Қорықпа менен. Үкімет адамы емеспін. Қарапайым шаруагермін» деп дауыстады.

Сол қарапайым адам Ергешбай еді.

Есін жидырып етегін жаптырғаны былай тұрыпты, мал малдандырып, жан жандандырғанын қайтып ұмытады. Қойды бұған үрдіс бақтырмайтын еді.

Көбінесе өзі жүреді қой соңында. Егор есімді бақташыға бақтырады.

Ергешбай бұған ұстаз есепті болды. Қазақ тілін меңгертті. Ескі тарихты қозғап, сахалар мен қазақтар ежелгі түркі нәсілді ағайынды халықтар деп құлағына құйды. Ұлттық дәстүр - салтқа, танымдық әңгімелерге қанықтырды. Дін ұстанаудың тәртібін қозғап, исләмдік ғұрыптарды санамалады. Дінде зорлық жоқ, қай дінді ұстануың өз еркіңде деп майдалады. Еліңе қайт деп те үгіттеген. Сондай қысылыста ол қоймай - қоймай жылар еді. Кісіге қиянат жасаған адаммын дейтін. «Сіз паналатуды ауырсынсаңыз басқа жаққа кетейін» деп еңірегенде етегі жасқа толып кететін. Сафаев Сепи есімді якут азаматы екен. Ергешбай оған төлқұжат жасаттырып берген-ді. Өзінің мақұлдауымен аты - жөні сәл өзгеріске түсті. Сепи есімі Сапарға ауысты. Еліне де жіберіп алған. Әкесі мен шешесі келмес жаққа сапардан кетіпті. Екі апасы тұрмыста. Өздерімен өздері. Бұған келе қой деп жігі - жаппар бола қоймады. Апаларының да ішкі есебі бар боп шықты. Үстеріне ағаш құлағандар тірі боп шықты. Үшеуі де әр түрлі деңгейде жарақат алып мүгедек боп қалыпты. Ескірген оқиға ұмыт болуға айналғанымен, өзіне байланысты өршіген күбір - сыбырға төзе алмай іле қайтып кеткен - ді. Ол жақтан әкелген олжасы жыр - дастанға толы қалың дәптер. Әкесінің інісі





ауылдық жерде мұғалім болған көзі ашық адам еді. Зейнетке шыққан ол кәттабай шежіреші боп алған екен. Жазып-сызғандарын мұның қолына ұстатып: «Осыдан айрылма, сені құдай айдаған шығар ол жаққа. Қазақ даласы ежелгі ата қонысымыз, Сақтардың көне мекені» деп тапсырған еді. Сол дәптерге түскен жыр - аңыздарды мал соңында жүргенде сызылдырып ұзақ - ұзақ толғайды. «Ерте бір көне заманда, кеңбайтақ шалқар далада, болат сауыт құрсанып, боз арғымақ желдіртіп, жауына теңдік бермеген сақы деген ел бопты. Қыздары сұлу көрікті, жампоздары келісті, найзасы көкті тіреген, садақ тартып шіреген. Егін салып аң қаққан, ақтылы қой мал баққан. Тауды үңгіп кен қазған, қоладан тағып үзеңгі күміспен тұрман зерлеген, бес қаруы бойында, жауға теңдік бермеген. Сондай да көне ел болған. Басқа елдермен деңгейлес терезесі тең болған. Жауларына алдырмай, жалғанды жалпақ басыпты. Ерте тұрып, кеш жатып жалқаулықтан қашыпты. Жауға десе көп екен, жалқаулыққа жоқ екен. Үлкеніне бағынған, абызына табынған»...

Әлқиса, данагөй абыздары тұрып бүй депті: « Мал өссін, жан өссін десеңдер бір жерде ұйлығыспай өрістеріңді кеңейтіп, әр тарапқа таралып қанаттарыңды кең жайыңдар». Шеткергі қоныста отырған кіші ұлыс Сақы алқалы жиыннан кешігіңкіреп қалса керек. Сонда данагөй абыз ақтарыла сөйлеп: «Сендер қанша дегенмен тоқсан баулы түркі жұртының ең шымырысыңдар. Қысылғанда жол бастайтын, жаугершілікте қол бастайтын, сақадай сайлы сайыпқыран һәм жомарт та еркөңіл ұлан сендерге Ібір - Сібір аймағын сақтап отырмын.Аңы қойдай өрген, бұланы мен бұғысы тауының тасынан да көп. Өзендері өрге қарай аққан, балығы қайық аударған, орманы аң базары, көлдері - құс базары құтты аймаққа көштеріңді бағыттаңдар» депті.

Осы бір жолдар дәптерге ап - айқын түсіпті. Арғы бабаларымыз жаһұт жеріне осындай себептермен қоныстаған екен деп көңілін кеңге салады. Одан әрі қарай шежіреші қарт сақа жұртының салт - дәстүрін таратады. Аңызға құрылған дастанды жаттап та алды. Мал соңында жүргенде ермек қылады. Жүрегін түйнеген сағыныштан сейіліп жеңілейіп қалады. Мен бүгінде ежелгі ата қоныста жүрмін деп жұбатады өзін.

Ол жырды ұзақ толғады. Мұңлы сарыннан жүрегі езіліп, іші есіліп бара жатты.

**5.**

Ергешбай жолға жиналды. Кәнігі ескі серігі «уазиктің» о жер, бұ жерін шұқылап, босаң тұстарға қол жүгіртті. Рөлін ұстағалы кемі жиырма жылға жуықтаған шығар. Күтіп мінгендіктен бе, заботтан жаңа шыққандай жып - жылтыр қалпында. Бір жеріне сызат түссе не дейсің!

Мұнар атасын айналсоқтап жүр. Он үштегі ойын баласы бола тұра, естілік бар өзінде. Шымыр да ширақ. Өзі қатарлы балаларға бой бермейді.

- Ата, қайда барасың? - деді ол қипақтап, - бүгін демалыс қой. Мен де барайыншы.Көшіп келген жақты сағынып жүрмін.

- Кейін апарам өзіңді, - деді атасы оған, - сен үйде қал. Қояндар шөлдеп қалмасын. Аңдарға абай бол. Су беріп тұр. Жем - шөпті аяма. Алпарға қоян сойып бер. Қасқырға жақынаушы болма. Суын ішкізіп тойғызып кеттім. Бір - ер тәулікке шыдар. Қақпаны бөтен - бастақ адамарға ашпа. Балаларды үйір қылма аулаға.

Олар сені ұрып тастайды.

- Мен олардан қорықпаймын, - деді Мұнар түйіліп, - сендер бөтенсіңдер дейді. Сосын шыдамай кетемін.





- Айта берсін, - деді Ергешбай машинаға отырып жатып, - әлі - ақ жетілесің.

Ұзын жолға шыққан соң машина жүрісін түзеп алды. Ергешбайды өтті - кетті ой қажап келеді. Мұнардың жаңағы сөзі көңілін жұқартып тастады. Өз басынан да өткен ондай-ондай келеңсіздіктер. Жетімдіктің салдары ма, әйтпесе табиғат берген мінезден бе - тым жуас еді. Екі - үш кісілік әлі бола тұра жаға жыртысуға бара бермейді. Оңашалықты қалайды. Алыс - жұлысқа да көп салынбайды. Балалар доп қуып, асық ойнап жатқанда ақ тақыраңды сызғылап есеп шығара бастайды. Сондай оғаштау әдетіне бола балалар оны «пипагор» деп әжулайтын еді. Сыныпта есептен бақылау сабағы өткенде Ергешбайдың шоқтығы бір көтеріліп қалады. Құрбыларының созылған қолын құр тастамайды. Өзінің рақымшылдығын жақамаған мұғалімнің қабағынан ықтап және қолайсызданады. Қырсыққан ол достарынан аулақтай бастаған. Бір ауық өз бастарымен ойланса қайтер еді? Сондай егесте Ергешбай таяқ жеп қалды. Сыныптастары жабылып кеткен еді. Мұның «төмпештелгенін» естіп қалған Келімбет көкесі жау қайдалап жетпей ме. Он мың тұрғыны бар Атығай кенішін басына көтеріп, бураша бүлінген қиқар шалдан мектеп директоры бастаған мұғалімдер де ықтап кетіпті. Үй - үйдің есігін құрығымен нұқып: «Шығарып бер бұзатарыңды!» деп дігерлегені есінен кетер ме? Сөйткен көкесі де жер астына барды. «Ұрпақсыз өттім - ау!» деп армандап кетті. Өзінің де жайы мәз емес. Сапардың балаларына алданады. Мұнарға тентектер қодаңдай береді. Соған шыдамаған Ергешбай «қара, шалдың» тәсіліне бас қан - ды. Кенттің бас - аяғын сүзіп шығып, балаларға ақша ұсынып алдап - сулаған.

Біраз жолды ұтып тастаған ол бұл жаққа не мақсатпен келе жатқанын пысықтай бастады. Ертайының сүйегін шешесінің

қасына әкеп қосуға ниет еткен - ді.Жарты ғұмыры осы мына тау арасында өтті ғой. Жекетау - құнарлы өңір. Әр сайынан бұлақ ағып жатады. Жылысай делінетін аңғары ата - бабаларының қара қонысы. Қыстаудың көк желкесінде жетінші аталарыңың мазары тұр. Келімбет көкесінің сүйегі сол қорымда жатыр. Ертайы да сонда. Басына мазар тұрғызылған болатын.

Осы қоныста Ергешбайдың жарты ғұмыры өтті. Алғаш шаруа қожалығын дөңгелете бастағанда сайдан бастау алып құлдилай аққан бұлақты бөгеп, тоспа тұрғызған - ды.Тоспаның суы молығып, балығы көбейді. Айдыны жазда су құстарына толып кететін. Сөйткен құтты айдын, өз қолымен бөгеген тоспа жалғызы Ертайды жұтып тынды. Ес тоқтатқан ойын баласы суға үйір болатын. Қармақ салып, құстарды қызықтайды. Қаладан кеп жүретін ағайын - туыстардың балаларымен суға шомылады. Ергешбай ол жалғызсырамасын деп көршілес ауылдардан бала жиып әкеп Ертайына үйір қылатын еді. Зайдана марқұмның да бар ынтасы Ертайында болушы еді. Қанша дегенмен, ана ғой. Жүрегі бір қатерді сезе ме, жалғызын көзінен таса қылмайтын. Суды жағалағанда соңынан қалмай бірге жүретін - ді.Сөйткен қамкөңіл ана Ертайынан шарай көзге айрылып қала берген.

Сыртта жүрген Ергешбай ауылда бір қолайсыз жағдай боп қалыпты деп естіп, апырақтап жеткенде сұмдықтың үстінен шыққан. Жиекте шашы жайылып талып жатқан Зайдананы көргенде есі шығып кетті. Оған ентелей бергені сол еді, су жиегінде қимылсыз қалған Ертайға көзі түсіп кетті де солай қарай жүгірді. Баланы бара жұлқылады. Онымен бірге суға түскен балалардың бірі де жоқ. Тау - тасқа сіңіп безіп кетіпті. Зайдананың сіңілісі Нәзікенде де ес қалмаған. Шашын жұлып, бетін жыртып ойбайды салып күңіренгенде тау - тас теңселгендей болады. Егордың ғана есі өзінде еді. Ертайды





судан алып шыққан сол болатын. «Ой, беда, ой беда!» деп өз басын өзі қойғыштай берген.

Тосын қаза бұларды есеңгіретіп тастады. Ергешбай еңіреп-еңіреп алады да Зайдананың басын сүйейді.Ол былық - сылық, шықпаған жаны ғана бар кеудесінде. Барып - барып зорға деп беті бері қарады. Тірсегіне түскен шашы жидіп түсіп қалған. Аршыған жұмыртқадай аппақ сұлу жүзін қасірет табы солдырып жіберген еді. Мөлдіреген бота көзінде от қалмаған. Қайғыдан жылай - жылай жасып кеткен жанарын айықпас мұң шалып, тұңғиықтанып алған. Қыстаудың көк желкесіндегі мазарға Ергешбай күніге екі - үш барады. Ертайға қойылған құлпытасқа маңдайын сүйеп сағаттар бойында отырады да қояды.

Өлгеннің артынан өлмек жоқ, арада төрт - бес жыл өткенде Зайдана құдай қосқан қосағына: «Мен саған құт болмай жұт болдым. Мұғалімдіктен айырып мал бақтырдым. Одан жалғыз баламен шектеліп, ақырында тұяқсыз қалдырдым. Мен риза, құдай риза. Бала табатын өндір әйел ал. Тұяқ жалғанбай сенің түп - тұлдыр боп өткеніңе төзе алмаймын.Өзім табамын ыңғайлы адамды» деп ағынан жарылған - ды. Басы бос әйелдерді ыңғайлап көріп еді, Ергешбай сіресті де қалды. «Сені жетімсіретіп, көңіліңе қаяу салар жайым жоқ» деп бір - ақ кесті. Шарасы таусылған Зайдана мұңлық күйеуіне ыңғайлаған сіңілісін Сапарға қосып тынған. Солардың балаларына жұбанған ерлі - зайыптылар қайтып бір - бірін қажамады. Көп нәрсені іштеріне сидырумен тынды.

Пенденің көзі мен аузында дамылдық болушы ма еді. Пыш - пыш сөз өрбіген. Сапардың түп негізінің шикілігін көңірсітті. Осы екі ортада Зайданаға сырқат жабысты. Ем-дом алып тұрмаса болмайды. «Қырық көшсең қырсығың қалар» деген ескілікті сөз және қаперде. Осындай себеппен

орнықты мекеннен қопарыла көшіп, жат ортаға кеп орнағанда да Ергешбайдың есебі қалдықсыз шыға қоймады. Қырық жыл отасқан жардан айрылды, ақтылы қой, үйір - үйір жылқыдан көз жазды. Қиян түкпірде жатып та есептен қолын айырмаушы еді. Одан да мән шығатын түрі жоқ. Шешуі мәлімсіз қиын есеппен айналыса - айналыса жүйкесі түтіліп бітті.

Үйреншікті қоныс және естен шықпайды. Осындай құнарлы, құйқалы мекенді қиып кету Ергешбайға оңай болған жоқ. Сапарды түп қазықта қалыруға жүрегі дауаламады. Оны түтіп жеп қоймай ма өңшең жұлмыр. Қиналысы әлемет болды. Отыз жыл суын ішіп, шалғынына аунаған ежелгі ата қонысты қия алмай үйірінен көз жазған құлжадай сенделген ол Жекетауды жаяу шарлап жүріп алған. Сөйтіп жүргенде екі көзі әз боп қалған құлжаны кезіктірді. Бір сайдан жаралы марқасқаны ұшыратты. Жекетау Келімбет көкесінің кейпнде бұған қабағын түйілдіріп: «Қара қонысты тастап кетуші болма» деп тұрғандай көрінген. Жекетауды бір замандарда жоңғарлар иеленген екен. Сонда жерінен айрылған Жиенбет бабасы атқа қоныпты дейді. Жауды түре қуып алты қырдан асырып жіберіпті. Бір жолғы қоян - қолтық ұрыста Жиенбет батыр қалмақтардың қолына түсіп қалады. Өшіккен дұшпан батырды бір жапырақтап қидалап тастайды. Сүйегін ұн қылып үгітіп жіберіпті дейді. Бір саусағы ғана қалыпты. Сол саусағын жау қашырған сарбаздар Жекетаудың бигіне әкеп қойып, басына белгі орнатқан екен. Белгі обашық күндік жерден көрініп тұрады. Жиенбет шоқысы делінеді. Осы келе жатқанда Ергешбайды сол шоқы магнитше тартып, жүрегін езіп барады. Жекетауға байланысты ескілікті аңыз жадында қатталып қалған. Сөйткен мекен бүгінде нендей күйде? Түлегеннің орнына жүдеп тұрғаны қалай? Әр тұстан түтін шудаланады. Шанжаулаған жетім қыстақтар қоңыраяды. Мал соңында итінген жүдеубас біреулерді көргенде көңілі





олқы түсіп қалады. Неге олай? Осы сұраққа жауап іздегенде Ергешбай қарадай қуыстанады. Өзінің де жетістіргені шамалы. Десе де тырбанысы өз жемісін берген - ді.Малдан да бұрын бұл пақырды бастың кедейлігі қинаған жоқ па. Қазақ даласының құшағы кең - ау, шіркін! Балажан анадай мейрім - шуағын төгілдіруден еш жалықпайды.

Мәшине бабымен жүріп келеді. Ентелеп барғанда қошуаға алатын кімі бар? Өгей де жат біреулердің иелігіне көшкен мекен бұған салқын тартып барады. Тау екеш тау да түксігін сыртына салған қалпынан жаңылар емес. Аңнан жұрдай болғаннан сау ма өзі?! Тұқымдыққа қалдырып кеткен арқарларды ойлағанда іші ашиды. Жекетауды иеленген әнебір байшыкеш дарақы деп естіген. Ендігі типылдап тынған да шығар - ау тау еркелерін. Қар үстімен жорғалайтын «қара тажалдан» ешбір аң құтылмайтын көрінеді. Ергешбай аңқұмар аусарларға рақымсыз еді. Талайын дүреледі. Сотқа да жүгінген. Артықтау кетіп қалып істі боп қалғаны да бар. Сабап жіберген еді бір дөкейдің еркесін. Сондағы қорғаштағаны Жекетаудың аңы мен құсы. Сенімді біреуді астына көлік беріп, тауды күзеттіріп қоятын. Қара қонысты қалдырып бара жатқанда тау еркелерінің есебін алған еді. Артық - кемі жоқ, отызын көз алдынан өткізіп көңіліне тоқ санаған болатын.

Уәзикті сары желіске салды. Ойы әр тарапқа ауып, көңілі елеңдей берді. Өзінің не мақсатпен келе жатқанын есінен шығарған алдамшы сезімде емескі үміт жетегінде келеді. Қыстауды бейтаныс біреуге өткізген еді. Ол көп тұрақтамай басқа бір қалталыға сатып кетіпті.

Жат кейіптегі өң - түсі солғын адамдар Ергешбайды көңілсіз қарсы алды. Қожайын ауылда жоқ деп сырғытпалаған оларға бөтелке ұстатып еді, шешіліп сала берді. Мал бағып, шөп шауып, қора салып жатырмыз деп бөсті. Дөкейлері қалада

тұратын көрінеді. Оның бүгін келетін күні екен. Соған бола абыр - сабыр боп жатқан көрінеді. Ергешбай ақысын үстемелеп беріп, Егорды бастықсымақтан бірер сағатқа зорға босатып алды.

- Жағдайың қалай? - деп сұрады одан.

- Ой, Ергешбай Еринбетовиш, хуже совсем, хуже! - деп кемсеңдеді ол, - жаңа қожайын қатал. Кетейін деп жүрмін.

- Кеткенде қайда барасың?

- Балам бар ғой, балам.

- Сонау Ресейге ме ? - деді Ергешбай, - оған қалай жетесің?

- Өзің беріп кеткен қаражатты сақтап жүрмін, - деді ол жанары өлеусіреп, - мыналардан түк шығатын емес. Кеткен де кескір еді. Мынау одан да өткен. Ақша қайдан болсын ? Тамаққа да жарытпайды. Баламды ойлай беремін. Өзім кеп алып кетем дейді де, сырғытпаға салады.

- Сенде қайырымсыз болса да ұл бар ғой, - деді Ергешбай оған шағынып, - өзің жақсы білесің. Менің жағдайым онша емес. Әйелім қайтыс болған.

- Зинаны бала қайғысы әкетті - ау! - деді Егор жыламсырып, - топырағы жұмсақ болсын марқұмның. Өзің не қып жүрсің?

- Сенімен ақылдасатын шаруа боп тұр, - деді Ергешбай мұңайыңқы кейіпте, - жүре алмай қойдым. Ертайымды ойлап. Қабырғам сөгіліп. Жалғызым ғой ол. Өлгеніне сене алмаймын. Сол баланың сүйегін әкетсем деп келдім. Сен қалай ойлайсың? Осыным дұрыс па?

Егор тұтығып не дерін білмей қалды

- Как, как!? Мүмкін емес қой. Ауыр тиеді өзіңе.

- Мейлі, бола берсін, - деді Ергешбай тұнжырап, - сүйегін шешесінің қасына жеткізсем деп...

- Мен бұған қосылмаймын,- деді Егор үзілді - кесілді





бас тартып, - баланың рухына обал. Қала берсін осында. Бабаларының қорымында.

- Онда достықтан кетісеміз, - деді Ергешбай қабағын түйілдіріп, - баяғыда Ертайдың өлі денесін судан алып шыққан өзің емес пе? Одан қиын емес шығар. Саудыраған қу сүйек сен екеумізді жеп қоймас.

Егор шарасыз илікті. Олар қыр басындағы қорымға барды. Бейітке таяна бергенде Ергешбайдың жүрегі сыр берді. Ертайдың құлпытасына ентелеп кеп сылқ етіп отыра кетті. Есі ауып барып зорға оңалды. Өкіріп жылап төңіректі басына көтерді. «Құлыншағым - ай! Жалғызым-ай! Жампозым-ай! Сенен айырған тағдырға не дейін!? Менің сөзім кімге өтеді? Зарым кімге жетеді? Нендей пығылымнан таптым! Неден жазықты болдым?»

Егор қол күшке мығым еді. Көрді тездете аршыды. Одан соңғы жұмысты Ергешбайдың өзі тындырды. Баласының сүйегін ақыретке орап, арнайы ыңғайлаған табытқа жайғастырды.

- Көріп тұрсың ғой, - деді Ергешбай шылымды үсті үстіне сорғыштаған шалға қарап, - өлдің қалдың, қу сүйексің. Сен екеуміз құрдас едік - ау осы. Мені жазғырма. Көшкенде ерте кетейін деп едім, көнбеген өзің. Ол жақта да сен күрейтін боқ табылатын еді.

- Саған масыл болғым келмеді, - деді Егор кемсеңдеп, - менің қышқылдайтыным бар ғой. Соның кесірінен құжаттан айырылып, пенсияға да өте алмай қалдым.

- Қаражатыңды көтерейін. Еліңе қайт, - деді Ергешбай, - енді сені мен маған жатар жерден басқа не қалды дейсің? Ұлыңа бар. Бауыр етің балаңнан топырақ бұйырғаны жөн. Менде ондай жағдай жоқ. Ізіңді басар ұрпақ қалмағаны қиын екен .

- Ергешбай Еринбетовиш, сен мықты едің ғой, - деді Егор оған аяушылықпен мүсіркей қарап, - мүмкін емес ізсіз қалуың. Есеп қалай болды, шықты ма? Математиксің. Соның өзі неге тұрады. Мен де қара жаяу емес едім. Сүйген жардан мезгілсіз айрылып... Настям ақылды - ақ еді - ау. Балам қалаға сүйреп, мен далаға қашып... содан ғой өзіңмен табысқаным. Қимаймын қазақ даласын. Құтты өлке ғой, жарықтық!

- Оныңа мың да бір рахмет, - деді Ергешбай тау жаққа қарап тұрып, - жер иесіз қала ма деп қорқамын. Мыналарыңның тәрізі жаман екен. Пайдадан басқа білері жоқ. Арқар қалды ма тауда?

- Бұйырмасын, ырымға жоқ! - деді Егор сақалын тұтамдап, - қожайын сараңның сараңы. Аң - құс атып жеңдер деп мал сойдырмайды.

- Жақсы, мен енді қозғалайын, - деп Ергешбай оған қомақты ақша ұсынды, - менен қайтпаса, құдайдан қайтар. Қиналғанда қол ұшын бергеніңе мың да бір рахмет. Жағдайың болмай бара жатса бізге кел. Аңдарды да асырап отырмын ғой. Сен өзіміз емеспісің.

Ергешбай қыр асып кеткенше Егор бір орында тапжылмай ұзақ тұрды. Көз жасы сақалын жуып кетіп еді.

**6.**

Ергешбай мұндағы шаруаны дабырасыз тындырды. Сапарды қасына алып баласының сүйегін анасының қасына жайғастырды. Үйге келіп тыныштық алған ол ұйқыға бас қойды. Қанша ұйықтағанын білмейді, ояна келіп көрген түсін пысықтай бастады.

Баяғы сол қызулы да қызықты күндердің елесі санада әлі жүр. Студент кездері екен дейді. Тәбиямен қолтықтасып келе жатқанда, суық жүзді біреулер қарсы жолығып, төбелес





бастайды. Бірін қалдырмай қозы құйрық қып жайпап салған бұл Тәбиямен қолтықтасып кете барады. Былай шыққан соң: «Сен маған бала тауып бересің бе ? - деп сұрайды одан. « Бір емес он бала табамын» дейді ол. Сөйтіп жатып оянып кеткен. «Неге кірді ол түсіме? - деп ойлады Ергешбай, - бәрі өзінен, менде жазық жоқ».

Тәбия тартымды қыз болатын. Университеттің хим-биология факультетінде оқитын еді. Сөзге шебер - тін. Ақындардың өлеңін жатқа айтатын әртістік қабілеті болатын. Ойын - тойдың ажары еді. Әнді бір сыдырғы жақсы орындайды. Сондайлық алымдылығы сұлулығымен ұштасқанда оған сұқтанбаған көзде есеп болмайтын.Ақындар Тәбияға арнап өлең жазса, сазгерлер ән шығаратын еді. Анталаған ашқарақ көздерден еш ығыспай, ол өзін еркін ұстайтын - ды. Есепке жүйріктігімен айтулы математиктерді өзіне қарата бастаған Ергешбайдың алдына дәптерін тастай беріп: «Менен қайтпаса құдайдан кайтар, химияның шатпағы миымды қатырды, шығарып бере салшы» дейтін еркінсіген назды үнмен. Ергешбай қызды қасына отырғызып алып есепті түсіндіре бастайтын. Шығарып та беретін. Сонда ойнақы мінезді бойжеткен Ергешбайдың толқынды бұйра шашын нәп - пәзік саусақтарымен тарамдап: «Басың - ай сенің дейтін бір иіскеп қойып, есептен басқа білерің жоқ. Қызға салымсыз бозымсың бір» дегенше болмай, момқансыған Ергешбайдың білегі Тәбияның аш беліне оратыла кетер еді. Сондайлық жарасымды таныстық келе - келе жүрекке шауып, қатарлары жарасқан екеуіне енді қасақы көре алмастар соқтығатынды шығарған. Тәбияны бұған қимағандар бір ме бір шайқасқа тіленбей ме. Сондай бір өр көкірекпен ұстасуға тура келген - ді. Ол да саңлақ еді. Былғары қолғап шебері,оған қоса зілтемірші. Жігіттің сұлтаны дейтіндей бетті де өжет

студент Тәбияға сөз салып жүр екен. Бір оңашалықта қарсы ұшырасқан ол Ергешбайды тіке жағадан алған.

- Қойыңыз, ағасы! - деген Тәбия оған жалынып, - қызды жігіт білекпен емес, жүрекпен бағындырса керек.

- Есеп шығарғаннан басқа не біледі дейсің, осы неме? - деп қырсыққан тентек айқасқа тіленді, - ер екен дейін, мықты болса шықсын бір ме бірге!

Тәбия шыр - пыр. Ергешбай қорғанады,анау шабуылдайды. Аңдысқан сәт көпке ұзамады. Апыр - топыр жағаласта әлгі мықты Ергешбайдың астына түсіп қалды. Сонымен тынып еді бір жолғы тарбайыс. Үш жыл бойында екеуінің жұптары бір сәтке де алшақтамады. Тәбия - қыздың сылаңы, Ергешбай - жігіттің бұланы атанды. Қалтасы ақшаға толып жүретін ерке қыз сүйіктісінен тиын - тебен ірікпейді. Қаражаттан тапшы Ергешбайды шыт жаңа киіндіріп қойды. Тәтті - дәмдіні аузына тосады. Ауылдан күн құрғатпай кеп жататын қазы - қарта, жал-жаяны да ол сүйген жігітімен бөліседі.

Тәбия біреудің жалғызы еді. Әкесі әйдік шотауат. Бірауданның табысты шаруашылығы боп табылатын мал бордақылайтын кеңшардың бас есепшісі. Табысқой әке жалғыз қызынан ақша аямайды. Тәбия сүйіктісіне тықпалайды мол ақшаны. Судың да сұрауы бар, оған бас қатыратын бұлар жоқ. Молшылыққа бөгіп астамсыған көзді шел басып кететінін тәжірибесіз жастар қайдан білсін? Мемлекеттік емтиханды сәтімен аяқтаған олар биыл жаз қосыламыз деп уәде байласқан еді. Бір жағдаймен ауылына суыт қайтқан Тәбиядан хат келген. «Мен сертімде тұрмадым, Әкем үшін торға түстім. Қош бол!»...

Жындануға шақ қалған - ды. Қобыраған бұйра шашын мытыған саусақтары сіресіп жазылар емес. Іші тіке жанып барады. Күйігін немен басарын білмеді. Шарапқа жоқ, шылым да шекпейді. Бар бітіргені - есеп шығара берген. «Бізде





қал. Қабілетің зор сенің» деп ректордың өзі қолқалағанда: «Біреудің жалғыз қызымын, екеуміз солардың қолында болуымыз керек. Мен десең осыған тоқтайсың» деген Тәбияның тілегінен аса алмай тая соққан еді. Енді сол сүйіктісінің шарай көзге жалт бергеніне алғашқыда сене алмаған. Екінші жолғы хатында: «Келуші болма мұнда. Арандап қаласың. Менен бір жолата түңіл» деп тоқ етерін бір - ақ қайырыпты. Сонымен тынса да жүрекке орнаған күйік іші - бауырын жидітіп жіберудің аз - ақ алдындағы ол қаланы тастай қашып еді. Ректор да соңынан қалмаған. Өкінесің әлі деген. Жұлдызың жанып тұр сенің деген. Айтулы ғалым боласың деген. Қиястық қойсын ба - қолтықтасқан ғашығынан айрылып, жер соққан ол шеткергі бір кеңшарға тұрақтап, ұстаздық жолын жалғастырып жүргенде Зайданаға ұшырасқан еді - ау. Тұмса махабатының тұнығына тұншығып беті қайтып қалған ол екі - үш жылын салт бойдақ өткізіп алған болатын. Өзі келіп құшағына енген уыздай Зайдананы өліп - өшіп құшқанда,басынан өткерген махаббат шырғалаңын сәтте ұмытып өзін азатан сезінген еді. Таусылып бітпейтін тіршілік амалы тек сүйіскен жүректердің дегенімен бола баремейтінін қайдан білсін? Қабындаған кедергі - бөгеттерден аяқ алып жүре алмай дағдарғанда Зайдананың тұнық жанарынан басқа бір сыр ұштығы аңғарылатын еді. Жолымыз ауыр болады - ау осы деп тұрғандай сезілер еді.Расында солай боп шықты. Алғаш қосылған жылдарда олар жат былай қалып, көрешекті жақындарынан көрді. Зайдананың жақын ағалары Ергешбайды көрінеу аяқтан шалды. Қайдағы бір сідік масы бозбастар өшіксін. Қыз - қырқындар да екеуіне сыртынан еріндерін шығаратын. Содан да ғой Ергешбайдың қиян шетке шығандап кеткені. Зайдана да соны қалаған. Қасақы көре алмастар өз дегендерін болдырып та қойған-

ды. Солардың сұғы жас келіншекті ала көңіл қып қойды. Ергешбайға сүйкенетін қасақыларда есеп жоқ еді. Құдай аманаты есік - терезелерін қағатын бұзатарға не жорық?! Сонда бұлар неден жазықты? Қос үрей кепке ұшыраған Зайдана түсік тастайтынды шығарды. Бойына біткен бірдеңесі мерзімі жетпей жүйткіп түсіп қала берді. Алғашқы көрген шикі өкпелері көп тұрмады. Одан кейінгілері де шетінеп кетті. Ертайды дәрігерлер құрсақтан жарып алған еді. Содан кейін Зайдана бала көтермей кетті. Тілеп алған жалғыздары жеті кірпіштің астында қалып және боздатты бұларды. Бала қайғысынан оңалмаған Зайдана да барды жер астына. Ақсөңке боп қалған жалғызының қу сүйегін бірese әрі тасиды, бірese бері тасиды. Өзінің де жататын жері сол тұс. Бір топырақта қалғаны жөн. Өткінші тірліктің өгейлігін көп көрген жүрекке де тыным керек. Әзірше жүре тұрсын. Шығаратын есебі бар.

7.

Кейінгі бір жетіде есептен бас алмады. Үй толы кітап. Соны ақтарғыштайды.

Одан пікірлестеріне қоңырау шалады. Кітапты мал бағып жүріп оқи беретін - ді. Есепті далада жүріп те шығара береді. Көгалға етпетінен жатқан бойда көк бояқтың хош иісіне елтіген рахат сезімде ойға алған жұмысына шабыттана кірісер еді. Иен далада таза ауада жүріп талай есептің шиесін тарқатты. Шешімі қиын есептерге де жуықтап, орта дәрежедегілерін тиянақтады. Қиын амалдарың соңына түскелі де біраз болған. Соны жобалап қалғанда Зайдананың беті әрі қарап кетті де әлде қалай болады деген сақтықпен қиын есептің өзі жобалаған нұсқасын білікті бір математикке жөнелткен еді. Онымен хабарласқанда қуанатындай ештеңе айтпады. Сіздің сарыныңызбен жабыла қаузап түк шығара алмадық. Есеп орта





тұсқа дейін дұрыс жеткен. Бар үміт сол ғана. Әрі қарай өрбітуді өзіңізге тапсырамыз» деген еді.

Содан бергі күндерде Ергешбай ізденісте жүр. Сырттай сабырлы момақан көрінгенімен ми қатпарында толассыз есептеулер жүріп жатады. Сандаған амалдар, математикалық ержелер, алгебралық теңеулер мен геометриялық сызықтар да көмекке келіп, демесіндегенімен, қиын есептің жықпыл - жықпылына сұғынып, беймәлім құпиясын тап басу оған оңайға түспеді. Есепті тексеріп көргенде өз шешімінің дұрыстығына көзі анық жетті. Енді тәуекел деп әрі қарай өрістету керек. Қадала қаузай түскен ол барып - барып тоқтаған - ды.

...Түскілікті ол тәбетпен ішті. Шайды қаба - қаба ұрттай түседі.

- Ата, сен есепке көп төнесің, одан не шығады сонда? - деді Мұнар шай үстінде, - балалар айтады. Сенің атаң керемет математик болса қалада неге тұрмайды дейді.

- Айта берсін, - деді атасы оған, - басымен жұмыс істейтін адамға қаладан да дала қолайлы. Шалқар кеңістік қиялыңды өсіреді, ойыңды кеңейтеді. Математика тар өрісті ғылым емес. Ол шексіздікті қалайды. Ең елгезек те өміршең саланың болашаққа бағыт сілтейтін ұшқырлығы бар. Қараңғылық тұмшалаған жаратылысты жарқыратып жіберуге құдіреті жетеді. Адамзат келешегіне қажетті қуат көздерін ашуға бағыт сілтейді. Әлі қаншама есептер шешімін таппай жатыр. Сол есептердің шешімі түгелдей табылғанда, жер бетінде жұмақ орнайды.

- Жұмақ деген немене?

- Жайлы да берекелі тіршілікті айтады.

- Ол қашан болады?

- Болып жатыр ғой,- деді атасы оны кекілінен сипап, - тірі

жүргеннің өзі неге тұрады. Алла бізге жарық күнді сыйлаған. Сұлу табиғатты тарту еткен...

- Алла жомарт па сонда?

- Әрине, Мұнаржан. Адамдарды, бізді де жаратқан сол құдіреті күшті Жаппар хақ.

- Өзі жаратып алып неге өлтіреді адамдарды?

- Онсыз болмайды. Өлмесек жер бетіне сиямыз ба?

Мұнар бір түрлі боп кетті. Атасына қабақ астынан сынай қарады. Бұл кісі көп жасауға тиісті деп ойлап қойды.

- Мұнаржан, сырттағы «достардың» жағдайы қалай? - деп сұрады атасы одан.

- Аңдарды айтамысыз? Суын, жемін алдарына қойғанмын. Қасқырға ет тастадым. Алпарды да сыйладым. Сізді іздеді ғой деймін. Мені керек қылмайды.

- Онда оларға барып жағдайын білейік,- деп Ергешбай сыртқа беттеді.

Бағана жаңбыр жауған еді. Соған тыншыған құлжа жусап жатыр екен. Бұлардың қыбырын құлағы шалысымен орнынан ұшып тұрып, дүр - дүр сілкінді. Әлдененің исін алған секемшіл сақтықпен айбат шегіп, пысқырына тарпынды. Жойдасыз жуандаған мүйізі жаңбыр суына шайылып өңін ашып алыпты. Ұлы кеудесі бәз қалпы шалқақ. Төңкеріле тұтасқан сауыры етейіп алыпты. Әттең көзі - ау ... деді Ергешбай аяушылықпен. Тұрқында бір мін жоқ. Кемеліне келіп - ақ тұр. Жануарым-ай, саған қолым қалай батады? Айыбың соқырлығың , әйтпесе баяғы қалпың. Біліп қойғын. Осы күнгілерде көретін көз жоқ. Дүние - дүние деп өліп - өшіп жер бетін жалаңаштап барады...

Құлжа иесін таниды. Алдына тосқан суды жұтып - жұтып алды да, жемге бас қойды.

- Ата десе, бұларды не істейміз? - деді Мұнар ойлы пішінде, - зоопаркке өткізсек қайтеді? Көп ақша беретін шығар.





- Көрерміз күні уағында,- деді атасы, - соқыр құлжаны қайтеді олар?

- Киікті ше?

- Ол да жарамсыз. Ақсақ текеге кім қызығады? Бұларды бізден басқа ешкім де қажетсінбейді. Керек емес басқаларға.

- Балалар көрсетші деп жалынады маған, - деді Мұнар мақтанышты сезімде, - атам ұрсады деп қақпаны ашпай қоямын. Сосын олар маған өшігеді. Сен қысық көзсің дейді. Якутсің дейді.

- Айта берсін. Адамзат баласының тегі бір. Бәріміз Адам - Ата, Хауа - Анадан тарағанбыз. Бір әке, бір шешеден... ғана барады?

Марқасқа жұмырланып семіріп алған - ды. Қашанғы әдетімен жалтарды.

Бұрышқа артын беріп иесіне айбат шекті. Мөлдіреген көздері шарасынан шыға шатынап барады. Болбыр босаң танауы желпілдеп кетіп еді. Ирек - ирек әдемі мүйіздері бас бітіміне шебер үйлесіп, сүйкімді қалпын сақтағандай.

Ергешбай касқырды өзіне шақырды. Қалталақтаған өлімші қара құлақты кәдімгі дала бөрісі алмастырғандай екен. Өртке шарпылып құрысып бырысқан бойына қуат бітіп, жон арқасы дүрдиіп көтеріле түсіпті. Қасқыр таяп келгенде байқады, көзінің оты тұтанып алыпты. Тіке мұның өңменінен өтіп барады. Кәдімгі дала қасқырына тән тағылық түйсікпен жонын дүрдитіп алған. Қоянның жылбысқасына сұғынған ашқарақ бөрі етті сылпылдата шайнап қомағайлана жұтты. Білікті мал дәрігерінің кеңесімен өлімші тағыға етке орап күшті-күшті дәрі берген еді. Тұла бойына дамыл - дамыл май сылау жасайтын. Бұрынғысынан көш ілгері. Суды өз бетімен жалап, етті қомағайлана жұтады. Иесіне бөлендей жат мінез көрсете қоймады. Жағы ашылғанымен белінде аздаған ақау бар тәрізі,

қираланђап жүреді. Әйтпесе бар ма - қамау тірлікке өлуі бар көнбес еді. Қанша дегенмен, бөрі аты бар ғой.

Алпар иесін көңілсіз қарсы алды. Тұмсығына тұмылдырық кигізілген еді. Зар - наласы көзінде тұр. Тұмылдырығы алынған соң иесіне шағына қыңсылады. Екі - үш рет үріп те жіберді. Үрісінде дігерлеген ызадан да шарасыздық басым еді. Ергешбай итті сабырға шақырды. «Ұли бересің, ұли бересің. Жұрт мазамызды кетірді деп әкімшілікке шағым түсіріп... Сосын да сені тәртіпке шақырып... аузыңды тұмшалап. ...Саған әсте үруге болмайды. Сенсіз де үретіндер жеткілікті. Көпегі дейсің бе, сабалағы мен дүрегейі дейсің бе, қандені дейсің бе, әйтеуір бір қауым өздері»...

Алпар қорегін айырған соң қасқырға айбат шекті. Ызалана арпылдады. Ызақаор төбеттің аңғарын біле қалған Ергешбай: «Түсінемін сені, - деді қып - қызыл боп қанталаған иттің көзінен қасқырға деген өштікті байқап,- Ата жауың екені рас. Бірақ оның бүгінде сенімен шайқаса қоятындай қауқары жоқ. Бұлардың да тұқымы бітуге жақын. Қара құлақтардан сендерге келетін қауіп шамалы. Түбінде көрешекті өз тұқымдастарыңнан көресіңдер. Қалада да, далада да өріп жүр. Топталып алған және өздері. Сүйек - саяқ, сорпа - суан ауыздарынан қалады. Жіліктің майлы басы да солардан артылмайды. Керімдердің жетегінде жүреді, арудың ақ балтырын жалап - жұқтайтын сұғанақтығын қайтерсің! Иесі жоқ қаңғыбастары тіптен еркін, оларға сот жоқ. Жауы кім, досы кім оны ажыратып жатпайды. Жазатайым солардың ортасына түсіп қалдың бар ғой, бір жапырақтап түтіп жіберуге бар. Өлімші жалғыз қасқырдың исін алғанды, соған дөң айбат көрсетіп қоршаудың сыртынан шабалана абалағанды өздерінше ерлікке балайды. Сырттандыққа жоқ, өңшең итақай емес пе?..»





Алпар тыншыды. Қасқыр олай - былай жүргіштейді. Құлжа мүйізін кекжитіп алып, дыбыс аулайды. Әлдененің исін алды ма, танауын тартқыштады. Сосын тыншыды, тас мүсінше қыбырсыз қалды. Безірейген жансыз жанарында қозғалыс жоқ. Зарықты сағынышқа берілген жануардың ми қатпарында қалып кеткен түйсінулер елеске ұласып, өзін каптаған тұқымдасарының қоршауында тұрғандай сезініп еді.Бәрі - бәрі көз алдынан біртіндеп өтіп жатыр. Алдамшы елеске арбалған құлжа алға ентелей бергенде, соқыр тұманға тұтылды. Сонда ғана өзінің жанарсыз қалғанын түйсінді. Шатынаған көздерінен жас та шықпады. Мүйізі ауырлап кеткендей ме. Қуғыннан жанталаса жалтарып биіктен құлдилап кеп тасқа соғылғанда , осы мана болаттай берік мүйізі өзін талай қатерден аман алып қалатын еді. Сөйткен мүйізден де қадір кеткені ме ? Бірін-бірі қасқырша талаған ызы - қиқы жанталаста сенің мүйізің кімге қалқан болғандай. Мүйізің тұрмақ өзінде құн қалды ма? Оны айтасың, осы күндері аң біткенге қырғидай тиген екі аяқтылардың да жағдайы мәз емес. Өздері домбалдаған ақылды темірдің өңешіне жұтылып кетудің аз - ақ алында.

Марқасқа шөпке сұғынды. Алаңсыз қорек алуға кіріскен оның да алаңы бір басына жетерлік. Анда - санда қалт тұрып дыбыс аулайды. Сонда оның мөлдіреген тұнық жанарын мұң шалады. Көз аясы мөлтілдеп жасқа толып, ірі тамшылар шөпке сіңіп жатады Сол үзілген жаспен бірге еркіндікке деген құштарлығы, арман - аңсары белгісіздікке жұтылып кете барады.

**8.**

Кейінгі бір жетіде үйден аттап шықпады. Компьютрге шұқшиып есеп шығарумен әуре. Талығып шаршағанда аздап көз шырымын алады. Ояна келеді де жұмысын

жалғастырады. Күннің батып, таңның атқаны есеп емес оған. Сандаған жылдарды оздырып кәнігіленіп алған кәртаң санада әлі де болса сәуле бар еді. Сол сәуле ми қатпарына жарық түсіргенде қалауы бұзылмай сақталып қалған есеп ережелері, математикалық формулалар, ғылыми есептеулер, жүздеген, бәлкім мыңдаған есептің дайын тұрған үлгілері, шешімі табылмаған қиын формулалар - бәрі - бәрі көмекке келіп, Ергешбайды есеп әлемінің кеңістігіне шығарды.Кеңістік бұған жат емес, үйреніскен ескі достай өзіне тарта бастайды. Сондайда ол есепке ентелей түседі. Есін білгелі сандармен әуейленіп келеді. Мектепке бармай тұрып - ақ төрт амалды игеріп алған еді. Сонда Келімбет көкесі: «Әкең тәрізді сенің де басыңда бірдеңе бар» дейтін еді. Ойлап қараса, бір де бір күнін бос өткізбей есепке арнаған екен. Соны бір саналы түрде дамытып, айтулы математик болсам - ау деп арман қылмағаны өзіне аян. Мақсатты түрде емес, әуестікпен бастаған машық келе - келе ауқымын кеңейтіп, бар арман - аңсарын билеп алған - ды. Мына бір есепті көріп шығыңызшы деп келетіндер қаншама. Мықты математиктер де ұсынады өздері ауырсынған қиын есепті. Сондайда арқасы ұстап кетер еді. Бір демге жеткізбей шығарып бере салатын. Не ғажабының барына ой жібере қоймайды, сол сандаған есептің шешімі миына ұялап қалады. Есте сақтау қабілетімді шыңдай қояйын деп те мақсат көздемейтін еді. Әр түртінісін есіне түсіріп,қайта бір пысықтап шығуды бұлжытпайтын еді. Сөйтсе, соның бәрі жадының берік болуына жәрдемдесіп, еске сақтау қабілетін шыңдай түседі екен. Қиын есептерге талай - талай шүйлігіп те көрген. Алпыстан асып шау тарта бастағанда, өзін тағы да қинауға салып шытырман сандар түйдегінің қыр соңына түсіп бергенде, ми қатпарында қалауы бұзылмай сақталған мол тәжірибе жиынтығы көмекке келген еді. Содан да ол таңды таңға ұрып





қиын есеппен арпалысып жатыр. Бұл жолда сүрініп кетуі бек мүмкін. Оны ойлап жатқан Ергешбай жоқ. Тумысында бір жерім ауырды деп дәрігерге көрінген де емес. Дәрі де ішпейді. Көңілі алаңытып жайы кете бастады ма, есепке жармасады. Сонда оның тынысы кеңіп, арқа - басы жазылып сала береді. Тартатын шылымы, ішетін арағы, сырласатын досы да есеп. Сөйткен есептен де опа көрмей келеді. Ес білгеннен серіктескен ескі дос мұны орта жолда қалдырып кетудің аз - ақ алдында. Екеуінің арасынағы достықтан нәтиже шамалы боп тұр. Сонда бәлен жыл қоян - қолтық жүріп кеп, ескі достан ат құйрығын кесісіп көрместей боп кетуі керек пе?! Достықпен, жарастықты көңілмен бір - біріне кінә тақпай бейбіт жағдайда ажырасқан да бір мерей. Олай болса, өзін босқа қинауға салмасын, есепті де жазғырмасын. Араларындағы азды - көпті іліктестікті қанағат етсін. Сонымен тынсын. Келер ұрпаққа да ермек керек. Солар айналдырып көрсін де қиын есепті.

Осы ойын бекемдеуге келгенде Ергешбай тая соғады. Өзі емес, ішкі бір дүмпу бой бермей кетеді.«Бәрі - бәрінен мақұрым қалатындай сен неден жазықты едің? Ғұмырыңды жалғайтын ұрпағың да жоқ. Бір із қалсын да артыңда». Барын салады ол осындай шырығыста. Қиын есептің шиесі тарқап келе жатқан сыңайлы. Соны жан дүниесімен сезінген ол көз шырымын алған еді. Мұнардың дыбысынан оянды.

- Ата, шай іш.
- Мен ұйықтадым ба?
- Көп ұйықтадыңыз.
- Онда дұрыс болған екен.

Шай жасалыныпты. Дастарқанда бәрі бар. Қызарып піскен бауырсақ бірден тәбетін ашты. Қаймақ қатқан қызыл шайды ұрттай түскен Ергешбай қашанғы әдетімен үнсіз отыр. Маңдайы жіпселеңдеп шекесінен тер шыға бастады да апта бойында

қолын айырмай қаузаған есептің нобайын санасынан өткізе бастады. Осындай ширығыста ой бөлісетін адам керек - ау. . . Айтулы математиктермен байланысы үзілмеген еді. Жіберген есептерін құрастырып шығарып беретін де солар. «Қызықты математика» және «Кері есеп» деген екі жинағы бар. Бөлек ауыл отырғанда іні достарының бірі келіп, бірі кетіп жататын еді. Осында көшіп келгелі олардан көз жазып қалды.

Шай құйып отырған Нәзікен сықсыңдады. Сынық жүзді жұқалтаң келіншектің биязы өңін айғыздаған жас тамшылары алдына үзіліп түсіп жатты. Ергешбай міз бақпады. Оның жылағанын бірінші көріп отырған жоқ. Зайданамен екі - үш атадан туысатын Нәзікеннің де мұңы бір басына жетерлік. Күйеуі өлесі ішкіш боп одан ажырасқан соң, бұлардың қолдарына келген - ді. Тұрмыстары келіспей балалары шетінеп кете берген келіншек құлынын қасқырға жегізген құлықтай қысырап алған еді. Зайдана сіңілісін көрінеу күйеуіне бейімдеген. Ергешбай қолына ұстап отырған жат адамға итермеледі. Сапармен жарасып үй боп отыр бүгінде. Үш баласы бар. «Сенің бұл жыласың көз алдау деді Ергешбай ішінен. Құшағында байың, бауырында балаларың бар. Жылап - жылап сарқылып тынған жоқ па Зайдана марқұм. Әйелдің шолпаны сондай - ақ болар. Жанып - жанып таусылып жатыр әне төмпей боп».

Нәзікен тыйыла қоймады. Аярлық емес саналы жыласпен егіліп отыр.

- Енді сендердің іреніш - налаларыңа ортақтасуым керек болғаны ма?! - деді Ергешбай ақсұр өңі қуара сұрланып, - жүгімді жеңілдете ме десем, байың екеуің басқа шығып барасың - ау, түге!

Келіншек жым болды. Шындығында оның жоқтап отырғаны өз мұңы, өз уайымы болатын. Десе де ол марқұм





әпкесін көп іздейді. Жездесінің жалқылығына жаны ауырады. Қайда да жолын қырсық шалатын оның тау арасында мал өсіріп жатқан апа - жездесіңнің жалғыз ұлынан айрылып жер соғып қалғаны Нәзікенге де ауыр соққан - ды. Қаралы шаңырақты қалдырып кетудің есебін таппай жүргенде, Зайдана әпкесі бір сырдың ұштығын шығармасы бар ма. Мұны жездесіне телісін. Алдандыр оны деп бұйырсын. Менен қайыр жоқ, қураған ағашпын бір демей ме. Өндір жассың, бала табасың демей ме.

Қорғаншақ әйел жамандай бүлінген еді. Біреудің, оның ішінде әпкесінің қойнындағы жарының нақсүйері болу деген барып тұрған сатқындық емес пе? Ебіл - дебіл боп далаға қашқан. Өз бетін өзі айғыздап жылап еңіреген. Жездесінен бөтен мінез көрмеген соң, сабасына түсіп еді.

- Тәтем түсіме еніп... баяғысынша сөйлеседі. Мұнарды бала қып алайыншы деп жалынады.

Келіншек кемсеңдеді. Ол марқұмды тіршілігінде өкпелеткен жері жоқ. Тас түссе талайымнан деп әпкесінің айтқанына илігетін сыңай байқатқанымен жездесі бұған салқын қалпында қалды. Қайта ол басқа бір сырдың ұштығын шығарып : «Осының етегінен ұста, - деген Сапарды нұсқап. Тегіміз бір. Сақы жұртынан».

Әрі - сәрі боп жүргенде Сапарға байланғанын байқамай да қалған. Тым ұяң ол мұны көргенде теріс бұрылып кететін еді. Бұйра шашты қоңыр кескінді ірі жігіт шынашақтай ғана әйелден қарадай ықтап тұратын - ды. Сөйтіп жүргенде, екеуінің дәм - тұздары жарасып, қосылып тынған. Бұларды табыстырған бұйрықты махаббат емес, түсіністікке құрылған көңіл жарастығы болатын.

- Айта бер, - деді Ергешбай салқын сабырмен, - білем сенің неден жұқаратыныңды. Өткен іс өтті, кеткен іс кетті. Көрге

басың жеткенше, көздің сұғынан, еріннің жыбырынан құтыла алмайсың. Пендешілік дейді оны.

Нәзікен жездесіне тәнті. Көп сөйлемейді, аз сөзге сидырады ойын. Сапар елін ойлай береді деп айтпақшы еді. Сырт көздің бұларды іліп - шалатынын білдірмекші еді.

- Балаларың жақсы өсіп келеді, - деді Ергешбай байыпты қалыпта, - Мұнар ақылды болады. Сапар сенің аяңнан шықпайды. Ептеген күйректігі бар. Қайтсін, туған жұртын ойлайды ғой. Сендерді тастап кете алмайды. Оған уайым жеме. Маған бола басыңды қатырма. Бейітім салулы, жатар орным дайын. Жинап тергенімді өздеріңе қалдырып кетемін. Рәсімдеп... заңдастырып. Сапарды анда - санда еліне жіберіп ал. Мұнарды оқытыңдар. Түбінде одан бірдеңе шығады.

Нәзікен жездесінің ойын ұқты. Осы бір өңкиген ірі адамның соншалықты жансебіл көмпістігіне таң қалады. Тағдыр дауылы сан шайқаса да теректей тіп - тік қалпынан жазбай келеді.

- Айтпақшы, ұмытып барады екенмін, - деді Нәзікен ұяң қысылыспен, - бағана бір кісі сізді іздеді. Кеп жолығам дейді.

- Ол кім екен?

- Өзі біледі деді сізді. Асылтаспын, - деді.

- Есімде, - деді Ергешбай ауыр күрсініп,- студенттік жылдарымыз бірге өткен.

## 9.

...Ойынан кетпей қойды. Иә, сол шығар-ау. Асылтас десе дегендей еді. Оны құрбылары тасын алып тастап жай ғана Асыл дей салатын. Аялы мөлдір көздерінде жұмсақ жылылық тұратын. Сол жылылық жымиғанда тіптен жұмсарар еді. Оны құрбылары «ақ қыз» дейтін. Тәбия екеуі бір ауылдың тумасы еді. Қатарлары жарасып бірге жүретін - ді. Бұған «математик» деген атауды алғаш тіркеген де сол. Өзімен жүздескен сайын





«Әй, математик, бір ауық айналада не болып жатыр деп көз жіберсеңші бір» дейтін көгілдір көздері күлмеңдеп. «Әнебір серіге сүйгеніңді шарай көзге қолтықталып қойғаның ба?»

Ергешбай еліге қоймайды оның сөзіне. Есепке шұқшиып отыра береді. Асылтас та қырсық. Қадалып жабыса түседі.

- Әне біреу нағыз өлермен. Айтпады деме, Тәбия түбінде соған бұйырады.

- Мейлі, солай - ақ болсыншы, - дейді Ергешбай есептің қызығына берілген сәтін қимай, - мен оған қызығып жүрген жоқпын. Өзі ғой жұғысып... мойныма асылып...

- Сонда ай мен күндей сұлуды бір кеудемсоққа қолтықтатып қоямысың?!

- Өзі білсін.

- Мен білсем ше?

- Қайтіп?

- Бүйтіп, - деп Асылтас оны ту сыртынан құшақтай кетеді, - саған өле ғашықпын. Сөйткенше Тәбия да көрінеді.

- Әй, екеуің оңашаланып алып нені бүлдіріп жатсыңдар?

- Математигіңді айналдырып өзіме алып алғалы, - деп сықылықтайды ойыншыл құрбысы.

- Оныңа біз көне алмаймыз, - дейді Тәбия бұқиып есеп шығарып отырған Ергешбайдың иығына асылып, - бұйра басымды, елде - күнде жоқ математигімді қыздар тұрмақ желден де қызғанамын...

Ергешбай алаңыта бастады. Асылтасты көргенше асықты. «Шіркін, ғұмыр - ай, көзді ашып жұмғанша өте шықты - ау!. »

Көп кешікпей жетті ол. Үйде оңаша қалғанда кеп қақты есікті. Тарта қоймады ол мұны. Баяғы сыландаған бойжеткеннің құр нобайы ғана шалынды көзіне. Уақыт тоздырған дидарында бұла жастықтың ізі де қалмаған. Тоқтасып шар тартқан егде әйел бұған бір түрлі жат көрінді.

- Жоғары шық.

- Шықтық қой, - деді келген әйел, - есеп шығарып отырмысың?

Ергешбай басын изеді.

- Көп өзгермепсің, - деді ол еркекті нұрсыз жанарымен аялап, - шашыңа ептеп ақ араласқаны болмаса, әлі сол ер кейпің өзіңде екен.

- Өзімде болғанда не бітірмекпін? - деді Ергешбай салқын қабақпен, - алпысты орталап тұрмын. Әкем қырық жастан ұзамады. Шешем де сол шамада қайтты. Мен әлі жүрмін сүйретіліп.

Әйел мүдірді. Жақсы біледі, Ергешбайдың әкесі айтулы ғалым екен. Математика мен демографияны қатар алып жүремін деп коммунистік партияның қырына ілігіпті. Отыз екінші жылғы аштықта қазақтың тең жарымы аштан қырылды деген деректі ғылыми еңбегіне кірістіргені үшін көзі жойылған.

- Сені осында деп естіп... Бір көргім кеп.

- Оның жөн, - деді Ергешбай әйелге тіктеп қарап, - көз көргенсің ғой, қайда едің?

- Аудан орталығында тұрамын. Көп жыл мұғалім боп, осы жақында ғана босандым жұмыстан.

- Сонда сен бізден кішімісің?

- Қатармыз бәріміз, - деді Асылтас сөзіне екпін түсіріп, - Тәбия марқұммен түйдей құрдас болатынмын. Өмірден түк қызық көрмей арманда кетті - ау!

- Білем ғой, білем, - деді Ергешбай бір түрлі қуыстанған сыңайда, - менде жазық жоқ, бәрі өзінен болды.

- Өзі емес еді, - деді Асылтас мұңайып, - тағдырдан, жазымыштың маңдайға басылған таңбасынан. Біреудің жалғызы еді. Сонысы да қолын байлап...

- Жалғызы болса не сонда, ойына алғанын істей беруі керек пе еді?





- Өтіп кеткен іс қой, қайтесің, - деді Асылтас көзіне мұң тұнып, - өмірде жоқ адамды кінәлағаннан не шығады? Бәрінен де өлген жаман. Тіршілікке не жетсін. Соған шүкір дейік.

Ергешбай әңгіме ауанын басқа жаққа бұрды.

- Күйеуің қалай? Бақуатты ма?

- Е - е, ол соққан жүр ғой. Қыз таба бересің деп мені тастап кеткен.

- Балаң нешеу?

- Алты қызым бар. Рахатты солардан көріп отырмын. Күйеу балаларым шетінен табысқой.

- Менде түк те жоқ, - деді Ергешбай көзі шүңірейіп, - қуратып қойды ит тағдыр. Алды - артымды тұлдырлап...

- Әйелің өліп қалған ба?

- Кетті ғой ол марқұм.

- Мына қасыңдағылар кім?

- Туысым... Өкіл інім...

- Е, бай екенсің ғой.

- Баймын, бай болғанда да төрт құбылам сай.

Асылтас замандасын аяды. Осы келісіне өкініп те отыр. Әйел затының шолпаны еді - ау Тәбия марқұм.

- Тәбиядан белгі қалды ма? - деді Ергешбай екеу ара үнсіздікті бөліп, - Баладан кетті деп естіп едім.

- Естісең сол.

- Әкем үшін отқа түстім деп арылған бір хатында.

- Отқа түскені рас, - деді Асылтас оны салқын назармен барлап, - мал бордақылайтын шарушылықтың былық - шылғы бастан асып, бас есепші сотталатын болғанда Тәбия әкесінің жолына өзін құрбандыққа шалған ғой. Бұл шығар күндей ақиқат жайт. Соны көзбен көріп, құлақпен естігеннің бірімін. Жоғары шенді заң қызметкері араласып барып бас есепші сотқа ілікпей аман қалған. Әйелі өліп бойдақ жүрген

шенді кісі сыланқдаған сұлу қызға ауып түскен де құшағына тартқан. Тәбияның басқаша амалы қалмаған ғой. Солай етуге өзін мәжбүрлеген. Тұңғышына босанып орауда отырғанда жабысыпты дерт. Бір айдың о жақ, бер жағында апа - сапа көз жұмды.

- Перзенті ше?

- Баласы тірі қалыпты. Нағашылары асырап алса керек. Кейіінгі жағдайларынан хабарым жоқ.

Ергешбай назарын төмендетті.

- Сендер осы қатарларың жарасып екі - үш жыл бірге жүрмедіңдер ме?

- Жүрдік қой, - деді Ергешбай қинала сөйлеп, - қосылатын боп уәде байласқанбыз. Содан ол ауылына кетіп. ...Аяқ астынан айнып қалған жоқ па.

Асылтас тосылды. Ескіре бастаған естелік екеуіне де ауыр тиді. Әсіресе Ергешбайға қиын соқты. Бар айтарың осы ма дегендей заманасынан көзін айырмады.

- Мен осындамын, - деді Асылтас өзін қимай отырған оны сөзбен алдаусыратып, - ортаншы қызым осы кентте тұрады. Күйеуі шаруагер. Қызымның жеке дәмханасы, қонақ үйі бар. Естіген шығарсың, шетелдік алпауыт Аққайнар кентінің маңынан кен орнын ашпақшы. Соған жүгіргіштеп жүр жергілікті билік. Қонақты жөнімен қарсы алмақшы. Менің ептеген белсенділігім бар. «Әжелер ансамбілін» басқарамын. Шетелдіктерге өнерімізді паш етеміз. Ішінде боласың ғой, көресің әлі. Әрі қызыма жәрдемдесіп, ұлттық тағам әзірлеймін. Ойыңда бірдеңе болса, мен қашпаймын сенен. Жайнаңдаған кезімде көзіңе ілмеп едің, енді қайда қашып құтыласың?

Үй иесі күліп жіберді. Шығарған есептерін сыйлады оған. Қос кітапшаны кеудесіне басқан Асылтас: «Өз бағыңды өзің байлап ауылдан ұзамадың - ау, әттең!? Ендігі ғылым докторы





боп атағың шартарапқа таралатын еді» деді мұңайыңқы кейіпте.

Ергешбай сабыр сақтады. Болмашы жұбанышты көңілінің жыртығына қамзаулап, емескі үміт жұқанасымен алдаусыратты өзін.

## 10.

Ол есеппен әуре. Сырттағы шаруаны Мұнарға міндеттеп қойған. Сабағына барып келген ол атасының тапсырмасын орындауға кірісті. Қояндар шөлдеп қапты. Астауға су толтырды. Содан соң қоян союға кірісті. Жас етті бұтарлап шықты да, қасқыр мен иттің сыбағасын алдарына тастады. Қасқыр ашқарақтана сұғынды етке. Бұған жаман көзімен қарап, езуін ыржитты. Алпар қасқырға айбат шеге үргіштеді. Мұнар төбетке үлесін үстемелеп берді. Ашық тордағы қасқыр құтырына дызықты.

Мұнар қара құлақтан сескенді. Өзіне әл бітейін депті. Құлжаға жақындай бергені сол еді, соқыр арқар жат дыбыстан шошынып орғып түсті. Оқыс атылған мылтықтың үнінен киіктің текесі жанұшыра дызықты. Қаңылтыр қоршауды мүйізімен сүзгілей берді. Осы жаңа жасыл көздері ұшқын атып дүрдиген бөрі мылтық даусы шыққан сәтте құйрығын бұтының арасына тығып алып бұғына қалды. Алпар аса сыр алдыра қоймады, қыңсылады да қойды.

Күн байыған сәт еді. Мылтықтың даусы тағы шықты. Күздің момақан кеші әбігерлікке ұласып жатты. Атылған иттерді жинап жүргендердің қимылы жіті. Мергендері ит көрсе тіке басып салады. Оларды демеген «үкімет мәшинесінің» іші толы адам. Алдыңғы орындықта бас маман отыр. Оның көк желкесінен тәртіп сақшысы төнеді. Мал дәрігері мен әкімшіліктің нәзік жанды қызметкері артқы орындыққа

жайғасқан. Онымен иықтаса ақсақалдар алқасының төрағасы отыр. Мінгендері ескі үлгідегі «уазик» еді. Бұлар ит атушыларды демеумен қатар, өздеріне тапсырылған жауапты жұмысты екі кештің арасында тындыруды мақсат етіп келеді. Қаншама қағаз жіберіліп ескерту жасалса да осы бір шеткі үйдің бөгде тұрғынарына әкімшіліктің сөзі өтпей-ақ қойды. Даланың тағы аңдардын қаптатып ұстап, кент тұрғындарының тыныштығын кетіргендеріне есеп беретін олар жоқ. Әулеттің бас иесінен сөзге жарымайсың. Құдды мылқау дерсің. Жиналысқа шақырса келмейді. «Мешіттің адамы» делінетін діндарлар да оған сөзін өткізе алмады. Ақсақалдар алқасына да пысқырып қарамайды. Сол қиқарды тәріпке шақыру мына келе жатқандарға жүктелген еді. Бұлар да қырып тастай алмайды. Құр дөң айбатқа басқанының өзі неге тұрады. Жұмыс істеп жүрміз , іс тындырып жатырмыз деу үшін керек. Сол мақсатпен шеткергі ауланың сырт қоршауына кеп ошарылған оларды ешкім қошуаға ала қоймады

- Аш есікті, аш! - деді келгендер.

Бұл бас маманның айқайы еді. Бәкене бойлы шағын адамның үні дігерлі - ақ. Бастығы оны қайда жанжал шығатын жер болса сонда жұмсайды. Айқайға атттан қосып ушықтырып жіберетінін біле тұра, әдейі қиынға салады. Осы күні кім жаны ауырып жұмыс істейді дейсің. Бас маманның да өз есебі бар. Жыл құрғатпай ауысып жататын әкімдердің бірінің орнына қонжисам деп жүр-ау шамасы.

- Ей, келіңдер мында! Ашыңдар қақпаны! Әкімшіліктенбіз! Үкімет адамымыз.

- Үкімет адамы болсаң қайтейін! - деді іштегі адам, - күн батып кетті. Беймезгілде топырлап бұ не дүрлігіс?! Ертең күн жарықта келіңдер. Кереметтеріңді сонда көрейік.





- Әй, сен әлгі қашқын якутпысың? - деді бас маман айқай десе жанып түсетін әдетіне басып, - түбіңді ұрғаным бар ма сенің! Қайда әлгі қияли қожайының?

- Қожайыным емес ағам ол, - деді Сапар ілгекті ағытып жатып, - біріңді бірің танымай бара жатқан сендерден сақтасын!

- Тарт, ей тіліңді қаңғыған неме! - деп төнді оған Бас маман, - ел - жұртынан безген сендейлерге біздің арамызда орын жоқ. Сенің анау ағасымағыңның да түбі шикі. Есі ауысқанды ес көрген сенің де жағдайың белгілі. Тексереміз, анықтаймыз тегіңді!

Сапар тістенді. Бітікше көздері ашудан тұтап барады. Ересен биік бойын тіктеп алған ол әкімшіліктің дөкейіне шүйілікті,

- Боса да бөтенсің деп тұрсың ғой, - деді Сапар оған, - біздің жақта бір сөз бар. «Жарамсақ бұғы иесінің к...н иіскейді» деген. Сен сол бұғыдан бір де аумайсың. Жуас бұғы мінуге жақсының» керіне басып дәндегенсің ғой. Қарызға деп бір аласың, қорқытып-үркітіп тағы аласың. Аздаған ұсақ -түйегімді тіке орталап болдың. Одан біздің үлкенімізге соқтығасың. Мені бір тексіз біреу деп жүрмісің? Тартып бас аяғыңды! Өз малдарыңды өздерің жөндеп бағып өсіре алмай жатып, менде не жұмыстарың бар? Бағусыз қалған малыңды қайырмалағаным ба жазығым? Жалғыз басты бір қазаққа сүйеніш боп жүргенімді көп көрсеңдер жөнімді табайын. Елім де бар, жерім де бар. Мына көк желкелеріңдегі жаһұт жұрты. Жазығым саяқсыған қазақтың бір шалына жұрағат болғаным ба? Сендер құсап шүлдірлемеймін. Қазақ тілінде еркін сөйлеймін. Біліп қойғын. Бәріміздің түбіміз бір. Түркі нәсілді жұртпыз.

Сөйткенше Ергешбай да жетті. Бірдеңені бүлдіріп қойған жоқпысың деген аңғармен Сапарды барлап еді. Оның қабағынан бәлендей қатқылдықты байқай қоймады. Жау жеттілеп жүретін

томар бас маманның аптығы басылып қапты. Ақсақалдар алқасының төрағасы килікті сөзге.

- Оу, шоң мырза, сен осы заң - зәкөнге бағынамысың? Не өлімде, не жиында көрмейміз сені. Мешітке бір де бас сұққан емессің. Көр ақтаратын көрінесің. Молаға түнегеніңді де білеміз. Өлгендердің рухын еске алғың келсе, құдайы жаса, ас бер. Бейітке түнеу, мола басында отырып қарекет жасау, тамақ ішу зор күнә. Даланың еркіндікте жүрген тағысын мәжбүрлеп қолда ұстау да шариғат заңына қайшы. Құранда бар. Азат аңды бұғаулап оның еркіндігіне қиянат жасау мұсылман баласына жат қылық. Біздің саған жанымыз ашиды. Жамағаттан бөлінбеу керек. «Көптен қашқан көмусіз қалар» деп халық тегін айтпаған.

Ергешбай бітік көз жымырық шалға көз қиығын тастады. Сақал ырымға жоқ. Имек танаунның астындағы селдір мұрты ақшулан тарта бастапты. Нұрсыз жіпсік жанарында болмашы жылт бар. Басына топы қондырып алыпты. Шапаны сүйретіліп жер сызады.

- Бұл кісі кентіміздің сыйлы ақсақалы, - деп бастады сөзін бас маман, - қажылыққа үш рет барған. Шежіреші ділмар кісі. Шығарған кітаптары бар. Текті атадан шыққан. Қазақтың әйгілі тілмары Ерқұтты шешеннің ұрпағы. Еңбек ардагері. Балалары ел билігіне араласып жүр. Так что, ақсақал бұл кісімен ойнауға болмайды. Елдігіміздің тұтқасы осы кісі тәрізденген абыздар.

Ергешбай сіресіп әлі тұр. Қайда құдайы болса топталып сонда жүретіндерді суқаны сүймейді. Өздерінде діни сауат аз, соған қарамастан төршіл шетінен. Төрге шыққанның үлкендік қасиеті болуға тиісті емес пе? Кәрі малша жалмаңдап жылы-жұмсаққа өле жаздайды. Тірінің ішіп жегені өлгенге ас болушы ма еді.





- Сіз естимісіз? - деді әкімдіктің шоңы ойқы - шойқы бет жүзіне сұс жиып, - заңсыз аң ұстауға бомайды. Әкімдіктен рұқсат болуға тиісті. Ондай қағаз сізде жоқ. Кент тұрғындары мазамыз кетті деп әкімнің есігін босатпайды. Күнде айқай. Аққайнар кенті тоғыз жолдың торабында. Келімді - кетімділерден арылмайды. Шет жұрттардан да туристер кеп жатады. Бұл өңір курортты аймақ. Тәртіп деген болу керек. Бүгін - ертең сыйлы адамдар ат басын тіремекші осында. Кен орнын ашады. Қомақты қаржы көздерін аудан экономикасына бағыттайды. Адамдарды жұмысқа алады. Сол маңызды шараға байланысты аудан әкімі шешім шығарды. Біз сол шешімді орындаушымыз. Сіз оны мақұл алуға тиістісіз. Өзіңіз ойлаңызшы, үйіңізге қонақ келгенде, ауланыздан тыныштық кетіп, ит абаланып, қасқыр ұлып жатса не болғаны? Әкім шақыртса келмейсіз, қағаз жіберсек есепке алмайсыз. Сонда сіз көктен түскен біреумісіз?

- Ақсақал, болды енді! - деді шыдамын тауысқан тәртіп сақшысы, - ит пен қасқырды атамыз. Кенттегі әбігершілікке себепкер сіздің асыранды қасқырыңыз. Бұғаудағы төбетіңіз. Бұған мүтін кент тұрғынары куә.

- Болмайды жігіттер, - деді Ергешбай қашанғы сабырлы әдетіне бағып, - жоқтан жау тілеп қайтесіңдер. Сарайға қамап тастаймын. Итті үнін шығармай тұмылдырықтап қоямын. Қасқырдың жағы қарысып қалған, ұлуға шамасы жоқ. Осыған келісейік те.

- Жоқ, болмайды! - деп қасарысты бас маман, - сіз өзі, сөз түсінесіз бе?

- Түсінбегенде ше? - деді Ергешбай ақсұр өңі қуарып, - бұлар менің ермегім ғой. Қораңа түскен жоқ. Қойыңды тамақтаған жоқ. Өз мұңдарымен әуре. Ұлыса хайуан да болса тәңіріне шағынатын шығар. «Малдың иесі болса, бөрінің

тәңірісі бар». Байқаңдар, жігіттер! Керемет екенбіз, өзімізді оңап алайық та алдымен. Нашақор ұлымызды, жеңіл жүрісті қызымызды жөнге салайық. Әдепсіз жастарды райынан қайтарып, жүрегі қатып кеткендерге жөндеп тәрбие берейік. Өйтпейді екенсіңдер, жазықсыз даланың момын аңына қиянат жасамаңдар. Онсыз да құрып бітуге жақын аң мен құс. Аңдар да біз тәрізді жарық жалғанның аз күндік қонағы. Ауа ортақ, су ортақ бәрімізге. Күн де ортақ. Ай да ортақ. Солай ма, қажеке?

- Ой, өзің бір көк мылжың екенсің! - деп салды ақсақалдардың көсемі - мынадан кесіп алса қан шықпайды. Жүріңдер, кеттік!

- Неге кетеміз? - деп зілденді томар бас маман, - бұған салса өзінен өткен кемеңгер жоқ. Өзгеміз шетімізден миқұламыз. Мен өлуім бар қайтпаймын алған беттен. Не деп барамыз әкімге? Әлгі ит атып жүргендер қайда? Шақыршы шапшаң! - деп бұйырды ол шопырға, - басшылықты тыңдамай көрсін! Иті тұрмақ өзі де мүрдем кетер.

Жұмыс жаманға айналатын түрі бар. Соны сезе қалған Ергешбай Сапарға кетіп қал деп ымдады. Жанжалға араласпасын деген сақтығы еді. Майор шеніндегі қызыл жағалы: «Байлауда тұрғандарын атуға болмайды. Ол заңсыздыққа жатады» деп жалтарды. Бас маман үдеп кетті. Майорды қоянжүрек деп кекеді. «Осының өлімші иті мен қасқырының құнын мен - ақ төлейін деп ширықты қажы шал. Атып тастаңдар! Не заңға тоқтамайтын, не үкіметке бағынбайтын бұ кім өзі!?»

Бас маман жаңағыдан бетер үдеді. «Мылтықты әкеліңдерші маған. Өзім - ақ мүрдем кетірейін киелі кереметтерін!»

Ергешбай шұғыл жұмсарды. «Сенің - ақ айтқаның болсын, - деп бас маманға қолын ұсынды. - Менікі әбестік. Ер шекіспей бітіспейді». Уысына іліккен мыртық саусақтарды барынша мытығанда, томарбас жігіттің жан даусы шықты.





Ергешбайдың көзі ежірейіп бара жатты. Сапар арашаға ұмтылды. Көкесінің қолы қатты, уатып жіберуі кәдік мына percent неменің саусақтарын. «Астапыралла, мынау бір жөйт қой ! - деп дегібірі қалмаған белсенді шал шыр - пыр болды, - босат ей қолын, босат!»

Майор сылқ - сылқ күлді. Белсенді шал безіп бара жатты. Қосақ арасында кетіп қалармын деп сақтанса керек. Мал дәрігерінің күлкіден шегі қатты. Әкімшіліктің нәзік жандысы жылап жіберуге шақ қалды. «Звер он настоящи! Звер!» деп безектеді. Сөйткенше, Ергешбай қолын жазды. Не күлерін , не жыларын білмей дағдарған бас маман қысылыстан ыршыған көз жасын жеңімен үйкеп, теріс айнала берді. «Сенімен болсын ісім, - деді ол іштей қорланып, - якутіңмен қосып мүрдем жіберсем атым өшсін».

- Осымен бәрі тәмам, - деді Ергешбай томарша жігіттің мүсәпірсіген сықпытына аяушылықпен қарап, - ойнасақ та біраз жерге бардық. Итаршылықтың да өз жөні бар. Тым төске өрлей берме, жігітім. Жауды жақыннан іздемеу керек...

**11.**

Шет жұрттан келетін мейманды қарсы алудың қарбаласы Аққайнар кентіне де жетті. Облыстан, ауданнан өріп шыққан кеңсе шабармандары кент тұрғындарын аяғынан тік тұрғызды. Жоғарғы жақтағылардың тапсырысы былай деп ұғындырды. Адамдар ала - құла киінбесін.Бір сыдырғы европалық үлгіде бой - басын жинақы ұстасын. Қисалаңдап арақ ішкен, әкіреңдеп төбелеске тіленгендер көзге түспесін. Бір де бір мал көшеде жүрмесін, қыр астында көз тасада ұсталсын. Қаңғыбас иттердің көзі жойылып, байлаудағы ұлитындары атып тасталсын. Мысықтар мияуламасын, иттер арпылдамасын. Дауыс көтеріп ұрыс шығаратын бейпілдерге тиым салынсын.

Осындай жарлық үй - үйге таратылып, қатаң ескерту кент тұрғынарына қолма - қол жетіп жатты. Көшені күл - қоқыстан тазарту науқаны әр үйдің ауласын тәріпке келтіру жұмыстарымен қосарлана жүргізілді.Насихат пәрменді еді.Кен орынының ашылу шарасына үкімет адамдары қатысады деген ақпар және жеткен. Жұмыспен қамту орталығына тіркелгендер көше - көшенің шөбін жұлуға жұмылды.

Ергешбай амалсыздан сақтыққа көшті. Сапарды уақытша тау арсына көшіріп салды. Әйелі екеуі күркеде тұрып жатты. Мұнарды қасына алған ол аңдарды сұрыптауға кірісті. Арқар мен бөкен үйреншікті орындарында қалды. Алпар аузы тұмшаланып үйшікке тұрақтады. Қасқыр көмір сарайға қамалды. Есігіне тор құрылды. Содан кейін ол есепке отырды. Ортасынан асырып тастаған еді. Соған өзі де сенбейді. Жоғарыдағы мықтылар тең орталыққа жетіп қалған бұл есепті өзіне тегіндікпен сырғытпаған. Шешуі шиелі болғандықтан,«соның өзі әуреленe берсін» деп итере салған ғой. «Жо - жоқ, болмайды оларың» деп ширықты ол. Сондайлық уытпен құлшынған оны шешілуге бет алған есеп бірте - бірте өзіне тарта бастады. Есеп құпиясын ашпайынша еш тыншымайды. Осындайлық шабытты құлшыныс жігеріне қамшы ұрып, ми қабаттарында бұғынған есептеулер мен талдауларды іске қосты. Мидың ақылды бөлшектері өз міндеттерін мінсіз атқаруға жұмылды. Оянбай қалған бір де бір жасуша қалмады. Бәрі - бәрі сана алаңына шығып, ойлау кеңістігінде іске жұмылды. Есепке байланысты дайын үлгілер мен қиын есептеулер алма кезек шарпысып бір - бірін ала алмай итжығыс түсіп жатты. Сонда да қайтпады Ергешбай алған беттен. Өзіне бұйыршақ ғұмырын түгел дерлік есепке арнамаса да күн сайынғы түртініс миына орнап қалыпты. Сол дайын үлгілер ізденіспен ұштасып





ми кеңісігінде өзінше бір ойлау жүйесін құрған еді. Сол кеңістікте шарық ұрған Ергешбай діттеген тұсқа бірте - бірте жақындап қиын есепті тізе бүктіруге шақ қалғанда, бұрлыққанын қатты сезінді. Қасына қойған суық шайды да ұрттауға мұршасы болмапты. Сағатқа қарап еді, түннің бір мезгілі өткен екен. Мұнар шешінбеген қалпы қасында тырайып ұйықтап жатыр. Суық шайды жұтып-жұтып жібергенде, шекесінен тер шыпшыды. Аз отырды да, компьютрге қайта шұқшиды. Есептің аяғына жетіп қалғанын аңғарған ол құлшынысын ірікпеді. Қапелімде оны бір жүрексіну сезімі билеп кетті. Байқаса, нешеме айлар мен апталар бойында алдырмай келген қиын есеп шешілуге бет алыпты. Бет алғанды айтасың, әне - міне аяқталуға шақ тұр. Өң мен түстің аралығында есеңгіреген Ергешбай еңсесін тіктеді. Сандаған айлар бойында иығынан басып тұқыртып, адымын жаздырмай келген ауырлықтан сәтте арылғандай тынысы кеңіп сала берді. Бойы жеңілейіп, көңілі жадыраңқы қалыпқа түскендей еді. Аң - таң болған қалыпта отырды да қойды. Бәлен жыл дөңгелеткен ермегі енді бұған серіктесе алмайды. Екеуінің теке тіресі осымен тынады. Сонда жан алып жан берген арпалыста түк мән қалмағаны ма? Әншейін бір ермекке жақын түртініс болғаны ғой. Осы бір есептің шешілуіне тіреліп тұрған не бар?Далбаса бірдеңе болғаны ма? Қиын есептің шешуін табу арқылы мұратына жете қойса, оған да шүкір десін. Әр нәрсенің қисыны, өз реті болмай ма. Қайдағы бір қияли математик жер дүние ғалымдары жабылып шығара алмаған есептің шешуін тауыпты дегенге кім иланады? Өзі және түпкірде жатыр. Қалада тұрып жатса екен. Оқытушы немесе ғылым докторы болса екен? Атақтан жұрдай қайдағы бір делқұлыны айтулы математик деп шаш бауын көтергеннен не шығады. ? Соның

шығарған есебінен дүние оңала қойса жақсы - ау! Осындай екі - ұшты ойдағы оның көңіл толқынысын нақ осы сәтте тап басу мүткін емес еді.

Ол әрі - сәрі күйде еді.Салқын шайдан жұтып - жұтып алды. Сонда да басылмады жүрегінің өрекпуі. Кісі пайдалы бір іс тындырғанда соған ортақтасатын жақынын іздемей ме. Сол оймен қалта телефонға жармасты. Өзіне келгіштеп жүретін мықты математикке қоңырау шалды.

- Мен ғой, Аңсар! - деді ол аптығып, - аман - сау бармысыңдар? Түн ұйқыңды бөлгеніме ғапу өтінемін. Әлгі бір қиын есепті бағындырдым.

- Ой, жақсы болған екен! Құттықтаймын, аға!

- Рахмет, айналайын!

Көңілі босап сала берген ол балаша кемсеңдеді. Қиын есептің шешуін тауып ел алдына шыға қояйын деген ойдан аулақ еді. Жарым көңіліне демесін бола ма деген далбаса да бір. Көз жасы тыйылар емес. Мұнардың ұйқысы бөлінбесін деп үнсіз теткіді. Ояна келген бала:

- Не болды саған!? - деді зәресі ұшып, - жыламашы ата! Жыламашы деймін!

- Есеп шықты, есеп! Ертайым есіме түсіп... Сол құлыншағым тірі жүргенде бәрі орнында болар еді. Құрғақ есеп кімді жарылқар дейсің? Жалғызым - ай! Ботақаным - ай! Құратып қойған тағдырыма не дейін!

Мұнардың есі шығып кетті. Атасын қалай жұбатарын білмей өзі қосыла жылады.

- Мен десең жыламашы, ата! - деп безектеді ол, - сен үшін туғанмын. Мен тұрғанда жыламайсың.

Ата мен бала бірін - бірі уата алмай көп отырды. Ақырында тыныштық алды. Ергешбай түс көрген еді. Түсінде оған қиын есепті шығарғаны үшін ғалым атағы берілген екен дейді.





Ғылым докторы деген. Ояна келген ол ұйқысын аша бере түндегі сарынға басты. «Осының бәрінен де Ертайымның тірлігі артық еді. Сол құлынымның басқан ізіне татымайтын шатпақ есеп кімге дәркер?!»

Десе де көңілінде аздаған байыздау бар тәрізді.Киініп тысқа шықты. Аңдарға алаңдаған - ды. Алпардың аузын тұмшалап тастаған еді. Қасқыр мазасызданып шықты түнімен. Оны біліп жатты. Ұлып - ұлып алады. Аманында еркіндікке жібермесе болмас. Алпарды тұмылдырықтан босатып, қасқыр қамалған сарайдың есігін аша бергені сол еді, ар - ұр еткен долы бөрі қарсы шапшып, темір ергенекті шақыр - шұқыр шайнай бастады. «Сабырлық ет, - деді ол жүрексінген сыңайда, - екі-үш күнге шыдай тұр. Өз күніңді өзің көретін жағдайға жегіп қапсың».

Қасқыр оған жау беттене қарады. Жасыл көздері ызадан түтеп барады. Жағын аша алмай бір жалам суға зар болған күндерді ұмытқан ызалы бөрі еркіндікті аңсаған дүлей айбатпен темір ергенекті қарш - құрш шайнап жатты. Сәлден соң қайтты райдан. Езуінің қанын жалап - жұқтап алып, Ергешбайды оқты көзімен атты. «Уақа емес, саған мен өкпелемеймін, - деді Ергешбай, - қасқыр қайда да өжеттігін көрсетуі керек. Қанша дегенмен тағысың. Көкжал атың бар».

Қасына Мұнар келді.

- Мынау нағыз оңбаған! - деді ол бөрінің сұсынан тайсалып, - жақсылықты білмейді екен.

- Оны бекерге жазғырмайық, - атасы оған ой сала сөйледі, - өзің болсаң қайтер едің? Азат тірлікке асығады. Жібер деп тұр бостандыққа.

- Қоя бере салайық онда, - деді Мұнар арқар мен бөкенге жақындаған атасына сөзін мақұлдатпақшы болып, - мыналарды қайтеміз?

- Соны айтам да? - Ергешбай күдігін жасырмады, - бөрі жандалбасамен бірдеңе қып күнін көрер - ау. Мына екеуіне қиын соғады.

- Сойып алайық, Әйтпесе сатып жіберейік. Сеп - семіз емес пе ?

- Қимаймын өздерін, - деді Ергешбай мұңайыңқы кейіпте, - даланың тірі көзі ғой. Тұқымы құрып бітуге жақындаған сақараның соңғы тұяғына пышақ жұмсауға қолымыз қалай барады?

Мұнар күрсінді. Атасы да ауыр демікті.

## 12.

Жосалы жотасы кенттің түстігінде. Аққайнар елді мекенінен оншақты шақырымдай ғана. Ұзыннан ұзақ созылып жатқан дөңестің арқа - басы жырым - жырым. Геологиялық барлаудан ығыры шыққан жотада сау - тамтық қалмаған еді. Ойпаң тұсқа киіз үйлер тігіліпті. Тікұшақтан түскен бір топ адам жотаға көтерілді. Оларды тосып тұрғандардың қарамы бірқыдыру. Шетелдіктер шағын топ. Киген киімдері жұпыны болғанымен, өң - түстері ала - құла. Араларында дөңкиіп бір негір жүр. Орта жас шамасындағы оның көздері жалт - жұлт етеді. Аузы сөзден бір босамайды. Көңілді жүр өзі. Қасындағы жас жігіттің де қабағы ашық. Шырайынан тоқмейілдік байқалады. Оның да өңі қара қайыс қоңырқай. Осы көріністерді бейне жазу таспасына түсіріп жүрген ұзынтұра ағылшын жігітінің қимылы жіті. Серіктерінен сондайлық бөлекшелігі жоқ алпауыт мырзаның да өң - түсінде дүбаралық молынан. Орта жастағы мығым денелі мырзаның қоңырқай кескінінен қай ұлттан екенін ажырату мүмкін емес. Бадырайған көздерінен тұңғиық мұң байқалады. Кісіні қарадай жабырқатып тастайтын тартымы бар сықылды. Сәл қоңқақтау мұрынына жарасымды үйлескен жебелі қою





мұрты ауық - ауық жыбырлай түседі. Көңіл күйінен хабар беріп тұрғандай еді. Жол соқты болған мырза шаршағанын сездірмеуге тырысып, ширақ қимылайды. Ел астанасынан басталған келісімшартта іркіліс жоқ. Бәрі - бәрі өз іретімен шешіліп жатыр. Мына ашылатын кен орнының барлау картасы да көңілінен шықты. Бес жыл бойында бұрғыланыпты. Кен көзінің сапасы мен қоры талапқа сай анықталған. Жүз жылдық қоры бар деп шешілген. Кен құрамында сирек кездесетін элементтер де молынан.

Сан елді шарлап табыс түсіруге әккіленіп алған Ален Дерс мырза ішін аша бермейтін тұйық адам еді. Талай құрлықтың қиырын басып ысылған қалталы мырза өз есебінен жаңыла қоймайтын мейлінше әккі болатын. Содан да ол өзіне беймәлімдеу ел қазақ топырағын басқанда да бұрыннан аралас - құраластығы бар адамдармен жүздескендей өзін еркін сезіне бастады. Ресей империясы отарлап езіп - жаншып тастаған деген ақпар әншейін бос сөз сияқты. Соған аздап көзі жете бастаса да дербес ел боп еңсе көтерген Қазақстан экономикасында іркіліс бар тәрізді. Осыны ойлағанда Ален Дерс мырза іштей екіге жарылады. Бұл елден еселеп табыс тауып, мол олжаға кенелуге кедергі жоқ. Көзжұмбайға басып төтелеп кетуге де болады. Жең ұшынан жалғасатын ыңғайластар әлден - ақ төбе көрсете бастады. Мемлекет мүддесінен де өз қалтасын ойлайтындар мұнда да баршылық екен. Мына қаптаған шенеуніктер ел қамын ойлайды деуге аузы бармай тұр.

- Мыналар неге шұбырады? - деді Ален Дерс мырза аудармашыға бұрылып, - бұдан басқа істейтін жұмыстары жоқ болғаны ма? Бір - бірінен асырып қымбат көлік мінеді екен. Қалталары ақшаға тіреліп тұрса бізді әурелемей неге тырбаңбайды өз беттерінше?

- Биліктегілер ғой, - деді аудармашы бейбіт сыңайда, - біздер социализмнің қоржынынан шыққандармыз. Коммунистік қоғам адамдарға жаппай папка ұстатып жаман үйреткен. Және біз ұлттық менталитетіміз жұпыны, қонақжай халықпыз. Сіздерге құрмет көрсету үшін жүгіргіштеп жүр.

- Қонақжайлықпен жұмыс бітпейді. Іскерлік керек, - деді сый қонақ тұңғиық көздеріне мұң үйіріп, - сендер әлі бүліне қоймаған қулық - сұмдыққа жоқ елсіңдер. Жаратылыс қалыптарың бәз қалпында.

- Оны қалай біліп алдыңыз?

- Менің басым бір институт, - деді мырза, - арнайы алған білім де жоқ. Мені миландырған ақша. Бірақ сол ақша әзәзіл азғырынды келеді. Сені түзу жолдан тайдыруға бейім тұрады. Сол үшін де әділ болғым келеді. Лажы болса сіздерге болысуға тырсамын. Ақша жүрген жерде алдап - арбау қоса жүреді. Ақша деген сиқырдың сиқыры барып тұрған.

Шетелдік мейман қыр басында оңаша қалды. Төңіректі жіті шолған ол жерден топырақ алып маңдайына сүйкеді. Анталаған көздер оны сонадайдан бағып барлап тұрды. Енді ол шөпке созды қолын. Жусан бүртігін мұрнына апарды. Қасына жақынаған аудармашыға ентелеп: «Мен барып тұрған күнәһармын! - деді қабағын түйілдіріп, - қаншама мемлекеттің жеріне сұғынып, топырағын рәсуаладым. Соған кешірім сұрап жатқаным ғой. Жерде де жүрек бар, сана бар. Мына бір өңір бейкүнә момын екен. Тасын жаңқалап, топырағын үңгіп рәсуа қыламыз. Жер назасы ауыр тиеді, соны қатты сезінемін.

- Ана жақта киіз үйде сізді тосып отыр, - деді аудармашы, - облыстың дөкейлері, ауданның шонжарлары - кілең мықтылар. Дастарқан жайылған. Ойын - сауық болады. Ән тыңдайсыз, биді тамашалайсыз.





- Олармен менің сөзім біткен, - деді Ален Дерс мырза, - келісімге қол қоятын әне бір негір. Оның дәрежесі менімен тең.

Осымен сөз бітті де, құрметті кісі Аққайнар кентіне бет алды. Ашылатын кен орынының жоба - жоспары, ағымдағы іс - шаралар сонда дәйектеліп қағазға түсетін болып келісілген.

## 13.

Қонақтар орталық көше бойындағы қос қабатты қонақ үйге кеп түсті. Астыңғы бөлігі дәмхана. Түпкіргі бұрышқа киіз үй тігілген. Төрге құрылған шымтұскиіз айшықты өрнегімен көз тартады. Еденге текемет пен сырмақ төселген. Төрге құрақ көрпелер жайылған. Жайпақ столдар жасалған.

Шетелдік меймандар киіз үйді жатырқады. Тағамды арнайы жеке бөлмеде ішті. Шолан киіз үйде қалды. Мәртебелі кісіден рұқсат алған еді. Маған жеке аудармашы керек деген соң іс басындағылар мұны шетелдік алпауытқа қосып берген болатын. Ағылшын тілін бір шама жақсы білетін Шоланды шетелдіктер қасынан ұзатпайды. Ален Дерс мырзаның ықыласы өзгеше бұған.

Шолан қырықтың ішінде. Кең иықты ұзын бойлы кесек кейпінде салқын сабырға суарылған байыпты байсалдылық байқалады. Бас бітімі де ірі. Жоталы қыр мұрыны жар қабағымен шебер үйлесіп, аққұба өңін ірілендіріп тұрады. Қабақ астындағы сұрғылт көздерінде уыт бар. Кісіге тайқымай тік қарайды. Назарынан ішкі дүниесінің бұлқынысы байқалып тұрады. Сөзге сараң, кісіге шешілгенде ғана байыппен өрбітеді маңызды ойларын. Сондай отырыста ол өзін еркін ұстайды. Тұла денесімен селкілдеп күлгені де өзіне жарасып тұрады. Кең ашылған аузынан төгілген сылқым күлкі ән әуеніндей құлаққа жағымды естілер еді. Көңілді сәттерінің ара - арасында мұңға беріліп кететіні бар. Кейпіндегі ірілікті қапелімде ауыр ой

басып, жартастай түнеріп сала береді. Сырты кесек келгенімен ішінің мұңы қалың еді. Сол өзіне етене уайым балалық шақтан оған үйір боп алған - ды. Жасы қырықтан асып байсал тартса да сырмінез боп кеткен сыралғы мұң қайда да қыр соңынан қалмай ілесіп жүреді. Жоғарғы оқу орнында студенттерге математикадан сабақ беретін еді. Тіршілік амалының таусылып бітпейтін қат - қат уайымы оны осы жүргенде де уысынан шығармайды. Сондай сәтте ол қиялға беріледі. Добалдай адамның балаша арман қуалағаны ерсі боп көрінгенімен одан жалтарудың іретін таппайды да қиял теңізін құлаштап кете барады. Бала күнгі қиялдаудың өрісі тараңдау көрінетін еді. Кісі кексе тартқан сайын арманы ұлғайып, қиял көкжиегі алыстай түседі екен. Сол кеңейген арман кісіні шетсіз - шексіз кеңістікке шығарады. Алмайтын асуың, шықпайтын қияң жоқ. Бай да сен, батыр да сен. Құрғақ қиялдың дегені болса не дейсің?! Бірақ соның өзі демеу көңілге. Осыған жетті көзі. Байлық мұрат болса мына шетелдік алпауыт армансыз жан болар - ау. Бірақ соның да қиялында маза жоқ тәрізді. Арманы да шексіз. Ал өзінің ше?

Ойы бөлініп кетті. Ішке «Ізгілік» тұрмыстық қызмет көрсету орнының иесі бас сұқты. Шолан ажарлы ақ келіншектен көз айырмай қатты да қалды. Келіншек қолайсызданды. Оны төрдегі қонақтың мысы еңсеріп барады. Тартымды тұлғасына сай әдемі киінген келіншек қонаққа жылы ұшырап:

- Кісілер қалай? - деді сыншыл назарын Шоланнан айырмай, - дастарқан мәзірін олқысынған жоқ па?

- Тамақты көбірек жеп қойдық деп жатты бір - біріне. Дәмді екен десті. Құнары мейлінше жоғары, тұшымды - ақ деп мақтады.

- Өзіңіз қалай қабылдадыңыз? - деді көгілдір көзінен шуақ төккен сылаң әйел, - басқан - тұрғанымды аңдып





қадаласың да отырасың. Салық инспекциясының жансызы емеспісің?

- Басқа бір оймен, - деп жалтарды Шолан, - қонақ қабылдап, көпшілікке қызмет көрсету сіздің мейманханада жоғарғы деңгейде екен. Әлемдік стандартқа сай келеді деп мақтады шетелдік қонақтар.

- Жалтарасыз, - деді «Ізгілік» қызымет орнының меңгерушісі сәл томсарып, - сіздің қарасыңызда маған деген сыншылдық басым. Бәлкім, мені ұнатып қалған шығарсыз? Сезім дегенде шекара болушы ма еді. Добалдай байым бар. Көрсең жүрегің қозғалады. Сен былайша ер кейіпті кесек жігіт екенсің. Күйеуім сені екі орап алады.

- Менің де сүйіріктей сүйкімді келіншегім бар. Үш баланың анасы.

- Онда несіне телмірдің маған? - деді келіншек қуақыланып, - әйелдің көкейі ұзын келеді. Дәмелендіріп тастадың.

- Ә-ә, солай ма! - деді Шолан зорлана жымиып, - мен ғұмыр бойы жоқ іздеп жүрген адаммын. Сіздің тұлға - тұрпатыңыз мен іздеп жүрген адамдардың біріне сәйкеседі.

- Кімге дейсің?

- Іздеп жүрген адамыма.

- Ғафу ет, бауырым! - деді келіншек сәл мұңайып, - сенімен асықпай сөйлесуге мұрша жоқ менде, - Астанадан, облыстан дөкейлер келе жатыр. Соларға дастарқан жаямыз. Кейін оңаша отырамыз. Сонда айтарсың жағдайыңды. Шешей де осында. Көп жыл ұстаздық қызмет атқарған. Көрген - білгені көп.

Шолан дағдарды. Кісіге кісі ұқсай береді. Бұл не далбаса?! Ешкімнің ештеңесі кетпейді, ұятқа қалатын өзі. Осыны қойса қайтеді? Ескі пәдіреттен шығып тұр әңгіме. Жыртып - жыртып тастасын. Сосын тынады, тыныштала ды біржолата. Жан

қалтасынан қойын кітапшасын алып арасындағы суретке үңілді. Ескіріп, өңі түсе бастаған бейнелер үйреншікті қалыпта көзіне жылы ұшырап барады. Анасының суретіне қанық. Әжесі «шешең осы» деп ұқтырып қойған. Тоқ бұрымын алдына жіберген марқұм анасы сабырлы салқын қалыпта отыр. Қабағынан аздаған кейістік байқалады. Онымен қатар отырған бойжеткеннің ажары тіптен келісті. Тартымды сұлулығымен көзге ұрады. Бұл бейне жаңағы әйелге қатты ұқсайды. Дәл өзі десе болады. Бірақ ол жылдары бұл келіншек дүниеге келмеген ғой. Әлде жаңағы әйелдің шешесі боп жүрмесе? Шолан үшінші бір бейнеден еркек бейнесінен назарын алып қашты. Әжесінен сұрағанда «шешеңнің танысы ғой» дей салған. Шындығына келгенде мұның суреттегі кісіге түк қатысы жоқ. Сөйткенмен де өзі сол суреттегі адамға қатты ұқсайды.

Осы ойын әжесіне білдіргенде:

- Әкең болған, бірақ ол адаммен шешең көп отаса алмады. Құдай әмірі ғой, сен дүниеге келген қарсаңда анаң мезгілсіз көз жұмды, - деген болатын.

- Сонда менің әкем әне бір түрі суық прокурор ма ? - дейтін еді әжесінің сөзіне сенгісі келмей.

- Сол болмағанда қайтеді!? - деп кейуана шала бүлінеді.

- Неге жылайсың, әже?

- Жалғызымнан қалған құлыншағымсың ғой сен! - деп әжесі жаңағыдан бетер үгітіледі, - сенің ғұмырыңды тілеймін. Жатсам да, тұрсам да ойлайтыным бір өзің.

- Атам өйтпейді. Мені бір түрлі жек көреді ол.

- Сенің шешеңді, өлген қызын ойлай береді, - дейді әжесі кемсеңдеп, - екеуінің бір - біріне деген көңілі қылаусыз болатын. Бірінсіз бірі жүре алмайтын еді. Шешең оқып жүргенде ботақанымды сағындым деп тартып кетеді қалаға. Мұншалықты балажан болар ма ! Нағашы атаңды айтам.





Қызы сенің шешең қайтыс болғанда бірге өлемін деп қиғылықты салып қандай қылды дейсің.

- Мені неге жақсы көрмейді?

- Жүрегі қатып кеткен.

- Неден?

- Жалғызынан айрылып... содан осындай боп қара ағаштай қатып қалды.

- Сен неге өйтпейсің?

- Өзіңе алданамын. Сен тұрғанда кемшілік жоқ бізге. Нағашы атаң қиқар. Қанша айтсам да жібімейді. Ақша ғой оның көкейін тескен. Сол қағазы түскірге жаны құмар еді. Істі боп шешеңді ақшаның жолына айтып жіберді. Сүймейтін біреуге қосақталған анаң да көп жүрмеді.

Шот қағатын еді нағашы атасы. «Сен өскенде мен сияқты есепші боласың» дейтін бұған.

Зерек алғырлығын құп көретін. Жиенім өзіме тартқан деп бауырына икемдегені ұзаққа бармайтын еді. Шотқа ентелеген сәтте оның қас - қабағы қалыңдап сала беретін - ді. Нағашы атасынан ақша сұрап қолын жайғанда атасы зекіріп тастайтын еді. Меселі түскен ол әжесіне шағынады. «Ақшаға үйір болма. Шешеңнің түбіне будыраған сол пәле жетті» - деп әжесі сұрланып кетер еді, - жолама сол шалға! Оның бары да, базары да, баласы да ақша. Одан басқа алданары жоқ». Әжесінің сол сөзі жүрегіне шер боп байланды. Содан былайғы жерде ақшаға қолы созыла қоймады.

- Әжесімен ынтымағы бір болса да шот қаққан нағашы атасына салқын тартып тұратын еді. Бұған анда - санда ақша ұсынғанда сараң шалдың қолы дірілеп кетеді. «Алмаймын, керек емес» деп қырсыға қалатын - ды. Нағашы атасы оған есесін жібере қоймайды. «Осы неме кімге тартқан? - дейді кемпіріне сүйкеншіктеп. «Негізіне тартады да» - деп әжесі

былқ еткізеді. «Негізі мені құтқарып қалған анау әлгі дөкей емес пе? - дейді Жылқыайдар шал кемпіріне суық тесіліп, - азамат екен нағыз. Баланы бізге қиып бергенін айтсаңшы! «Шикілігі болғансын сырттатқаны шығар, - дейді әжесі шалын қағытып. «Саған ұл тапсаң қой дедім бе?» деп қиқар отағасы қырсыға қалғанда бәйбішесі: «Құдай ұл да берді, қыз да берді, сенің пиғылың жіберді ме? «Ақша, ақша» деп күңіренесің де жүресің күні бүгін дейін» дейді кемпірі тұлан тұтып.

Шолан атасы мен әжесін бірдей көруге тырысты. Басы ашық нәрсе емес пе. Жалғыз қыздарынан туып қалған жиені бұл. Оныншыны бітіріп, жоғарғы оқу орнына құжат тапсыруға жиналғанда атасы Шоланды өз мамандығына ыңғайлаған еді. Әжесі үзілді - кесілді қарсы болып: «Құрығанда шот қағатын оқудан қашық жүр! - деп тепсінді, - ақша санайтын оқуға жолама».

Есепке мықты, математикаға алғыр болатын. Университеттің физика - математика факултетіне сәтімен түскен еді. Әжесінің күшімен оқыды. Сәлем - сауқатын үзбеді. Нағашы атасының жұмылған қолы жазылмады. Әкең әйдік заң қызметкері содан ал қаражатты деп сырғытпаға салды. Оған да барған. Қолы нағашысынан да тараң екен. Соңғы мәрте жүздескенде: «Сен бізге келе берме. Нағашыңа тәнсің. Шешеңмен отасқаным рас. Әйелім қайтыс боп бес баламен қалған соң қосылып едік, ғұмыры ұзақ болмады. Қолым құр емес. Балаларым үйлі - баранды. Сені біз іздей қоймаймыз» - деген суық томсарып. Содан қайтып оларға жоламай кетті. Жоғарғы оқу орынын бітіріп үйленетін болғанда сараң нағашы жұмылған қолын жаза қоймады. Ақша онда қап - қап еді. Кәссіге салмай үйде сақтайды. Сол қарсаңда ақша ауысқан. Жылқыайдар шалдың қабырға жапсарына жасырған, сейіпте ұстаған, бас жағына тыққан будыраған мол ақшасы көк тиынға жарамай қалды.





Сенделіп қалған сараң шал құрдымға батқан қайырсыз мол ақшаның соңын ала өзі де жөнеп кеткен - ді. Елу жыл жолдас болған бәйбішесімен де жөндеп арыздаса алмады. Жалғыз қызынан қалған жұрағатына мейірімі бір түспей кетті. Бейіт тұрғызып,қабіріне белгі қойған сол жек көретін жиені болатын. Жылқыайдар нағашысының есімін жоғалтпай соның жалғасы боп жүргеніне шүкіршілік етсе де көңілі әлі күнге жік - жарма. Шалы өлген соң әжесі төмендей берді. Қаратып - ақ баққан. Төтендеп келген ажал алды да кетті. Асқан мейірімді ана еді - ау өзі бір. Сыр шашуға жоқ, тастүйміш жан еді. Беті әрі қарай бастағанда осы мына пәдіретті камзолының қалтасынан алып мұның қолына ұстатқан - ды. «Мынау сенің шешең. Қасындағы құрбысы. Мына жігітті анық біле қоймаймын. Көрге алып кетіп қайтемін. Шешең тіршілігінде жұмбақтап бірдеңе айтып еді. Саған жақын адам болуға тиісті. Іздеп тауып ал» деген ықылық атып жатып.

Содан былайғы жыларда осы бір көне пәдіретті тұмардай қастерлеп төс қалтасынан айырмай келеді.Суретті ауық - ауық алдына тосады. Анасының дидарына тесіліп ұзақ отырады. Сонда ол үнсіз езіліп жылар еді. Ірі жас тамшыларды алақанына тосып соны ермек қылады. Бетіне жағады. Анасының дидарын көруге аңсары ауғанда әлгі бір қияпатты адамның тартымды тұлғасын көруге жүзі шыдамай суреттен назарын алып қашады. Сол бір адамның пәдіреттегі уытты көз қарасынан өзіне бір жақындықты сезінеді де әжесінің «саған жақын адам» дегенін ой елегінен өткізеді. Дағдарғанда «Бармысың, бауырым?» хабарымен тілдесбекші болады. Артынша айниды. Өзімді өзім әшкерелеп алармын деп тартынады. Әлгі сылаң келіншек суреттегі есімі белгісіз бойжеткенге кеп тұр.

Киіз үйде байырқалап отыра алмады. Қайдағы - жайдағы еске түсе берді де дәлізге шығып орынтаққа жайғасты.

- Шешейдің мұршасы болмай жатыр, - деді қасынан жанасалай өте берген кәсіпкер әйел, - қонақтарға дәм даярлап, ұлттық тағам әзірлеп...

Шолан ұқтым дегенді аңдатып басын изеді. Суретке тесіліп: «Аумайды жаңағы әйел мына бір адамнан» деп күбірледі.

Көзі мөлтілдеп жасқа толып бара жатты.

**14.**

Қонақ үйде абыр - сабыр басталды. Облыс басшылары келген - ді. Аудан мықтылары да осында. Астана шонжарлары өздерінше бір топ. Шетелдік алпауытпен шаруа жайын пысықтау жабық есік жағдайында өткен - ді. Шолан бұл отырыстан сырт қалған еді. Шетелдік мықты бас қосудан түнеріп шықты. Бадырайған отсыз жанары жасаурап тұр.

- Аудармашылары мақау екен, - деді Ален Дерс мырза бұған шағынып, - айтпаған сөзіңді айтты қылып төтелеп кетеді. Сені іздетіп едім, таппадық деп жалтарды. Немене, сонда сен бұларға сенімсіз бөгде біреумісің?

- Ғапу етерсіз, мырза, - деді Шолан ұзын бойын сәл иіп, - бізде бір әдет пайда болы. Бір - бірімізге сене қоймаймыз.

- Сонда сендер кімге сенесіңдер?

Шолан үнсіз қалды. Қонақ томсарды. Шаруа барысын талқылауда сондайлық кереғарлық бола қойған жоқ. Кен орнын игерудің кіріс - шығысы пысықталды.Келіспеушілік дала мұражайын ашып, хайуанаттар қорығын белгілеуден шықты.

- Нендей жағдайға келіспедіңіздер? - деді Шолан қонақтың ойын іштей ұққан аңғармен, - жаппай білгішпіз. Сондай біреулер шығар сіздің қытығыңызға тиген.

- Білгішсінуде тұрған түк те жоқ, - деді шетелдік мырза тұнық қара көздеріне мұң үйіріп, - діни кітаптардан оқығанмын. Адамзат баласы адасуда делінеді. Сол адасушылық шегіне





жетті. Қазіргілердің құдайы ақша. Мені қаңғыртып жүрген соның амалы. Сіздерде ақша аз, керісінше табиғат байлығы аста - төк. Соны игере алмайсыздар да бізге бұлдайсыңдар. Бұлдаған жақсы - ау, бірақ ақшасы бар адам кім - көрінгенге алдыра қоймайды. Өйткені оның құдайы - ақша. Керек десеңіз, құдайдың өзін де ақшамен дуалап жібереді. Сөйткен ақшалыны алып жегісі келеді сендердегі білімпаздар. Өз басым мінездің құлымын. Мінезсіздікке жаным өш.Сендерде мінез жоқ деп айта алмаймын. Асылық болса, алдын ала кешірім өтінем,биліктегі шенеуніктерің бір қалыптан шыққандай жылмағайланып бара ма қалай өзі?! Бір өңкей жалған сыпайылар қаптап кеткен. Жан ауыртып жұмыс істегісі келмейтіндігі қабақтарынан байқалады. Маған солай көрінді. Беттері май жаққандай жылтырап алған.

- Неге олай? - деді Шолан сәл шытынып, - сіз айтып отырғандардың дені шетелден оқып келгендер. Содан да өздеріне сенімді. Қарым - қабілеттерін бұқтырып ұстайды.

- Кілтипан осында тұр, - деді Ален Дерс ширығып, - сіздерді дала перзенті деп әсірелеуші еді тарихшылар. Соны кескін - кейптеріңнен көре алмай тұрмын. Еуропалық технократия, түсінікті тілмен айтқанда технология сендерді құлданатын тетік. Оны игеру аса қиын болмағанымен, зардабы күн керістеріңді қиындатып жібереді. Бүгінгі буын сендер табиғаттан кіндік үзудің аз - ақ алында екенсіңдер. Өзің куәсің. Тікұшақпен даланы бір күн шарлағанда осы мына шалқар кеңістіктен аң көрмедім. Даланы тоздырып алыпсыңдар. Топырақ құнары төмен. Мен ірі бір фермерлік шаруашылық құрып, аңдар қорығын ашу үшін жер сұрадым. Дау содан шығып тұр. Жерді бей - берекет жыртып тастағансыңдар. Алған өнімдерің ала - құла. Егін бітік шыққан жылы астық орылмай қар астында қалады екен. Интернет мұны бізге бұлжытпай жеткізеді. Егін өнімін ысырап ету қылмыс.

Сендерде мал бағудың да технологиясы жетілмеген. Шетке жүгіргенше өздерің неге қолға алмайсыңдар? Басты жұмыс істетпесе болмайды. Заманның талабы бұл.

- Дамыған отыз елдің қатарына ілігеміз деп жатырмыз. Сонда шешілетін шаруа ғой ол.

- Отыз ел сендерге жеткізбейді. Одан да өз беттеріңмен тырбанған жөн.

- Тырбанып жатырмыз ғой.

- Бұл тырбаныстарың күнделікті күн көрістің күйбеңі.

- Мен оған ой жібере алмаймын, - деді Шолан жан - жағына жалтақтай қарап, - экономикамен шұғылданатын мамандар жеткілікті бізде. Ғалымдар мен өнертапқыштар да баршылық. Бір ерсілігіміз бар, саясат деген сайқалдың арбауына түсіп, қызыл сөзді суша сапырып кетеміз. Ақпарат тасқыны және килігіп, балаң санамызды улап жатыр.

- Бізде де жетіскен жағдай жоқ.Бүгінде ел - елде, жер бетінде экономикалық жағалас өршіп барады.Бір -бірімізді алдап арбау, өтірік көлгірсу, жәдігөйлік, жымсиған құбылдық бәрімізге ортақ. Менің сендерден байқағаным - бейғамдық. Жалқаулық басым сияқты. Даңғыр - дұңғыр елірме музыка сендерге де keліпті. Жарқұл - жұрқылы басым алдамшы көріністерден көз тұнады. Және сендерде тұтынушылық психология енді ғана өріс ала бастапты. Сатылымға шыққанның бәріне ентелеп тұрады екенсіңдер. Дүниеқоңыздық адам баласын үңгіп тауысатын жегі құрт. Оның соңына түскендер көрде ғана тыншиды. Сауда тіршіліктің қозғаушы күші, нарықтық экономиканың басты тетігі боп табылады. Шетелде сатылмайтын нәрсе жоқ.Сіздер де соған бейімделеп келесіздер. Бейімделіп емес - ау, кірісіп те кеткенсіңдер. Астанада қонақ үйде жатқанымызда менің қасымдағылар: «Қазақстанның арулары шетінен сұлу, қойындары ыстық келеді екен» деп





соқты. Сендерде «тән саудасы» енді ғана басталыпты. Анаша да кеп жеткен. Соның бәрі сананы жалаңаштап, хайуандық жанығысқа мәжбүрлейді. Бүгінде мейірімсіздік адамдардың жүрегін мұзша қарып барады. Адам адамды жақсы көруден қалды. Бір - біріне суық бауыр. Ет жүректі жақынынан да астындағы көлігін, соңына ерткен итін артық санайды. Оларға сенен де үй жиһаздары, компьютр мен теледидар, электронды құралдар қымбат. Адамдарды ожданстыздыққа бейімдейтін телесериялдардың кейпкерлерін жан тартып солармен әмпейлеседі.Солардың іс - әрекетіне еліктеп,мінез - құлықтарын жасанды бейнелерге ұқсатады. Қатар жүрген жолдас бір - бірін көруден қалған. Сені өздері қолданатын ақылды темірдің бөлшегі құрлы көрмейді. Өмірде бар болғаныңмен жоқ адамдайсың. Ғылыми еңбегіңді, ашқан жаңалығыңды, ақыл - ойыңның жетістіктерін тонайды. Өз басымен ойланбайтын көшірмешілер қаптап барады. Ақшалылар жоқтан бар жасайды. Ғалым да сол, дана да сол. Сен әншейін бір қалыс адамсың. Осыдан кейін жүрек қатаймағанда қайтеді. Сіздерді кең пейіл дарқан жұрт деп естуші едім. Қылмысқа жоқ дейтін. Өздерің шағынсыңдар. Дамудың американдық, еуропалық үлгісі сендерге қол емес. Экономикалық жағы тиімді көрінгенімен, ұлттық ерекшеліктеріңді мәнсіздендіріп, тәлім - тәрбиені әлсіретеді. Қандарың таза, ақыл - ойларың сара әзірше. Мысық табандап кеп қойындарыңа ене бастаған жаһандануға қояр тосқауылдарыңды көре алмай тұрмын. Еуропалық үлгіні айна - қатесіз көшіріп алуға кіріскенсіңдер. Жүріс - тұрыс, сөйлеу дағдыларың соларға жақындай түскен. Желікпе әуенге елтіген жастардың сықпыты ұлттық бейнеден жұрдай. Мен аралдықпын, сіздер далалықсыздар. Мұңымыз ортақ. Тірлігіміз де ұқсас. Содан да ғой сендерге жанашыр көзбен қарайтыным.

- Сіз қай ұлтсыз?

- Соны өзім де біле қоймаймын, - деді қонақ мұңайыңқы кейіпте, - әртіндегі ата - бабаларымыз ұсақ аралдарды мекен еткен. Тынық мұхитында Андаман, Никебар деген шағын аралдарды кезінде онги, шомпен деген ұсақ халықтар мекендеген. Соның онгиден басқалары жойылып кетіпті. Онгидің өзіндік наным - сенімі, тілі, ұлттық дәстүрі болған. Менің аталарым ертеректе сол жақтан басқа аралға қоныс аударған.

- Арғы тегіңіз онги ғой?

- Әрине, солар. Бірақ олардың, онгилерді айтам, жер бетінде бір де біреуі қалмады. Осыдан жиырмашақты жыл бұрын теңіздің алапат толқынына көміліп жұтылып кетті. Арнайы жарақталған экспедиция құрамында жүріп, екі аралды сүзгенімізде, онгилердің бір де бірі тірі қалмапты. Мен өз әкемді білмеймін. Теңіз жұтып қойған. Атамның қамқорлығында болдым. Ол кісі бір әуенді ыңылдап соза беретін. Ескілікті тілмен. Атам балық аулап жүріп суға кетті де мен панасыз жетім қалдым. Жат елдік бір дөкей баласына серік қып қосып алды. Күтушісі есебінде. Сол мырзаның баласынан ағылшынша тіл үйрендім. Әлгілер еліне кетерде мені де бірге ала жүрді. Зеректігіме қызығып баласымен бірге оқуға берді. Екеуміздің жұбымыз жазылмайды. Баламен бірге жүріп, бірге оқимыз. Баланың әкесі миллиардер. Мол дәулетті еселеп арттыруға келгенде алпауыттың баласы босаң келді де қасына мені қосып берді. Содан ширадым, табыс көзін ашудың мақсатымен шет жұрттарды шарладым. Сол жақтарда кен орнын ашуға мұрындық болдым. Табыс еселене келе олардан жеке бөлініп шықтым. Кірістің үш бөлігінің екеуі қожайындарыма тиесілі, қалғаны өзімдікі. Сол табыстың өзі мені тіке аспанға шығарды. Ағылшын әйеліне үйленген едім. Отасқаныма отыз жыл





болса да арамызда бала жоқ. Перзентсіздік жанымды жейді де жүреді. Байлығымды иеленетін мұрагерім жоққа тән. Бала асырап алайық десем әйелім келіспейді.Батыстың,еуропаның жағдайы мәз емес. Әйелдері қысырап алған шетінен. Бала табуды қиынсынады. Сендер оларға қарамаңдар. Өздерің аз халықсыңдар. Мына ұлан байтақ жерге ие керек емес пе? Менің түпкі негізім онгилерді теңіз жалмады. Сендерге қауіп табиғаттан бола қоймайды. Сырттың сұғынысына тойтарыс беретіндей молығыс керек. Қалай болғанда да, қазақтарға көбеюге тура келеді. Өзіңнің жағдайың қалай? Отбасың бар ма?.

- Мен де әкесізбін. Әкемнің кім екенін де білмеймін. Үш ұлым бар. Әйелім мектепте мұғалім. Балаларымды жеткізем деп жүрген жағдайым осы. Жоғарғы оқу орнында студенттерге сабақ берем. Еңбек ақы әбі - тәбі. Келіншегімнің де жалақысы мардымсыз. Пәтерақы қинайды. Үй салу бізге қымбатқа түседі Содан да пәтер төлемі шарықтап кеткен.

- Онда сен былай ет, - деді шетелдік мейман, - мына ашылатын кенішке араласып қолғабыс жаса. Білімің бар, математиксің. Ағылшын тілін жетік меңгергенсің.

- Ғылыммен айналысамын ғой, - деп жалтарды Шолан, - докторлығымды қорғауым керек. Содан кейін көрермін.

- Оңтайы кеп тұрғанда жағдайыңды түзеп ал, - деді мырза назарын серігіне шүйілтіп, - мен екінің біріне ашыла бермейтін тұйық адаммын. Сіздерге - қазақстандықтарға жаным ашиды. Осында келердің алдында ақпарат көздерінен жай - жапсарларыңды әбден біліп алғанмын. Дұшпанықпен емес, адал ниетпен.Сіздерде мүмкіндік мол,жер бар ғой.Кең-байтақ даланы мыңғыртып малға толтырып, мал өнімдерінен табысты еселеп арттыруға болады. Мал бағу сіздердің ата кәсіптеріңіз. Ата кәсіптен қол үзу - ұлтсызданудың бір

көрінісі. Киген киімдеріңде, сөйлеген сөздеріңде, мінез-құлықтарыңда атойлап тұрған ұлттық ерекшелік байқала қоймайды. Естіген едім, Қазақстанда мал таудың тасынан да көп деп. Аң - құста есеп жоқ деп білетінмін. Сол дәмем мұнда келген соң су сепкендей басылып қалды. Киік деген болады, қойша өреді қазақ сақарасында делінетін ақпарат жалған боп шықты. Арқарды білемін, киік көрмеген аңым. Қасқырды да сирек көремін. Аралдықтар қасқырды ырымдайтын еді. Атам айтатын, қасқыр ұлыса ит тыншиды деп. Қасқыр бекерден бекер ұлымайды екен. Орманды тынышыққа шақыратын көрінеді. Солардың нағыз тағысын көрсем деп едім. Арқарға да қызығамын. Сіздің жақта тауларда қаптап жүреді дейтіні қайда? Тікұшақпен тағы да сүзсек қайтеді? Жергілікті жердің аңшыларын жер бағдарын шамалауға жолбасшылыққа алып. Мұндағыларды құлағдар етші. Әлгіндей аңдарды қолға ұстайтын біреулер табылып қалар. Киікке қызығамын. Асырағым да келеді елге апарып. Лондонда менің шағын зоопаркім бар. Өзім үшін ұстап отырмын. Арқарға да зәрумін. Нағыз дала көкжалына қолым жете алмай жүр. Мендегісі ұлуды білмейтін итпен шатысы.

- Мүмкін емес, - деді Шолан басын шайқап, - дала тағылары қолға ұстауға көндікпейді. Уайымшыл келеді, өліп қала береді. Қасқыр екі бастан қиын аң.

- Табиғаттың сақшылары ғой ол дегендер, - деді Ален Дерс мырза бір түрлі қынжылыспен, - қасқырлар құрыған күні ит құтыратын заман туады. Көрешекті түбінде сол құтырынды арсылдақтардан көретін боламыз. Әлден қойынға кіріп алды. Қылымсы бикештер жігітті былай қойып ит жетектейтінді шығарды.

Шолан тұнжырады. Алпауыт мырзаның іштілігін мойындаған шарасыздықпен өзін бір түрлі қораш сезінді.





**15.**

Шетелдіктер өзді - өзімен болып кетті де Шолан оңаша қалды. Төменге түсіп дәмханаға кірді. Шай ішіп, құрыс - тырысын жазды. Мейрамхана иесі сылаң келіншектен көз айырмай отыр. Ол олай өтіп, былай өтіп бұдан қасақана сырттаған қалып танытып сырғақтап жүр. Шолан одан әрмен тесіледі оған. Екеу ара көзбен шарпысқан қалыптары сондайлық ерсі көрінбейді. Бағана әзірдегі жолығыста біраз мәселенің беті ашылып қалғандай еді. Сол оймен суретті ауық - ауық алдына тосады. Пәдіреттегі мына бір жас адам «Ізгілік» қонақ үйінің иесінен аусайшы! Шешейге жолықтырам деген уәдесінен жаңылып қалмаса не қылсын.

- Сіз мені көзіңізбен атып мертіктіріп тастауға шақ қалдыңыз - ау? - деді келіншек қонаққа жанасалай беріп, - бағана айтқан жоқпын ба жай - жапсарымды.

- Мына бір пәдіреттегі бейнеге қатты ұқсайсыз, - деп Шолан суретті оның алдына тосты, - жаңылыс болса, ғапу етерсіз.

- Келіншек пәдіреттегі үшеуге тесіліп аз тұрды да:

- Мына тұрған мамамның нақ өзі. Қыз күнгі бейнесі, - деді ол шешесінің дидарын саусағымен нұсқап, - өзге екеуді танымаймын. Өзіңіз білетін шығарсыз?

- Мына кісі менің анам, - деді Шолан үні жарықшақтанып, - ер адамды біле қоймаймын.

- Әкеңіз бе деп қалғанымшы! - деді келіншек еш құйтырқысыз, - сізге қатты ұқсайды екен.

- Қайдан білейін, - деді Шолан күмілжіп, - айтпақшы есіміңіз?

- Еркебала десеңіз қатып кетеді, - деді ол байыпты пішінде, - мамандығым медбикелік еді. Бір гүжбан қолтығына алды да, саудаға итере салды.

- Күйеуіңді айтамысың?

- Иә, ол деген бейнеттің адамы. Жә, деген фермер, өгіздей өрге тырмысқан жанкешті нағыз. Өзімді көріп тұрсың ғой. Мына қонақ үйдің қожасымын. Төрт баланың анасымын.

- Сауда жасап та үлгересің, бала тауып та үлгересің.

- Енді қайтеміз, - деді Еркебала қайдағы біреуге сыр ашқанын қолайсыз көрген сыңайда, - шешем қаптатып қыз өсірді. Мен кілең ұл таптым.

- Қыз не, ұл не бәрі бір емес пе?

- Ұл - ұрпақ жалғасы. Атұстар демей ме еркек баланы. Шешем алты қызды бірінен соң бірін топырлатқан ғой. Содан әкеміз шалқасынан түсіпті. Ұл таппадың деп қырсығып, үйден шығып кетіпті. Өзі сері адам. Бір жас әйелге ұрынбай ма ұл таптырам деп. Ол шешеміз де қызды қаптатыпты. Кәрілік те бір жағынан килігіп, әкеміздің жағдайы мәз емес. Сал төсек ауру.

- Қайда тұрады?

- Менің қолымда, - деді Еркебала мұңайыңқы кейіпте, - жағдайым бола тұра әкемді далада қалдыруға дәтім бармады, - Еркебала жігітке сынай қарады. Сізде бір сыр бар - ау осы?

- Ол сырдың себебін сіздің шешеңіз білуге тиісті, - деді Шолан нық сенімде, - бір ұштығы сол кісіге тіреліп тұр.

- Соны өзім де байқап қалдым, - деді Еркебала сәл жадырап, - лайым, жақсылығына бақсын. Біздің шешей бір ауданның би апасы. Қолынан да келеді, тілінен де келеді. Көп жыл ұстаздық қызметте болды. Аудан орталығында тұрып жатыр. Екі - үш күннен бері осында. Сырттан келген қонақтарға қызмет көрсетіп ойын қойып, жүгіргіштеді біраз. Содан шаршап - шалдығып жатыр үйде.

- Өзіңмен жүздескеннен бастап менде бір мазасыздық пайда болды, - деді Шолан ұяңсыған жасқаншақ ажармен, - мына суретті мамаңызға көрсетсеңіз қайтеді. Не дер екен?





- Онда тұрған бәлендей оғаштық жоқ, - деді Еркебала суретті сөмкесіне салып жатып, - кім түгел дейсің.

Екеуі бір - біріне сұраулы жүзбен аңтарылды. Әйелдің сыншыл назарынан бейтаныс еркекке деген аяушылық байқалады. Жігіт көңілінде ыңғайсыздық басым еді.

Күз таңы момақан бұйығы қалыпта белгі берді. Шығыс көкжиекті белдеулеген таң бозы бірте - бірте дендей бастады. Азанғы шақты қалт жібермей байыптаған қонақ ашық терезеден саулаған салқын лепке кеудесін тосқан қалыпта елең - алаң шақтағы кент тынысына құлақ тосты. Салдыр - гүлір етіп пойыз өтіп барады. Жақын тұстан ит үрді. Түндегі дыбыс байқалмады.

Кәдімгі қасқырдың ұлысы. Екі - үш мәрте созды үнін. Соның өзінде түн түнегін тітірентіп жіберді. Әлде бір еріккендер қарақұлақтың дыбысына салып тұр ма деп күдіктенген болатын.

Таңнан оянған шоң мырза тағы да дыбыс аулай бастады. Кенет, күңіреністі жат сарынды құлағы шалды. Анық сол, қасқырдың ұлысы деп сендірді өзін. Сол бетінде аудармашы жігітке барды.

- Жас жігіт, тұрыңыз! Сіз маған керек боп тұрсыз. Қасқыр ұлып жатыр, қасқыр! - деді дегбірі қалмай.

Шолан ояу жатыр еді. Терезені ашып жіберіп, оқшау дыбысқа құлақ тосты.

- Нақ өзі! - деп қуана дауыстады аудармашы, - қасқыр ұлып жатыр екен, аса мәртебелі мырза.

- Қайталап айтшы, - деді қонақ ұйқысы шала болса да қабағын ашық ұстаған қалыпта, - кәдімгі дала тағысының ұлысы ғой, ә?

- Сол сабаздың өзі, - деді Шолан ағылшынша мен қазақшаны алма кезек қосарлан, - жәрдем сұрап шағынып тұр сізден.

- Онда былай болсын. Таңғы астан соң соны - қасқырды айтам, барып көрейікші бір. Қасқырдан адамға өжеттік пен батылдық ауысады дейтін аңызды бала күнімде естіп едім. Ісіміз оңғарылып жолымыз болар. Қай тұстан шыққанын бағдарға алшы.

Күн балқып шықты. Таң арайының шұғыласына малынған дала ажарланып сала берді. Қонақтар шайға отырды. Таңғы асты қадірлі меймандарға Еркебаланың өзі қамдаған болатын. Шетелдіктер жеке отырды. Өзді - өзі күңкілдесіп жатты. Шолан оларды түсінеді. Шешімді екен. Алдағы атқарылатын жұмысты күн ілгері кесіп - пішіп қойған. Жат елде жүрміз-ау деп алаңдамайтыны содан да шығар-ау... Әне бір ұзын тұра ағылшын жігітінде маза жоқ. Микро компьютрге шұқшиып түртінеді де жатады. Шоланды ол сөзге тартты.

- Сіздермен жұмыс істеу өте жайлы және де жемісті, - деді шетелдік қонақ ағылшындарға тән ашық пейілде, - қулық-сұмдыққа жоқ екенсіңдер.

- Өздерің ше ? - деген Шолан, - түсіне алмаймын? Сен ғана жүгіргіштейсің. Басқаларда бейжайлық басым.

- Біздің адамдар сырт көзге солай көрінеді, - деді қоғадай бозарған ұзынтұра ағылшын жігіті, - шетінен ішті. Бастарында жүреді бар ақпар.

- Мына дөкей ше?

- Ол түпсіз терең адам. Бар мәліметті басына сақтайды.

- Өзіне ғана сенеді, өзгелерге сенбейтін болғаны да.

- Олай емес, - деген ұзынтұра жігіт, - ол керісінше көмекшілеріне сүйенеді. Соларға сенім білдіру арқылы оларды адалдыққа тәрбиелейді. Мен ол кісінің балдызымын. Бар шаруаны маған міндеттеп қойған. Содан да ол арқасын





кеңге салады. Мүлт кеттің бе, оңдырмайды. Желкелеп жүріп істетеді жұмысты. Табан ақы маңдай теріңді артығымен төлейді. Шыққан тегі азияттық қой. Ырымшыл барып тұрған. Көріпкелдгі де бар. Қай дінді ұстанатынын білмей - ақ келемін. Қауіп - қатерді күн ілгері болжайтын қасиеті бар.

- Соны мен де байқадым, - деді Шолан қоғадай бозарыңқы жігітке сыр ашқандай болып, - табиғатқа жаны жақын екен. Өзінде бір сезімталдық бар. Сонысы ұнайды маған. Қасқыр ұлыды деп ақ таңнан үркітіп қойды бәрімізді.

- Онда ол қасқырды көрмей қоймайды, - деді ағылшын жігіті, - сол арқылы бойына қуат алады. Жігеріне жігер қосады.

Шолан ағылшын жігітін түсінді. Ален Дерс мырзаның бойындағы өзгеше қасиетті бұл да байқап жүр. Ертеңгілік ас бұған батпады. Еркебаланың қабағын бағумен отыр. Бір оңашалықта ол бұған:

- Көзің кіртиіп, қабағың бұртиып көңілсіз отырсың ғой? - деді өзімсінген ажарда, - шешей де кеп қалар. Ол кемпірмен байқап сөйлес. Жақтырмаған адамын сөзбен шаншып тастайды. Өзіңде не өзгеріс бар? Жайлы жатқан шығарсың. Түс көрдің бе?

- Нағашы атам түсімнен шықпай. . . одан прокурор болған әкем марқұм белсеніп... Бәрі де өліп қалған адамдар. Түсіме енгені бір түрлі ауыр соқты.

- Әкем жоқ дегенің қайда?

- Болған ғой, болған... Бірақ... анық емес.

Сөйткенше, Еркебаланың шешесі көрінді. Қабағы түсіңкі екен. Үстіне өңсіздеу киіміліпті. Келген ол таңғы шайға отырды.

- Шайыңды қызартып құйсаңшы! - деді ол Еркебалаға суықси қарап, - сен қардан да көрдім - ау кәкірді! Үйі бөлек, күйі бөлек қайдағы біреуге жабысып...

- Қайдағы біреуің не? Ол менің әкем емес пе? - деді

келіншек уыттанып, - саған кезінде бай болған. Жігіттің перісі де, серісі де сол еді. Алдап - сулап ұстай алмаған өзіңнен көр.

- О, қу ғана қар! - деді Асылтас тозған өңіне уыт жиып, - одан мен кем бе едім? Алтауыңды шашып тастап, бір сұлудың соңында кете барған жоқ па.

- Қоя қойыңыз, - деді Еркебала басыңқы үнмен, - жат - жаладан кісі бар. Жұлым - жұлым өңсіз киім киіп не көрінді саған? Әртіс көйлегің мен кәмзолыңды неге кимегенсің?

-Анау әкесымағың өлейін деп жатқанда қайтып сәнденемін!? - деді Асылтас бәйбіше кемсеңдеп, - құдай мені ылғи қиынға салады да қояды.

Осы сәтте Шолан жақындады бұларға.

- Мына жігіт кім?

- Әлгі өзіңнен жөн сұраймын деп жүрген осы адам. Шетелдік қонақтарға қызмет көрсетеді. Аудармашы.

- Ә-ә, ағылшыншасы әйдік десеңші! - деді ол Шоланға сынай қарап, - жүзің таныс тәрізді. Сірә, осы маңнан боларсың? Өзің бір көрнекті жігіт екенсің. Қайдан жүрсің, жарқыным?

- Бас қалада тұрамын. Университетте оқытушымын.

- Жөн - ақ екен! Менің бір қызым Астанада жұмыс істейді. Колежде оқытушы. Өзің не, жай - күйің қалай? Бала - шағаң бар ма?

- Үш ұл өсіріп жатырмын.

- Бай екенсің ғой, - деді бәйбіше сәл мұңайып, - мен бейбақ кілең қыз тауып. . . Мына замандасыңның әкесі соны ілік қылып, бір түсті бала таба бересің деп мені тастап кеткен. Сұлу көрсе ес - түстен айрылып қалатын әуейлігі бар еді. Қартайған шағында қатыннан да, баладан да жұрдай болып сопа басы қалып... мына қызына келген. Ауырады өзі. Түнде қысылып қап. Түнімен соны күзетіп шықтым. «Кеш өткен қателіктерімді» дейді. Кешпегенде қайтейін. Содан таптым





ғой алты қызды. Мына сенің замандасың әкесі десе бәйек боп жаны қалмайды.

- Онысы жөн, - деді Шолан қынжылыспен, - мен деген әке мен шешені көрмей өстім. Керек десеңіз, әкемнің кім екенін де білмеймін.

- Көтек! Не дейді мына сығыр!? - Асылтас бәйбішенің көз алды жыбырлап кетті. Суы қайта бастаған отсыз жанарымен бейтаныс жігітке қадалды да қалды, әй, сен өзі... сол емеспісің!?

- Шеткергі орында таңғы астарын ішіп отырған шетелдік қонақтар елеңдесті. Ален Дерс мырза бұларға қарай жүрді.

- Жас жігіт, не нәрсеге келіспей жатсыңдар? - деп ол Шоланға сұраулы жүзбен аңтарылды, - сірә, бір жаңалық бар - ау сіздерде? Әлгі мәселені ұмытып кетпе. Қасқырды айтам.

- Мына бадырақ не дейді? - деді Еркебаланың шешесі қонаққа сынай қарап, - бар сұмдығы көзінде тұр ғой өзінің. Мұңы бар адам - ау, сірә? Байлар да жылайтын шығар - ау.

- Апай, бұл кісі өте қарапайым. Дала тағыларына аңсары ауып тұрады екен. Иттің үрісінен, қасқырдың ұлысынан болжам жасайтын көріпкелдігі бар...

- Е - е, еріккен біреу десеңші! - Асылтас бәйбіше қолын сермеп жіберді, - осында бір делқұлы шал бар. Соның ауласы толған дала тағылары.

- Білесіз бе ол адамның тұрағын? Қонақтарды сонда апаруға тура кеп тұр, - деді Шолан қуанып кетіп, - мана ақ таңнан қасқыр ұлып... соны көрсет те көрсет деп мына мырза болмай тұр.

- Е-е, деген! «Тұсында әр заманның бір сұрқылтай» демекші теңеліп ел боламыз ба деп едік. Қаптаған шетелдік пайдакүнемдердің ығында қалып жертезекше шашылып қалмасақ не қылсын?!

- Апай,олай демеңіз. Бұл мырза өте әділ адам, - деді Шолан қамкөңіл ананы артық - ауыс сөзден тиғысы келген жарамсақ кейіпте, - табиғатқа жанашыр. Дөңбекшіген теңіздің мінезі бар өзінде. Азиялық. Бізге бір табан жақын. Аралдың тумасы көрінеді. Ежелгі балықшылар әулетінен шыққан. Сендер далалықсыңдар деп жаны қалмайды.

Асылтас сынбады.

- Теңіздің балығын місе тұтпай жүрген жайын ауызыңды мақтай берме. Пайдадан басқа не ойлайды дейсің осылар? Байқаймын, біздің тіккен киіз үйімізге, салған әнімізге, дастарқан мәзірімізге, ұлттық жәдігерімізге пысқырып та қарамайтын тәрізді. Есіл - дерттері пайда ғой бұл шіркіндердің. Қалтаңды ақшаға томпайтып, соған теке тойлы боп қалған шығарсың.

Шолан қызарақтады. Аузына сөз түспей қатты ыңғайсызданды. Соны байқаған Еркебала жігітке ара түсті.

- Мамаша, үй артында кісі бар. Шектен шықпаңыз.

- Ә - ә, қойдым онда! - деді шешесі қызының ыңғайына жығылған сыңайда, - кешегі көрсетем деген пәдіретің қайда? Мына жігіттің шаруасы ма? Әлде өз іздеген жоғың ба?

- Сенің жоғың! - деді Еркебала шешесіне еркінситін әдетпен, - біздің әкейден бұрын да ғашығың болыпты.

Суретке шұқшиған Асылтас бәйбіше еріні жыбыр - жыбыр етіп өз - өзімен сөйлескендей түсініксіз жағдайда отырды - отырды да, сыңсып қоя берді.

- Беу, асыл сүйек замандасым - ау! Арманда кеткен аяулым-ау! Тәбияш - ау!Дүниеден түк қызық көрмей өткен қарағым - ай! Сенен де бір белгі қалыпты - ау! Мен бейбақ пендешілікпен қаптатып қыз таптым деп арман қылсам, сен шекесі торсықтай ұл қалдырып кетіпсің - ау артыңа! Беу - беу, қайыңдай түрленген, теректей бүрленген, алмадай уылжыған, қарақаттай мөлдіреген





есіл заманасым - ай! Қызығыңды жер көрді - ау! Жазымышқа не шара?

Күңіреністі гөй - гөйге таңырқаған қонақтардың көздері шарасынан шықты.

Әсіресе Ален Дерсте ес қалмады. «Мүмкін емес, біз мұндай irеністі жағдайға тап болуға тиісті емеспіз. Айтсаңшы мына ханымға, жыламасын! - деп ол Шоланға жалына бастады, - қойдыршы жылағанын!

- Жай бір нәрсе. Өтіп кеткен жағдай. Оған қапа болмаңыз, - деп Шолан мырзаны жайланыруға тырысты.

- Онда жөн екен, - деді Ален Дерс мырза, - саған байланысты ма деп шошып қалдым.

- Шошымаңыз, мырза. Түбінде жақсылығына бағуға тиісті.

- Міне, енді жобаға келді, - деді ол жасаураған көздерін жыпылықтатып, - қасқырды қашан көреміз?

- Міндетті түрде, - деді Шолан қонақты алдаусыратып, - қапа болмаңыз. Бәрі орнына келеді.

Шетелдік меймандар өзді - өзімен күңкілдесіп жатты. Шолан әлгіндегі әсерден айыға алмай, басы салбырап отырды да қойды...

Қызымен оңаша қалған Асылтас басыңқы үнмен сөйлеп отыр.

- Сен әкеңе ие бол, - деді ол жаңағы сәттегі толқынысын сап - сап тежеп, - науқас адамның қасында сарылып отыра алмаймын. Ауруханға жатқызасың ба, жоғарғы жаққа апарып қаратасың ба - өз еркің.

- Не, ол сені жеп қоя ма?

- Жегенде сол жесін. Деген күнімде шіп - шикі алты баламен жесір тастағаны аз ба еді? Бір сұлудың соңында кете бармады ма, ол соққан!

- Іздегені ұл еді, ол үшін жазғырма әкемді.

- Онысы сылтау болатын, - деді Асылтас қызына суық тесіліп, - сұлуға үздігіп ауып түсті бір салдақыға. Әкеңнің жағдайы үшін менің басымды әуреге салма. Отыра алмаймын оның басында. Өлмесе өлем қапсын!

- Өзіңе есеп бермеймісің, - деді Еркебала қасақана, - жаңағың не ? Қайдағы біреулер үшін зәремізді алып, таң атпай азынап...

- Аянышты жағдай, - деді әйел қызына салмақпен қарап, - мына жігіттің шешесі Тәбия марқұммен бірге өстім. Біреудің көзінің ағы мен қарасындай жалғызы еді. От еді алаулаған. Деген шағында өшті де қалды. Артында тұяқ қалған екен. Мынау сол. Әкесін де анық біле қоймайтын тәрізді.

- Сіз білетін шығарсыз?

- Білгенсін ғой. Жаңа маған көрсеткен пәдіреттегі ер адам осының әкесі болуға тиісті.

- Оны қалай дәлелдейсің? - деді Еркебала шешесіне ой салып, - түрінің ұқсастығына ма? Жаңа өзі айтты маған. Нағашы атам енді түсіме деп. Заң қызыметкері болған әкем түсімнен шықпай қойды деп.

- Онысы шындық, - деді Асылтас қызының ығына жығылған ыңғаймен, - Тәбия марқұм істі болған әкесін құтқарып қалам деп бір шендіге амалсыздан телінген - ді. Мына жігіт содан туып қалған делінеді.

- Суреттегі еркектің пошымы осындағы сырттан көшіп келген жетім шалға сәйкеседі. Сіздің танысыңыз боп шықты ғой ол кісі. Солай емес пе?

- Таныс дейсің. Құлын - тайдай тебіскен достар едік - ау! Жігіттің жампозы болатын.

- Солай ма еді? - деді Еркебала таңданыспен, - қазақ жай жүре ме? Перзентсіз қу бас деп кекейді ол шалды. Ірі математик екен. Сотталып істі болған деп те айтады.





- Ана жолы маған қос кітапшасын сыйлады. Ауылда жүріп те есеп шығаруды тоқтатпапты. Мен не істеуім керек? Ақыл берші.

- Дәлелің болмаса, жек көріністі боп қайтесің? Бір - бірін көріп білмеген жат адамдарды табыстырам деп жүргенде басың дауға қалып жүрмесін? Қояқ қой, мама.

- Қоймаймын! - деді шешесі өршеленіп, - Тәбия марқұмның өз аузынан естігенмін тіршілігінде. Әзірше үндемеймін, кезеңдінің кезінде шығарамын анығын. Обал ғой, шындықты жасырғаннан не шығады? Керек десең, сол шалға барып мәлімдеймін болған жайды. Бар шындықты алдына жайып саламын.

- Өзің біл, мама, - деді Еркебала мұңайыңқы кейіпте, - әкемнің жағдайын ойлап. . . Күтушілікке біреуді ақшаға жалдамасам болмас. Әлгі жағдайға байқап ұрын. Қартайып келесің, жүрекке салмақ түсіріп не қыласың.

**17.**

Асылтас келгенде Ергешбай құлжа мен бөкенге шөп тастап, алдарына су қойып жатқан - ды. Әйелді салқын қарсы алды.

- Үйіңнің қоршауы биік, жарасып тұр, - деді ол келген шаруасын неден бастарын білмей, - көргіш көзден жалтарасың - а, сірә? Жеп жібермей ме анталаған сұғанақтар.

- Одан емес, - Ергешбай жалтарды, - көп жыл бөлек қос боп қиянда мал бақтым. Даланың аңы мен құсына бір табан жақын жүрдім. Мына бір қорғансыз хайуандарды обалсынып... қолыма ұстап... Әрі ермек өзіме. Сойып тастауға қолым батпай...

- Соныңды түсіне қойса жақсы - ау былайғылар, - Асылтас орағыта сөйледі, - естіген шығарсың, шетелдіктер кеп мәре-сәре боп жатырмыз. Кен орнын ашпақшы. Нансыз жүргенерге кәсіп табылатын болды. Бір қызым осында тұрады деп едім

ғой. Дәмханасы, қонақ үйі бар. Шетелдік меймандар сонда жатыр. Оншақты күннен бері осындамын. Қызыма қолғабыс беріп, тағам даярластым. Мен басқаратын «Әжелер ансамбілі» меймандарға өнерін көрсетті. Өткенді қуалағаннан түк те шықпайды. Сондай шараларға қатысып, бір ауық көңіліңді бөлгенің жөн.

- Ермегім жетерлік өзіме, - деді Ергешбай бейтарап жағдайда, - есеппен шұғылданамын. Сапардың мал - жанына бас - көз боламын.

- Білем ғой, білем. Кітапшаңды қарап шықтым.Басың бас - ақ қой сенің. Ауылда шырмалып, бағыңды байлаған өзің емес пе?

- Ауыл - еркін кеңістік, - деді Ергешбай сабырлы қалыпта, - ән шығарасың ба, өлең жазасың ба, есеппен айналысасың ба - өз еркіңде. Мен ол жағына өкінбеймін. Шешімі табылмай жүрген қиын есептің бірімен айналысып жүр едім, соның шиесін тарқатып шықтым. Осы кеше ғана.

- Ой, айналып кетейін, жақсы ақ болған екен! - деді Асылтас қуанып кетіп, - жоғарғы жаққа барып, ғалымдардың назарына ұсынатын шығарсың? Еңбегіңді біреу иемденіп кетіп жүрмесін, сақ болғайсың.

- Соған көңілім соқпайды, - деді Ергешбай немқұрайды пішінде, - бір есептің шешілуіне қарап тұрған не бар дейсің. Ұрпақсыз қалдым, сол батады жаныма.

- Математика заңдылығына сидырып көрсеңші, - деді Асылтас сөзіне астар беріп, - мен саған тегін келгіштеп жүрген жоқпын. Өзің де бірдеңені сезетін шығарсың.

- Ойыңды ұқтым. Тәбиядан бала қалды. Сол бала сенен емес пе демексің ғой.

- Енді қайтейін! - деді Асылтас қынжылып, - деген күнімізде бір - бірімізбен жарасып қатар жүрдік. Тәбия екеуіңе қызығушы едік. Сен жігіттің сұңқары болсаң, ол марқұм





қыздың сыланған аққуы еді. Өткен жолы айта алмай кеттім. Тәбия әлгі бір заң қызметкеріне қосылғанда «ішімде үш айлық түйін бар деп қашыртсам да жабысып болмады» дегенін өз құлағыммен естідім. Қолыма құран ұстап тұрып растаймын ол марқұмның сол айтқанын.

- Соңғы бір жазған хатында маған да солай деген. Қисыны келмейді, Асылтас. Ақ некеден тумаған соң, керегі не. Шариғат жолына да, адамшылыққа да сәйкеспейді.

- Саған мен дұшпан емеспін, - деді Асылтас қанын ішіне тартып сұрланған Ергешбайдан ығыспай, - бірдеңені білген соң шет жағалаттым. Енді оны өзің шеш. Соңыра осында шетелдік меймандар келмекші. Сені аң асырайды, дала тағыларын қолда ұстап отыр деп естіпті. Үсті - басыңды оңап дұрыстап киін. Ауланды тәртіпке келтір. Үстел жасатып қой. Дастарқан мәзірін дәмханадан жібертейін.

- Керек емес! - деді Ергешбай тіксініп, - жалған жалпыштан қашан арылар екенбіз?

Асылтас жабырқап жасып қалды. Ергешбайдың да оңған жағдайы жоқ еді. Ол кеткен соң тіптен жайсызданды. Сенделіспен өткен жылдардың запыраны көкірегіне лықсып, жүрегін сыздатып барады. Көз алды қарауыта берді де тәлтіректеп үйге қарай жүрді. Есік тұтқасын зорға қармады. Табалдырықтан аттай бергенде, сүрініп кетті. Мұнардың бақырған даусы есін жидырды.

- Ата. ата! Не болды саған?

- Жай, әншейін, - деді ол оқыс кілт еткен тізесін сипағыштай беріп, - байқаусызда аяғым тайып кетіп. . .

- Мықтысың ғой, ата! Ауырмашы! - деді Мұнар оны демесіндеп, - мен өскенде өзіңді иығыма сап жүремін.

- Сөйт, айналайын, сөйт! - деді Ергешбай оны төбесінен иіскеп, - далада есік алында жүре тұр. Бейсауат жүрген

біреулерді кіргізбе. Дем ала тұрайын. Әлгі меймандар келсе, хабарларсың маған. Оларды дұрыстап қарсы ал.

Бір жақ қабырғасы кітапқа сықалған бөлмеге енді. Сәскелікке тырмысқан күн сәулесі терезеден емін - еркін түсіп тұр. Ортаға жайпақ үстел жасалған. Бір жақ қабырғаны шым тұскиіз алып жатыр. Зайдананың қолынан шыққан бұйымдар көзін суырып барады. Қарсы қабырғада екі - үш қамшы ілулі тұр. Біреуі Ертайға арналған еді. Тиісті орында тұрған қобыз бен домбыра да ыстық бұған. Әйелі бұл аспаптардың тілін білетін еді. Қобыз да шалатын, домбыраны бір сыдырғы жүрдек тартатын еді. Пұлын үстемелей беріп арнайы тоқытқан қос кілемше көрнекті тұсқа ілінген. Кілемшеде бедерленген әйелі мен баласының бейнесінен өзіне деген салқындықты сезінгендей ыңғайсыз жағдайда қалған ол кітап сөрелеріне жақындауға батпай тұр. Ескі бір қағазды қай кітаптың арасына жасырғанын шамалағанымен, соны алып шығуға қолы бармай-ақ қойғаны. Ту сыртынан шаншылған салқын назарға арбалып берекесі кетті.

Кітап арасындағы көне хат пен ескі пәдірет мұны тарта қоймады. Тәбияның суреттегі бейнесі жүрегін шымыр еткізді. «Сұмдықтай сұлу екен - ау өзі!» деп ойлап қойды. Өзінің жігіт күнгі дидарына да назар салды. Асылтасты да танып тұр. Ол құрғыр тіптен көркем боп шалынды көзіне. Қапелімде көңілі қолқ етіп төменге тартты. Бағанағысы дұрыс болмады. Асылтасты жер қылып жібергеніне өкініп тұр. Онда не жазық бар? «Балаң бар сенің» дегенін шам көргені асылық болды - ау. Тәбияның бейнесіне үңілуге жүзі шыдамай назарын суреттен алып қашты.Талай - талай ыстық өбісу, қауышулар өткен еді - ау бастарынан. «Ергеш, мен ылғи жаман түс көрем. Қара суға бір батып, бір шығып тұншығып өле жаздаймын. Осындай түстерді жиі көремін. Ғұмырым аз бола ма деп қорқамын» дегенде,





Ергешбай: «Қой, олай деме ! - деп тіксінер еді, - әке - шешеңді көп ойлайсың. Солардың уайымы ғой сені мазалайтын» деп жайып - шуатын. «Әрине, ғой, - деп Тәбия көзі жасқа толып кетер еді, - көбінесе көкемді ойлаймын. Әкейдің мен дегенде шығар да жаны басқа. Шашылып - төгіліп жүретінім сол кісінің арқасы.Қалтасы жұқа құрбыларымды қарық қылушы едім.Сен екеуміз оқуды аяқтаған соң, сол кісілердің қолына баруымыз керек. Өйтпесек, ата - ананың назасына қаламыз».

Ергешбай күн уағында көре жатармыз дейтін еді. Әкесі істі болған қарсаңда ауылына суыт қайтқан Тәбия жағдайын бұған хатпен білдіріп тұрды. Алғашқы бір хат қысқа жазылған - ды. «Әкем үшін торға түстім. Қош бол, жаным!» депті.

Жыртып - жыртып лақтыра салған еді. Арада үш - төрт ай өткенде одан тағы бір хат алған. Қайдағы - жайдағыны айтып арлыған арыз - қошын жыртуға қимай кітаптың арасына сала салған - ды. Сол хат еді қолына алғаны. Сарғайған қағаздағы өшуге бет алған жазу іздеріне шұқшия тесіліп оқи бстады.

«Менің сөзге шебер екенімді білесің ғой. Бұл жолдарды қызыл сөз деп ойлап жүрме. Қаласаң оқырсың. Ұнатпасаң жыртып тастарсың. Біліп алғын, сенің алдыңда ақтала алмаймын. Кінәлімін деп те көз жасымды көлдетер жайым жоқ. Рас, мен сен үшін өлген адаммын. Өзіме салса, әкеме деген перзенттік борышымды артығымен өтеген ата - анаға адал жанмын. Бұлісіме еш өкінбеймін. Әке махаббаты пәрменді келеді перзентіне. Көкемді су түбіне жіберіп қойып сүйгенімді алаңсыз құшуға қалайша дәтім барады? Ондай құбылдық маған сәйкеспейді. Заңның күші жойқын келеді. Қарамағына іліккенді отша шарпып өртеп жібереді. Шарай көзге әкемді отқа түсіріп қойғаным мен үшін өліммен тең. Әкем заңның отына шыжғырылып жатады екен. Мен болсам бас сауғалап жайыммен жүреді екем. Сонда менің не болғаным?! Әйел

затының жолы жіңішке және қорғансыз келеді. Сенің жайыңды ойламады деймісің. Өзімді де қорғауым керек. Көкем мен ес білгелі ұлым болмады деп бір де айтып көрген емес. «Барым да Тәбияшым, базарым да осы ботам» деп қысқа күнде қырық айналып - толғанып өліп өшуші еді. Есіңде шығар, жоқты сылтауратып Алматыға салып ұрып келетін - ді. «Көке - ау, несіне келе бересің? - дегенімде, - сағынып қалдым өзіңді» деп айналып толғанар еді. Келген сайын көкем жұмбақтап: «Өзіңді сақта, құлыным!» дейтін. Содан да сенімен көңіл жарастырған күндерде, құшағыңа енуден тайсалып тая соғатынмын. Саған таяп кетсем әкем көріп қалатындай жүрексінген ыңғаймен өзімді сенен алып қашатынмын. Сен сонда мені қолыңа түсірмек боп балаша қуалар едің. Мен жас ботадай тайраңдап қашар едім. Екеуміздің тығылыспағымыз жылдарға созылған жоқ па? Сенің бір жақсы жерің, шыдамды болатынсың. Не айтсам, соған тоқтайсың. Мен келіп мойныңа асылғанда қолымның сыртынан сүйесің. Артық - ауыс дөрекілікке бармай, сонымен тоқтайсың. Сонда саған назданып: «Менен сен математиканы артық көресің, шығарған есебіңе татымағаным ба?!» - деп өп - өтірік бұртия қалар едім. Сен тұрып: «Математика ғұмырым ғой менің. Есептен қолымды айырсам, бос қауақ бірдеңе тәрізденіп өзімді болымсыз жеңіл сезінемін. Есепке отырсам, нығымданып бойыма күш бітеді» дейтінсің. Сонда саған өкпелеген болып тұра жөнелгенімде, сен кеп мені құшағыңа алатын едің. Ұмар - жұмар аударылып - төңкеріліп мәз болар едік. Құшағыңнан сытылып шығып қаша жөнелгенімде, сен қуар едің. Мен қоянша зытып беретінмін. Былай шығып алып үнсіз буылып жылайтынмын. Неге жылайтынымды өзім де біле қоймаймын. Әйелдік сезімімді қисынсыз тежегеніме бола, өзіме көрсеткен қарсылығым сияқтанатын. Сөйтіп жүргенде оқу да бітті ғой. Есіңде ме? Диплом қолға тиіп масайраған күндердің бірінде екеуміз оңаша қалып... Сонда сенің мейлің





білді емес пе? Ұят та болса айтайын, етегімді көтеріп, пәктік пердемді жырттың. Кіршіксіз тәнімді армансыз жаныштап, құмардан шықтың. Зауықтасуымыз табаны күректей бір аптаға созылды. Сөйткенше, ауылан суыт хабар жетіп, көкем түрмеге түсіп қалып... ақыр - соңы мынадай жағдайға әкеп ұрындырмады ма. Өзіңмен қауышқан күндердің белгісіндей ішіме түйін байланған еді. Бұрын да соны есіңе салып хатта көрсеткем. Енді міне, жазымыштың бұйыруымен жат құшаққа тап болып, бөтен бір еркектің қойнында жатырмын. Одан жалтара алмадым. Дегенмен ер екен өзі. Көкемді су түбіне кетіп бара жатқан жерінен құтқарып алып қалды. Айтқан сөзінде тұрды. Сосын мен де берген уәдеден жалтара алмадым. Сонымен не айтары бар, сол адамның дегенімен жүріп жатырмын. Бұрнағы жолы да өзіңе ескерткенмін. Түсім оңалмайды. Көбінесе жағалауына көз жеткісіз айдында жапа - жалғыз жүзіп жүремін. Суға бір батып, бір шығып жанталасып жатып ояна келгенімде қосылған күйеуім: «Не болды саған? Шыңғырып зәремді алдың» деп тіксінеді. «Шошымалды ауруы бар екен» депті ол жақындарына. Соны естіген шешем кеп біраз күн қасымда болды. Көкеме білдірткен жоқпыз. Содан кейін де әлгіндей жаман түстер қайталана берді. Білмеймін, көңіл күйім онша емес. Өлгім де келеді. Құрсағымдағы шаранаға қарайлап жүрмін. Сол туып қалса екен. Ішім өсіп келеді. Балаға жан бітті. Сенен ауысқан белгі ғой. Күйеуім біледі. «Серт байласқан адамым бар - тын. Құрсағымдағы түйін сонікі» дегенімді есепке алмады. Мені құшағына алғаннан басқаны ойламады. Былайша жаман адам емес. Біз бүгінде облыс орталығында тұрамыз. Күйеуімнің қызметі өскен. Орынбасарлықтан бас заңгерлікке жоғарылады. Балалары бізден бөлек тұрады. Жесір әпкесі қамқорлыққа алған. Кішісі ғана қолымызда...»

Хатты аяғына апаруға төзімі жетпей қалды. Лықсып кеп алқымына тірелген қысас нала тұла бойын буып бара жатты.

**18.**

Сырттағы дабыр - дүбірге елеңдеген Мұнар үйден жүгіре шықты. Барып қақпаны ашты. Аулаға енгендер өзді - өзі сөйлесе бастады. Сөздері түсініксіз. Атасынан аунымаған бір кісі шетелдік меймандарды ішке бастады.

Мына бір жануар мен көрмеген аң. Сірә, Қазақстан даласында мыңдап өретін бөкендер осы болар? - деді Ален Дерс мырза сөзін аудармашыға мақұлдатып, - құрып бітуге жақын деп көрсетеді интернет.

- Мүйізіне бола қырып жіберді пайдакүнемдер, - деді Шолан сөздің расына көшіп, - бұрын қазақ даласында миллиондап өретін еді. Жыл сайын қырылады жұқпалы індеттен. Өткен көктемде жүз мыңы бір - ақ кетті. Бұл қалпында тұқымдық та қалмас.

- Сұмдық жағдай! - деді шетелдік мырза, - мынадай ғажайып сұлу жануарды жер бетінен жойып жіберу деген барып тұрған қылмыс!Көзі неткен тұнжыр? Мүйізі қандай өрнекті еді. Танауын қарашы! Табиғат сұлулығын бойына сидырған ғажайып хайуан екен! Бұларды қырып - жою былай тұрыпты, сұқты көзге жегізудің өзі қиянат. Нәзік аң екен, жарықтық! Көзі бірақ, тым тұмантық. Азаттықты аңсағаны шығар. Аяқтары ақсақ, ә? Бұларды қолда ұстаған адам неткен мейірман жан еді! Қайда өзі? Құлжаны көргенде шетелдік мырзаның көзі тіке от боп тұтана қалды.

- Міне, ғажайып өрлік пен асқақ тәкаппарлық! Мен көріп жүрген арқар тұқымдарынан басқаша екен. Мүйізі ауқымды, соншалықты ірі. Кеудесі зор. Көзінде ақау бар ма қалай? Тұңғиық тартып кетіпті. Иттері қайда бұлардың? Қасқырды көре алмай тұрмыз ғой?

- Әй, бала, бері келші, - Шолан Мұнарға қол бұлғады, - сендерде ит жоқ па?





- Бар, үйшікте жатыр.

- Қасқыр ше?

- Ол да бар.

- Қайда олар?

- Сарайда, құлыпта тұр.

- Құлыпты аш та көрсет бізге.

- Кілт менде жоқ, атамда. Иттің үйшігі ашық жатыр.

- Атаң қайда өзі?

- Ауырдым деп. ...Бір апа келіп... сонымен сөйлесіп... шаршап қалдым дейді.

- Мақұл онда. Итті көрейік, - деді Шолан сый қонаққа бұрылып, - ұлыған қасқыр осында боп шықты. Жаңылыспай тап басыпсыз.

- Онда біз ұтамыз, - деді сәугей мырза, - қасқыр тегін ұлымайды.

Тұмсығы тұмшаланған ала төбет жат адамдарға мінез көрсетпеді. Үріп мазасыздана берген соң иесі тұмсығына тұмылдырық кигізіп тастаған еді. Соны байқаған шетелдік мырза:

- Мына байғұс та жаралы екен - ау. Алапат айқаста аяғын шайнатып алған болуы керек. Бүгінде қайда да ит төбелестіру әуезеге айналып барады. Табыс тауып баюдың амалы адам былай тұрыпты аң мен құстың да басын саудаға салып қойды, - деді мырза тап бір соған өзі кінәлі боп қалғандай қынжылыспен, - қасқырды көрейікші. Иесі қайда бұлардың?

Сөйткенше, Ергешбай да шықты тысқа. Бағана Асылтас жат - жаладан кісі бар, бой - басыңды оңап жөндеп киін деп тапсырған еді. Соны қаперіне алған ол бір киерін үстіне жапсырып шыққан - ды. Алпысты еңсерсе де еңсесін түсірмей бойын тік ұстайтын еді. Қаны қашыңқы ақ сұр жүзі қуарып, өңі солғын тартып кеткен. Қабақ астындағы

сұрғылт көздерінде сұс бар, аздаған жылылықтан да құр емес. Сәл қоңырлаң бұйра шашы аздап буырыл тарта бастаған еді. Тып - тығыз қалпында қобырап өңіне сұс беріп тұр. Жоталы мұрынын ұстағыштай беретін әдетімен жазыңқы маңайына алақанын басып аз тұрды да, ала - құла адамдарға сынай қарады. Әсіресе ол Ален Дерске тесілді. Шетелдік мейман мен екеуінің көзі түйісе қалды. Сый қонақ одан тайқымады. Тұлға - тұрпаты келіскен егде адамнан біреуге деген ұқсастықты көріп тұр. Екі аптадан бері қасында жүрген аудармашы жігіт қапелімде басқа бір түрге еніп, мына адамға айналып кеткен тәрізденіп еді.

Ол қатты таңырқады. Осы толқынысын аудармашыға астарлады.

- Мына жұмбақ кісі кім? - деді ойын ірікпей, - аңдардың иесі осы ма ?

- Сізді кім болған деп сұрайды мына мырза? - деді Шолан үй иесінің бетіне тура қарай алмай күрмеле сөйлеп, - дала тағыларын зерттейтін ғалым ба дейді.

- Ондайға жоқпын. Жай ермек қып... қорғансыз қалған соң аяп... ұстап отырғаным ғой.

- Қасқырды көрем дейді мына мырза.

- Көрсін, - деді Ергешбай анталаған көздерді бір шолып өтіп, - ызалы өзі.

Қолайсыз боп жүрмей ме? Түнімен ұлып шықты.

- Ештеңе етпес, - Шолан құрметті кісіге жүз бұрды, - көкжал ашулы дейді.

- Сонысы керек, - деді шоң мырза қасындағы серіктеріне сынай қарап, - қазақтарға күлкі боп жүрмеңдер. Қасқыр каһарлы көрінеді.

Айтқандай - ақ боп шықты. Ар - ұр етіп көзінен от шашқан көкжал тіке айқасқа тіленді. Тор көз темір шарбаққа азуын





салып жіберіп, шақыр - шұқыр еткізгенде аузынан от шашыраағанай боп келгендер шегіншектей берді.

Ален Дерс мырза міз бақпады. Түз тағысын аяп тұр.

- Түндегі ұлысы нәш еді, - деді ол көзі шылауланып, - бұлар да таусылып бітуге жақын. Қасқыр мен адамның көкжалына зауал келген заман емес пе. Пайда қуғандар қойсын ба жанын. Қасқырды қара табаны мен өтіне бола аулап құртуға жақын деп естимін. Бұларға да қамқоршы табылғаны ма?

Ол аула қожайынынан көз айырмады. Мына шоң қазақ тегін емес. Мен білсем, осы адам қолына ұстаған аңдардың кебіне ұшыраған тағдырлы жан болуға тиісті. Мынадай кескін-кейіп екінің біріне біте бермейді. Заманында жігіттің көкжалы болған - ау, шамасы?

- Онысын білмедім, - деді аудармашы бүгежектеп, - танысым емес. Алғаш көріп тұрмын.

- Сен мені алдай алмайсың, - деді қадірменді қонақ, - бұл адамның саған жақындығы болуға тиісті.

Аулаға кісі толып кетті. Бала - шағадан бастап қарттарға шейін осында. Ақ жаулықты бәйбішелер мен әйелдер де тұр осылай қарай күн салып. Тәртіп сақшыларды оларды ығыстыра бастады.

- Қызық екен, - деді Ален Дерс басын шайқап, - бұлар не алады? Біреудің ауласына рұқсатсыз баса - көктеп кіруге болмайды ғой.

- Біз мұндайға мән бермейміз. Қонақжайлыққа жатқызамыз. Сіздерді қызық көріп тұрғаны ғой, - деп Шолан жайып - шуды.

Ален Дерстің назары үй иесіне ауды. Қасындағы аудармашыға бір қарайды, өңкиген дәу шалға және қарайды. Мұншалықты ұқсастыққа таң қалып тұр.

Ергешбай бәрін де сезді. Анталаған дүрмекті жақамай тұр. Көбісінің жүзі таныс. Әлгі өзіне ақыл айтқыш қажы шал

да тұр. Үнемі көшеде қағаз тергіштеп жүретін әйелдерді де шырамытты. Өң-түстері солғын жүдеубас оларды аяйтын еді. Мына шетелдік алпауыт кен орнын ашып, жұмысқа қолымыз жетіп қалар деген ниетте тұрғанына кешіріммен қарады. Әкімшіліктен де адамдар бар Олар аулаға баса-көктеген көпшілікті тәртіпке шақырып жүр. Бас маман да көрініс берді. «Шығындар, кетіңдер бұл арадан!»деп зіркідегені құлақ тұндырды.

Ергешбай Асылтасты іздеді. Мына қолайсыз жағдайдың тігісін жатқызатын сол болуға тиісті еді. Көре алмай тұр оны көпшілік арасынан. Асылтастың «ол адам осында жүр» дегені мына жігіт-ау деді ол іштей. Көзі түсіп еді оған, жүрегі бүлк ете қалды. Өзінің аузынан түсіп қалғандай екен. «Болса, болар» деп сендірді өзін іштей. Анталаған көздерден ықтап және берекесі кетті. Қайтсе екен? Іле айныды. «Кейін ол біле жатар» деп ойлап үлгергенше шетелдік мейман кеп мұның қолын алды. Жылы-жылы сөйлеп ыстық ықылас көрсеткен сынайы бар.

- Не дейді мынау? - деді Ергешбай құрметті мейманның тұңғиық көзінен ішін танып,өзі бір көңілшек адам екен. Жылайын деп тұрғаннан сау ма?

- Сізге тілектес, - деді Шолан ішкі толқынысын сөзбен бүркемелеп, - қуанышты боласыз, аңдардың киесі демейді дейді.

- Өзің қалай ойлайсың? - деді Ергешбай аудармашы жігітке сұраулы кескінде іш тарта қарап, - үмітсіз шайтан делінеді. Адам үмітпен ғұмыр кешеді. Сен осы, дәу де болса Тәбия марқұмнан қалған тұяқсың-ау? Тәрізің солай.

Шолан сасып қалды. Қолы - басы дірілдеп кетті. Өзін қалт жібермей бағып тұрған Ален Дерс мырзадан тайсалып және берекесі қашты. Шетелдік шоңның назары өңменінен өтіп





барады. Енді қашан, болсаңшы деп тұрғандай. Сонда ғана ол төс қалтасына қол салды. Суретті алып шығып, өзіне жақын тұрған ақ сұр шалға ұстата берді. Тіл қатуға әл - дәрмені жетер емес. Пәдіреттегі екеумен иық түйістірген қияпатты еркекті ол жуантық саусағымен нұсқап үлгерді.

- Бұл мен ғой, - деді Ергешбай біреу естіп қалмасын дегендей бәсең үнмен.

- Ә, сіз бе?! - деді Шолан көзіне келген жасын тежей алмай, - әкем екенсіз ғой!

- Жылама! - деді Ергешбай үнін қатайтып, - менен туғанын рас болса жасық болмауға тиістісің. Біздің тұқымға өлі сүйек ынжықтық жараспайды.

Солай дегенімен де шоң шал босаңсып сыр алдыра бастаған-ды. Соны сырт көзге байқатпаудың амалымен қақпа алдында ошарылған ауылдастарына қарай жүрді. Оларға бірдеңе айтқысы келді білем. Бірақ шамасы жетпей қалды. Дауыл ырғаған терекше теңселендеген оны әлгі жігіт кеп сүйемелдей берді. Математик Ергешбайды...

*2015.*

## II БӨЛІМ



## ӘҢГІМЕЛЕР



## Данышпан

### АСАН ШЕРЛІ
*(сарын)*

**І.**

Әкесі саятшы еді. Көп жүрді қасында. Құс салудан бойына түк жұқтыра алмады. Қанды көз түз тағысының шақарлығына жүрегі шіміргіп, жазықсыз аңға шүйліккен жыртқыштың алапат тегеурінінен ықтап кетер еді. Әкесі баласының аямпаздығына кешіріммен қарады. Жүрегінің жұмсақтығына іші жылыды. Әке жалғызын атбегілікке икемдеді. Асан жылқыға таянбады. Балалар тай үйретіп мінсе Асан түйеден жарбиып түспейтін еді. Ақ тайлағын тапыраңдатып жарапазан айтты. Той - томалақта термеге басып жыршы бала атанды.

Әкесі баласының талабын құп көріп, медіресеге оқуға берді. Дәрісші Асанға салғаннан іш тартты. Бала ойлы, көзінде мұң бар тәрізді. Шәкіртінің тегін емстігін байқаған сыншыл ұстаз Асанды жеке баулыды. Тіршіліктің қыр - сырынан мағұлымат берді. Алланың бірлігін, пайғамбардың хақтығын көкейіне қондырды. Жаратылыстың құпиясынан хабардар етті.

Асан бірден шешілмеді. Қашанғы тұнжыраңқы қалпын өзгертпеді. Баланың тұйықтығын дәрісші кісі киік болып өскендігіне жатқызды. Барша ілім - білім шаһарда деп ұғындырды. Базарды көтермелеп сөйледі. Шаһардың тұрғындары жалғызсырамайды, шат көңілде жүреді. Миықтарынан күлкі кетпейді деп және жеткізді мақтауын.

- Ұят - ақ! - деді Асан ұстазының сөзін бөліп. - Неменеге жетіседі, бірін бірі алдағаны үшін бе?

- Оны қалай байқадың?

- Базарға барғанда.

- Япырай, ә! - деді ұстазы таңданыспен. - Сауда жүрген жерде алдап - арбау қоса жүретіні шындықтан, алыс емес.

Бала ұғымтал еді. Айналасы екі - үш айда ұстазымен тең дәрежеде пікірлесуге мүмкіндік алды.

- Нені арман қыласың? - дейді ұстазы шәкірт баланың түйіліңкі қабағынан ішін танып. - Әлден уайымшылсың, өскенде шерлі атанасың - ау.

- Ел - жұртта маза жоқ, - дейді Асан мұңайып. - Шапқыншылықтан көз ашпайды. Қаламыз да бар, даламыз шалқар. Сол кең байтаққа адамдардың сиыса алмайтыны несі екен?! Соған ақылым жетпейді. Әлде бастаушыға зәру ме?

- Сенің қолыңнан не келеді, әлі жассың, - дейді ұстазы. - Ілім ал, біліміңді толықтыра түс. Кітапқа сүйен.

- Оған жағдайым келе ме? - дейді бала мұңайып. - Ылғи бір жаман түс көрем. Күндіздің өзінде құлағымнан дүбір кетпейді. Елге жау тиді ғой деймін. Әкемнің тұғырдағы бүркітінің шаңқылы естілгендей болады. Түсіме бәсіре ақ тайлағым кірді. Балаша жылайды. Қайда жүрсің дейді маған.

- Ауылыңды сағынғаннан шығар, - дейді ұстазы жайып - шуып. - Барып кел үйіңе. Үш - төрт күнге мұрсатана берейін.

- Даласыз қиын маған, - дейді бала мұңайып. - Өскенде елімді қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын жайлы қонысқа бастап барсам - ау деп армандаймын. Үлкендерден естуімше ондай мекенді жерұйық дейді екен.

- Білімсіз адам қанатсыз құс сияқты, - дейді ұстазы. - Қанатың жетілсін де кішкене.

- Осы берген сабағыңыз да жетеді маған, - дейді Асан нық сеніммен. - Қалғанын даладан толықтырамын.

- Онда жөн, - дейді ұстазы шарасыз тоқырап. - Табиғатпен ұғыныса білсең, жерде қалмайсың. Дала - алып





кітап. Медіреседен алған білімді табиғат құбылыстарымен салғастырып пайымдай алсаң, арманыңа жол ашылып, қанат бітеді қиялыңа.

- Жерұйықты ше? - дейді шәкірті ұстазына. - Табуға бола ма өзін?

- Неге болмасын, - дейді дәріскер. - Алланың кеңшілігі мол. Құдіреті күшті Жаппар хақ адамды айрықша сапалы жаратқан ғой. Бәрі - бәрі кісінің өз бойынан табылады.

- Жерұйық та өзімізден шыға ма? - дейді бала таңданыспен. - Біз кіп - кішкенеміз. Жерұйық байтақ болуға тиісті. Әйтпесе оның несі жерұйық?!

- Дұрыс айтасың, - дейді ұстазы баланы мақұлдап. - Байтақ далаға не жетсін! Кең дүниеге сиыса алмай жүрген өзіміз. Пейілі кең, ниеті түзу, адамның жүрегінде тұрады жерұйық. Неғұрлым көңіліңді кірлетпей таза ұстасаң соғұрлым жүрегің кеңейе бермекші. «Кең болсаң, кем болмайсың». Жерұйық кеңдіктің өлшемі. Ұстазы шәкіртін аттандырып тұрып былай деген: «Аллаға жағамын десең, қанағатшыл, адамға жағамын десең, жамағатшыл бол. Көпті қара тұт. Әрдайым есіңде жүрсін, әділдік қайда болса, жерұйық сонда...». Сірә, шаһардан мінез жұқтырса керек, Асан шаруаға қарай қоймады. Аңшылықтан көрінеу бой тартты. Ақ тайлақпен даланы шарлап кетеді.

- Балам, бұл не сенделіс?! - дейді әкесі аса қатты кетпей. - Оқу өтіп кеткен - ау...

- Даладан көп - көп сыр ұғамын. Аң мен құстың тіршілігін бақылаймын. Күннің амалын зерттеймін, - дейді ол еш құйтырқысыз. - Кітаптан алған білімімді табиғат сырымен ұштастырамын.

- Аң - құс тілсіз мақұлықат. Тау - тас жансыз. Одан недей сыр ұғасың? - дейді әкесі ішкі қыжылын сап - сап тежеп. - Сыбызғыңа дауым жоқ. Ақын деп көтермелейді сені жұрт.

- Ақындық қабілетті даладан жұқтырғанмын, әке. Табиғатта тіл жоқ дегеніңізге келіспеймін. Мың - сан дыбысты адамдар жер тынысынан алады. Жер «ухілейді» адамша. Жүгірген аң, ұшқан құс дала сырын бізден артық біледі. Жер бетіндегі жанды - жансызды ұйпап, қырып - жойғанға мәзбіз. Солардың шеріне, мұң - наласына құлақ қойған кім бар?

- Сен шығарсың?! - дейді әкесі кекесінді зілмен. - Әуейлікті таста, қарағым. Ненің болсын құпиясы Аллаға ғана аян. Адамның қолында тұрған жоқ. Кезінде мен де ел - жұртыма жайлы қоныс іздеп шала бүлінгеннің бірімін. Осы құтты қонысқа, сенің кіндік қаның тамған қара қордаға бір тайпа елді бастап келген мына жаман әкең болатын. Құтты қоныс іздегеннің бірі мен едім. Сағымды қуа - қуа діңкелеп біттім. Ағайынға сый жүрмейді. Өзіңді жаман атаққа ұшыратып, дәруіш, кезбе атандырады. Басыңды дауға іліктіріп, елден шығарады. Саятшылық құр тілімді алсаң. Еш пендеге зәбірің тимейді, аңға ғана жазықтысың...

Әкесі көп жүрмеді. Көз жұмарда: «Жерұйық отыңның басында... ошағыңның қасында...» деп үзіп - үзіп айтты. - Жардың құшағында... баланың қылығында» деп және қосарлады. - Жалғыз апаң бар, соны іздеп тап, - деді де тыныштық алды.

## 2.

Күн кештете кеп тоқтаған. Бық - бық етіп тарпынып тұрып алған ақ түйе шөге кетті де мойнын жерге салды. Жол соқты болған Асан қоржындағы азықтан өзек жалғады. Сірнеден үзіп жеп, ашымақпен жылжытты да көгалға созылып жата кетті.

- Уай, бұ не жатыс! - деді суық қабақ жүргінші аттан түсіп жатып. - Тәрізі ел кезген диуана шығарсың? Даусың бір сенбеді.





- Ондайым жоқ, - деді Асан қарадай қуыстанып. - Өзімді демегенім ғой. Жалғыз апамды іздеп бара жатырмын.

- Түйеңді неге боздатасың? - деп әлгі тағы қадалсын бұған. - Шерменде жұрттың шері аз ба еді. Жаман ырымға бастап қайғы тілегенің не сонша? Түйең өзіңнен өткен боздауық.

- Қатерге кезігерде жануардың бойлауық сарынға басатын әдеті. - Асан қасақана қыңырттады. - Менікі ет пен терінің арсынағы болмашы желік.

- Олай болса, түйеңді жетекке алам да сені жаяу қалдырамын, - деп түрі суық адам аруанаға оқталды. - Саятшы Сәбиттің көріпкел баласы бар деуші еді. Дәу де болса сен сол шығарсың. Киелі түйеңнің сиқы осы ма?

- Менің көріпкелдігімді, түйемнің кереметін сынағыңыз келсе тұрысар жеріңізді айтыңыз.

- Сұмдығыңды көріп алғаным бар! - деді жүргінші қарына ілген шоқпарымен сауысқанды нұсқап. - Әне бір құстың қуы не деп шықылықтап тұр? Дөп түспесең шоқпармен миыңды ағызамын! - деді құдай аманаты теріс лағып.

Асан мүдірді. Атақты жолбасар қарақшыны танып тұр. Жылқы айдап, ел ішін дүрліктірген сірі тақым ұры бұл жолы да олжасыз емес еді.Қалың жылқыны елсіз құм шағылмен түре айдаған барымташылар сусыз шөлге тап болып, дағдарысқа түскенін зерек жігіт салғаннан сезген. Судан қаталаған қалың жылқының шұрқырағаны құлағына еміс - еміс жетті. Көкірегін шер қысқанда арқасы ұстап кететін ғадетпен: «Сауысқан не деуші еді, судан қаталаған жылқының жылы - жұмсағына кенелсем - ау дейді де баяғы.Табалаудан да құр емес.«Ел азайын десе еркектері еріншек, қатындары көңілшек келеді. Ер азайын десе жақынын жауға алдырады, би азайын десе жамағатын дауға алдырады».

- Мәймөңкелемей турасына көш! - деді анау қабағын сындырып. - Сірі тақым ұры мына мені сына.

- Ел берекесі кетерде жақынынан жау шығады, сөз берекесі кетерде қисынсыз жерде дау шығады. Мал берекесі кетерде ит атаулы еріншек, маубас келеді, жігіт атаулы барымташы жаубас келеді.

- Уай, сөзіңе болайын! - деді қырыс қабақ жолбасар. - Жасыңа жетпей темір жақсың, өсе келе не болар екенсің?! Қабағың түйіліңкі екен. Жалпақ жұрттың уайымын арқалайтын шерменденің өзімісің, әлде көзімісің?!

- Олай десең, құрығыңды бер маған! - деді Асан жұмбақтап.

- Құрығыңды бер дегенің, ұрлығыңды қой дегенің шығар, - деді де барымташы сөздің расына көшті. - Ерегіспен бай ағайынның жылқысын алып едім. Не оған, не маған бұйырмайын деп тұр. Шөлден қаталап қырылатын түрі бар. Сені ел жершіл дейді. Бір мәнісін келтір. Құдайға уәде, осыдан кейін ұрлығымды қоямын. Түйеңде қасиет бар деп естідім, бәлкім, су көзін табар.

- Шөккен жерінен су шығады, - деді Асан нық сенімде.

- Иә, сәт - ай! - деді барымташы қуанышын жасыра алмай. Соңына ерген нөкерлеріне бұйырып, ақ түйенің шөккен жерінен құдық қаздыруға кірісті. Жуықта дым біліне қоймады. Дағдарған барымташылар бұған қарады, бұл түйенің қабағын бақты. Жануарды шөл қысқан екен. Түйе боздай бастады. Бойын буған киенің салдарынан шатынаған салқын жанарынан сұп-суық жас тамшылары үзіліп - үзіліп түсті. Іле ілкімді қимылмен оқыс тартынып, бұйдасын үзіп жіберді де, тапыраңдап тұра қашты.

- Тимеңдер! - деді иесі екпінін баяулатқан түйесінің аңысын тап басқан ажарда. - Мүлт кеткен - ау тәрізі.

Түйе үй орнындай ойысқа тоқтап, тарпына бастады.





Тарпынған сайын ойыстың суы молыға түсті. Ернеуінен асып төгілген бойда жылға - жыраны қуалай ылдилап ағып жатты. Сөйткенше болмады, қуғынға түскен жылқының алды суға кеп бас қойды. Қарамы бірқыдыру еді, бәлкім, жүз қаралы, әйтпесе одан да көп. Іле екінші лек те қара көрсеткен. Шоғырлы боп шықты, кемі бір қосқа жақын. Барымташылар өңшең сайдың тасындай ірік жігіттер екен. Түстері өрт сөндіргендей түтігіңкі. Жылқымен жарыса өлермендене ентелесті ғайыптан аспанға шапшыған киелі суға.

Шөлдерін басып жан шақырған барымташылар жолбасшыны барлады. Обадай оқшырайып жеке тұрған ол томсарған қалыпта түйіліп тұрды - тұрды да шешіліп сөйлеп кетті. Сөзін ұзындатпай қысқа қайырды.

- Еңбектерің бар ғой, жылқыдан таңдап бір - бір тұқымдық алыңдар, - деді бұйрыққа бергісіз зілді үнмен. - Басқасына тиіспеңдер. Бұра тартқа барсаңдар өз обалдарың өздеріңе. Мен дәдемді алдым мына тұрған ақ түйенің иесінен. Құдайға уәде, қайттым райдан. Бекершілік екен, жігіттер, біздің бұл үргіншілік сапарымыз. Ендігі жерде адалдан мал жиыңдар. Арамнан тапқан табыс талқандыққа болмаса, дәулет боп жарытпайды.

Осыны айтты да ол атына мінді. Асанға бұрылып:

- Ей,шермендем, көзімнің шелі қалыңдап, көкірегім көкке шығып кеткен екен. Соны есіме салғаның үшін ата - баба аруағына тапсырдым сені! - деді де атын тебінді.

Барымташылар бір - бір жылқыны жетекке алып ұзай берді. Айдаудан аққөбігі шығып болдырған бір қосқа жақын қылқұйрық көзі ашылған бастаудан ұзамады. Жылқыны иесіз тастаудың жөнін таппаған Асан да тапжылмады. Азығы түгесіліп, өзегі талған ол көрінген қарайғанға көз талдырумен болды. Арада апта өткенде кеп жетіп еді мал иесі. Келе - ақ

тергесін мұны. Ұрымен сыбайлассың, әмпейлессің деп жала жаппай ма. Аз шығынды елеп « жорғам еді, жортақым еді» деп сұңқылдаған қарау бай Асанды дүреге жығып, ақ түйені жылқымен қосып айдап кете барды.

Жаяулаған Асан құмшағылдан бір ұрттам су таппады. Адасып әбден титықтаған оның құлағына әлде бір гөй - гөй сарын талып жетті. Сол сәтте оған ғайыптан күш бітіп, еңсесін тіктеді.«Жарықтығым - ай, мені іздеп жүрсің - ау!» деп жұбатты өзін. Жетім ботаны өрістен тауып алған еді. Ешкі сүтімен асырап қатарға қосқан - ды.Ақ бота содан былайғы жерде бұдан еш ажырамады. Тайлақ шығып өсе келе иесін көзінен таса қылмайтын әдетке басты. Әлде қалай бір - бірінен көз жазып қалғанда, өздеріне ғана түсінікті үнмен дыбыс беретінді. Ақ түйе Асанды іздеп боздауық сарынға басқанда, иесі ауыл сыртына шығып алып сыбызғымен сызылтып белгі береді.

Әбден қалжыраған ол талықсып кетті. Қанша жатқанын білмейді, көзін ашса тасбақалар керуен тартып барады екен. Мимырттаған өнімсіз жүрістерімен белеңге тырмысқан момын жәндіктерді қара тұтып, көз жазбауға тырысты. Кенет, әлгіндегі жүздеген тасбақа жер жұтқандай жоқ болып кетті. Іздерінен байқады, толайым түгелімен құмға көміліп қалыпты. Табиғатпен етене мақұлықаттар шыжыған ыстықтан қорғалап, бауырларын дымға төсеген екен. Қаталаған Асан құмға сұғынды. Шұңқырайта түсті сусыманы.Тізеге жете бере дым білінді, кіндікке жетер - жетпесте су шықты.Бірте - бірте молығып екпін алған су көзі жылғаны қуалай ағып жатты.

Тап - тастай мөлдірден шөл қандырған оған әл кірейін деді. Тым - тым алыстан талып жеткен сарынды бетке алды. Күн батып кетті де, далаға түнеді. Таң бозында ояна келсе, жыландардың қоршауында жатыр. Қозғалақтаған мұны тіке арбай бастады. Бастарын қақитып алған, оқталып - оқталып





қояды. Үсті - басына жұққан сап - сары ұнтақтан арылғанда барып, түйме бастар жуасыды. Ордалы жыландардан сытылып шыққан соң төңіректі жіті шолды. Жалғыз түп тал ереуілдеді. Әлгі тал қапелімде түйе тәрізденіп кетіп еді. Шер қысты оны. Ақ түйесі есінен кетер емес. Жапандағы жалғыз талға шағынды. «Түсінем жайыңды. Кезінде нулы да гүлді жыра - жылғасы суға толған өлкенің өзі болмасаң да көзі екенсің. Табаның тасты,көзің жасты екен.Алтынның буына буазып тұрсың - ау, сірә?! Ол заманға екеуміз жете алмаспыз. Сен жалғыздықтан құсалансаң, мен елбайшылық заманды армандаймын. Еліне жау тимейтін, малына ұры сұғынбайтын, үлкенге кішісі тоқтайтын, адамдары қанағатшыл келетін, біреуге біреудің қиянаты жоқ - жері сулы, өлкесі нулы қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын жер жәннатын іздеп тапсам - ау деп қиялдаймын. Қиянатшыл дүниеден торығулымын. Жаныма балаған ақ түйемді де бұйыртпады».

Тал баяу ескен майда лептен сәл - пәл ырғалды. Асан талдың ішін ұқты. «Өзің жаяусың. Жапа - жалғызсың. Жерұйықты іздеген неңді алған?!» дейтіндей - ау. Тал мұңайған тәрізденді. Бүгін - ертеңдік ғұмыры қалған кейуанадай құнысып, шөгініп бара жатқандай көрінді. Жапырақтары да бұйығы тартқан. Әлде бір қиянаттың төбесін көріп қалғандай бұғына түседі. Сөйткенше болмады, қырдан көрініс берген жортуылшылар жалғыз талды бетке алып, шапқылап келе жатты. Жау қуған тәрізді емес. Тақымдарына кетпен - шот қыстырған мол шоғыр жалғыз талды қоршалады. Мана көздеріне көшпелі алтын тәрізденіп көрініп сағым көтеріп бұлаңытқан талға таласа - тармаса қол салды. Жапандағы жалғыз тал әп - сәтте жоқ болды. Қолды - қолда кетіп еді. Талды қидалап болған соң әлгілер жаяуға төнді. Үсті - басына тозаң жұққан Асанды әзірейілдей тергеді.

- Кімсің - ей?!

- Асан дегенмін.

- Ә, әлгі Сәбит саятшының кезбе баласы сен екенсің - ау! - деді тақымына найза қыстырған қасқыр бет шой қара. - Саған оқу өтіп кеткен деуші еді. Дала кезгендегі мақсатыңды көріп тұрмыз. Кәне, баста алтынға!

- Алтын іздемеймін, - деді ол қабағын шытынып. - Жер шоламын, ел көремін. Қоныс қараймын.

- Өйтіп жалтарма! - деді алтын іздеушілердің жол басшысы. - Асыл тас қай тұста? Соған бізді баста. Бастамайды екенсің, басың алынады.

- Ол тұс қатерлі, - деп күмілжіді Асан. - Жыландар патшалығының қарамағында. Айдаһарлы делінеді. Жер атынан байқалып тұрған жоқ па.

- Жылан тұрмақ құдайдың иелігінде болса да баста деп тұрмын ғой саған! - деді шой қара нөкерін қабақ астынан жіті шолып. - Кәне, түс алға!

Жүз қаралы аттылы Асанды алдарына салып Айдаһарлы тауын бетке алды. Жыландар кәнігі дағдысымен өре түрегелді. Тіптен молығып алғандай ма! Бел - белең, қырат - қырқа, ой мен қыр, түксиіңкі жартас, жыландардың жосылған іздерінен көтерілген шаңнан көрінбей қалды.Сөйткенше болмады қаптап кеп қалған сарыбас жыландар аттардың аяғына оратылып, одан ат үстінегі адамдарға шапшып дүние ызы - қиқы дүбірге толып кетті. Мөңкіп тулаған аттың басына ие бола алмағандар ерден ауып түсіп жатты. Ес кетті, жан шықтыға тап болған алтын іздеушілер үсті - бастарына оратылған жыландарға түк айла қыла алмай жанталаса жүгіргіштеді. Бірді - екілісі талып та қалған.

Асанды да қарпыған - ды. Мойнына шейін оратылып, денесін арқанша буып сығымдап әкетіп барады. Жыландардың амалына





сыралғы ол шалт қимылға бармады. Әйткенмен де үрейден құр емес еді. Есі ауып барып оңалғанда байқаса, ордалы жыландар бірі қалмай кейін серпілген екен. Сұлап түскендерге жан кіре бастағандай ма. Өлмесе де өлімші болған жортуылшылар бір - бірін сүйемелдеп келген жақтарына қарай құр сүлделерін сүйретіп бара жатты.

Асан дыбыс аулады. Таң азанынан құлағына талып жеткен боздауық үнді бұл жолы анық ажыратты. Ақ түйенің осы маңда жүргенінен үміттенген ол кәнігі әдетімен дыбыс берді. Түйенің сарынына үн қосып, сыбызғысын сыңсытты. Түйсігіне жеткен «шақыруға» ақ түйе қолма - қол жауап қайтарды. Бірте-бірте екпін алып үдеген зарлауық үнге жүрегі езілген Асан: «Жануарым бар екенсің - ау!»деді.

Екі шерлі табысты. Ақ түйенің көзінен жас тамшылары үзілді. Мойнын Асанның иығына сүйеп, көрген - бағқанын оған үнсіз жеткізді. Әпекесін іздеп шыққанын есіне түсіргенде, бір түрлі күйге түсті. Апа - жездесін көрмегелі не заман. Жаугершілікте іргесі алыстап кеткен. Орта жолдан қайтып кетуді қолайсыз көрген ол алға озды. Жайлаудағы қалың ауылдарды жанасалап келе жатқанда, шеткі қараша үйден қолайсыз дыбыс шықты. «Қырықтың бірі қыдыр деген бар ғой, жарқыным» деп бұдан жәрдем сұрады ауыл адамдары. Тезек тере шыққан қыздың балтырына жылан оратылып қалыпты.

Асан құрайдан сыбызғы нобайлады. Жыланды сыбызғының үнімен арбап түсіргенде, қыз талықсып кетіп еді. Есін зорға жиған ол өзін бір қатерден аман алып қалған жігіттен көз айырмады. Бейтаныс еркектің дидарынан нұр шалқыды. Сөзі ән әуеніндей құлаққа жағымды естіледі. Көзінің тартымы әлемет, іші-бауырын жылытып барады.

Сол ауылда екі - үш күн ерулеген Асан жүрегіне дерт жамап алған еді. Қызды қиып кете алмай жоқты сылтауратып, қараша

үйді төңіректеп жүріп алды. Араға кісі салған. Қыздың әке-шешесі жұмсақ адамдар еді. Майсаның өзі білсін деп кеңшілік жасады. Сонда қыз тұрып: «Жыланнан қалған жанымды қидым осыған, - деген шаралы көзі жасқа толып. - Қапылыста жауға олжа боп кеткенше, өз отымды қағыстырайын».

Ауылдың басиесі болашақ күйеу жігітке шарт қойды. «Жершіл екендігіңді білейік, судан тарығып отырмыз, бізге қоныс қарасаң». Бұл екі ортада қазған құдықтан су шығара алмаған жігіттер кеп жүгінді шырамыты бар қонаққа. Асан ақ түйенің қабағын бақты. Бық - бық етіп дыбыс берген жануар ауыл сыртындағы ойпаңға ойысты. Шөпті жүре үзген түйе шұқанаққа кеп тоқтады. Қашанғы әдетімен тарпынды. Тұмсығын дымға сұғындырып, иесіне ишара жасады. Шұқанақ су көзі болып шықты. Маңайдағы ауылдар тұщы суға қарық болды. «Қалыңдық керек болса, түйеңді китке бер де, қызымызға сырға тақ» деп шалқайғандар жұмсарайын деді. «Түйең малдың қыдыры болар. Өзің де тегін емес сияқтысың. Бір қызды қидық саған» десті батағөй қарттар.

Қалыңдықты ұзату рәсімі өз жөнімен өтті.

Қуанышқа апа - жездесін ортақтастырған Асан көштің бетін әкесінің сүйегі жатқан қара қонысқа бағыттады. Жездесі жә деген кетпенші еді. Жер тырмалап егін салды. Диірмен орнатып, аш - арықты нанға қарық қылды. Асан от басына тұрақтап, жар құшағын қызықтады. Қолына кетпен алып, жездесіне болысты. Арық қазысып, атызға су жіберді. Мұрапшылыққа төселді. Қолы қалт етіп босағанда, сыбызғысын сыңсытады. Құдай қосқан қосағы өнерден құр алақан қалмапты. Көмейіне бұлбұл қонақтаған руда жоқ әнші. Келіншегін сыбызғымен демеген Асан: «Тоғайдағы бұлбұлым, судағы құндызым. Алтындай бағалым, қымбатым қырмызым» деп жыр толғаса, Майса байырғы қара өлеңге кезек береді.





Тоқты шығар боз марқа күзді күні,
Өрттен сақтай көрсінші гүлді қырды.
Қол ұстасқан қосағым аман жүрсін,
Көп көрмеші жаратқан бұл күнімді.

Көркем келіннен ән тыңдаймыз деп сылтауратқан қыдырма төрге озады. Майса қонаққа дастарқанды ықыласпен жаяды. Үлкен - кішіге ілтипатты ибалы келін атанған оның демдеген шайы, пісірген бауырсағы, жинаған пісіасы дәмділігімен ауыздың суын құртар еді. Қолы өнерлі келіншек киім пішіп, іс тігетін. Ол келін боп түскелі үлкен - кішінің үсті - басы жаңаланып қалған еді.

Бейбіт мамыражай күндер ұзаққа бармады. Асаннан маза кете бастады. Жездесіне түртпек түсті. Көре алмастар күңкілге басып: «Мына кірме төске өрлеп барады» деп аяғынан шалуға кірісті. Көк егінге малдарын қаптатып жіберіп, қасақана ілік шығарды. Асанды өсекке таңды. «Осының бақсы емес пе өзі? Шалық шалған - ау тәрізі?!»деп сыбызғышылық өнерін күндеді. Одан ақ түйеге кір жақты. Жануардың үнінен кінәрат тапты. Киелі хайуан уайымшыл еді. Елге бүлік келерде, боздауын үдетіп үстемелеп жібереді. Ниеті бұзық адамға бураша тап беретін әдет шығарған. Сол мінезін ілік қылған қаскөйлер ақ түйені құтырынды ауруға ұшыратты. Меңдуанаға уланған түйеге тілекшілер шелек - шелек сүтін ішкізіп,әупіріммен аман алып қалды. Жеті күн, жеті түн бойында дөңбекшіген жануар зорға деп отқа ілікті. Жүре жайылып ауылдан ұзай берді. Белден бел асып, қиянды бетке алған жануар сыңарын іздеп шала бүлінген еді. Ішқұсалыққа ұрынған түйеден иесі тұқым алып қалуды ойластырды. Қаймалды іңген жылға жуықтап боталады. Сүйкімді ақ бота ойын құмар еді. Тайлақ шықса да тастамады еркелігін. Иттерді қуалайды. Тай - жабағымен жарысады. Енесінің мойнына асылып, балаша еркелейді.

Алайда уайымшыл інген қара қабақ әдетінен жаңылмады. Өзіне төнетін қауіпті алдын ала сезетін тәрізді. Бір күні аруана ойламаған жерде қолды болды. Жоғалған енесін іздеген ақ тайлақ ұзақ- ұзақ боздады. Мұң ұялаған көзінен жас тамшылары үзілді. Анасынан күдер үзе бастаған тайлақ иесіне үйрсектеді.

Осы екі ортада шапқыншылық басталған. Жер шолып, қоныс қарай кеткен Асан жоқта елді жау шапқан еді. Ойран - топырдың үстінен шыққан оның есі шығып кетті. Аңыраған азалы үннен құлағы тұнып, көз алды қарауытты. Ауыл шетіндегі құттыханасының шаңырағы ортасына түсіп жатыр. Бесік бос қалыпты. Майса көзіне түспеді. Ақ күшік иесін танып құйрығын бұлғаңдатты. Жерошақ басында төңкерілген қара қазанды тырмалап, байбаламға басты. Қазан астындағы баласын бауырына басқан ол әйелше сыңсыды. Қорғансыз қалған қатын - бала зарынан тау теңселіп, көл дөңбекшігендей еді. Мал айдауда кеткен, бүркіт байлауда қалған. Сен тұр, мен атайын дейтін небір апай төс жігіттер ұрыста шаһит болып кетіпті. Бетінің қызылы бар ұрғашы біткен жаудың талауына ұшырап, айдалып кете барған. Басқыншылар естияр балаларды да қалдырмапты. Апа - жездесінің қос ұлы жаумен жағаласта мерт болыпты. Қыршындарынан айырылған әпкесі барып - барып оңалды. Жездесі де еңселеп қалып еді.

Ел іші ызы - қиқы жағдайда дүрлігісіп жатты. Шапқыншылықпен қабаттаса аспан көкбеттеніп алған - ды. Құрғақшылық дендеп құдықтардың суы төмендеді. Бұлақ тартылып, өзен арнасынан жаңылды. Шұрайлы қонысты жау алды. Шөлейт өңірге ығысқан елде береке қалмады. Қара тобыр Асан шерліге қолқа салды. «Жершіл едің ғой, жерұйыққа баста адасқан жұртыңды. » Шерменде пақырың дағдарды. Ақ





түйесінен айрылғалы табиғат жұмбағына құлықсыз. Бяғыда құмшағылды жаяу кезгендегі тасбақалардың әрекеті түсті есіне. Жездесінің есегімен итпектеп жер шолды. Апта жүрді, ай жүрді. Құмшағылға жетіп жығылған еді. Қоржын түбіндегі азықтан өзек жалғаған ол көкпен астасқан ғажайып көлді көрді. Көл суы тұп - тұщы екен. Балығы тайдай тулап, айдынға симай жағада шоршып жатыр. Құстың көптігі соншалық, көл бетін көрсетпей жібереді.

Асан іле кейін қайтты. Шүйіншілеп жетіп еді. Қалың ауылдар қопарыла көшіп, көлге жетіп жығылды. Ес жиылды, етек жабылды. Жылаулар жұрттың көз жасы құрғап, миыққа күлкі үйірілді. Келіншектің бетіне қызыл жүгіріп, құрсағына түйін байланды. Бойлы қыздардың бұғағы толып, бозбалаға желік бітті. Жесір жетіліп, жетім теңелді. Ел еңсесі көтеріліп, шешендердің көмейіне түйдек - түйдек сөз оралды. Термеші әуелете жыр толғады. Күйші домбыраны құмықтыра шертті. Қобыз сарыны дендеп, сыбызғының үні үдеді.

Асанды шер қысты. Киім бүтінделсе де көңілінде бүтіндік жоқ еді. Майсаны ойлағанда көкірегі өксікке толып кетеді. Елгелдісі қыңқылдап шешесін іздейді. Ақ атан және тарпынады. Өз - өзінен бура қотан ойнап,иесіне жұғысады.Есік көзіне жатып алып, тұрмай қояды. Мазасыздыққа салынған жануар ұзақ жолға тіленетіндей ме. Сондай дағдарыста иесі сыбызғыны сыңсытады.

Көкмөлдірің молшылығына кенелген жұрт теңеліп ес жиған соң Асанды көзтүрткіге ұшыратты. Сыртынан сөз жүгірте бастады. Ауыздарын аққа, бұтын атқа тигізген көрегеннен сырт айналып: «Осының бізге қырсығы тиіп жүрмесінші?!» деп дұшпандық пиғылдарын білдірді. Шерменде пақырың сыбызғымен мұңдасты. Пәтуасыз тобырға ой салудың амалымен жырға кезек берді.

Келенің сәні нар қоспақ,
Жапырақ жалмап, аз оттар.
Ел қорғаны наржігіт,
Керуен тартып, аз ұйықтар...

Күңкіл тиылмады. Керісінше үдеді. «Осының өзі де, сөзі де түсініксіз. Шалық шалған» десті. Табашыл тобырдың көре алмастығына жаны ауырған шерменденің «гөй - гөйі» үдеді. Сыбызғыға даусын қосарлап жыр төгілдірді.

Шөптен құнар кетерде,
Сояуына шық тұрмас.
Елден бірлік кетерде,
Жақыныңнан жау шығып
Құдықтан су алдырмас.
Арқан шалып жүйрікті,
Қарақшыдан оздырмас...

Ханнан хабаршы жеткен еді. Елге қоныс қарасын деп тапсырыпты. Асан ақ атанды жолға салды. Енесінің киесі бұған қонбаған тәрізді. Жүрдектігі ақ түйені еске салады. Жаудан ығысқан қалың ауылдар бір орында ұйлығысып қалыпты. Қасына өңшең сайдың тасындай ірік жігіттерді ертіп алған Асан су көзін табуға кірісті. Әр тұстан құдық қаздырған. Еңбегі зая кетпеді. Шыңыраудың мөлдірі жыра-жылғаны қуалай ағып жатты. Ел іргесі жазылып, қоныс кеңіді. Өрісін тапқан мал шелденіп, жонынан жарылды. Қызылға тісі тиген кедей - кепшікке әл бітті. Мінгішке жал бітті. Жалданған тырақы мінез шығарды. Тойынғандар торсықты місе тұтпай сабаға ентеледі. Ындыны кепкендер сабаны сарқып тынды. Біреуді біреу жұлып кетеді, іліп кетеді. Көрші қырбайласудан, ағайын жанжалдасудан жалықпайды. Үлкенге кіші тоқтамайды. Аға ожар, іні қырсау. Қарияның аузынан дуа кеткен. Би жалтақ, билікші табансыз. Ошақтың





басында да ынтымақ аз. Бала ынжық, әке байбалам. Қатын бейапар, еркек берекесіз. Шарасы таусылған ол әке өсиетін есіне түсіреді. Ұстазынан ұққан ұлағатты ұқпай қалдым ба деп пысықтайды. Әкесі екі сөзінің бірінде жерұйық түтіні шалқыған ошағыңда, қордалы қотаныңда дейтін. Ынтымақ қайда болса жерұйық сонда деп ұстазы және құятын құлағына. Сондай мамыражай бейбіт тіршілікті көре алмай келеді. Біресе жау жағадан алады. Біресе табиғат тұлданады. Ағайын араздасады, туыс жанжалдасады. Ерлі-зайыптылардың түтіні түзу шықса не дейсің?! Бай сараң, кедей жалтақ. Мырза өзімшіл, дос опасыз.

Бәлкім ынтымақ - бірлік хан сарайында, ордада шығар? Билікшіміз бақырауық түйе мінгенімді шам көрер деп жездесінің жауыр атын желқомдап мінген еді. Аққаптал лақса сүрінумен діңкелетті. Хан мұны салқын қарсы алды. Сыншыл назармен барлады іші - тысын.Қабағында кейіс,көзінде айықпас мұң бар екен. Әкесін де білетін еді. Ақ орданың бағы қайтып, көк орданы жау алған алағай - бұлағайда Сәбит бастағандар ру - ұлыстарды ежелгі атақонысқа бағыттаған еді. Заманында жау қашырған, жолбарыс соққан Сәбиттің құсбегілікпен де аты шыққан - ды. Жақсы әкенің жалғызы хан көзіне қораш көрінді. Ол кісі аңқылдаған ер көңілді ашық адам - тын. Мынасы тым тұнжыр ма қалай?!

Асан төменшіктемей өзін еркін ұстады. Дақпырты сырт елдерге әйгілі хан қияпатты екен. Ел іргесі сөгілген қиын-қыстауда түбі бір түрік нәсілді ұлыстарды ежелгі тұран өлкесіне, бабалардың қара қонысына бастаған оның алысты болжайтын көрегендігіне қара халық ыразы еді. Дәргейіндегі ұлыстарды біріктіріп, сақараны мал мен жанға толтырған сұлтан Әзхан атанған - ды. Сондайлық атаққа жеткен әмірші сары уайым сапырған мұны қайтсін?!

Хан сыншыл еді. Ұзын құлақтан ордаға жетіп жатқан ақпарға қанық ол Асанның тегін еместігін жақсы біледі. Қаншама ауылды құтты қонысқа бастады. Дала сырын бес саусағындай білетін көрегендігімен қоса, жершілдігі ғажап дегенді екінің бірі айтады. Қауіп - қатерді күні бұрын сезетін көріпкелдігімен қоса, сыбызғыны сыңсытып жыр толғайтын ақындығы да бар деп естіген. Сол қабілетінен дәмеленген хан Асаннан мадақ күткен. Аузы ауыр жазған тіс жарса не дейсің?

Сұлтан қонағын ішке бастады. Сарайдың сән - салтанаты келісті көрінгенімен қонақ әсерлене қоймады. Асыл тастармен көмкеріліп, алтынмен әшкекейленген қызыл аяқ, ақ күмістен көзін алып қаша берді. Торқа мен мауыты, неше түрлі асыл бұйымдарда, қалы кілемдерде қара халықтың ащы терінің табы қалғандай көрінді. Жансыз өлі бұйымдарға түшына коймаған Асан сарай қызметшілерін барлағанда тіптен тұнжырады. Шеттерінен жымсима екен. Жарамсақ жалған сыпайы өлімші жағымпаздар ордада өріп жүр. Әміршіні қоршалаған нөкерлерінің аярсыған көлгірлігі, ләппай тақсырлаған жандайшаптығы ызасын келтірді.

Асан зерігейін деді. Ордада омалған аз күн оған жылдай көрінді. Сарайда не жоқ дейсің. Уылдырық сорып, бал талмады.Қазы - қарта, жал - жая аузынан қалды.Ашуы келіскен шұбат ішінің кірнесін кетірді. Сапырылған сары қымызға мейіз қосылған екен. Қызыл шарап та келді алдына. Соның біріне де тұшынбай айран сұрап ішті. Қонақ күтушілердің қызметінде қапы жоқ. Төсегін жайлаған қылымсының «көз құртына» арбалғанда Асан «сап - сап» деп тәубеге келеді. Өлі - тірісі белгісіз әйелін есіне алып: «Есіл, Майсам - ай!» деп күңіренгенде хан сарайы теңселіп кеткендей болады.

«Сөйле көрегенім! - деді хан жайыла баяу ағатын өзеннің сол жағалауында қанат жайған шаһарды нұсқап, - Алаш жұртының түпкілікті ордасына лайықты десең датыңды





айт». «Жаудың бетінде желдің өтінде тұрғаны болмаса, бұл атыраптың топырағы май ғой, жарықтық. Қу ағашқа жан бітіретіндей - ақ, - деді Асан ішкі ойын бүркемелеп. «Осы ма датың? - деді хан Асанның сыңайынан ішін танып. - Керемет екенсің дейін, болашағын болжап бере қойшы». «Орданың ғұмыры ұзақ бола қоймас, - деді Асан сөзін ауырлатып. - Құрағы сыңсып, қурайы ызыңдап, талы талайсыз жесірдей шашын жайғандай ма? Тәрізі солай». «Астапыралла! - деді хан түршігіп кетіп. - Айтуға аузың қалай ғана барды?! «Келешегін болжа деген өзің ғой, тақсыр! - деді Асан сабырмен. - Ордаңды біртіндеп су жеміреді. Бара - бара құм басады...».

Ханмен тіл табыса алмаған Асан босағасына көңілсіз оралды. Жерұйық хан ордасында болар деп дәмеленген еді. Қызылды - жасылды дүниенің көз қарықтырған жылтырағынан басқа түк те көре алмады. Ханды қоршалағандардың қойындарына жасырған тасы бар ма қалай?! Осыны ойлағанда, көкірегі шерге толып кетеді. Тұс - тұстан баспалаған жаудың тәрізінен жүрегі шайлығын біткен қайран елін құтты қонысқа бастаса қайтеді. Сонда соларың қайдағы бір сарыуайым сапырған кезбенің соңынан ере қояды деген!? Мамыражай майсалы өңірді ізеп тапсын да алдымен.

Апа - жездесіне ішін ашпады. Көмейінен лықсыған шері жыр болып төгілді.

Баяны жоқ тұл тірлік,
Ғұмыр зая бір күндік.
Кең дүниеге сиыспай,
Жау тіледік бүліндік...
Шаһары желдің өтінде,
Ордасы жаудың бетінде.
Есе - теңдік тиер ме,
Жетім мен жесірге...

Асан бір күндері алыс сапарға қам жасады. Жездесі қоржынын сыйлады. Әпекесі жолға деп көп қып бауырсақ пісіріп берді. Елкелдісі әкесінің етегіне жармасып еді, апа-жездесі баланы қарағым - шырағымдап зорға тоқтатты. «Әкең шешеңді іздеп барады, - деп жұбатты шерлі жетімді. - Ақылың бар ғой. Жолынан қалдырма».

**3.**

...Ақ атан ынталы жүріп келеді. Енесін жоқтайтын әдетінен жаңылмай ауық - ауық үнін созады. Сезімтал жануармен үнсіз тілдескен табиғаттың қабағынан кейістік байқалады. Құрақ судырап, қурай ызыңдап дала күңіреніске толып кеткендей еді. Ірге тауларға арқа сүйеген бетегелі беленді шолғанда шерлі Асан бір түрлі боп кетті. Сағымы шалқыған селеулі дала ереуілдеп жау шақырғандай ма? «Атының арқасы терден кетпейтін, азаматының жасы қырыққа жетпейтін. Еркек еріншек, әйел көңілшек тартатын бұйығылау жер екен» деп айтып жібергенін өзі де байқамай қалды. Қоналқаға шеткергі ауылға бұрылғанда қабаған иттердің қоршауында қалған ол еріксіз күңк етті. «Елден ырыс қашарда малынан иті көп болады» деуші еді бұрынғылар. Сірә, бұларың қонақасыға сырдаңның ауылы болмасын?!».

Далаға ерулеген оның түсіне әпкесі енді. Балаң жылай береді дейді. Баласын жұбататын апасы бар емес пе? Бірдің жылағанынан да мыңдардың көз жасы қиын - ау бәрінен. Жылаулар қара тобырды жұбататын кім сонда? Солардың көз жасын құрғатудың амалымен ел көріп, жер шолғанда, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын құтты қонысты таба қойса жақсы - ау?! Ширықты ол барынша. «Елден елге өтермін, жер шегіне жетермін. Құтты қонысқа тоқтармын, елімнің көшін жерұйыққа бастармын» деп демейді өзін. Желмаясының





шабытты екпінінен және дәмеленеді. Күдіктен де құр емес. Сұлтанның сарындауын өз құлағымен естіді. Оған салса жерұйық хан ордасы. Әкесі от басын нұсқады. Ұстазы «бірлік бар жерде тірлік бар» деп құйды құлағына. Ал бұл құдай аманаты қиянды кезеді.

Бір ауылға келсе той болып жатыр екен. «Жаздайғымыз осы, - деді ауылдың басиесі. - Той айдан айға жалғасып, қоңыр күзге ұласады. «Малын ұрыға алдыратын бейғамның ауылымын десеңші» деді де ол желмаясын жолға салды. Бір күндік қызыққа бола, жүз күнік дәулетін рәсуалайтын дарақыға не шара?!

Сапар жалғаса берді. Айдаһарды тауына жеткенде, бұйданы еріксіз ірікті. Жыландардың шабуылынан тайсалып, ұзақ - ұзақ көз жіберді жұмбағын ішіне жасырған құба далаға. Асыл тастардың буына балқыған қырат - қырқаны сағым жалыны шарпығанда дала төсінде алтын көшкіні керуен тартып бара жатқандай - ақ алдамшы әсерге берілді. «Асылын тереңге жасырған жер боларсың, сірә? - деп ол топшылауын тірілте түсті, - Бүгінгілер қызығыңды көре қоймас. Құдай жазса, келер ұрпақтың еншісіне тиемін деп тұрсың - ау! Оған дейін кім бар, кім жоқ. Анадағы әумесерлерге бұйырмассың. Етегіңнен ел кетпейтін, адамдары бір - біріне сен деспейтін ынтымағы жарасқан жұрттың құтты бір қонысы болайын деп тұрсың-ау. Лайым сол заманға Алашымның көшін аман жеткізе гөр!». Осылай дегенде көзі дымданды. Жасына жетпей көңілшекси береді. Жапа - жалғыз жолаушылап, дала кезген оңай ма?

Бір ауылдың тұсына келгенде құлағына шаң - шұң айқай жетті. «Дәу де болса, ұрысқақтың ауылы шығарсың - ау» деп топшылаған. От басынан ырыс қашарда, қатыны көкбет шайпау, ері бойкүйез жалқау келеді деуші еді бұрыңғылар». Екінші бір қонысты жанасалай өткенде құлағына сыбыр-

жыбыр жеткендей болды. Бұл төңіректі мекендейтіндер жәдігөй - жәрукелер - ау, сірә? Өсек - аяңға үйір сыбырлаққа ұқсайды».

Жүргіншілік жылдарға созылған. Ежелгі түріктердің көне қонысын адақтап шыққан еді. Атыраудың асау толқынды айдынына ұзақ - ұзақ көз жіберіп: «Балығы тайдай тулаған, шағаласы шулаған; жағалауынан ел кетпейтін, салқар даласынан мал кетпейтін; қойы құйрықты, түйесі өркешті, жылқысы жаялы; шөбі ащылы - тұщылы топырағы май жер екен» деп тебіренді. Алаш жұртының іргелі қонысы боларына сенімі кәміл еді. Екі - ұшты ойға беріліп:«Екі бүйірі қысыңқы ма қалай?! Іргеден көз алартқан ата жауы түнде ұйқысын, күндіз күлкісін қашырып мазасын кетірмесе не қылсын? Азаматы аттан түспейтін жаужүрек, әйелдерінің иі жұмсақ елжірек; кәрісі құдай деген азаншыл, мырзасы қонақуар қазаншы; ұлы уытты, қызы қылықты; әндері асқақ келетін, жігіттері паң кісіге ат үстінен сәлем беретін; кеудесін дұшпанға бастырмайтын, жаудан сауға сұрап бас ұрмайтын, Алашымның бір бұтағы тамыр жайып өнік шашатын өрісті қоныс болайын деп - ақ тұр екенсің! - деді тереңнен дүмпіген ойын «жақсы сөз жарым ырыстың» жоралғысына жатқызып.

Ол сол екпінмен Арал теңізіне жетті. Толқыны көкке шапшыған теңізге қарап тұрып өрбітті ойын. «Пай - пай, ашуының қаттысы - ай!Атыраудан бөлініп қалғаныңа қапаланып ішіңді сағыныш - налаға толтырып алғаннан саумысың?! Жағалауынан ел кетпес, өзіңе, сірә, жер жетпес. Дегенмен де толқының көбікті келгенімен, айдының да мұң бар ма қалай? Бірдеңені уайым ететін тәріздісің. Сірә, келешегіңді ойлайсың-ау?».

Сыр бойын жағалаумен жазды түгесті. Ағысы қатты асау өзеннің аңысын аңдаған. «Балдырынан балық адасатын,





шалғынынан түйелі адам көрінбейтін, мал - жанға жайлы құтты қоныс екенсің. Саған қызығып көз алартатындар көп болар. Алла қаласа ақырың Алашымда қалар. Суың лайлы болғанымен, жағалауың шұрайлы; әр күні мерекелі, тіршіліктері берекелі, қаласы қақпалы, өлкесі мақталы, қауыны мен қарбызы құшаққа симайтын; жеміс - жидегін адам тұрмақ мал жеп тауыса алмайтын, кәрісі жүзден асатын, ауасы жұпар, суы шипалы - жаратқанның назары түскен киелі өңір Алашымның құтты қонысы боларсың!» деп тебіренді.

Одан әрі Қаратауды бетке алды. Кәрі таудың қолтық - қойнауын армансыз сүзді. Тау адамша «ухілейді» екен. Өткен күндердің зобалаңын қабағынан байқатып, болмашы дыбысқа жаңғырығып күңірене беретіні қалай? Сірә, теперішті көп көрген тау шығар - ау?! Қабағы қалыңдап кетіпті.

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Қарындастан айрылған жаман екен,
Екі көзден мөлдіреп жас келеді, - деп аңырай ма қалай?!

Асан шерлі таудың ішіне үңіліп, келешегін барлады. «Кәрі түйедей арса - арсасы шығып,не бір ықылым замананы басынан өткеріп, әбден пісіп - қатып алған қашанғы көне тау мұны ілгергі күндердің келешегінен дәмелендіріп жақсы ойға жетеледі. «Аңғарынан аң кетпейтін, етегінен ел кетпейтін; тасы ніл түсті, бойжеткені гүл түсті; жігіттері тақымынан көкпар бермейтін, қариясы дауда дұшпанға есе жібермейтін; еркегі шаруаның ебін табатын, төмен ектектісі отты түтіндетпей жағатын, биігінде арқар көп, адамында дарқан көп ұлыстың ұранды мекені сендей - ақ болсын!»

Қазықұртты көргенде Асан қайғы көзіне жас алды. Басында кеме қалған тауды - жерұйық демеске лажы бар ма?!

Алатау мен Алтайға теңеу таппады. Басынан қар кетпейтін, етегінен ел кетпейтін; адамдары салқынқанды, жігіттері ақынжанды; керімдері маралдай кер келетін, әйелдері керме йық өр келетін; ағашынан бал тамған, тоғайында құстары ән салған өлкеге қалай ғана мейірленбесін!

Ертісті өрлеген ол басын шайқай түскен. «Әттең - ай!? - деді қынжылыспен. - Бастауың арғы тұста жаттың иелігінде қалыпты. Күндердің күнінде, ағысыңды тежеп бағыңды байлап тастамаса жарады - ау?!.

Сарыарқаны армансыз шарлаған Асан қайғы шер лықсытты көкірегінен. Таулары тұнжырап, өзендері булығып ағады екен. Көлдерінің көзінде мұң тұнып, бұлақтары сараң сыздықтаған ұшы - қиырына көз жетпейтін селеулі дала бұған мұң шағып тұрғандай ма. Қарқаралының қойын - қолтығын сүзгенде, тынысы кеңіп салды. Ауасы жұпар екен деп мағмұрланды. Одан қарағанынан түйе көрінбейтін тепсеңді шолды. Ақ атан бір тұрып бір жатты. «Жерінің астында қызу бар бұл неткен өлке?!» деп таңданды. Құпиясын тереңіне жасырған белеңнен жылы жел есті. «Отыны қызулы, ошағы майлы келер нәсіл тұрақтайтын ырысты өлке екенсің» деп ішінен шүкіршілік етті. Көкшені төңіректеп, Баян тауын жүлгелегенде көңілі көтеріліп сала берді. «Түбі қайыр, Алашымның құтты қонысы болайын деп - ақ тұрсың! Досыңнан жауың, мәмілегерліктен дауың көп, қайран елім - ай! Саған Сарыарқадан артық қонысты қайдан табамын?».

Есілдің бойын құлдап біраз жүрген соң ақ атан тарпына берді. Табаны тиді ме деп қоналқаға ыңғай берген - ді. Өзен жиегінде тынымдаған ол түс көрді. Сақалы алдына төгілген үлкен кісі: «Уай, шермендем, желмаяңның төс табаны тиген жердің бәрінде қасиет бар. Осы тұсқа, Алла бұйыртса, құт орнайды. Төскейінде мал мен жаны молығып, ел берекесі





артады. Алаш жұртының көк туы күндік жерден желбіреп көз тартады әлі. Бұл атырапта ақ молығып, бала - шағаның өзегі жалғанады. Өрісі малға, қонысы жанға толады.Дұшпаны әке - жәкелеп сауға сұрайды,шешендері бағын дауда сынайды. Азаматтары шеттерінен елжанды, ұрпақтары атақонысқа бауырмал жержады келеді. Тым таусылып уайымға салынба. Еркекке күйректік жараспайды. Ұлың ынжық, қызың босаң тартпасын десең қайғыдан қашық бол. Сен армандаған жерұйықты келер ұрпағың еншілер» деген еді

Түйесін тынықтырып өзі де дамылдық алған ол отарын өрістеткен қойшыдан жөн сұрады. Саулықтардың желіні бұтына симай, емшегін сүт кернеген ешкілер шыдай алмай маңырай бергеніне таң қалып еді.

- Бұл маңның шөбі асыл келеді, - деді егде жастағы малшы. - Жас төлдер енесінің сүтін тауыса алмайды.

- Ақ мол болғаны ғой, - деді Асан мағмұрланып. - Малы емшекті, жері шөптесінді; ұлтаны нулы, сай - саласы сулы болғанда елінің адамдары кеңпейіл шығар?

- Бұл маң Ақмол деп аталады, - деді қойшы әр нәрседен хабары бар екенін байқатып. - Жері жер - ақ. Сол қонысқа көз алартқандар басқа шығып тұр. Еркек кіндікті түгел ат үстінде.

Асан тұнжырады. Көрген түсіне жұбанып аса шерлене қоймады. «Ақ мол, ақ мол екен, ә?» дей берді.

- Үлкендеріңе айта бар, - деді ол қойшыға іш тартып. - Құтты мекеннен айрылып қалмасын. Арқа даласы Алаштың маңдайына тар келмейді.

Ол түйеге ерік берді. Боздауық жануар ауық - ауық үнін созады. Өзінің де уайымы бір басына жетерлік. Қапияда көз жазған жарын, баласын ойлағанда сыбызғыны сыңсытады. Қонған үйдің адамдарын жырға қарық қылады. Сыбызғыға дауыс қосып, шығарма өлеңге басады.

Сарыарқа сайын жер екен,
Бетегелі бел екен.
Ұландары елжанды,
Еркектері малжанды,
Әйелдері ержанды,
Азаматы аңғарлы,
Етек - жеңі кең екен, - деп толғанады.

«Көдесінен қашқан қоян көрінбейтін, тарлауына ат сүрінетін, бұлағы сылқ - сылқ күлген, құрағына құлын үйелеген, өзендері өрге қарай аққан, көлдері көз жасындай мөлдір, тауының жуасы сабаудай, шабындығының сарымсағы қойдың жілігіндей, тау сағызы көмей суырған, жылқысы тай шықпай жатып ат болатын, ұландары он бесінде бас болатын киелі қоныста отыр екенсіңдер!»деп және тебіренді.

Араға екі қонып, бір биіктің етегіне тоқтаған еді. Кішітау осы десті ауылдың үлкендері. Таудың атауы бұған ұнамады. Кішітау дегеніне келіспеді. Ежелгі түрік нәсілді ұлыстың сұлтандары осы тауда ұлықталып, ақ киізге көтеріліп хан сайланса, осы өңірге қоныстанған елге береке дарып, ырысы артса, азаматы елін жауға алдырмаса, басиесі халқын ұятқа қалдырмаса - жерұйыққа жетпесе де, бұл төңіректен Алаш жұрты жамандық көре қоймас. Осы ойын былайша бекітті: «Тау биігі жартасты, жер аласасы батпақты келер. Асқақтаған биіктен не пайда, етегіне ел қонбаса? Астамсыған ұлықтан не пайда, жамағатқа шапағаты болмаса? Тау биігі аласа келгенімен етегіне қоныстанған жұрттың қабағы ашық, жігіттері шетінен еркөңіл екен. Кіші тау әлі - ақ Ұлытау атанар. Құланы көл тауысқан, бұланы тал жапырған, ақбөкені желмен жарысқан, арқары қойша өрген, суы тұнық, шөбі шүйгін бұл төңіректен сірә да ел кетпес» деп түйді де түйесін шөгерді.





Далаға түнеп дағдыланған ол жер тынысына құлағын тосты. Тау тыншу еді. Шүкіраналығы басым қариядай селт етпейді. Анда - санда ұлар шақырады. Момын құстардың беймазаланбай бейбіт жайылып жүргенінен ой түйді. Кең дүниеге сиыса алмай бір - бірін ұлардай шулатқандарға не шара?! Ежелгі көк түріктердің нәсілі өз жұртын ойлағанда өзегіне от түскендей болады. Егіздің сыңарындай жарасқан қазақ пен ноғайдың шықпаған тауы, баспаған өлкесі қалды ма? Алтын орданың дәуірлеген, Көк орданың қанатын кеңге жайған заманында, ұлы жорықтың көк туын қолда нық ұстап, шайқастарда шепті бұзған сайыпқырандардың нәсілі Алаш жұрты емес пе? Сол ұлыстың ұландары ел болып етек жиып жатқан жоқ па.

«Көк бөрі атанған ата - бабамыздың намысын қолдан бермей, ежелгі Тұран жерін шырғалаған қайран еліме қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын құтты қоныс іздегенімді сөкет көре қоймас келер ұрпақ. Мен адассам да ел адаспасын. Халқыма амандық тілеймін!».

Келесі күні ол Алаша ханның мазарына соқты. Жошы ханның күмбезіне әлем байлады. Домбауыл баһадұрдың басына барды. Қасиетті көне жұрт «Хан ордасын» төңіректеді. Алтын орданың кіндігі атанып, Дешті - Қыпшақтың орталығы болған «Орда Базардың» орнын көргенде, түйдек - түйдек жыр төгілдірді.

Қайран ескі қонысым,
Жерұйығым, кенішім!
Сен үшін не көрмедік.

Қабағы қырыс дұшпанның,
Жетегінде ат кетті.
Қанжығада бас кетті.

Дегеніне көнбедік,
Қасарысып қарысып,
Арыстанша алысып,
Ата қоныс жер үшін,
Көк байрақты ел үшін
Намысты қолдан бермедік...

Ақ түйе бұрлығып қалған еді. Табаны тиген жануарға қарға адым жер мұң болды. Ол енді ауыл - ауылды жаяу аралады. Байырғы ата - баба қонысында отырған елдің үлкендері шеттерінен құдай деген тақуа. Әйелдері ерін, жастары үлкенін сыйлаған; бала әкесін, келін енесін тыңдаған ынтымағы жарасқан; жоқтан жау, болмашыдан дау тілеп, ел ішіне ірткі салған жаужеттіден ада тоқмейіл әулеттің үлкен - кішісі бұған іш тартты. Төріне шығарып төредей күтті.

Асан қайғы шешілді.Көрген - баққанын жыр етті.Ұзақ - ұзақ жыр толғады...

Әлқиса, Асан қайғы бірден бірге жеткен аңызға қарағанда, ежелгі қара қоныс Сарыарқадан ұзамаған. Жерұйықты таптым демесе де Арқа даласын көңіліне тоқ санап, түйесі шөккен жерге қос тігіп тұрақтап қалған деседі. Маңғыстаудың үстіртінде отырған елге керуеншілерден сәлем айтса керек. Апа - жездесі бастаған көш екі - үш жылдың мұғдарында тауына ұлар қонақтап, даласын құлан жайлаған; қараған-тобылғысынан түйе көрінбейтін, бөкені желмен жарысқан, сырттаны бөрімен алысқан; сойысы жаялы, жайлауы саялы, ері жомарт, елі ырысты мекенге тоқтап, қос тігіпті. Елкелдісі зіңгіттей жігіт болып жақсы өсіпті. Соған шүкіршілік еткен Асан қайғы қалған ғұмырын Ұлытау жерінде өткізіпті деседі.

Дала данышпаны Асан көп жасаған дейді. Жыр толғап, сыбызғысымен күй төгілдіріпті. Қартайғанда көрген перзентіне Елтүзер деп ат қойыпты. Елкелдісі мен Елтүзері Найман





ұлысына сіңген деген аңыз жеткен кейінгіге.Балталы - Бағаналы руының бір бұтағы осы аталардан өрбіген деген де сарын бар.

Асан қайғы өлер шағында «Мені биікке қойыңдар. Халқымның алтын жүзін көріп жатайын» деп өсиет етіпті.

Ұлытаудың тұғырында дамылдаған Асан ата елдігін бекемдеп, еңсесін биіктеткен еркін қазақ халқын рухымен желеп жебей бермекші.

## ТҮЙЕ БАҚҚАН ЖИРЕНШЕ

### 1.

Әкесі ересен қамшыгер еді. Ғұмырының дені жаугершілікпен өтті. Ағаларына да бұйырмады алаңсыз тірлік. Үргін - сүргіннің бодауында кетіпті деген күндері. Жиреншенің қақ - соқпен ісі жоқ болатын. Молданың алдын көріп, үлкендерден сөз ұқты. Дала сырына қанығып, бақташылыққа ойысты. Ойсыл қараның мінезін тез меңгерді. Жүргіншіге албастыдай төніп, аттылыны қия бастырмайтын құтырынды бура бақташының дігерлеген даусынан ықтап кетер еді. Сұсты кейпінен және тайсалады. Азандаған зор даусы естілген сәтте бура қалт тұра қалады. Жынын бүркіп шабынған күркілдектің суын таба білген ептілігіне бола Жиренше орданың бас түйешісі дәргейіне жеткен - ді.

Бура - келенің бас иесі. Келеге таяп кеткен ұрыға сес көрсетеді.Қасқырға да айбар.Бір келеңсіз жері,ауыл - аймақтың тынышын кетіреді. Орданың сойқандысына тап болғандар ханға барып шағынады. Долыққа түйе қайырған бақташы күйеді. Бурадан майып болғандардың құнын даулағандар және дігерлейді. Тежеусіз хайуанды қайырмады, бетімен жіберді деп түйешіні жазғырады. Маңайына тірі жанды жуытпайтын

айбарлы бураларды райынан қайтару оңайға түспейді. Ақпан мен қаңтарда тіптен құтырады. Қайырусыз бетімен кеткен желбас буыршынды бастықтыру аққұла бейнет.

Ол әдетте түйеге жаяу іледеді. Ұзын бойына лайықтап шекпен тіктіріп алған. Қолында қақ сойыл. Қаттылығы әлемет, сілтегенде тасты да шытынатады. Беліне шоқпар қыстырады. Хан ордасының меншігіне жататын келені қоғамдаудан да бұрын жауапкершілігі басым. Әдет алған кәрі сүйек бураны жуасытуға кірісті. Жас түйелерді мініске ыңғайлап, мұрындық тақты. Таяққа көндікпеген шәлкем-шалыстарын қысқы қызылға ыңғайлады.

Айтулы Сарыбураға бақташының үкімі жүрмейді. Малдың басы саналатын киелі хайуан ханның назарында. «Сары тентек» атанған сойқанды содырдың лаңы мүтін атырапқа әйгілі. Келеге түскендегі шабынысы ойын жолы. Жыл бойындағы тежеусіз тентектігі маңайдағы ауылдарды ығыр қылып біткен. Жалғыз - жарым аттылыны былай қойғанда, жаяу - жалпылыны шайнап жіберетін көзсіз дүлейлігі тіптен төзгісіз. Жылына екі мәрте хан сарайын төңіректейтін әдетінен еш жаңылмайды. Ботасынан үйір болған иесін әлі күнге ұмытбайды. Ескі досын көргенде бірден жуасып, естияр бағыныштылықпен ханға тізерлеп тәжім етеді. Құмшекерге шылаған сары ірімшікті көмейлете асайды да сол шөккен қалпында ұзақ-ұзақ күйіс қайырады. Киелі хайуанның әр қимылын баққан хан өз жорамалын жасайды. Еш қыбырсыз алаңсыз тынымдаса, онда ел іші тыныш болады. Мойынын ауық - ауық созып жерге төсей берсе, онда жаманаттан хабар бергені. Бір тұрып, бір жатса табиғат тұлданады, әйтпесе ел шетіне жау келгені. Әмірші сапарлап кеткенде ғана өз жөніне кетеді. «Сары тентек» ордадан жуасып оралады. Көпке бармайды момынсыған





тыншу қалпы, ескі әдеті қайта қозады. Тежеусіз сойқандығы кісі өліміне соқтырып, елді егер - дегер қылады. Талайдың жүрегін ұшырып, дімкәстікке ұшыратты.

Сары бура күндердің күнінде жолаушылаған Тайлақбай биді қыспаққа алған ғой. Өлермен бурадан құтыла алмасын білген би келені сыртынан қоғамдаған түйешіге туралайды атының басын. Қақ сойыл дөң маңдайға сарт еткенде, аттылыны тастай беріп түйешіге тап бермей ме. Әккіленіп алған Жиренше бураны шоқпармен тізеден дәлдеп соғып, шөкелетіп тастаған еді.

- Үш қызым бар, - деген Тайлақбай шешен өз - өзіне келген соң, - Құдай алдында қидым саған. Ұнатқан біреуін қалыңсыз жар етесің.

- Ниетіңізге разымын, - деген түйеші ойлы пішінде. - Жүрекке әмір жүре ме. Болмашы жақсылығымды бұлдап не қыламын. Қиянат боп жүрер. Батаңызды беріңіз. Маған сол қанағат...

Арада ай жаңарды. Жыл ауысты. Жоғалған түйелерін іздеп шыққан бақташы Тайлақбай бидің ауылына тап болаған еді. Келеге кеп қосылған жоқ малын жазбай таныған Жиреншеге ауыл ағасы: «Малсақ қарындасымыз бар. Соның келуін тос» деп қараша үйді нұсқады. Түйелерді түстеп танитын бойжеткен тойға кетіпті.

- Қарағым, жөніңді айта отыр, - деді ас қамдаған әйел. - Жарықтық би атаға күтуші болған едім. Ажалдан екі мәрте аман қалдым дейтін. Бірінде білегіне оратылған жыланнан өзінің сары мысығы құтқарыпты. Сарыны жолаушылағанда қоржынына салып алатын. Екінші жолғы қатерден орданың түйешісі құтқарып қалыпты. Сол сенсің - ау, сірә?

- Тірі қалуына себепкер болғаным бар. Тіршілігінде екі рет кісі жібергенде жоқты сылтауратып бармай қалып едім.

- Оның әбестік, - деді даяшы қабағын шытынып. - Бидің үш қызының екеуі ұзатылған. Кіші қызы ерке боп өсті. Білмеймін не ойының барын, оң жақта отыр әлі. Мінезді бала. Бозбала біткен ықтап тұрады өзінен. Би ата қашан көзі жұмылғанша қасынан қалдырмады. Жөн білетіні содан да шығар - ау. Кім - кімді де мысымен жасқап, сөзбен тұсап тастайтын бір кереметі бар. Әсіресе ыржақай - қылжақайлар Қарашашты көргенде жынын алдырған бақсыдай жуаси қалады. Жарықтық би атаның аруғынан қорынатын да шығар.

Жиренше қотан шетіндегі қараша үйге барып жатқан еді. Боқыраудың сүйек сорды сызын елей қоймады. Әлгіндегі әңгімеге де елікпеді. Жалба тымақ жалшыға әкесі өсиет етті екен деп қарындасын бұйырып беретіндей бидің балалары сондайлық аңғал көрінбейді. Әшейін мұны сынағалы ойлап тапқан амалдары болуға тисті.

Қарашаш жігітше киінетін еді. Жоқ іздеген түйешіні сыртынан көріп алған - ды. Әке өсиетінен аса алмай екі ойлы жүрген ол хан келесінен түйелерді астыртын айдатып алдырған еді. Өз ақылы өзіне жететін ерке қарындасты ағалары бетінен қақпай еркіне жібергенімен, әкесі тіршілігінде айтқан екен деп қайдағы бір жалба тымақ бақташыға қарындасын қалыңсыз бұйырып беруді намыс көріп, суық томсарыспен жүрген-ді. Содан да Жиреншеге айбарлы ауылдың үлкен - кішісі диуана көргендей - ақ жау көздене қарады. Әсіресе әйелдер жағы сыпсың - сыбырға басты. «Болашақ күйеу жігіт Еркебалаға үйлеспейді екен» дегенді өршітті. «Біздің қыз қызыл қайыңдай көз тартып тұрса, мына жазған терektей серейген жойдасыз ұзын екен» деп бет шымшыды. Қатындармен қосарлана қыз - қырқын:«Суық қабақ тұнжыр көзінен талабы пәс талайсыздығы байқалғандай - ау»деп ұшқары ойға дес берсе, жігіттер жағы нұр сипатты Қарашашқа теңеу таппай жүргенде, аяқ астынан





мына ұзын тұраның пайда бола қалғанына іштері күйіп: «Өзін былай шығарып алып жәукемдеп жіберсек қайтеді» деп күпінді. Сарайдың бас түйешісіне қол жұмсауға батылдары жетпей тая соқты. Әулеттің үлкендері аруаққа шет болып, бидің рухын мазалап жүрмеңдер деп ескерту жасады. Қыз ағалары Қарашашқа зайыптарын қайрап салды. Суық сарынды үлкен жеңгесі көптірді. «Өлінің өсиеті тіріге бағдар болмайды. Әкенің айтып кеткеніне малданып, алтын басыңды бір жаманға қор қылма» десе, ортаншы жеңгесі тіптен теріс лақты. «Ағаларыңды налытып, бізді жерге қаратқандағы таңдағаның тақыр кедейдің таяқ ұстаған шекпендісі болғаны ма?!» Кіші жеңге естияр еді. «Елең - селеңі жоқ орнықты тәрізді. Ұшпа жылқыдай ұрыншақ жігіттен не қайыр» деп тілеулестігін білдірді.

Жыбыр - жыбыр сөз мұнымен тоқтамады. Ағайын - туыс килікті. Қарашашқа нағашы апа есепті, кезінде биге даяшы болған Жалбыз бәйбіше: «Азаннан тұратын қашанғы әдетпен ас үйден тұтқыш алғалы барсам, жоқ іздеген қонақ бала екі қолы екі жағында қаперсіз ұйықтап жатыр екен. Ашық қалған жүндес көкірегіне қырау тұрып қалыпты» дегенде Қарашаш елең етті. Би әкесінің бір сөзі есіне түсіп еді. «Кісіден сұрап алған тазының күшігінше басыңды бауырыңа тығып жатқаныңды көрсетпеші, балам» деп немерелеріне ескерту жасайтын.

- Сонда қалай ойлайсыз? - деді күтуші әйелден шын жанашырлық күткен қамкөңіл Қарашаш. - Қосқа үйір екен. Тегінде кісілік жоқ құнсыз біреу емес пе?

- Олай деме, қарағым. Алаңсыз ұйықтағанын ырым көрдім. Бізді жан тартқаны жақсылықтың жоралғысы. Қараша үйге үйірлігі жалшы - жақыбайды ес көргені. Ел ұстамаса да өзіндігі болады. Әке өсиетіне тоқта да етегінен ұста. Сені жылата қоймас.

Қарашаш толқып кетті. Сөзді көбейткісі келмей:

- Маған тезек теретін қабыңызды бере тұрыңызшы, - деді.

Жиренше сергіп оянған. Сыртқа шыққанда өз көзіне сенбеді. Келеге кеп қосылған түйелері қотан шетінде тіздеулі жатыр екен. Ауыл ағасынан рұқсат алған соң, малын алдына салып ұзай берген. Бір қыр асып түскенде, тезек тере шыққан төмен етектіге ұшырасты. Үстіне өнсіздеу көйлек киіп, дидарын ақ түбіт шәлімен көлегейлеген Қарашаш:

- Армысыз! - деді тізесін сәл бүгіп. - Қайтқан малда береке бар. Еңбегіңіз рахатты болғай - ақ!

- Айтқаның келсін, - деді Жиренше дәу де болса сол болар деген бейбіт сыңайда. - Ақ таңнан тезек теретіндей басыңа ненің күні туды, қарындас?»

- Жақсы айтасыз, замандас, - деді Қарашаш жүзін жартылай жасырған шәліні сәл серпе. - Бұйырғанға жете алмай, бұйрықсыздан кете алмай жүрген мұңлықпын. Көлденең көк аттылы деп өзіңнен жөн сұрағалы жолыңды тосып. . . Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ. Туғанымнан жау шықты, әке өсиетінен дау шықты. Ерегіске баратын ер емеспін, жолы жіңішке ұрғашымын. Төрелігін өзіңнен күтемін.

- Олай болса үш күнге шыда, - Жиренше датын бірден айтып салды. - Тас түссе талайымыздан. Сертіңде тұрсаң болғаны. Менің де туыс - туғаным бар. Аға - жеңгелеріңе айта бар. Қамсыз болмасын. Құда түсуге құдалар келеді дерсің.

**2.**

Сүмбіленің өкпегі қараша үйді иектеп алды. Кәрі түйенің жабуынша жалпылдаған түңілікте маза жоқ. Желп - желп етіп жел шақырғаны желек астындағы келіншекке жайсыз тиеді. Қабағы қатулы. Төркін жұртынан бір жолата шығысқан. Алтын босағасынан аттағанда боз шекпенді түйешіні олқысынған





бауырлары Қарашашты жол - жоралғымен кәделеп ұзатуға жарамады. Шешесі тірі кезінде өзіне арнаған жасау - жабдық жиюлы қалпында қалды. Марқұм енесінің аманатын келіндері қаперіне алмады. Өз қалауымен жат жұртқа ұзатыларда сынық бұрау да алмады. Түйешіге ілесіп кете барған.

Жиреншенің күн көрісі қоңырқайлау еді. Баспанасына мың торғай қамаса бір торғай тұрмайтындай үзік - туырлығы әбден тозып бітіпті. Қарашаш ерінің ұйғаруымен мініп келген атын үйдің сүйегін жаңалауға жұмсады. Отағасы бос белбеу көрінбейді. Түйешіліктен қолы қалт еткенде келіншегіне жәрдемдеседі. Қой терісінен тон пішіп, тері шалбар тікті. Саптама етігіне байпақ сұғыстырып, ер - тұрманын ыңғайлады. Иығына ілген шекпенін көнетоз шапанмен алмастырды. Күпісін жаңалады. Жалбағайын тастап, елтірі тымақ кигенде өңіне жылылық енді. Әкесінен қалған күміс кісесін киітке ұсынған еді. Тобылғының бояғына қаныққан қайыс белдігі кіседен бір де кем емес.

Қарашаш ерінің ісмерлігін құп көрді. Жұпыны киінетін ол сырт көзге диуана шалысатау көрінер еді. Қапсағай келген қақпақ жауырынды ұзынша жігіттің өңінен аздаған сұс байқалады. Жар қабағымен үйлескен қоңырқай көзі салқын да салғырт. Кісіге тесіле қарау әдетінде жоқ.

Сыншыл назарында байыптылық басым. Күлкісі сараң. Аздап жымиғаны қойындасқан қосағына көрсеткен назы еді. Ерлі - зайыптылардың бір - біріне ықыласы үнсіз ұғыныспен тынады.Ыржалақ - қылжалағы аз жұбайылық жарасым бұларды естиярлыққа бейімдеді.

Отағасы қамшы саптап отырып өткен жағдайды есіне алды. Күйеушілеп барғанда қалыңдығының жақындары: «Кигені шекпен екен, ұстағаны кетпен екен» деп кекеткенде, құда түсе келгендердің жөн білетіні: «Шекпен кисе елге жақындығы,

кетпен ұстаса жерге жақындығы» деп сөз ығытын тауып кеткен - ді.

Жиренше кетпен - шотты ыңғайлады. Хан сарайына жам отын дайындау мұның міндетінде. Қасына әлді жігіттерді алып, отын шабуға кіріскен. Бір жетінің мұғдарында отын дайын болды. Шабылған отынды сарайға жеткізіп берген күндердің бірінде ол хан алдына барды. Қабағы салыңқы сұлтан бурадан шығарды ілікті. «Сары тентек» шойнақ боп қалғалы бұрынғы әдетін ұмытқан. Күресінде күлге шөккен қалпында мәңгіріп жатады да қояды. Сарайдан көз жазып, ханды танудан қалған. «Бураға ненің салқыны тиді? - деді хан түйешіге суық тесіліп. - Киелі екенін біле тұра, сойыл көтергенің қалай?»

- Біреуді бурадан арашалап қаламын деп қолым бата тиіп еді, - деді түйеші сөздің расына көшіп. - Іші боқты, сырты түкті хайуанға бола жазықты қылсаңыз, басыма азаттық беріңіз.

- Бұғаулап ұстайтын құл емессің. Кетем десең жолың ашық.

Хан түпкі ойын білдірді:

- Қалыңсыз қатын алғанда сондайсың. Киелі жануарды мертіктіргенің үшін ат - шапан айып төлейсің. Оны ауырсынсаң, айыбыңды жылқы бағып өте...

Жиренше жылқы бағуды орайына келтіргенде табиғат қабағына сыр мінездігіне сүйенді. Қыстың амалын алдын ала болжайтын есепшілігі зая кетпеді. Бала күнінен қалыптасқан дағдысы бойынша малды түстеп жоқтайды. Қарамағына тиген бір қос жылқыны жауға алдырмай, үргін - сүргінге ұшыратпай қыстан аман алып шықты. Осындайлық малсақ шаруақорлығына қоса ел ішінде ханның жылқышысы «таңдайынан шаңы шыққан шешен екен» деген сөз тараған. Қар жастанып, мұз төсенген жылқышы қара қостан жалыққанда қыстауда отырған ауылдарды жағалайды. Бел шешіп, жан шақырған Жиренше домбыраны қоңырлата шертеді. Күй тілімен өткен - кетенді





біраз қаузап тастаған соң, замана зобалаңынан аңыз өрбітеді. «Е, бұл қазақ не көрмеген! - деп шер толқытады жылқышы. - Арғы бабамыз Мамайдың көк туын ұстапты. Одан бертіндегі аталарымыздың ғұмыры жаугершілікпен өтіпті - ау.Бір әкеміздің ныспысы Қазанбай екен. Ауылға жау тиіп еңбектеген баладан еңкейген шалға шейін қырғын таптырып, еркек кіндіктіден жан қалдырмауға айналғанда анамыз бесіктен белі шықпаған ұлын қазанға жасырған. Төңкеруді қазан астында қала берген бала қатарға қосылып, мал малданып, жан жанданыпты. Балаларына ырымдап Шөңкебай, Шөмішбай, Қырғышбай деп ат қойған. Шөңкебайдан біз тараймыз. Бір жылдары ел ішіне індет таралып Шөңкебайдың өрен - жаранына шешек араласқан ғой. Сонда бір баласын қара қосқа апарып тастапты. Сол баласы ғана қатарға қосылыпты. Аталарымыз, әсіресе Шөңкебай ұрпақтары күні бүгін қосқа үйір. Әкемнің ғұмыры ат үстінде өтті. Өзіндік дәулеті бола тұра қоңырқайлау ғұмыр кешті. Балаларына «күркеден ұзамаңдар» деп өсиет етіп кетті».

Осылай дегенде Жиреншенің қабағы түйіліп кетеді. Қолындағы домбыраны інгенше боздатып - боздатып алады да үй иесін тыңдайды. «Не сұмдығының барын білмеймін, біздің төңіректе ұрлық үдеп тұр» деп бишікеш отағасы қонағынан сыр тартқанда Жиренше қашанғы тапқыр сөйлейтін әдетімен: «Бірлігі жоқ ауылды ұры басынады» деп былқ еткізді. Отағасы тосылды. Жалба тымақ жылқышыдан сөз асыра алмағанына қиықтанған ол қонағын қасақана шырғаға тартып, мүлт кетірудің амалын қарастырады.

- Бұрынғы үлкендер кішіні жазғырғанда «қасиетсіз» дегенді ауызға алушы еді. Соның мәнісі не»?

Қонақ іркілмеді.

- Жігіттен қасиет кетерде еріншек келеді, аттан қасиет кетерде жеріншек келеді.

- Елден қасиет кетсе ше?

- Онда еркегі сал бөксе, қатындары май бөксе. Байлары сараң, мырзасы тараң боп шығады. Қыздары жыртақай, келіндері тікбақай. Ұл - қызынан ұят кетеді, тұғырдағы құсынан қияқ кетеді. Тақымындағы мінгішінен тұяқ кетеді. От басына ұрыс кіреді, ағайын - туыстың арасына бүлік кіреді. Тауларынан жуа кетеді, кәрісінің аузынан дуа кетеді. Бала әкесін тыңдамайды, іні ағасын сыйламайды. Жақынынан жау шығады, болмашыдан дау шығады.

- Жөн айтасың, қонағым, - дейді сыншыл отағасы. - Елге ие сұлтандарға не айтар едің?

- Ханға бергісіз қараша бар, кілемге бергісіз алаша бар, - деп Жиренше үлкендерден ұққан сөзін дамытады. - Ел ұстаған көсемнен қасиет кетерде қарашамен қас болады, биде әділдік қалмаса қайырымсыз қарау байлармен дос болады.

- Сөз біледі екенсің, жігітім, - дейді үй иесі. - Боса да айтылып қалды. Кішілерге ғибрат болсын. Қасиет қайтсе орнығады?

- Жерге қасиет қонарда тасты жарып шөп шығады, елге қасиет қонарда үлкеніне кішісі құдайындай құлдық ұрады, - деп бір өтті. - Ұлығы қарашамен санаса біледі, болар бала жақсымен жанаса жүреді. Адамдары ынсапты қанағатшыл келеді, жасы көпке үйір жамағатшыл келеді. Еркегі шаруақор табысқой, азаматы елжанды намысқой. Әйелдері ер сыйлайтын ізетті, жігіттері жау қашыратын жүректі боп шығады.

Жиреншенің басқан - тұрғаны ордаға жіңішкелеп жетіп жатады. Сонымен қабаттаса Қарашашты да сөз қылады. Көркіне мінезі сай екен деседі. Бір жаманға телінгені - ай деп және мүсіркейді. Бидің ерке қызы атанған ол ұстағанына тұтқыр пысықтығымен көзге түсе бастаған - ды. «Пай - пай, қабағы - ай, дәмдеген тамағы - ай!» деп таңырқасады үлкен - кіші.





Әсіресе ол қымызға бап. Қара сабаға иелік етті. Төре сусынның бабын келістіретін әйелдерді қасына алып, қымызды жалықпай баптады. Бес биенің терісінен жасалынған қара сабадағы сары қымыз ордаға тоқтаусыз жөнелтіліп жатты.

Шешесі дүние салған соң би әкесі келін - кепшіктің қолынан шыққан дәмге тұшына қоймаған. Қарашаш әкесіне тағамды өзі әзірлейтін еді. Қымыз баптауға мәтаптігі содан қалған. Қолы берекелі. Келімді - кетімдіге дастарқанды ықыласпен жаяды. Өз қатарына жұғымды, құрбылық назын бұлдамайды. Аусарсығанды салқын назарымен жасқайды. Төске өрлеген әумесерді уытты сөзбен тұқыртады.

Хан ордасынан шабармандар келеді. Қарашаш оларға қол қусыруды ерсі көреді. Кім - кіммен де тең дәрежеде сыйласады. Құлдық ұруды қаперіне де алмайды. Сарайдан қатынайтын дігершілер малшы қауымның басқан - тұрғанын жіпке тізіп, өсектеп кетеді. Олардың сұғына көбінесе жылқышының келіншегі ілігеді. Келімді - кетімдіге ол қымызды ықыласпен ұсынатын еді. Ас - суға ие бас қазаншы Қарашашқа ескерту жасағанда: «Қымыз көптің асы ғой» дейді жайымен ғана. Жалшы әйелдер Қарашашты ес көріп, соның ығында жүреді. Қатындардың басқан - тұрғанын аңдитын сарай өкілінің көзі тая бере Қарашаштың ұйғаруымен сауыншы әйелдер бастаңғыға қам жасайды. Түйнек боп өлген марқа құлынның етіне тіс тигізген жалшы әйелдер қымыз басарға деп сүйек кеміре бастағанда хан сарайының қазынашысы кіріп келгені бар емес пе! Мұртының шалғайын құлағына қыстырған суық жүзді еркек атқошысына бұрылып: «Жылқылы ауылдың қатындары сүйек кеміреді, иттері не жеп семіреді, ә? - дегенде Қарашаш іркілместен: «Еркек қатынбасты болса қазанға үңілер деген ғой. Итке бұйыршақ сүйекті бізге қимағаныңыз «байдың асын байғұс қызғанардың кері емес пе?» деп салды тайсалмай.

Жылқылы ауылға келген сайын әйелдерді құмар көзбен ішіп жейтін ханның оң қолы саналатын әлгі жазған Қарашаштан оңбай ұтылып, сарайға жер болып оралған еді. Осы екі ортада арнайы бағымдағы ханның Ақбозы қолды болып, ауыл - аймақта дүрлігіс басталды. Сұлтанның төл атына Жиренше көз болуға тиісті - тін.Ақбоз үшті - күйлі жоғалды да кетті.Атқа жауапты Жиреншені сарай қазынашысы тергеді. «Қатының бейпіл, өзің жалқаусың, - деді түрін суытып. - Хан бұйрығы солай, ордадан шеттетілесің». «Табан ақы, маңдай терімнің төлемі босқа кете ме? - деген Жиренше қынжылыспен. - Бас құрағаныма жыл толған жоқ. Отау көтеріп берем деген уәдеңіз бар еді». «Оны сөзге құмар сүйрең келіншегіңнен сұра, - деп кекірейді қазынашы. - Екеуің қайдан қосылғансың. Тілмарлық неңді алған, жаныңды асырай алмай жүріп?! «Күң кергісе күлі шашылар, құл кергісе құдықтан су тартылардың» керіне баққан өзіңнен көр. Сүйреңсіген бейпіліңнің тілін тый. Өз тіліңе де сақ бол, білдің бе!

Жиренше ханның оң қолы саналатын қазынашымен тәжікеге бармады. Бейнетінің төлеміне тиетін адал ақымнан қағылармын деп тартынды. Алты қос жылқыдан бір бие иеленерде Қарашаштың көзі боз биеге түсті. Үйірге қасқыр шапқанда, жау тигенде боз биенің үні тау - тасты жаңғырықтырып жібереді. Қосқа бүліншілік келгенін Қарашаш боздың күндік жерден талып жеткен үнінен біле қалатын. Биенің сондайлық қасиетіне сыралғы Қарашаш кәрі бозды ноқталып жатқанда орданың шабарманы: «Өзіңде көз бар ма? Келешегі бар өндір бие ұстамаймысың»дегенде келіншек «Боз сүтшең еді» дей салды. Бұлар жылқылы ауылдан жырылып қалған соң тау қолтығына қос тіккен - ді. Қойнауында арқар - елігі қойша өретін қашанғы кәрі тау иен жатыр еді. Жиренше дауыл жығып кететін үйдің сүйегін құрап, уық - керегені бекемдеді. Домбалдап жоқтан





бар жасады. Қарашаш үзік - туырлықты жамап жасқады. Ерлі - зайыптыларда артық сөз жоқ. Бір - бірін қабақпен ұғысады. Келіншек төркін жұртын қаперіне алмады. Ерін «күшік күйеу» дегізуді ар көрді. Жиренше басынан бөлек қос, бөтеннің бөстегіне жантайғанды әсте қаламайды. Ағайынға қоңсы қонып, көз түрткіге ұшыраудан да өзімен өзі болғанды қалайды.

Ерлі - зайыптылар сондайлық жалғызсырай қоймады. Жоқ іздегендер ара - тұра соғып өтеді. Арнап келетіндер де бар. Қарашаш ешкінің сүтінен айран ұйытады. Боз бие төрт - бес сауғанда торсықты толтырады. Бір жаман жері - жиі-жиі кісінеп, үйрін іздейді. Шұрқырағаны әлемет, тау - тасты жаңғырықтырады. Жиренше «арқар соқпаққа» қақпан құрып тастаған. Тобылғының түтініне ысталған аң еті келімді-кетімдінің аузынан қалады. Сондай отырыста әңгіме тиегі ағытылады. Үй иесі суырылып кетуге жоқ, қисынды жерде сөз қыстырады. «Ағайынды үшеу еді, - деді келген кісі ауыр күрсініспен. - Әкеден қалған дәулетті бөлісе алмай бастары қатты. Ханның алдына барды. Қазының бітімшілігіне құлақ тосты. Үлкендерге жүгінді. Бәтуаға келетін түрі жоқ. Еншіге бола бір - бірімен кек қуысып кететін түрі бар. Ет жақын туысқаны едім. Маған да тоқтамады. Ел сені аузының дуасы бар дейді. Соған ара ағайындық көрсетсең қайтеді?

Жиренше торыны желқомдап жолға шықты. Арқасы шилі демесе жүрісі жайлы атсау аяңдайды. Ханның жау жеттісі сарай қазынашысы жауыр торыны бұған бұйырып бергенде: «Сені жұрт бишікеш деп әлде қандай қылады. Халыққа керек адамсың, жаяу жүрме» деп кекеген - ді. Торының жүрісі түзелгенімен, иесінде көңіл жоқ. Ордадан жырылып елсізде қалған қара шаруа билікке араласқанда ел алдына шыға ма? Ішінде бір дүмпу бар бірақ. Сондай ширығыста тапқыр сөйлеп кетеді. «Ат сүріншек болса ненің белгісі?» - деді өзін жапсарлас

ауылға бастап келе жатқан жүргінші жауыр торының жүрісіне қарата. «Жорға сүрінсе жүрісі түзеледі, итіншек сүрінсе жалы күзеледі» дей салды.

- Ер сүрінсе не болғаны? - деді серіктесі Жиреншенің тапқырлығын қызық көріп.

- Ер еңселесе, ез басынады, - деді еш іркіліссіз.

- Бауырластықтың кілті неде?

- Татулық болмаған жерде туысқандық айтарға ғана. Туыс-туыс емес, сыйласқан туыс!

Ағайынды үшеуді тыңдап болған соң Жиренше өз байлауын айтты. «Сынақ берем сендерге, содан сүрінбей өткеннің бәсі артады, - деді салқын райда. - Асауға бұғалық салып, әркім өзіне тиесілі жылқыны матап шығуға тиісті». Үлкендері атқа жөндеп отыра алмайтын әйеншектің нақ өзі екен. Кішісі қашағанды құрықтауға икемсіз боп шықты. Ортаншы ғана төтеп берді сынаққа.

Жиренше кесімін бірден айтпай алыстан орағытты. Ескілікті сөзге сүйеніп: «Отынның қадірін шапқан біледі, малдың қадірін тапқан біледі. Билік менен болғанда, тоқтам сендерден. Әке дәулетін молықтыруға жәрдемшілік көрсеткеннің мерейі үстем шықты. Ноқтаға иелік соған тиемел. Ол не бұйырса, сол болады» деді шорт кескендей етіп.

Ол іле қайтып кетті. Кісі үйіне қонбайды. Ұйқысы ашылып кететін әдеті бар. Қара қоста ғана алаңсыз тынымдайды. Сондай бел шешті бейбіт тыныста: «Қайран менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім» деп шүкіршілік етеді. Сирағы қостан шығып жатқанын көргендер: «Мың торғай қамаса бір торғай тұрмайтын лашығын әлдеқандай қылатыны несі екен!?» деп сөз қылады. Жауыр торы сау аяңдап келеді. Түн көзге түртсе көргісіз қараңғы. Орта жолдан аса бергенде құлағына боз биенің азандаған ащы үні жетті. Жүрісін еріксіз ширатты.





Сөйткенше болмады, үздік - создық кісінеп шұрқыраған қалың жылқының тұяқ дүсірі төңіректі дүбірге толтырып жіберді. Жылқы нөпірі ентелеп кеп қалғанда, Қарашаш арқандағы бозды үй сыртындағы мама ағашқа байлап үлгерген - ді.«Қайт-қайттап» сойыл сілтегендердің қарамы мол көрінді. Жалғыз үйді қоршалаған мың - сан тұяқ тегеурінді қолдағы құрықтан ығыса серпіледі. Қыр аса беріп кейін қарай лықсиды. Жылқы қуғандар жаушы - жаламда ілікке себепкер боз бие екенін білмеді. Кәрі биенің шұрқыраған етене үнін соқыр түйсікпен қабылдаған жануарлар қуғыннан қасарыса жалтарып, бері ығысты. Хан ордасының жылқысын алғандар іргеден сығалаған жат жұрттың басқыншылары болатын.

Жылқы қосқа қарай қашады, қуғыншылар әрі қуады. Ала - шапқын дүрлігіспен жүргенде күз таңы белгі берді. Қуғыншылар да келіп жеткен еді. Хан ордасының сойылшылары сайланып шықса керек, сарт - сұрт сабаласта жау жағы бас амандауға мәжбүр болды.

Үй жығылып қалған еді. Жылқы тұяғына тапталған уық - керегенің күлпаршасы шыққан. Орда жасақшылары «Кімсіңдер, айдалада не қып отырсыңдар?» деп жөн сұрауға да жарамады. Қарашаш еріне қарады, ері жерге қарады. Боз бие көп жылқыға қосылып кете барды. Аман қалған жалғыз жағалдың сүті көжеге қатық. Арқар еті тіске талқажау. Олай - бұлай өткендер «қоржын түбі» деп азық тастап кетеді.

Жиренше жеделдетіп шымнан жеркепе тұрғызып алды. Қыстың амалы ерте білінген еді. Боран үдеп - үдеп соғады. Аяз қағынып тұр, ту деген түкірік жерге түспейді. Қаңтар айы бураша күркілдеп, қабағын бір ашпады. Ақпан тіптен қырланды. Отағасы шиті мылтығымен арқар атады. Үш ағайындының әділ билігі үшін соғымға жығып берген семізіне аң еті сеп. Қарашаш қозы қарын май, қоржын басы пісіас жиған еді. Соны кісіге

деп іркіп ұстайды. Аң аулағандар ат басын тірейді. Бәз бірде жортуылшылар ошарылады. Қостап жылқы баққандар бел шешеді. Аса таяғының шылдырмағы «жау жетті деген» диуана төрге озады. Қобызын арқалаған бақсы кеп жан шақырады. Ел ақтаған кезбеге де есіктері ашық. Сондай отырыста Жиренше домбыраны жүрдек тартып, шерлі аспапқа жан бітіреді. Қонаққа пейілденгенде көмейі бүлкілдеп кетеді. Аталы сөзді түйдек - түйдек төгілдіреді. Қонақты да тыңдайды. «Білетінім бір тоғыз, білмейтінім тоқсан тоғыз» дегеніне құдайы қонақ иланбайды. Үй иесін сөйлетудің амалын іздейді. «Бақытты деп кімді айтамыз?» дегенде Жиренше кәдімгідей тосылады. От қағыстырған келіншегіне: «Би атаның қызы бірдеңе десеңші» дейді бүкпесіз көңілмен. Қарашаш ерінің меселін қайтарғысы келмей әкесінен ұққанын кәдеге жаратады.«Ақылды патшасы бар ел бақытты, сүйгенін алған ер бақытты» дейді. Келіншегінің тапқырлығына ризаланған отағасы домбыраны жүрдек шертеді. Шанақта бұғынған сарын аса таяғын жоғалтқан диуанадай сарнап кетеді. Жаудың бетіндегі, желдің өтіндегі елінің келешегін ойлағанда көкірегінен шер лықсиды. Қонақ сөз бастайды. «Дүниеде не жарық, не қараңғы? Соның ара жігін ажырата алмай басым қатады. Пенденің көңілінде тиянақ бар ма. Өз шамасына қарамайды - ау. Жиренше: «Табиғаттың күні жарық, жақсының жүзі жарық» дейді. Жарық - Алланың нұры. Сол нұрдың қадіріне жеткен кім бар? Ойсызға бәрі бір: жарық не, қараңғы не? Қараңғының тасасында үлесін қармап қалатын ашкөздер қаншама...

Қыс аяғы созылып кетті. Наурыздың май бораны мал баққан шаруаға жайсыз тиді. Ат үстіндегі жорықшы, ел аралған билікші, қостап жылқы баққан малшыны қыспаққа алды. Адасқан жолаушы жалғыз үйге кеп жан шақырады. Домбыққан қолы - басын от қызуына төсеп, құлжаның жая майымен





сылайды. Арқар бөстекке жантайысып, жерқазбада әңгіме соғады. Қарашаш қамдаған астан өзек жалғап, отағасыдан сөз тыңдайды.

Боран толастаған тұста тыстан тықыр білінген. Жиренше сыртқа шыққанда аз ғана нөкерімен жолаушылаған хан аттан түсіп жатты. Бітімшілікке барып ел арасының дау - дамайын байыздатқан сұлтан ордаға қайтар жолда бұрыс кетсе керек. Аласа құжыраға амалсыздан бас сұққан жүргіншілер біразға дейін үнсіз отырысты. Ханның қабағы қатулы еді.Нөкерлерінде сүрең жоқ. Әміршінің қасынан екі елі қалмайтын сұлу мұрт қазынашының иегі иегіне тимей дірдек қағады. Ханнан бір ықтаса, үй иелерінің қабағынан және тайсалып кірерге тесік таппай отыр. Үй иелеріне қарауға бет жоқ еді онда.

Ортаға ас келді. «Сөйле Жиренше! - деді хан ыстық тамаққа бойы жылынған сәтте. - Сен шығандайсың, мен адасамын. Бұл ненің жоралғысы?! Жиренше әншейінгі сабырлы қалыпта: «Жауда да бір үйің босын» демей ме атам қазақ. Жалшысы жұртта қалса байды құдай ұрғаны, ақылшысы сыртта қалса ханды құдай ұрғаны» деді сөзіне салмақ түсіре. Орда көсемі тұнжырады. Сарайда тақта отырса бір сәрі, үй иесімен тәжікелесіп не тындырады?Шаш ал десе бас алатын көмекшісіне «бәрін бүлдірген сенсің» дегенді суық сұғымен аңғартты.

Қарашаш ас қамдаудан босамады. Ері тұрғанда сөзге киліккенді орынсыз көрді. «Жолаушы адасса астындағы атының соры, хан адасса қарамағындағы қарашаның соры» деп айта жаздап өзін зорға тежеді. Арқар терісінен тіккен ықшам тонды ханның иығына жапқанда, сұлтан жадырады. Орданың қалың жылқысын жаудан айырып қалуға себепкер болған Қарашаштың алысты болжаған тапқырлығына сүйсініс білдірді. «Әйел алса, Жиренше алсын!» деп көтермеледі құрдасын.

### 3.

Жаз шығысымен ордаға іргe қосқан - ды. Жиренше ат күтушілікке шықты. Хан сапарлағанда қасында жүреді. «Сөйле, құрдас, - дейді хан атқосшымен қатарласып. - Жол қысқарсын. Ат пысқырынса, ненің белгісі? «Тоқтығының белгісі» дейді Жиренше. «Ішін тартқанын неге жоруға болады?» деп сұлтан және сұрайды. «Жолы ауырлағаны». «Сенің күрсінісіңе не деуге болады? - деп хан түпкі ойынан хабар береді. - Қабағыңды бір ашпайсың. Әлде құрдастығымды ауырлап жүрмісің?». «Ханға қосшы болсаң сөзден қаласың, аңшыға ілессең көзден қаласың» демей ме бұрынғылар». «А, онда жөн. Атқосшылықты олқысынсаң ордада оң тіземді бас. Ақылшым боласың» деді хан нық сеніммен.

Жиренше ханның ұсынысын құп көрмесе де еріксіз орайына илікті сұлтанның. Сондай бас қосуда орда билікшісі Жиреншеге: «Сөйле білгірім, сөйле! - дейді қабағы түсіп көңілсіз отырған тұрғыласына дем беріп. Хан алдына келгендер құдыққа таласады екен. Шыңыраудың алғашқы иесі тыңнан су шығарған. Кейіңгі иегері құдықты шегендеген. «Сұмырай келсе, су құриды». Құдықты бітеп тастағаннан басқа амал жоқ, - деген Жиренше ханның ықыласына арқаланып. - Нуда отырып суға таласқан деген не сұмдық?!»

Жиренше билікке сылбыр араласты. Көңілсіз тарта берді. Қабағы түсіп жүдеңсіген оған: «Шеш шекпеніңді! - деп бұйырды хан бір жолы. - Сарайдан сендік киім табылады». «Төреңізге құлдық! - деген Жиренше қолын кеудесіне қойып.
- Сауыт құрсанып батыр болмаспын, торқаға оранып сұлтан болмаспын. Шекпендіге шен қонбайды. Маған азаттық бер, тақсыр!».

- Қайда кетпексің?

- Ел ішіне.





Әмірші дағдарды. Сырғытпаға салды. Дауға араласпай өзіңмен өзің бол деп кеңшілік жасады. Орданың қасаң тәртібіне көндіге алмаған Жиренше сарындауын жиілетті.

- Сондағы ілігің не? - деді хан шарасыз тоқырап.

- Тордағы бұлбұл болғанша, иен даланың бозша торғайы болғаным қайырлы, - деді ол тікесінен.

- Маған баға берші, - деген сұлтан оны мүлт кетірудің амалымен.

- Бағаны халықтан аласың, - деген Жиренше тұнжырап. - Ат жүрісінен жаңылса сүріншек келеді, хан әділдіктен жаңылса бүліншек келеді.

- Бүліншек болып, нені бүлдірдім?! - деді хан ызбарланып.
- Жалтақтамай турасын айт!

- Жақсыға пәс екенсің, жаманмен дос екенсің. Аярды ақылманым дейсің, көлгірді нақылманым дейсің. Сұғанақ пен сумақайға қазынаның кілтін ұстатасың. Аққөңілден әңгі деп сырттайсың. Әділетшіл шыншылды шырық бұзады деп сарайға жуытпайсың. Жалықпайтын жандайшапты ес көресің, сыншылды мінімпаз деп қас көресің. Көбік ауыз көпірмені шешенім дейсің, көзге түскіш жағымпазды көсемім дейсің.

- Жә, тоқтат! - деді хан суық сызданып. - Сенсіз де мені мінейтіндер жетерлік. Одан да ақыл қос.

- Сырт дұшпанға алдыра қоймассың, ханием, - деді Жиренше әлде қалай болады деген сақтықпен. - Ішің келіспейді.

Хан жаңағыдан бетер түнерді. Сөзі қисынды мынаның. Сарайды имандылық ұясы деуге келмейді. Әміршіге жақын жүретіндердің дені сырттан боламын деп бола алмаған бұққыштар өңшең. Жайшылықта жақсы атты көрініп, ел тағдыры сынға түскенде ін сағалаған қарсақша бас амандаудан әріге бармайды. Жарамсақ жәдігөйлер көлгірсумен діңкені құрытады. Пікірін ашық айтып, ақыл қосуға әсте жоқ. Бұл

не айтса, соны құптап, бас шұлғуды ғана біледі. Сұңқылдақ жарапазаншылар қаншама! Ханның мақтауын асырғанда алдына жан салмайды. Дені көз алдағыш құбыл. Ойсыз надандары да жетерлік. Басқан-тұрғанын аңдитын пәлеқорға не шара?! Сырты - жылтыр, өзегі - өңезеге не қайран?!

Ханға сын көп. Қара халықтың орда көсеміне көңілі тола бермейді. Мына жазған сондай - сондай келеңсіздікті байқаған. Дұшпандықпен емес, дос көңілдің базынасы.

Хан шешілді амалсыздан. Жиреніне мен Қарашашқа: «Қалаған - сұрағандарың болса айтыңдар. Қолдарыңды ешкім қақпайды, - деп кеңшілік жасады. Сарайдың қызыл аяқ, ақ күмісінен ерлі - зайыптылар сабақты ине де алмады. Хан бұйырып берген тарту - таралғыны қалдырып кетті.

Ел ішіне кеп қос тіккен - ді. Жиренше көсілгенде, аяғы қостан шығып жатты. «Қайран менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім!» деді еркін тыныстап. Жүйрік жел Жиреншенің сөзін шар тарапқа таратты. Ойда егінші, қырда малшыға жетті. Ел құлағы елеңдеді. Көре алмастар: «Сол да тапқырлық па?» деп күңкілге басты. Тілекшілер «Жөн - ақ қой!» деп мақұлдады.

Әлқиса, Жиренше халық жадында ересен тапқырлығымен, суырылған шешендігімен қалған. Қарашаш пен Жиреншеге байланысты аңыз бірден бірге жетіп әлі күнге үзілмей келеді. Шежірелік деректе Жиренше Әз - Жәнібек ханның тұстасы болған делінеді. Сұлтан тұрғыласына: «Менің орныма таққа отырсаң қайтеді, - дегенде, Жиренше: «Оны бақ біледі. Бақ қонайын десе құзғын сұңқар, мәстек тұлпар болып шығады»дейді екен. «Уай, білгішім, ай үлкен бе, күн үлкен бе?» деп тақымдап қоймағанда, Жиренше: «Күн айдан жарық сұрамайды, хан қарадан жөн сұрамайды» деп сөз ығытын тауып кетіпті.

Жиренше шешен мен Қарашашқа байланысты бізге жеткен сарыннан түйгеніміз осы.





## ШҮЛЕНГЕР

Атымтай хан ордасынан жаяу қайтты. Жүре - жүре көлге жетіп жығылған. Ұйықтап кеткен екен, денесіне тиген қолайсыз бірдеңеден шошып оянды да ұйқылы көзімен су бетін шолды. Айдынға сыймай шоршыған балықтар таңғы ұйқы ашар ойынына кірісіпті. Түрткі шортандардан басталған тәрізді. Мейлінше молығып алған қомағайлар сойқанды күн шықпай бастап жіберген. Соңына қуғын түскен момын балықтар су бетіне атылып шығып, қайта құлап түседі. Жиекке шығып қалғандары да бар. Жеңді білектей сазандар мен табандар шоршып тулап жатты.

Жалғыз атынан айрылып жаяулап қалған Атымтай бір шешімге келе алмай дағдарып тұрды да қойды. Сөйткенше болмады, қамыс арасынан дәу қара есек шыға келді. Жонынан жарылып семіріп алған момын жануар Атымтайға жақындап келді. Ноқтасы басында жүр. «Енді не тұрыс бар» деп қайрады өзін. Іле кірісті. Өткір кездігімен жас шыбықтарды отап шықты да себет тоқуға кірісті. Екі үлкен себетке салынған олжасын теңдеп алып, шаһарға төтелей тартты. Базар енді - енді қыза бастаған. Мұны танып қалғандар:

- Уа, әлеумет, Атымтай жомартты қарсы алыңдар! Балық үлестірмекші, - деп жар салды.

Әне - міне дегенше тындырды шаруасын. Балықты қылдай бөлісіп алып, тегін олжаға кенелгендер Атымтайға «Алла разы болсын» айтып, алғысты жаңбырша жаудырды. Қолы ашық жомарттығымен жалпақ жұртқа танылған әпенділеу оны үлкен-кіші қоршалап жібермей қойды. Ырымдап балаларымызға тұмарша ғып тағып береміз деп, ыстықта желпінетін көлдей дәу орамалын бір жапырақтан бөлісіп алды. Қызды - қыздымен қолындағы аса таяғын, мүйіз сапты кездігін, ұзын бойына

жарасқан шекпенін де «мен алам, мен алам» деп талапайға салды. Қашанғы сабырлы әдетінен танбады. Жүрегін мақтаныш кернеп, бір түрлі жеңілейіңкі сезінді өзін. «Бізден бала - шағаңызға сәлемдеме» деп мырзалық көрсеткендер де табылды. Бір тілемсек «Сізге есек мінген жараспайды, маған қалдырып кетіңіз» деп шаужайына оратылып еді, иесіне тапсырамын деп зорға құтылды.

Қала қақпасынан шыққаны сол еді, аш - арықтар бөгеді жолын. Тоқ қоржындағы жеміс - жидекті алдарына тастай беріп, ілгері аттағаны сол, ұрылар килікті. «Сенбісің, Атымтай жомарт? - деп дәу қара сапысын иегінің астына төндірді. - Тырп етсең кеңірдегің қырқылады. Жүйрік атың қайда?»

- Ханға бергенмін.

- Бізге неңді бересің?

- Қалағандарыңды аласыңдар.

- Шеш онда лыпаңды! - деді дәупірім.

- Немді шешейін?!

- Дамбалыңды! - деді әлгі қарық боп күліп. - Айта жүру үшін, Атымтай жомартты да тонағанбыз демейміз бе. Соның өзі неге тұрады. Белбауың да жетеді бізге.

Әпенді жазған ыржиды. Қайдан біледі екен мені деп ойлады. Соншалықты әйгілі болатындай нендей қызметі өтті дейсің ел - жұртқа. Белдігін олжалағандар қыр асқан соң есегін тебінді.

Құлазып кетті бір түрлі. Әкесі түсті есіне. Шіріген бай болатын. Бұларға енші үлестіргенде, үлкен баласы Қоқырбайға малды аз берді. Бала кезінен өзімшіл, көжесін теріс қарап отырып ішетін тоң мойындау оны әкесі: «Қара басынан артылмайтын қарау болады - ау, осы неме!» деп жақтырмайтын. Әкесінің болжамы дұрыс болды. Үлес аз тисе де, Қоқырбай қойлы бай атанды. Ірі байлардың қатарына қосылып,





дәулетті еселей түсті. Мырзалыққа жоқ еді. Ауылына арнайы ат басын бұрып, түстеніске келе жатқандарды көріп қалса, үйінен жылыстап кететін әдетке басты. Қонақасыға да сараң. Танымайтын адамды қондырмайтын қытымырлығы жалпақ жұртқа белгілі. Өзгеге сараңдығын былай қойғанда, өзіне де қимайтын еді жылы - жұмсақты.Соғымға кәрі - құртаңын соятын жылқының. Сере деген түсіне де енбейтін. Қыдырмаларға жаны өш. Ит қосып қуады ондайларды. Сұраншаққа боса-болмаса қырын. Қотан шетіне таяп кеткендерді малымды ұрлағалы жүр деп дүре соқтырады. Аш - арықтарды «содан алыңдар» деп Атымтайға сілтей салады. Мініске ат, көшуге көлік сұрағандар Атымтайдың ауылына ағылады. Соғым айында және ошарылады кедей - кепшік.

Қара есектің митың - митың жүрісінен қиялы оза берген. Біреулер бай болсам деп армандайды. Бұл бергенге мәз. «Аларманға алтау аз, берерменге бесеу көпті» неге ойламайды? Еншісіне тиген екі қос жылқы, үш отар қой қайда? Жүз қаралы түйе ше? Құлаш - құлаш ақ киіз бен анасының көзіндей сырмақ, текеметтер қайда?

Атымтай құлазып кетті. Есекпен жол жүріп дағдыланбаған еді. Іші пысты салпаң құлақтың митың - митыңына. Өзінде де бар. Тақымына басқан жалғыз атын хан сұрағанда бере салғаны несі?! Енді, міне, итпектеумен қу жаны келеді. Балық сатып бала - шағасына базарлық апармақшы еді. Оны да бұйыртпады өңшең аш көз сұраншақ. Ау, сонда олар мұны арнасынан асып жататын Еділ - Жайық деп біле ме?! Асау толқыны жағалауды жеміріп жайыла ағатын өзен де ортаяды. Кісіге біткен дәулеттің де есебі болады, судың да сұрауы бар.

Есекті көл жиегіне жіберді де ағасының ауылына жаяу тартты. Әне - міне дегенше келіп жетті ақ шаңқан үйлердің сыртына. Иттер үріп шықты алдынан. Жойдасыз қабаған

төбеттердің қоршауында қалған ол шырғай шоқпарды нәштеп сілтеді.

- Сенбісің - ей? - деді іргені түргізіп тастап көлеңкелеп жатқан ағасы. - Диуана боп кеткеннен саумысың?!

- Одан да құр емеспін, - деді Атымтай.

- Біздің тұқымға дәруіш жетіспей жүр еді, - деп осқырына мырс етті Қоқырбай. - Ойсыраған орынды сен толтыратын болдың.

- Мейлі, ауыз өзіндікі ғой, не десең де еріктісің, - деп ол ағасына жек көре қарады. - Жаяулап қалдым. Маған бір аттың майын қи.

Үй иесі шытынады.

- Жомарт болғандағы сиқың осы ма?

...Қолдаулаған құла құнанға мінген Атымтайдың аяғы жер сызып келе жатты. Қарсы жолыққан бала:

- Атымтай жомартты іздеп шығып едім, - деді бір түрлі мұңайып. - Мырза дейді ел оны. Байдың қозысын бағушы едім. Тайды зорықтырып өлтірдің деп төлеуіне жалғыз сиырымызды алып қойды.

Атымтай сөзге келмеді. Құнанды балаға мінгізді де ілгері озды. Белеңге шыққан ол ойдағы ауылды шолғанда, өз көзіне сене алмады. Бес қанат құба төбел үйдің маңы қара - құраға толып кетіпті. Үй сыртында мама ағашта байлаулы тұрған құбақан ат назарын бірден тартты. Қалмақша каңтарылған ер - тоқымды аттар да көңіліне күдік тудырып, әр ойдың басын бір шалды. Есік алдындағы шымдауытта желіге байланған құлындар тыпыршып шиыршық атады. Биелер де дамылсыз бас шұлғып, шыбындап тұр. Жүзге тарта ұсақ мал тобылғылы өзекте жайылып жатыр. Үш қыздан кейін көрген жалғыз ұлы қой - ешкінің соңында жүр. Тай мініп алыпты. Бәйбішесі Жауқазын ақ жаулығы ағараңдап, жер ошақтағы





отты қағыстырумен әлек. Қара қазан қақпағынан бу атады. «Келген қонақтарға ас қамдап жатыр - ау» деп ойлады.

Үлкен қызы бой жетіп қалып еді. Құда түсуге келгендер ме деп жүрісін жылдамдата түсті.

Келген ханның уәзірі екен. Атымтайды құсырмалап суын қайтарып алған соң, хан жарлығын мәлім етті. Жарлықтың ұзын - ырғасы мынаған саяды: - Байлықты өз орнына жұмсамай рәсуа ету - ел ақтаған қыдырмашы мен арамтамақтардың дәс алуына, жатып ішер жалқаулардың, тегін асқа тік қасық ашпа-жалап қомағайлардың еркінсуіне әкеп соғады. Кімде - кім малды орынсыз жұмсап, асыра шашпа мырзалыққа салынса, дәулетін ысырап етіп дарақылық көрсетсе - талқыға түсіп жазаланады. Мақтанқұмарлықпен жомарт атанғысы келгендердің малы тәркіленеді. Хан жарлығына құлақ аспағандар қатал жазаға ұшырайды. Елден қуылады. Уәзір мұнымен де тынбай Атымтайға ханның жеке сәлемін ауырлатып айтты. Мына он құлынды бие үш жылда бір қос жылқыға жетуге тиісті. Жүз қой екі отарға ұласады. Өйтпеген жағдайда әміршінің қаһарына кезігіп керт басына қатер төнеді.

Атымтай құп алды хан бұйрығын. Қиықтанса қара есекке теріс мінгізіп, алдына сап айдап кетуден тайынатын түрі жоқ мына уәзірдің. Ілік іздеп тиісерге сылтау таппай отырғанын көрмейсің бе.

- Құп, тақсыр! - деді Атымтай кеудесіне қолын апарып. - Хан иемнің сенімінен шығуға тырысамын.

Жау жетті, ел көшті заманнан титықтаған, қара халық хан жарлығын мақұл көріп қарсылықсыз мойын ұсынды. Тамақсау қомағайлар құлқынын тиып, қыдырымпаз аш көздерге де тоқтам түсті. Сұраншақтың да қолы созылмайтын болды. Беруге жоқ, алуға бар ындыны кепкен нысапсыздар да амалсыздан тоқырады. Ағайын - туысқа

салығын салып міндетсіген жатып ішер жалқаулар да өз күнін өзі көруге дағдыланды. Сонымен қоса сараңдық етек алды. Әміршінің тиымын бетке ұстап сылтауратқандар кесіп алса қан шықпас безерлікпен жат тұрмақ жақынына да бұлдады су - суанын. Байлыққа дәнігіп, мыңғыртып мал өсірген сасық байлар ырысымызды шайқайды деп аш-арықты ауыл маңына жолатпай ит қосып қуды. Қонақуарлық пен мырзалық мүлде ұмытылды. Кісілік пен бекзаттық тек қана байлықпен өлшенді. Бай байға, сай сайға құйды. Қара тобырдан күй кетті. Итшілеп өлмес күнін көрген кедей-кепшік дүмділердің табанына тапталып, құлдыққа түсті. Мейірімсіздік етек алып, адамдар бір - бірінен сырт айналды. Мырзалық пен шүлендік мүлде ұмытылды. Шық бермес Шығайбайлардың қатары молығып, сарандық салтанат құрды.

Жан керек еді Атымтайға, жұмылған қолы біразға дейін ашылмай жүрді. Нағыз сараңның өзі болмаса да соған жақындады. Табан тіреп қала алмады біржолата. Қанына сіңісті әдет күндердің күнінде қайта күш алды. Жоқ - жітікті аяды. Ішіне кіріп орныға бастаған қаттылық берішке айналып, жүрегіне шауып кететін түрі бар. Соны байқаған ол ескі машыққа қайта басты. Көбейе бастаған мал бірте - бірте ортаюға бет алды. Құдай қосқан қосағы аларманның жолын бөгеп:

- Халқым - ау, алмайсыңдар ма? Қылша мойны талша қиылатын болды ғой мына әпенді байғұстың! Қатынын жесір, баласын жетім қалдырып, болмашы ырысын шайқағанда ел алдына шығасыңдар ма? - деп беттерін қайырмақшы болып еді, ерегісе ентеледі қаптаған сұраншақ. «Атымтайға хан береді, бізге кім береді?» деп бет бақтырмады.

Басында мырзасынбау керек еді. Дәндеткен өзі. Жауқазын еріне қарады. Ері жерге қарады. «Болмас, - деді Атымтай нық





шешімге бекіп: - Жұртым үшін жан пида. Көппен көрген ұлы той».

Бір отар қой мен төрт - бес айғыр үйірлі жылқы айналасы бес - алты айдың ішінде кедей - кепшіктің күн көрісіне сеп болды. Атымтай да қарап қалмаған, шарт қойды оларға. «Менен алған мал молығатын болсын». Құп десті жарлы - жақыбай.

Күндердің күнінде шабарман жетті хан ордасынан. Атымтайды қусыра келді. Өрістегі малының есебін алды. Сауындық төрт - бес ешкі, ыңыршағы айналған жауыр аттан басқа түк таппады. Ордаға айдалып келді Атымтай пақыр. Әміршінің қабағы қату еді. Мұртының шалғайы құлағына оратылған бас уәзір салғаннан суықсып, хан жарлығын алқа - қотан отырысқа жиналғандарға мәлім етті. Шартты орындамай бұра тартқан, жарлыққа құлақ аспай өзім білемге салынған, жалған мақтанға беріліп, ел алдына шығып, асыра шашпа мырза атанбақшы болған Атымтайға кешірім жоқ. Өзге мырзалар жұмылған қолын ашпаған қалпында дәулетті еселей арттырып елбасының құзырына тоқтаған. Соның арқасында дала малға толып, ел дәулеті еселенген. Сарандық салтанат құрып, мақтанқұмар жалған жомарттар азайған. Дайын асқа тік қасық жалқаулар жөнге келіп, адал еңбекке бейімделген. Тегін ас аузынан қайтқанға дәніккен жатып ішерлер тырбанып жан сақтаудың қамына көшкен. Жалғыз Атымтай ғана бұра тартып жарлыққа құлақ аспаған. Түпкі мақсаты белгілі - игі жақсылармен деңгейлесіп, жұрт көзіне түсіп жомарт атанбақшы. Бүйректен сирақ шығарып, шырық бұзған мақтанқұмарға кешірім болмақшы емес.

Атымтай көзімен жер шұқыды. Ләпбай тақсырлаған өңшең жарамсақ уәзірдің шешімін мақұлдап қолдады. Мұны су түбіне кетіруге ыңғай беріп, саған сол керекті бір ауыздан даурығыса айтысты. Ағасы Қоқырбай да солардың жағында. Әміршінің

әлпетінен және шошыды. Заманның ойпаң - тойпаңына килігекилігe еті өліп кеткен қатыгез хан мұны шыбын құрлы көрсін бе, уәзірдің мәлімдемесін құп алды.

- Дарға асылады, - деді уәзір ордаға жиналғандарды тепсіртентек кезімен шұғыл шолып. - Құнын он еселеп толтырып, жан сауғаға айып төлеп құтқарып қалам дейтіндер болса айтсын датын.

Үнсіздік ұзаққа созылды. Шыдамады білемін, Айдабол шешен сөз бастады. Қамшысын алдына көлденең тастай беріп:

- Ей, ағайын, ел ішіндегі момынымыз емес пе! Өкпеге қисақ та өлімге қимайық. Көп түкірсе көл. Құтқарайық жазадан, - деді ел жуандарына сұрау тастап.

- Болмайды! - деді мыңды айдаған сараң байлардың бірі жылқыша осқырынып. - Далада жатқан малымыз жоқ. Жомартсыған немеге сол керек!

Осымен сөз тоқтады. Уәзір тағы ұйытқыды. Ең ауыр жазаға тартылады деп ескертті. Басы алынады. Қылышпен шабылады мойны. Соны нығарлап тұрып айтты.

Атымтай селт етпеді. Ағасына қарап еді, оның да беті қалыңдап алыпты. Түк шімірігетін емес. Ханның алғысына бөленген бай - бағландар сараңдықтан алдарына жан салмағандарына мағмұрланып күлмең қақты. Шүленсіген неменің әуселесін көрейік енді дегенді қабақтарымен аңдатып түрт шайтанға басты. Атымтайға тілектестер қыбыжықтай берген.

Хан жазғы қоныста отырған еді. Он екі қанат ордаға тіркесе тігілген ақ шаңқанның маңы қара - құрадан шола. Ордаға жиналғандар сыртқа шыққанда мал тұяғынан көтерілген шаңды көріп таң қалысты. Отар - отар қой, үйір - үйір жылқы айдағандар хан ордасын жан - жақтан қусырмалап ентелеп кеп қапты. Мал айдаған жаяу - жалпылы қара тобыр бір қыдыру.





Ашулы ма қалай өздері, ащы айқайы тіке құлаққа ұрады. Өңтүстері өрт сөндіргендей түтігіңкі. Ат үстіндегілер тіптен екпінді. Бастырмалата тықсырады қалың жылқы үйірін. Өгізге мінгесіп, түйе мінгендердің де айқайы ащы. Мал айдаған боп, жау қайдалаған олардың сыңайынан сескенген шабармандар «қайт - қайттап» ереуілдеп еді, қызыл судай лықсыған қалың нөпір бой бермеді, ордаға ентелей берді. Жылқы кісінеп, қой маңырап, төңірек азан - қазан боп кетті. Айқай - ұйқай үдеді. Екі жақ сойыл соғыстырып та қалды. Осы мезетте түйелі біреу ордада ошарылған жақсы - жайсаңдарға тақап келді. Ақ атанды желдірте екпіндеп кеп тоқтаған қолтоқпақтай қара шал қыранша саңқылдап, жұрт назарын өзіне аударды.

- Уай, хан ием, көгеріш топырағымен өнікті, хан елжұртымен келісті! Қарашаның қамы деп қара тобырға сынақ бергеніңе, жалқауды ширатып, жатып ішерді қатарға қосам ба деп жасаған амалыңа қарсылығымыз жоқ. Елде бар болса ерінге тиеді, жауда бар болса тезегі тиеді. Қойыннан төгілсе қонышқа. Өз өлтірмейді, жат жарылқамайдыны малданып, пейілі кең, ниеті түзу шүленгерден дәметсек оның несі сөкет? Дүние кімдерге жолдас болған. «Бай - бір жұттық». «Қас екеніңді қабағыңнан танимын, сараң екеніңді табағыңнан танимын» деген ғой атам қазақ. Хан ием, артық кетсек айыпқа бұйырма. Қабағыңыз түйілетіндей қара халықтың сізден бөлектенген жері жоқ. Жауда да біргеміз, дауда да біргеміз. Жаратқан ием ала қайғыдан сақтасын. Кісі қайғысыз ішкен қара суға да семіреді. «Қара құс басып жеген, сұңқар шашып жеген». Ортамызда бір жалпақ жұртқа жанашыр шүленшіміз жүруші еді. Жазығы - жесірді есіркеп, жетімді жұбатқаны. Өле жегенше бөле жегені. Албасты да алғанын орнына салады. Мына қаптаған мал Атымтайдың иелігінде. Өз бергенін өзіне қайтардық, - деп тоқтады сұңқылдақ шал.

Хан аз сөйлейтін аузы ауыр адам еді. Замана зобалаңы ет жүрегіне салмақты көбірек түсіріп қасаңсытып жібергені болмаса, сырты суықсығанымен іші үгітілме - тін. Жұмсақ еді кей жағдайда. Көпте ақыл бола бермейтініне билік тізгінін ұстаған жылдарда көзі әбден жеткен. Сараңсыған қытымырларды, ашпа - жалап дүние қоңыздарды шық бермес шығайбайлар мен қара судан қаймақ қалқыған қарымбайларды қолпаштағанда, көздегені - өсер жасты өнікті де, өрісті адал еңбекке бейімдеп ата кәсіптен қол үзбей бейнетпен мал тапсын дегені еді. Кеш жарығыңды кенде қылмайтын қыдырмаларды тұқыртып, нысаптыларға жол ашсам ба дегені еді. Сырттан келетін су жұқпас сумақайлар мен сұғанақтардың жолын кесіп, олардың ішке кіріп еркінсіп кетпеуіне тосқауыл болар деген түпкі ойы және бар - тын. Ішті былай қойғанда, іргеден сұғынғандар қауіпті. Жата - жата жамбасқа, келе - келе қойынға еніп, есіктен кірмей жатып тер менікі дейтін жат елдің кеудемсоқ кекірлері - иесі момын үйді қонағы басынардың керімен қазақтар адал асын бөгденің аузына тосады, астындағы жалғыз атын түсіп беретін кеңпейіл шетінен дегенді әуезелеп, ішке кіріп алып, қамбаға үймелеген ала қоржындай тіске басар қызылыңды сыртқа тасыса не болғаны? Сондайлардың алдын алудың амалы - тын. Бақса, сараңдық бойға сіңіп алса дертке бергісіз екен. Ондай сырқауға шалдыққандар дүниеге көзі тоймай, қайырымсыз қатыгез боп, адамгершіліктен алыстап, ардан безген атанады. Ардан безгені емей не? Мыңды айдаған өңшең сараңдар өзгені былай қойғанда өзіне де қимайтын кепке ұшыраған. Иығына ілгендерін қарашы - шидем - шекпен, жыртық шапан. Аяғына кигені - көн етік. Бастарындағы жалбағайы тіптен өңсіз, кейіптерін сұрықсыздандырып, сұрын кетіріп тұр. Барлыққа мастанғандардың сырты келіспесе оған кешіріммен қарауға болады. Іші де бос бұлардың. Аталы сөзге





жоқ «ләпбай тақсырлаған» өңшең жарамсақ күншілдікті өршітіп қараулыққа басқанын көрмеймісің?!

- Ұрлықы мал ғой мыналары! - деп бәрі бір ауыздан даурығысты. - Көз алдағанға сеніп қалмаңыз, хан ием.

Әмірші ширықты. Атымтайды сыншыл назармен бағып еді, сырты мен ішін қатар ұстап, суытқан аттай селт етпей тұрысына іші жылыды. Сабырлы момын кейпіне және сүйсінді. Оған мағмұрланған хан шешімін өзгертіп:

- Атымтай шүленші ақылгерім боп ордада қалсын, - деді жұртқа естірте.

- Сараңсыған қарау байларға отыз қамшыдан дүре соғылсын. Жарлық қолма - қол орындалсын.

Атымтай жомарт турасындағы аңыздың бір парасы осы. Жақсылықты дабыралап жас ұрпақтың құлағына құя берсе, ертеңіміздің еңсесі биіктеп, елдігіміздің тынысы ашылып, қайырымдылық пен жомарттық салтанат құра бермекші.

## АТАМЕКЕНІН АҢСАҒАН ҚОЖАНАСЫР

Бүгін ол ерте оянды. Бәйбішесі ойына күдік алды. Көріпкел құмалақшы Қожанасырға жақында жол жүресің, алыс сапарға аттанасың деп сарындағанын естіп қалған. Үйде болғанынан түзде ерулегені басым күйеуін жолынан қалдырып, шаужайына жармасу әдетінде жоқ. Бәрібір ол бұған тоқтамас еді.

- Қайда жиналдың? - деді Зәйтүн қасақана кейістеніп. - Дәйек жоқ қой сенде, отағасы.

- Олай деме, - деді Қожанасыр өзінше маңызданып. - Мен бұл жолы ұзақ сапарға аттанамын.

- Меккеге ме?

- Ата жұртқа.

- Өз еліңде, қасиетті түрік жерінде, туған қыстағыңда тұрып

жатып ата жұртың не - ей, отағасы?! - деп Зәйтүн ашуланды.
- Ес жоқ - ау сенде, әпендім! Жер ортасынан асқанда үйірінен шығандаған кәрі жылқыдай қиянды бетке алғаныңа жол болсын! Жат елге барып не опа табасың?

- Ежелгі ата қонысымыз емес пе қасиетті Тұран жері. Биік-биік таулары бар, айдын шалқар көлдері бар. Бұлқынып аққан бұлағы, кияға өрлеген шынары бар, құт мекенді бір көрсем деп ниет еттім. Бетімді қайтарма. Ақылың бар еді ғой, бәйбіше.

- Ондай ғажайып өлкеден, жер жаннатынан басында неге ауған ата - бабаларымыз. Отыра бермегені қалай?

- Әйелмісің деген! - отағасы зайыбына жаман көзімен қарады. - Түрік бабамыздың отыз ұлы болған. Солардың дені ата мекенде төрт құбыласы сай ел болып отырған көрінеді. Оның ішінде Алаш жұрты мығым отыр деп естимін. «Керегеміз - ағаш, атамыз - Алаш» деп өздерін еркін ұстайтын дала мінезді дегенді естіп жүрмін. Ежелгі көне бабаларымыз көк түріктің ұрпағымыз дейтін көрінеді. Тілі мен дініне, дәстүр - салтына берік, қайсар да намысты қандастарыма бір көрінгенім жөн шығар. Қассақ бауырларыммен дидарласқанымның өзі неге тұрады. Одан да жөн екен деп оң сапар тілемеймісің, қатын - ау!

- Кім бастайды сені онда? - Зәйтүн кәдімгідей - ақ шамырқанды. - Қасыңда сенімді жол серігің болса екен?

- Көк есегім аман болса өзі - ақ апарады адастырмай, - Қожанасыр әйеліне бұйырды:

- Сөзді қой да жол азықты қамда.

Кожанасыр іле шықты жолға. Көк есектің митың - митың өнімсіз жүрісімен Үшкіл таудың бауырындағы қыстақтан бірте-бірте ұзай берді.

- Жол болсын, Нәсіриддин қожа! - деді қарсы ұшырасқан ауылдасы.

- Әлей болсын!





- Бет аласың қай жақ?

- Ежелгі ескі жұртқа. Ата қонысқа.

- Ол қай тұс?

- Шығыста. Хазар теңізінің бойында, Тұран өлкесінің ойында. Аспан таудың етегінде, Сарыарқаның төскейінде, Сырдың жағасында, Жайықтың сағасында, Алатаудың өрінде, Ібір - Сібірдің төрінде...

Ау, бұны қайдан білесің? - деп ауылдасы Нәсіриддинді шалып өтті. - Есегің ұғындырған шығар?

- Ағаш аралаған үйші, ел аралаған сыншы болады деген ғой бабаларымыз. Сен деймісің үйкүшік. Әйелінің қасынан шықпайтын, - деп танысын әзілмен түйреді Нәсіриддин. - Сұрай - сұрай Меккеге де барасың. Шын ниет еткенге қашық емес ол жақ.

- Төреңе құлдық, Нәсір әпенді! - деп анау екі қолын кеудесіне қойды. - Сәт сапар тілеймін саған.

- Ә, бәлем, солай ма! - деп масаттанды Қожанасыр. - «Қонақты көп қондырма - сырыңды алдырасың, жолаушыны бөгеме - жолынан қалдырасың» деген ғой бұрынғылар. Менен сәлем айт сұраған жанға. Алла жолымды оңғарса, бес - алты айда оралармын.

Ол енді аялды азайтты. Күн шығысты бетке алып суыт тартты. Өңдімей - ақ қойды көк есектің жүрісі. Кінә есектен емес. Анау да бөгейді, мынау да бөгейді.

- Сапарлап барамысыз?

- Алла жолымды оңғарса.

- Межелегенің қай тұс?

- Ата мекенде қалған бауырларға.

- Оларың кімдер?

- Қазақ туғандар.

- Сәлем айтыңыз бізден.

- Құп, болады!

Жүрісін түзеп алған еді көк есек. Тағы бір жүз танысы бөгеді Нәсір әпендіні.

- Жүрісің суыт қой, Нәсір бей?

- Бауырларымды іздеп барамын.

- Адасып кетіп. . . сүйекке таңба боп. . .

-Жаман сөзге барма, Әзиз бей! Көк есегімнің қолқасы аман болса жолда қалмаспын.

Есек демекші, үнемі ел аралап, жер көрумен жүретін Нәсір әпенді талай шырғалаңға ұрынғанда адамнан зият көк есегінің арқасында амалдап құтылып кететін қатерден. Бір жолы мұны жолбасарлар ортаға алсын. Қойны - қонышын тінткілеп, зықысын шығармай ма?!

- Жасырған алтының қайда?

- Етігімнің қонышына тыққанмын.

- Неге өтірік айтасың, жоқ қой қонышыңда.

- Әй, болмадыңдар - ау! - деді ол жаны күйініп. - Есегімнің ыңыршағына жытырғанмын.

Білектерін сыбанған ұрылар көк есектің көтеншегін армансыз сүзіп шығып:

- Мұнда да жоқ. Өлтіреміз шыныңды айтпасаң! - деп пышақтарын жалаңдатқанда жаны қысылған Қожанасыр есегінің аузын нұсқайды.

- Тісіне қыстырғанмын, тісіне!

Енді әлгілер көк есектің көмейіне салсын қолды. Әбден зықысы шығып қиықтанған хайуан көмейіне сұғынған қолды азуға басқанда, озбырдың жан даусы шықпай ма. Киықтанған ашулы есек ұрылардың олайғысын былай, былайғысын олай тарпып, тістеп тіке албастыша төнгенде суық қолдылар абдырап қалған ғой. Ұрылар естерін жиып бір шешімге келгенше Нәсіриддин әпенді көзден тасаланып үлгеріпті.





Бір жолы Нәсір қожа базарға бармай ма.

- Әй, әпенді, есегіңді сатпаймысың, - дейді бір делдал.

- Бағасы удай ғой, - деп кергиді бұл. - Есті ғой, жануарым.

- Есті екенін дәлелдеп берші.

- Онда былай болсын, - дейді Нәсіриддин делдалға сұқтана тесіліп. - Қанша ғұмырыңның қалғанын менің есегім айтып бере алады.

Базаршылар «кәне - кәнелеп» есектің аузын бағыпты.

- Аузы емес, көтені сөйлейді, - деп Қожанасыр есегін бүйірінен жұдырығымен нығарлай нұқығанда есек тырқ - тырқ осыра бастайды.

- Неше осырса, сонша жыл өмір сүресің, - дейді де бұл есегін жетектеген бойда базар дарбазасына жылыстайды.

Әлгі әумесер:

- Ақысын берейін, есегіңді көбірек осырта көрші! - деп жалынады ғой.

Сөйткен ақылды жануар мұны жолда қалдыруы мүмкін емес. Жүре берді, жүре берді. Үш күн, үш түн. Бәлкім, үш жұма, әйтпесе айларды артқа тастаған шығар. Нақты есебі есінде қалмапты. Есіл - дерті көне қонысқа жетіп, қассақ бауырлармен аман - есен қауышып, шер - құмардан шығу ғана. Есегі де бұрлықты, өзі де титықтады. Сонда да қайтпады алған бетінен. Бір бұлақтың басына кеп, есегін шалдырған. Ұйықтап кетіпті. Қасиетті Тұран жеріне кеп жеткен екен дейді. Үлкен де, кіші де мәре - сәре. Сонау Анадолыдан Нәсір бауырымыз іздеп кепті деп ұлан - асыр той жасап, ат шаптырып, балуан күрестіріп жатыр. «Қожеке, сізді жауырыны жер иіскемеген палуан деп естиміз. Ортаға шығыңыз». «Бір қолымды қайырып артыма таңып тастаңдар, екі қолыммен ұстассам жазым боп кетуі кәдік күрескен адамым».

- Есегіңізде нендей қасиет бар?

- А, бұ жарықтығым, анда - санда ақша тышады.

- Онда бұл салпаң құлақты бізге қалдырып кетіңіз, көзіңіздей көріп жүрейік.

- Менің Қожанасыр атанып жүргенім осы ұзын құлақтың арқасы. Бере алмаймын, қалдырмаймын жануарымды!

Ояна келсе, есегін біреу жетектеп бара жатыр екен. Әлгіні тоқтатып, жөн сұраған. Мұны аяғына отырғызар емес. «Есек менікі», - дейді. Осыдан бес - алты ай бұрын қорадан шығып кетіп, іздей - іздей тапқан беті осы көрінеді.

- Нендей белгісі бар еді есегіңнің? - деп сұрады Қожанасыр.

- Бір құлағы екінші құлағынан ұзын.

- Есек атаулының бір құлағы екінші құлағымен бірдей болмайды еш уақытта, - деп Қожанасыр бет бақтырмады.

- Менің мінгішімнің ерекшелігі тайға таңба басқандай. Тышқанда боғының арасынан ділдә шығады ылғи.

- Қисынсыз!

- Олай болса, бәстесейік, - деп Нәсіриддин әпенді қолына түкірінді. - Бұл деген оңайлықпен тезек тастамайды. Біраз бусандырып шапқылатып алу керек. Сонда ғана ытқытады.

Қожанасыр есегіне мініп алды да, анаған нұсқау берді.

- Көзіңді есектің көтеншегінен айырмай, менің соңымнан бүлкектеп еріп отырасың. Серті былай бусанып терлей бастады ма, онда құдай берді дей бер, тіке атқытады. Сен де қарық, мен де қарық.

Әлгі әпенді қуанышын жасыра алмай алақанына түкірінгенде, Қожекең есегін тебініп қалды да тапыраңдата жөнелді. Бірте - бірте екпін алып ұзай берді ашық ауыз аңқаудан. Өкпесі өшіп діңкелеген оған: «Ақымақ бас - екі аяққа дамыл бермес» дегенді есіңе тұт» деп қолын бұлғай - бұлғай қыр асып кете барды.

Жала жауып есегін олжалап кете жаздаған әлгіден аман - есен құтылған соң сапарын әрі қарай жалғастырды. Жолын қырсық шалып, кедергіге тап бола берді де бағытынан жаңылып адасайын деді. Қайдан келіп, қайда тұрғанын біле алмай дағдарып кәрі жолдас есегіне қарай берді.





- Саған сендім енді, - деді бір түрлі босаңсып. - Қиыннан жол табатының бар еді ғой. Орта жолдан қайтсам, дос-дұшпанның табасына қаламын. Бәрінен де үйдегі қатынның кекесіні батады шымбайға. Баста мені қасиетті ата жұртқа!

Кәрі жолдас көк есек иесінің қиналғанын білгендей пысқырынды. Есегі бастап, Қожанасыр қоштап жалғаса берді жүргіншілік. Бәлкім, екі апта, әйтпесе бір ай. Жүріп келеді, жүріп келеді. Жол мехнатынан қажығанда әндетіп те алады. «Шыда Нәсіриддин, шыда! Атамекенге аман - есен жетіп, қассақ бауырлармен қауышқанда ұмытылады жол азабы».

Есек ұзарта түсті аяңын. Қыза - қыза бүлкекке басты. Ынталы жүрісін жақсы ырымға жорыды иесі. Күндізді былай қойып, түнде де жалғастырды сапарын.

Түн көзге түртсе көргісіз еді. Есегін еркіне жіберген Нәсір әпенді ел шетіне кеп іліккенде, шаһарға бергісіз қыстақты керіп: «Қассақ бауырлар үнемі кешіп - қонып жүреді деуші еді. Отырықшылыққа бейімделгені бек жақсы болған екен!» деп қуанып кетті. Тізгін тартар сәттің келгенін анық сезініп, қай үйге түссем екен деп ойлағанша болмады, есегі шеткергі ұжыраның дарбазасына тұмсығын тірей тоқтады. Ит үрді. Үрісінде дігерлеген байбалам жоқтай көрінді де, алың - бұлында қарауытқан үй көзіне жылы ұшырады. Тысқа шыққан әйел:

- Ау, бұ кім? - деп дауыстады.

- Бұл біз! - деді Нәсіриддин әпенді әйелін даусынан танып. - Кеп қалдық...

Әлқиса, Нәсіриддин әпенді Анадолы жерінде шыр етіп дүниеге келіп, ат жалын тартып мінгеннен бастап сайқымазақ

күлдіргі мінезімен жұрт назарын өзіне аударумен өткен жан. Ол сондайлық, ашық ауыз аңғал адам емес - тін. Жылағанды жұбатып, мұңайғанды күлдірсем деген ізгі ниеті оны мүтін дүниеге мәшһүр етті. Атағы Түрік елінен асып, көршілес халықтарға тарады. Шамамен он бірінші ғасырда дүниеге келсе керек. Нәсілі түрік болғандықтан, атамекенін аңсап, ежелгі қара қоныс Тұран өлкесін бетке алып, сапарға шыққаны, бабаларының құтты қонысынан тапжылмай елдігін сақтаған қандас бауырларымен қауышып, шер - құмардан шықсам деген ниеті - аңыз да болса ақиқатқа жуық.

Әйтсе де, былайғы сыншы көз Нәсириддиннің ұзақ сапарға белі берік жүрісті ат мінбегеніне күмән келтіруі кәдік. Оған аздаған дәлеліміз бар. Жанның бәріне жалпақ шешей, көңіл жықпас, ақпейіл аңқылдақ адамға ат құтая ма. Ата - бабадан үзілмей келе жатқан сеніскен досына астындағы атын түсіп беретін мырзалықтан Нәсір әпенді де да құр емес - тін. Кедей қолды мінгіш есекке ер салатыны содан да шығар. Ал оның ата қонысын аңсағаны құдайдың бірлігіндей десек қателеспейміз.

Қордалы мекеннен ессіз есірік кана жырақтайды.

## КӨСЕНІҢ ХАНДЫ АЛДАҒАНЫ

Ырыс - құт Бізбикемен ере келген - ді. Аяққа құйған астай шағын дәулетті келін боп босаға аттаған күннен бастап дөңгелетіп әкеткен. Шаруақор әйел Алдар Көсеге де қамқор. Елдің еркесі атанған Алдардың ер - тұрманын оңап, үсті-басын бүтіндеп, жұтындырып қояды. Сыртын түзеуге жоқ күйеуін қанша аялап мәпелесе де Алдерекең ашық қалпынан жаңылмайды. Сол әдетіне ыза болғанда Бізбикенің тілі шығады.

- Балалардың көкесі - ау, бой - басыңды оңап, сұлу торы аттай боп жүрмеймісің? - деп ренішін өтінішпен жеткізеді.





- Саған келмейді сөз, маған келеді. Әйелі салақ деп сөз шығарады былайғылар. Үйден жөндем шығасың да тоналып келесің.

Онысы рас. Қыл - аяғы қолына ұстаған шырғай сапты қамшысына да ие бола алмайды. Басқаларды алдаймын деп жүргенде өзінің шашылғанын білмей қалады. Аты кетеді ұрының жетегінде. Бір сумақай ер - тоқымын жымқырады. Жезделеген балдыздары азын - аулақ тапқан олжасын талапайлап және шығарады зықысын. Сырт киім құтаймайды. Белдік пен кісе отырған жерінде қалады.

Бізбике күйеуін әзірейілдей тергеді.

- Мауыты шапаның қайда қалған?

- Қонған үйде.

- Белдігің ше?

- Шешінген жерде.

- Күміс кісеңді кімге сыйладың?

- Тарту еттім сапарласқа.

Бізбике не күлерін, не жыларын білмейді.

- Көлденең тапқан олжаң қайда?

- Жоқ - жітікке үлестірдім.

- Қатын - балаңды кім асырайды?

- Сен барсың ғой.

Бізбике күледі еріксіз. Күлмегенде жыласын ба енді. Атағынан шатағы басым сайқымазақ қушыкеш Алдардың көрмей - білмей етегінен ұстаған жоқ.Жүрегі кірсіз, аңқылдақ, ашық мінезді азаматты шаужайлауға дәті бармайды. Онда күйеуін жоғалтып алады. Ел ақтаған қыдырмалығын сұраншақтыққа жеңдірсе қайтер еді?! Бұл білетін Алдекең ондай ұсақтыққа бара қоймайды. Өзін де, өзгелерді де мәз етіп, жалпақ жұртты күлкіге қарық қылып, езуін жидырмағаны үшін жамағаттан ақы сұрап не қылады.

Бізбикені де азғырып айнытатындар бар. Күйеуін қусырмалап қоятыны содан.

- Қатын, жол азығыңды қамда.

- Тағы да сенделіс пе?

- Олай демеші. - Алдар басын шайқап - шайқап жіберді. - Жау жетті, ел көштіден халық әбден запыс боп қалды емес пе. Солардың көңілін аулаймын, қабағындағы кейістіктерін сейілтемін.

- Сені хан іздетіп жатыр дейді, ол не сөз? Бірдеңені бүлдіріп қойған жоқпысың?

- Бара көрем ғой.

- Байқа, балалардың көкесі, хан құдай емес, құдайдан былай емес. Басқа пәле - тілден. Тіліңе сақ бол.

- Онда маған ауыз тұмылдырық жасап бере ғой.

Бізбике күліп жіберді.

- Әй, біздің үйдің кісісі - ай, саған дауа жоқ!

- Дауа сенде бар ма еді? Бай таппай қалатындай жабысқан өзің емес пе маған.

Ерлі - зайыптылар қосыла күліп, мәз болды. Бізбике күйеуін аттандырудың қамына кірісті. Ат - тұрман әбзелдерін реттеді. Отағасының жолға киетін киімдерін ыңғайлады. Ала қоржынды азықпен сықады. Шөлдеп қалмасын деп торсыққа ашымақ құйып берді.

Алдар әсте кексе ат мінбейді. Құнан мен тайға әуес. Белі көтеріліп көбеңсіген қасқа құнанға мінген Алдар Көсе керуеншілерге жанасалай жүрді. Бір бұлақтың басына кеп ошарылған олар бұдан жөн сұраған.

- Қайда тарттың?

- Базарлап бара жатырмын шаһарға.

- Белі берік мықты ат мінбегенің қалай? Жолда қаласың ғой қолдауы түскен арық құнанмен.





Алдар бір түрлі мұңайынқы кейіпте қынжыла жауап қатты.

- Бұл құлағың құрғыр, жебір боп тұр ғой!

- Қалай - қалай?

- Кәдімгідей. Іші толған темір. Әсіресе күміс ақшаға өш. Тіміскілеп жүріп тауып жейді. Біреудің тайтұяқ алтынын да жұтып салды. Соның артынан шығар сәтін күтіп жүргенім ғой. Бір балгерге жүгініп едім, бүгін - ертең атқытады ішіндегісін деп үміттендіріп қойды. Содан ғой жолаушылап жүргенім. Көбірек жүргізе бер деген. Кімде - кім бүгін түні кірпік ілмей құнанның тезектейтін сәтін жіті аңдыса, боғының арасынан табылған олжаға ортақтасады.

- Расың ба?

- Рас емей не енді? Үш күн болды көз ілмегелі. Жамандатқырдың артын аңдумен жүрмін.

Дәмелі жігіттер «мен күзетем, мен күзетем» деп таласты. Ұйқысын қандырып, онымен қоса, мінгішин емін - еркін оттатып алған Алдар енді құнанды саудалауға кірісті. Сұрағанын берді де, құнанды бір саудагер иеленді.

Айырбаска жүрісті ат һәм бір уыс ділдә алып, бір тай кездемені қанжығаға және бөктеріп шала байыған Алдарекең: «Алдағаным саудагер, саудагерді жауда көр» деп әндетті жол үстінде.

Жолай жайлауға көше алмай қыстауда қалып қойған жатақтарға соғып, кездемені кедей - кепшікке қалдырды да, атақты сараң Кияқбайдың аулына туралады ат басын. Қара қосқа түсіп ат шалдырып, байдың ауылда екенін білген ол ана жолы Қияқбайдың үйіне түсіп сусындағанда, жоғалтқан қамшысын бас жылқышының қолынан көріп және масайрады.

Қияқбай түпсіз сараң адам. Әр басқан қадамын есепке құратын әккілігі және бар. Үйіне бас сұғып тізе бүккен адамнан есебін тауып алым алады. Әлгінің жылтыраған бірдеңесін

жымқырып қалады. Төріне шығып қонақасы жегендер тіке тоналады. Қона жатқандар көлігінен айрылып жаяулап қайтады. Осындай суық қол жымқырмалығын өзінше өнер көретін сараң бай мұны да жұқалап жіберген өткен жолы. Батсайы белбеуі мен қамшысын жымқырып қалған - ды. Соған дәсерсіген ол атақты алдауыш Көсені де жерге қараттым деп бөсетін көрінеді.

- Уа, Алдар мырза, жол болсын!

- Әлей болсын.

- Жүрісің суыт қой? - деп үй иесі күлмең қақты. - Үлкен жерге бет алған сыңайың бар - ау.Атың да әндемді.Бой - басыңды түзеп алыпсың. Әйелің ісмер деп естуші едім, жұтындырып қойғанын қарашы! Әттең, қамшың үйлеспейді екен сыла кейпіңе.

- Соны айтам да, - деп ол байға іш тарта қарады. - Қамшымды жоғалтып ап...Ана жолы осында аялдағанда таппай қап...Кейін оралармын деп едім, соның сәті бүгін түсіп...Хан шақыртқан соң жолға шығып едім. Елбасыға немді тарту етерімді білмей сасып тұрғаным. Әлгі осында қалдырған қамшым әкемнің көзі еді. Өзегі күміс пен алтынның қоспасынан өрілген - ді. Тұрмыстан тарыққанда қажетіңе жаратарсың деп өсиет еткен еді әкем. Ханға әкемнен қалған қамшыны сыйламақшы едім, құдай үшін бір қажетімді өтей көріңізші! Астымдағы атымды алып, қайтарыңыз қамшымды. Бағана бір жылқышының қолынан көргендей болдым. Аумайды менің қамшымнан. Шыққыр көзім жаңылмаса, дәл сол менікі. Қияқбай шоршып түсті.

- Ойбай, атама! Осыншама ырғын дәулетке кенелгенде, болмашыға қолымды былғап не көрініпті маған?!

- Онда жөні түзу бір қамшыңызды бере тұрыңыз. Ханның алдына барғанда шыбыртқы ұстағаным келіспес.





Үй иесі сөзге келмеді. Төрде ілулі тұрған тобылғы сапты күміс сақиналы сары бас қамшыны ұстатты Алдардың қолына.

Былай шыға әндетті Алдерекең: «Ерледің - ау далаңбай, алдағаның сараң бай».

Көңілі көтерілген Алдардың қиялы қиянды шарлады. Басқаны дат дегізем деп жүргенде, өзінің шатылып қалатынын ойлап қояды. Хан неге шақыртты екен? «Менен алданбай жүрген тек хан ғана» деп бөскен еді ана жолы қалың бір жиында. Сонысын жағымпаздар әміршіге жеткізіп қойып жүрмесе?! Онда құрығаны. Көрсет маған өнеріңді десе не қайран қыламын. Құлық - сұмдыққа жоқпын. Аздаған қушыкештігім бар.

Қатты ойланды. Дуалы ауыз қазыға жүгініп, одан ақыл сұрамақшы болды да солай бұрды атының басын.

Қазы үкім жүргізіп жатыр екен.Кінәлі жап - жас жігіт.Атақты бір байдың қызын алып қашқан. Қыз жеме - жемде сертінен тайып, мені зорлықпен мәжбүрледі деп түлкі бұлаңға салған. Кінәлі айыпқа жүз байтал төлесе ғана құтылады. Оған қоса, жүз шыбық дүре соғылады айыпкерге. Билер талқысы жігітті ауыр жазаға бұйырып, шешімін жұртқа жарияламақшы боп жатқанда жеткен еді.

Үкімге наразылар мұны қоршап алды.

- Ақ сөзіңді айт, Көсе!

- Айтпағанда ше.

- Онда шық ортаға.

- Шықпағанда ше! - деді ол арқаланып. - Маған бір қынабымен қылыш ұстатыңдар.

- Оны қайтесің?

- Әділетсіз парақор билікшілердің басын аламын. Дүрлігіскен тобыр Алдардың қимылын бақты. Ол бір жігіт пен қызды ортаға шығарды. Жігіттің қолына қылыш беріп, қызға

қынды ұстатты. Бозбала қылышты бойжеткеннің қолындағы қынға сұғындыру керек қайткен күнде. Соған күш салады. Бейкүнә ұрғашы қорғанады.

Еркек жұлқынып - ақ бақты. Нәтиже шығара алмады. Ұрғашы қолындағы қыннан оңайлықпен айрылатын емес. Ақыр соңында екеуі тең түсті.

- Бұдан нендей қорытынды шығаруға болады? - деп Көсе жиналғандарға сауал тастады. - Қынап ыңғай бермесе қылыш қинай бермейді. Кінә ұлда емес қызда. Екі жақ та кінәлі.

Алдар осылай деді де кідірмей ілгері озды. Қазыдан ақыл сұраймын деп келіп, оны шоңқитып тастағанына бір жағы мағмұрланды, әрі қолайсызданды. Беделден айрылып қалатын болды деп аяды көмейі кең қазыны.

Ордаға бірден салып ұрып жетіп баруға батылы жетпей, орта жолда Жолболды шешеннің құжырасына бас сұқты.

- Сізден жөн білгелі келдім, - деді еш құйтұрқысыз. - Қазыға соғып едім, ана ауыл мен мына ауылдың арасын бітістіре алмай басы қатып отыр екен.

- Менен білген жөнді қай қажетіңе жаратасың?

- Ханның алдына бармақшы едім.

- Нендей шаруамен?

- Менің мақсатым - кімді болсын күлдіру ғой.

- Күлдіруің бүлдіруге ұласып кетпей ме? - Шешен бұған суық қарады. - Байқағайсың. Хан саған алдатпайды.

- Тәуекел, тас түссе талайымнан. Батаңызды беріңіз.

- Не деп? Ханды тақырға отырғыз деп пе?

- Жеңіліп жер боп қайт десеңіз қатып кетер еді.

- Онда жай қолыңды...

Алдар ат үстінде Жолболды шешеннің даналық сөздерін көңілінен өткізіп, сан ойдың басын шалды. «Өтірігің өрге баспасын, жасың жүзден аспасын» дегені жөн. Ордаға атпен барып, жаяу қайт дегеніне қалай түсінуге болады?





Абыройсыздыққа ұшыра дегені ме? Тағы не деп тұспалдады қақсалың?

Тілмар шешеннен сөз қала ма, суырылған біраз. Барып-барып зорға тоқтады - ау. «Би турашылдығынан қалса дауды көбейтеді, хан әділеттен тайқыса жауды көбейтеді». Тағы не деді? «Иі қанбаған тері көн есепті, қасиеті кашқан жібек бөз есепті». «Қыраннан қажыр кетсе, құзғын биіктен көрінеді». «Ойнақ тілеген қаншық қыналаудан жалықпас. Бұны не үшін айтты екен? «Кәрісі қадірсіз ауылдың адамдары арсыз келеді». Бұнысы қисынды. «Шал желіксе шапанын жоғалтар, қатын желіксе ошағын жоғалтар». Бұған да түсінуге болады. «Тойшыл ауылдың малы жоғалғыш келеді». Ақ сөз. «Қатынға билік тисе, күйеуіне күл шығартады». Қатырып жіберіпті - ау! «Мал құтырынса оңалайын дегені, ит құтырынса бөрі алайын дегені». Адамдары құтырса ше? Онда ақыр заманның жақындағаны ғой.

Алдар Көсе Жолболды шешеннен естіген сөзді түгел дерлік ұғып қала алмаған. «Хан ордасына атпен барып, жаяулап қайт» дегеніне түсіне алмай басы қатты.

Өрістегі қойшыға бұрылған.

- Малың аманда болсын! - деді.

- Дұшпаның табанда болсын! - деді анау.

Жөн білетін адам сияқты. Жағдайын айтып еді, Жолболды шешеннен де асырып жіберді.

- Жүрісің сылбыр. Тәрізі жау қуып емес, дау қуып бара жатқаннан саумысың?!

- Үстінен түстің, - деді Алдар қарық боп күліп. - Басқа пәле - тілден. Ханды да алдауға бармын деген едім бірде. Сол сөзім басыма пәле боп жабысатын түрі бар. Жолболды шешеннен ақыл сұрап едім, жөндеп ашылмады.

- Тұспалдаушы еді ғой. Не деп жұмбақтады?

- Хан ордасына атпен барып, жаяу қайт дегеніне түсіне алмадым.

- Түсінбейтін түгі де жоқ. «Патшаға жақын жүрсең, не астындағы атың кетер, әйтпесе мойныңдағы басың кетер» деген бұрынғыдан қалған сөз бар. Атыңнан айрылсаңда, басыңнан айрылма дегені ғой шешеннің. Оған қапа болма.

- Ә, онда ниеті түзу екен шешеннің, - деді Алдар құтыңдап.
- Өзің нендей сөз қосасың?

- Қисынын тап та қисық кет, - деді қойшы жалбағайын қолына алып. - Тақсыр хан қол астындағы қара халықты балаша алдағанда, біздің де бір мәрте ұтысқа шыққанымыз жөн. Жолың болсын, тарт алға!

Алдар Көсе туралай салды хан ордасына. Межелі тұсқа ілігіп қалғанда, тезек терген әйелге жолықты. Ақ жапаға сықалған ала қапты өңгертті. «Бір қажетіңе жаратарсың» деді де қала берді.

Хан Алдарды салқын қарсы алды.

- Сөйле, - деді сұсты кейіпте. - Көрсет, қане кереметіңді!

- Менде нендей керемет болушы еді. Әншейін жұртты күлдіріп, көңілдерін көтеріп...

- Мына қабың не?

- Тезектен басқа терері жоқ. Сұрағанға бөліп берері жоқ, қара тобырдың ойдан - қырдан жиыстырған азын - аулақ мезіретісі ғой сізге.

Сөйткенше болмады, қаптың тесігінен сары бас жылан шыға келді. Түйме басты ханның ақ мысығы іліп түсті де, мыжғылап шайнап тастады.

- Бұл нендей жұмбақ?! - деді хан ғажаптанып. - Сен өзі сиқыршыдан саумысың?

- Ондайлығым жоқ, - деді Алдар оңтайлы сәтті құр жібергісі келмей. - Түнде далаға түнеп едім. Алтынға үйір келмей ме түйме бас. Асыл зат мәгнитше тартатын көрінеді жыланды. Күдіктенбеңіз, хан ием. Көңілге алатын түгі де жоқ. Халқыңыз қабағыңызды бағып, айтқаныңыздан шықпайды екен, дұшпаныңыз табанда болады.





- Дөп айтады, - деп уәзір ханды ұйытып тастады.
- Мұны жақсылықтың жоралғысы деп білуіміз керек. Жалпақ жұртыңыздың өзіңізге беріп жіберген сый-сияпатын күдік - күмәнсіз ақ ниетпен қабыл алғаныңыз жөн. Еруліге қарулы, Алдарды да құр жібермейік, айта жүреді.

Хан қолма - қол жұмсарды. Алдарды аттандырып салуды уәзіріне тапсырды. Оқалы шапан киіп, қоржынын сәлем-сауқатка сықап, ордадан олжалы қайтқан Алдар Кесе өлеңдетіп бара жатты.

Хан тақсырды алдадым,

Жоқ қой менің арманым...

Орта жолға барып қалғанда артынан шабарман жетті шапқылап. Шаш ал десе бас алатын жау жетті ол Көсені алдына салып айдай жөнелді.

Алдар саспады. Амалдауды ойлап қиялын әр қияға бір өрлетті.

Жарлық шығып қойыпты. Дүре соқтырмақшы екен.

- Не үшін? - деді Алдар.

- Ханды алдағаның үшін.

- Халықты алдағандар қайда қалады? - деді Алдар қатуланып.

- Ол кім еді?

- Хан ше?

- Қалай, қайтіп алдаппын? - деді хан ашуын сабырға жеңдіріп. - Қол астымдағы бағынышты жұртты алдағанымды мойныма қойып дәлелдеп шықпасаң, өз обалың өзіңе, дарға асыласың.

Алдар Көсе қарық боп күлді.

- Тақсыр! Жаны алқымында тұрған адамнан жөні түзу сөз шығушы ма еді? Мені ақ сөйлесін десеңіз бір жолғы ағаттығыма кешірім жасаңыз.

- Қидым қасықтай қаныңды.

- Онда мен де сізге кешірім жасадым, - деді Алдар ханға тайсалмай тік қарап. - Халықты балаша алдағаныңызды бетіңізге баспай - ақ қойдым. Бұдан былайғы жерде әділ билік жүргізіп, ұры мен сұғанақты дүрелетіп, жағымпаздар мен жандайшапты тізелетіп, парақор қазы мен озбыр билікшіні тұқыртып, жамандарды сұсыңмен жасқап, игі жақсыны ізгілікке бастап, иелігіңдегі жұртынды алаламай, елім деген ерлерді жазықсыз жазаламай, үкімшілікті бітімшілікке жеңдіріп, жесірді жұбатып, жетімді уатып, кәріні дауда сынап, жасты жауда сынап, кедейдің малын қорғап, арудың арын қорғап, ақымақты ақылмен жасқап, ақылгөйдің айтқанына тоқтап,бұра тартты бұғалықтап, шыға шапты ауыздыққа сүйеп, пәлеқор мен жәлеқорды ұзын арқан, кең тұсаумен ұстап, еліңді сырт дұшпанның сұғынан сақтап, салбөкселікке салынып ордада омалып жата бермей, шартарапқа қыранша көз жіберіп сестене білсең төңірегіңе естілер жиылады. Ханы сесті, азаматы есті елді жау алмайды.

- Саған дауа жоқ, - деді хан дымы құрып. - Алдағаның былай қалып, сынағаның қиын соқты - ау! Құдайшылығыңды айтшы, ат - шапан айып кімнен?

- Сізден болат та...

Хан тұнжырап төмен қарады.

- Мынаның аузындағы сөзін алып қалыңдар да өзін үш күншілік жерге дейін шығарып салыңдар, - деді әмірші уәзіріне бұйырып.

Әрі қарай созбадық. Аңыз - әңгімені тұспалмен аяқтағанды жөн көрдік. Алдардың астындағы аты да аман, өзі де аман. Мол олжаға қарық болып, ат - шапан айыпқа алдына мал салып қайтты десек шындыққа сәйкеседі. . .





## Бейбіт әңгімелер

# АЙҚАЙ ШАЛ

- Туған ауылынан тапжылмаған Мелістің балалық шағы ауыр жылдармен тұспа - тұс келген еді. Қаршадай қара баланың көрмегені жоқ. Әкесі майданнан оралмады. Ауыр бейнеттен көк иық болған шешеде дамылдық болмайды. Бір үйде үш бала. Ересегі өзі болғандықтан, іні - қарындасына нан тауып берудің қамымен күзгі жиын - терінде масақ теретін - ді.

Егін орағының қызған кезі еді. Үйде тіске басатын түйір жоқ. Есі кіріп қалған Меліс інісі мен қарындасын шешесінің сиыр фермесінен еңбеккүн есебінде алатын көк сүттен жиған тасқұртпен алдандырады.

Таңнан егін орағына кеткен шешесі соңыра маған келіп кет деген - ді. Өзінің де өзегі талып інісі мен қарындасының қыңқылынан мезі болған ол егін алқабын бетке алған. Егінжайға іліге бергенде шешесінің төбесі көрінді. Байламға түйген қос уыс дәнді қолына ұстата берген. «Ұсталып қалма, зыт көзге көрінбей!» дегенін қаперге алған қара бала бұғына жүгіргіштеп бара жатты. Қарсы алдынан шыға келген ақи көз бірігәдір Жолпан баланы ат бауырына алды. Кеудесіне басқан дәннен өлуі бар айырылғысы жоқ ол жанұшырып жеткен шешесінің артына тығылды. Біргәдір мен шешесінің салғыласы толық есінде қалмаған еді. Қос уыс бидай көрексіз қалған үш балаға екі - үш күнге тәлкесу болған - ды.

Сол бір аянышты оқиға Меліс қарттың көкірегіне шор болып байланып қалды. Ауық - ауық көз алдына келіп, нұрсыз жанарына жас үйіреді. Мектептегі оқуын тауысып,

ілгерілеп білім алуға талаптанғанда агроном болғанды қалаған. Сірә, жер тәліміне жетік мамандықты таңдағаны бір уыс дәнге зар болған ашөзек күндер себеп болса керек.

Кіші агрономдыққа қол жеткізген Меліс қырық жыл туған ауылында еңбек етті.

Жержады шалға Қаракемер елді мекені алақанға салғандай айқын. Бұл ұжым «Өркен» совхозының бір бөлімшесі болатын. Кеңшар жаңа тәртіпке көшкенде шаруашылық жауапкершілігі шектеулі серіктесікке бөлініп кетті.

Қалаға орнаған балаларына ермей түп қазықта қалған Мелісті ауылдастары аса жақтыра қоймайды. Тықақтаған мазасыздығынан ығыр болған үлкен - кіші кешегі бірдейшілік кезеңді аңсайтын оны «Айқай шал» деп кекейді. Ол қоғамда тәртіп бар еді.

Жекеменшікке негізелген жаңа кезеңді Мелістің суқаны сүймейді. Жыртыла - жыртыла көк беттеніп кеткен күтімсіз танаптарды көргенде, айқайға басатыны бар.

- Әй, қарағым! Ауыспалы егіс жүйесін неге сақтамайсыңдар? - дейді шаруашылық қожасына.

- Онда сіздің жұмысыңыз қанша!?

- Жұмысым сол! - дейді агроном шал көзін ежірейтіп.

- Жер тәліміне жетік маманмын.

Топыраққа да күтім керек.

- Маған өкіміңіз жүрмейді, ақсақал! - дейді қожалық жетекшісі. - Жердің иесі сіз емес менмін.

- Оттаған екенсің! - дейді қиқар шал қамшысын білеп.

- Жердің иесі халық емес пе.

- Ол ертегіңді үкіметке айт! - деп қасарысады шаруа қожалығының иесі. - Егістікті пайдалану өз еркімде. Жұмысқа мешайт жасамай жайыңызға жүріңіз!





- Үлкендігімді сыйласаң етті! - дейді агроном шал дымы құрып. - Сіздікі жөн деп айта салсаң нең кетеді?

- Олай дей алмаймын! - деп тұлан тұтады жер иесі. - Мені тергейтіндей сонша кімсіз!?

- Менің кім екенімді аяғыңның астындағы топырақтан сұра.

- Топырақ өлі нәрсе, ақсақал!

- Оттапсың! - дейді агроном шал. - Көкиіп жүргенің топырақтың арқасы емес пе?

Үйде омалып отыруға жоқ ол аз ауылдың адамдарына да мазасыз. Жарапазандаған жау жетті айқайынан мезі болғандар оны көргенде есіктерін жауып алады. Бейсауат бос жүрген бұзау - торпақты теміржол табанынан қуалап тастаған соң шеткергі үйдің дарбазасын құрықшамен қоймай - қоймай түйгіштеді.

- Уай, келін! Бұзауыңа неге ие болмайсың? - деді үйден жүгіре шыққан әйелге. - Жаз шыққалы оншақты бұзау пойыз табанына түсті, обал емес пе!

- Оған бола басыңыз ауырмасын, ататай! - деп әйел суырылып берген. - Қолдағы аз малдың қысқы шөбінің өзі уайым боп тұрғанда бұзауларды жазда қорада ұстап немді берейін?

Сөзден тосылған қарттың дымы құрыды. Күрең жорғасын тайпалтқан ол ауласы қоқыр - соқырға толып кеткен ортаңғы үйдің дарбазасына құрықшасын төндірді.

- Үйіңнің маңайы ыбырсып кетіпті ғой, шырағым! - деді сақалды жас жігітке.

- Қатырамыз, ақсақал! - деді ішіңкіреп жүретін ол.

- Балам - ау, тәртібіңді түзесеңші! - деді кәрие жыларман болып. - Бір сау жүретін күнің жоқ.

Алды қатты мінезді қарттан тайсалған ішкіш жігіт

бұрылып кетті. Айқай шалдан балалар да ықтап кетеді. Әдепсіз тентектерді шықпыртып жібереді.

Осы мазасыздығы Меліс қартты ақыр соңында бір шатаққа ұрындырды. Біреудің ерке баласын жөнге саламын деп басы дауға ілінді.

Балажан әке - шеше айқайшы шалды заң орнына беріп, әлек - шәлегін шығарды.

- Ақсақал, бұныңыз дұрыс болмаған! - деген тергеуші суық томсарып. - Бала мен ананы қорғау турасында заң шыққанын білетін шығарсыз. Біреудің шіп - шикі баласына қамшы білеп, жүрегін ұшырып... сізге не көрінді!?

- Шыдамай кеттім!

- Қаршадай бала нені бүлдіргендей!?

- Бүлдіргені сол, жүгермектің! - Меліс қарттың бет қатпары қопсып бара жатты. - Жолда қалып кеткен бөлке нанды доп қып теуіп жүргендерін көріп қап. . . Біреуі қолыма түспей кетті, әттең! Екіншісін ашумен шықпыртып жібергенімді мойындаймын.

- Сотталасыз ғой, ақсақал?

- Мейлі ғой! - деген қиқар қарт ауыр теткіп. - Тіршіліктің арқасында түрмесін де көріп кетейін.

Шарт жаза алған «Айқай шал» кемпірінің қасында қала берген. Мінгішін өріске жіберді. Тықақтаған мазасыздықтан сап тиылған кәрі шөңге өткен - кеткенді қағазға түсіретін машығына кіріскен еді. «Теке тойлы боп кеттік, түге! Нан тептілік түбінде бір қараға ұрындырады. Бір уыс бидайға зар болған ашөзек күндер есімнен еш кетпейді» деп жалғастырды ойын.

*31.07.2024.*





# БІР ҚИЛЫ КІСІ

Неге екеніне таңым бар, менің жас күнімде адамдардың қосалқы есімі бадырайып тұратын еді. Мейлі, кім болса ол болсын, азан шақырып қойған ныспысымен қосарлана жамылғы аты да ел аузында жүреді. Бұл әдет соғыстан кейінгі елуінші жыларда айқындала түскен - ді. Қанқұйлы пәшестерді талқандап жермен жексен еткен жауынгерлер майдан даласынан «мінез жамап» қайтса керек. Бала да болсақ солардың ерсі де ерке қылықтарына елеңдейтін едік. Бір қилы адамдарды сыртынан бір көргеннің өзі балаң көңілімізді бір көтеріп тастайтын-ды. Біздер - балалар үшін солардың бірегейі Алпан ағай-тын. Азан шақырып қойған аты Алпысбай болуға тиісті. Оң қолынан өнері төгілген айтулы ұстаның майдан даласынан өзгеріп келгенін біздер - балалар алғашқы кезде байқаған жоқпыз. Өзінің әдеті солай шығар деп мән бермедік Ол кісіні әке - шешелеріміз «жігіттің сұлтаны»» деп көтермелейтін еді. Сөйткен ол есірік мінезге басқанда төсектің артына тығылып қалатынбыз. «Қатын ұрғыштан» үлкендер де ықтайды. Шықпыртатын әйел өзінікі болса оған кешіріммен қарауға болады. Алпан ағай қайдағы біреудің қатынына қол жұмсайды. Балаң санамыз бұл ожарлықты ауырлайды. Үлкендер оның дүлейлігін сондайлық ерсі көрмейді.

Жиырмашақты үйлі «Ақсу» қой фермасы ол жылдары қиян шетте болатын. Пәшестермен соғыста жігіттердің қатары сиреп кеткені балаларға да белгілі. Аз ауыл адамдарының дені егде кісілер еді. Ағаларымыз мертік - шортық, соған қарамастан жұмысқа апат. Неге екенін білмейміз, солардың үйлеріндегі тәтелер бізге шетінен сұлу боп көрінетін. Сол бәденді әйелдерге Алпан ағай қырғидай тиеді. Үлбіреген келіншектерді қамшымен шықпыртып жібергенін сан көрдік.

- Ата десе, онысы несі!? - деймін әкеме шағынып. - Көшжан көкем үйіндегі тәтемді анау әлгі, соғыстан кәнтөзін боп келген ұста ағатай қамшымен сабап тастады.

- Ештеңе етпейді.

- Сен қызықсың, ата! - деп бұртиямын. - Біреудің әйелін сабағаны жындылық қой нағыз!

- Соғыстан миы шайқалып келген, балам. - деп атам мені жайластыра бастайды. - Алғашқы алған келіншегі бет біткеннің бәдендісі болған. Алпан соғыста жүргенде сұлу келіншегі біреуге тиіп кетіп ...соның қайғысына шыдай алмай анда - санда көтеріліп кететін боп жүр.

- Дұрыс емес, - деймін мен бұртиып. - Өйтетіні бар, бұрынғы алған тәтені неге қайтып алмаған.

- Өз қатары да емес, ақи көз, тобан аяқ Қойтан запперменің қойнын жылытқан опасыз ұрғашыны қайтеді, - деп атам жайып шуады.

- Өйтсе, неге ай мен күндей бір әйел алмаған? - деп мен де әкеме берісе қоймаймын. - Алпан ағайдың үйіндегі қазіргі тәте сұлу емес қой.

- Ой, балам, сұлу қатыннан әбден аузы күйіп қалған емес пе. Малтабар қойшының пұшық мұрын қара қызына сол себептен ұрынған жоқ па.

- Ол кісінің, Алпан ағайды айтам, бізге қандай жақындығы бар?

- Сенің шешеңнің немерелес бауыры! - деп атам төндіріп қояды. - Саған нағашы ол.

- Ондай нағашының маған керегі жоқ...

Біздің ауыл Шажағай өзенін жайлайды. «Алтыбай көңі» аталатын ескі қораның іргесін көтеріп ұстаханаға ыңғайлаған Алпан ағай темірге жан бітіріп қана қоймай арба, шананы да құрастыра береді. Қобыз да жасайды, домбыраны да





қиыстырады. Қоңыр кеште қобызға даусын қосып бір мұлы әнді күңіренткенде, өзен бойы зарлы сазға бөгіп тербетіліп кеткендей болады. Атамның ыңыршақ торысына жарбиып мініп аламын да ұстахананың сыртына кеп оның үніне құлақ тосамын.

Зарлы сарында менің ұғымыма сыймайтын бір жұмбақ сыр бар тәрізді. «Қайран жарды қимаймын қиық - қиық, қалай мені сатқансың көзің қиып...» Күңіреніс ел жатқанға дейін созылады.

- Ата, ұста ағатай әнші екен ғой! - деймін қой қотанға иірілген бейуақта. - Ол қобызға даусын қосқанда жылағым кеп кетеді.

- Не болса соған көзіңді сулай берсең, жасық боп өсесің, балам! - деп атам маған ала көздене қарайды. - Ол сені жеп қоймайды, үйіне барып жүр.

- Қорқамын одан! - деп бетімді басамын. - Қатын ұрғыштан...

- Бұрынғы әйелі есіне түскенде сөйтетіні бар, - деп атам мені жайластыруға тырысады. - Құдай басқа салмасын!

- Қайтеді енді?

- Құтырынады! - деді атам иығын селкілдетіп. - Бұрынғы қатыны көзіне күйік боп... содан арқасы ұстап кетеді оның. Айтанды айтам, бабалары бақсы болған.

- Бақсы деген не ол!?

- Өзгеше жаратылған адам. Қобыз тартып жынын шақырғанда аспаннан перінің қызын түсіреді. Отқа салса күймейді, суға салса батпайды.

- Алпан да сүйте ме ?

- Өйте қоймайды, - Атамның да көзі шықтанады. - Бірақ қиын енді...

- Айтпайсың ба ақылыңды.

- Өзі білсін деймін. Есі бар тентек.

- Сонда тәтелерді ұратыны несі?

- Еркелігі ғой, еркелігі!

Бір жолы Алпан ағай жолға жиналды. Біз, балалар, үрпиісіп бір - бірімізге сұраулы жүзбен аңтарылдық.

- Шолақ қол көкем үйіндегі тәтемді сабайды енді! - деп жыламсырайды Қалкен боқмұрын. - Арқасы білеу - білеу боп кеткенін көзім көрді.

- Біздің көрші шойнақ Тұтқышбек ағаның әдемі келіншегін де аямайды, - деп Жәпей тентек те мұрнын тартқыштайды.

- Сендерге туыс көрінеді ол кісі! - деп қисық мұрын Аршабек мені бір түйреп өтеді. - Атаңа айтып қойдырсаңшы жындылығын.

Біздер бір - бірімізбен жақ - жақ болып жатқанда Алпан ағай көрші ауылдарды дүрліктіріп жүреді. Не істеп, не қойғанын біз сол ауылдың балаларынан естіп білеміз. Неге екенін қайдам, үлкендер Алпанның ерсі қылығын көріп, білмеген болады. Керісінше біздер шала бүлінеміз. Сол екпінмен «Өркен» қой фермасының қалқан құлақтарынан ақпар аламыз. Олардың бізге берген мәліметі ішті. Алпан ағай бұл жолы бұзақы әдетке бармай өзін салқын ұстап, жесір әйелдерге әкелген сәлем - сауқатын үлестіріпті. Әкелері майданнан қайтпай қалған балаларға өз қолынан шыққан сарыбас қамшы беріп бастарынан сипапты. Шығар ауызда жыны ұстап кетіп, сол ауылдың дөкейі, ферме бастық Болтанның сұлу қатынын жосылтып жіберген көрінеді. «Қайным - ау, әдетіңді қойғансың ба!?» деп іш тартқанын шам көрген Алпан ағай, - Өкпелесең, саған да бір сый! - деп шай құйып отырған тәтені бір салып өтіпті.

- Күйеуі қайткен?

- Үндемей құтылыпты.





- Онысы несі!?

- Запперме көке кәрі адам, - деп көрші ауылдың білгіші танауын шүйіреді. - Әйелін тастап жас қыз алған ғой.

- Өзінен көрсін онда! - деп біз ұстаның содырлығын жайып шуамыз.

Алпанның омырауы орден - медалға толы екені есеп емес, бізге оның елде - күнде жоқ оғаш мінезі ұнайды. Соны өзімізше жыр қыламыз. Сөйткен ол кейінгі күндерде, бурадай құтырынған мінезден сап тиылып бір - ақ күнде жуасып қалған еді. Күңірентіп қобыз шалып, ұзақ - ұзақ жыр толғаудан ажырап, момақан қалыпта машықты жұмысы ұсталықпен айналысқаннан басқада жұмысы болмай, әйел сабайтын дөрекілігі жайына қалған ол зарығып көрген балаларына алданды.

- Ата, ұста ағайға не болды!? - деймін мен әкемнен сыр тартып. - Ауырып жүрген жоқ па?

- Ондайдан аман, - деп әкей мені жайландырады. - Әлі өскенде көзің жетеді, ғашықтықтың азабы ғой оны қияли әдетке ұрындырған. Сүйіп алған бұрынғы әйелін қимай, содан ерсі әдетке салынып, қатын ұрғыш атанып жүргені.

- Онысын неге қойды!?

- Бұрынғы әйелі қайтыс болып, содан жынды сүрей әдеттен сап тиылды ғой. Не болса да ішінде. Қашанғы жұлына берсін!

- Ол әйелге не болған!?

- Жылқы фермесінде бие сауады екен, - деп атам сөзін ауырлата түседі. - Асау биенің текпінінен жазып боп кетіпті.

- Алпан ағай қайткен?

- Барып топырақ салыпты қимасына, - деп атам шегір көзіне жас алды. - Соғыстың әлегі ғой ол пақырларды бір - бірінен айырған.

Алпаннан жәбір көрген әйелдердің де күбір - сыбырын

естіп жүреміз. «Мертік - шортыққа бізді қимағаны ғой, сабаздың!»деп сынықсығанын сан естідік. Қатын ұрғыш ұстаның жыны басылған қарсаңда сұлу келіншектері бар көкелеріміз мінез шығара бастаған, -ды. Солардың шектен шыққаны Көшжан ағай еді. Ол үйдегі жеңгемді «Әйей тәте» дейтінмін. Сол әдемі тәтені ашуына тигенде күйеуі - біздің ағай қамшымен жосылтып жібереді.

- Неге үйтеді!? - деймін атама.

- О, неме, жаман әліне қарамай қызғаншақ! - дейді атам қабағы түйіліп. - Сұлу әйел алған өзінен көрсін!

Сол қарсаңда Алпан ағайға басқаша мінез пайда болған еді. Енді ол әйелдерін ұратын еркектерді қырына ала бастаған - ды. Сол екпінмен қатын ұрғыш құрдастарын шетінен шықпыртатынды шығарды. Ұста ағайдың ашуына тиген Көшжан көкем: «Екінші гәрі қол жұмсамаймын қатыныма!» деп әке - жәкелеп құтылды.

Тағы бір әйелін сабайтын қатарласын тәубесіне келтірді. Біздер, балалар, ұста ағайдың «ерлігін» өзімізше жырға қосамыз. «Пәшестерді жеңген, ауылға батыр боп келген, қатын ұрғыштардың сазайын берген».

Ол жылдары қой фермалары ауданнан шалғайда қиян шетте қанат жайған - ды.Ұсақ - түйек тәртіпсіздіктер заң орындарының назарынан тыс қалып жатады. Ферме бастықтан соңғы біздің ауылдың ықпалды адамы Алпан ұста - тын. Ол отырған жерде, әсіресе әйелдер жағы тыртың - қылтыңсыз қыздай сызылатын еді. Қатын сабағыш құрдастары шәлкеш мінезді ұстадан ықтап кетеді.

Содан былайғы жылдарда сан мәрте ай жаңарды, бозарып таң атып, алаулап күн шықты. Замана желі әр тұстан шықты, біресе жауындатып, біресе дауылдатты. Жаңаша тіршілік күйбеңі адамдарды табиғи қалпынан айырып бір өңкейлікке





душар етті. Қоғамда адам түсініп болмайтын өзгерістер пайда болған еді. Бір келеңсіздігі - қызылды - жасылды дүниеге ентелеген үлкен - кішіде табиғи мінез қалмай барады. Олардың арасынан кешегі өткен Алпан ұста сынды мінезді адамдарды шам алып іздесең де таппайсың.

Жақында ол кісі түсіме енді. Баяғысынша отты көзімен мені ішіп - жеп барады.

- Әй, бала, қайда жүрсің!? - дейді өңіндегідей. - Тоңып қалдым, үй салып берсеңші».

Іле ұстаның балаларымен хабарластым. Олар қамсыз емес екен, басына көк тас қоймақшы.

*13.11.2024.*

## ТӨМПЕШ КӨРМЕГЕН ӘЙЕЛ

Алаң - далаң - мінезіне бола Нұршатты ауыл - аймақ «дәлду қатын» атандырып жіберген. Сол жапсырма есімі өзіне бек жарасар еді. Бос шелектей салдыр - гүлдір еткен оны былайғы құрбы - құрдас көзінше көлгіреп сыртынан еріндерін шығарып жатады. Ағы ақ, қызылы қызыл қалпында жайнаң қаққан Нұршаттың қабағы қайда да ашық. Тойда өлеңші, жайшылықта аңқылдақ оны әсіресе үлкендер іш тартып, «көкем үйінің ерке келіні» деп асыра мақап та жібереді. Соған дәс алған Нұршат еркелігін кей - кейде шектен шығарып жібереді.

- Нұршат - ау, осы күні өзіңдей кексе келіндер қымтанып жүргенде сенің алаң - ашық жүргенің тым ерсі, - деп енесі қатарлы бәйбішелер аяқ астынан ақылдымси қалғанда бір әулет былай қалып бір ауылдың ерке келіні атанған Нұршаттың аяқ астынан тілі шығар еді.

- Бетімді жасырғанмен, басқа жағымды қайтып далдалаймын көргіш көзден!?

- Жарайды оныңа келістік, - дейді ақылдымсыған әйел. - Тіліңді тартсаңшы, жарқыным. Қатар құрбыларың «шая қатын» деп сенен безе қашады.

- Несін бүлдіріппін олардың!?

- Намысына тиетін көрінесің!

- Қайтіп?

- Еркектің тепкісінде жүретін өңшең күң деп. . .

- Өтірік пе!?

- Сен ше?

- Мен ондайдан азатпын.

- Көрерміз күн уағында.. .

- Көрсеңіз сол, тәтетай! Байым өзімдікі, мен соны білемін

- Басқалардікі ше?

- Оны өздерінен сұраңыз.

- Сенен сұрасам ше?

- Мен өзіме ғана жауап бере аламын.

- Олай десең, құрбыларыңды шенеп, мінемей жөніңе жүр.

Әдет алып қалған Нұршат құрбы - құрдастарын түрткілегенді қоя алмай жүр.

- Әй, қатын, бетіңе не болған!?

- Байым ұрды.

- Өзіңде де бар!

- Онда сенің жұмысың қанша! - дейді құрбысы тұлан тұтып. - Менің еркегім мінезді. Сені басқа шығарып қойған сүмелек байыңды әлдеқандай қылма!

Нұршат сырт көзге ағыл - тегіл көрінгенімен үйде тып - тыныш. Әншейінгі ойнақы мінез үй ішілік күңкіл - шүңкілде кәдеге аспай қалады. Ауыр көлік жүргізетін Ұлтан жұмыстан шаршап келеді. Онсыз да түсі суық ері қабағынан қар жаудырып





суық томсарғанда әншейінде ойнақыланып тұратын Нұршат аяғының ұшымен жүруге мәжбүр.

Екеуінің қосылғанына да жиырма жылдың жүзі ауды. Содан бергі жұбайлық тірлікте қол ұстасып көшеге шығып, иә болмаса қатар түзеп қонаққа барғандарын былайғылар көрген емес. Аудан орталығындағы жүк тасымалдау кәсіпорыны қысқарғанда Ұлтанға су жаңа «Камаз» автокөлігі тиіп, жекелікке негізделген қоғамдық үрдіске бейімделуге тура келген - ді. Нұршат мәдениет үйінде әдіскер, әрі әнші еді.

Ұлтан көлігімен ұзақ сапарға шығып тұрады. Нұршаттың сарт - сұрт еткен ашық мінезін көре алмаған құрбылары оны ашық шенейді.

- Әй, қатын! Сенде бай бар ма өзі!?

- Бар болғанда қандай! - дейді Нұршат күлмең қағып. - Табысқой барып тұрған. Мінезі ауыр және өзінің. Бетіме алара қарап көрген емес.

- Сендер қатар жүріп қонаққа барасыңдар ма осы!? - дейді құрбысы теріс лағып.

- Қажетсіз сейілдің керегі не!?. - дейді Нұршат байыпты болғансып. - Біз бос дырдумен жүргенде үрпе - шүрпе бес баланы кім асырайды?

- Баланы күпітіп таба берген өзіңнен көр!

- Сен не? Бедеумісің!?

Осыдан ілік шықты. Сапардан оралған Ұлтанның атына бес қатыннан шағым түсті.

Шағым хатта айтылмаған сөз қалмаған еді. Жаптым жала, жақтым күйеге салынған жәбірленушілер бар пәлені сүйрең ауыз Нұршатқа үйін төкті.

- Әй, мынауың не!? - деген Ұлтан күрт тұтанып. - Біреудің қатынында не жұмысың бар!?

- Ойнағанымды білмейді.

- Мә, саған білмеген!

Жұмырық сарт еткенде Нұршат томарша опырылып түсті.

Сол - ақ екен жиырма мың тұрғыны бар «Жаңаөмір» кентінің тұрғындары оқыс хабарға өре түрегелісті. «Отбасы туралы заң шығып, әйелдер мен балалардың құқығы қорғалатын болғанда, қатын ұрған деген барып тұрған тағылық» дегенді өсірмелеп әкетті.

Дөрекі ұр да жық қатыгез еркектің ісі сотта қаралуға тиісті деген жамырама пікір интернет желісінде желдей есті. Осымен қабаттаса, байының соққысына ұшырған Нұршатқа байланысты: «Таяқ көрмеген тәлпішке сол керек!» деген жазғырынды сыпсың бірден - бірге таралып жатты.

*24.07.2024.*

## МАЙОР ШЕНДІ ШЕШЕ

Саягүл - өр әйел. Ақ сұр өңі қысқы күндей шаңытып, қабағынан қар жаудырғанда бір үйлі жанның үлкен - кішісі түгелімен толайым ықтап кетер еді. Биік қабақ астындағы уытты қара көзі шанда бір күлімсірегенде әлгіндегі бұғыңқы жандардың арқа - бастары жазыла түседі. Алдымен үлкен келін Бидайыққа тіл бітеді.

- Енетай, мен жұмысқа кеттім.

- Сені кім ұстап отыр?

- Жай айтқаным ғой, - дейді ол назарын төмендетіп. - Кеңсе қожайыны қырыс адам. Жұмыстан кешіксем қырына алып жүргізбейді.

- Бетің жылтыр болғансын қызығады да саған, - деп суық томсарды енесі. - Менің де басымнан өткен жағдай.





- Әне, бұ кісі сүйтеді!? - деді әдеміленіп тарана бастаған үлкен келін құдай аманаты теріс лағып. - Киінгеніміз де ерсі бұ кісіге, күң етек боп жүргеніміз керек. Баласы бір жағынан әкіреңдеп...

Кіші келін Тәмпеш те жинала бастады. Балабақшада тәрбиеші боп істейтін ол бой - басын қымтанып жүреді. Енесінің назары кіші келінге түсті.

- Қымтанғаннан не шығарасың - ей!? - деді оған. - Бетіңді тұмшалағанда басқа жағыңды қайда қалдырасың?

Келіндерін қусырмалауға жаны құмар тынышсыз ене балаларына да мазасыз.

- Әй, Бейсен боз! - деді үлкен баласын өзіне қаратып. - Сенің не ойлағаның бар, қашанғы арбакеш боп жүре бересің!? Ондай кәсіп қай атаңда бар еді? Көлігіңді сатып, кәсіпке бейімдел дегенім қайда саған?

- Осыным тыныш, шешей.

- О, жігерсіз ынжық!

- Мелиса қатын атанып сіз де жер басып жүріз ғой, шеше!

- Менің шенімнен нендей зиян таптыңдар? - деді бір кездегі майор Саягүл ана. - Мына дағарадай жайды кім сендердің бастарыңа көтеріп берген!? Әкелерің көк сумен боламын деп ерте кетті өмірден. Сендерді итше тістеп жүріп жеткізген едім ғой.

- Арам табысыңды бұлдама, шешей! - деді үлкен ұлы. - Әйел басыңызбен көлденең олжаға құмар едіңіз ғой.

- Адалдан ақша тапсаң, саған біреу қой деді ме?

- Өйдесеңіз, мына үйді сатамыз да өз бетімізше кетеміз, шешей. - деді үлкен ұл ішкі ойын ашып салып. - Қашанғы омаламыз бір күркеде!? Оның үстіне сіз де бір жағынан міндетсіп... күн көрсетпей...

Сөзге кіші ұл Солтан киликті.

- Жолымды қу деп полицияға тығып... Ақырында нансыз қалдым.

- Өзіңнен көр! - деді майор шенді шеше. - Әкеңе тартқан қызбалығыңа мен жауап бере алмаймын. Тентекті жағадан алып сілкілейтін өркөкірек мінез бұрынғы кезеңмен бірге кеткен.

- Заң бұзғандарға өздері айтақтайды да жеме - жемде кінәні төменгі шенділерге аудара салып, нанымыздан айырады, - деп қитықты кіші ұлы.

- Басқа да жұмыс бар ғой, - деді шешесі қисық ұлын шыжымдап өзіне тартып. - Қарап жүргенді қой. Тәртіп сақшысы болған сендейлер күзетшілікке таптырмайды.

- Соған тұру үшін де бірдеңе беруге тиістісің, - деді Солтан жыларман болып. - Кірмеген есік, бас сұқпаған тесік қалған жоқ. Шетінен сақ, сіздің атыңыздан үркіп тұрады.

- Олай десең саудаға шық.

- Ақшаны қайдан аламын?

- Менің зейнетақымды жарат.

- Сіздің пенсияңыз ауыз шаюға да келмейді, - деді Солтан қытымырланып. - Үйді сатқан жөн.

- Қарашаңырақ қой бұл деген! - деді майор шеше сәл босаңсып. - Беделіммен, ақыл - айламмен арзанға түсіріп алған жоқпын ба!

- Бұрынғы сауда үйінде не қасиет бар дейсіз!? - деді Солтан тақыстығына бағып. - Үйді сатып ақша жасағанымыз жөн.

- Ә - ә, солай деймісің?

- Қисыны соған келіп тұр.

Үй сатылатын болғанда отбасының үлкен - кішісі бір ауызды боп шықты. Ененің адуын ызбарынан мезі боп жүрген қос келіннің іші білді. «Иә, сәт - ай!» десті қас - қабақтары жазылған емескі үмітпен. Қос ұлдың да құдайы жарылқап, арқа - бастары кеңіп сала берген. Оңашаланған екеуі екі - үш шөлмекті босатып





тастады. Есі кіріп қалған балалар да: «Алақай, үйді сатып ақша ұстаймыз!» деп мәз болды.

Қос қабатты үйдің ауласы тал - терекпен көмкерілген бау - бақшалы болатын. Құтты ұяға қызыққандар кең жайды көтеріңкі бағамен алды. Мол ақша әулеттің би анасы майор шешенің қолына тиген еді. Қанша дегенмен ана аты бар емес пе - жеме - жемде жұмсақсып сала берген ол үлкен ұлға үш бөлме, кіші ұлға екі бөлме пәтер сатып берді де өзіне бір бөлмелі шағын жайды таңдады. Артылған ақшаны екінші ұлдың саудасына ыңғайлады. Сәл мүлт кеткенін кейінірек байқаған адуын шеше жалғызсырай бастаған. Іргесі тиіп тұрған қос ұлдың үй жайына бас сұғудың өзі Саягүлге қияметтей көрінген еді.

Кезіндегі ысқырық - ызыбарын ұмытпаған қос келін мазасыз енені салқын қарсы алатынды шығарған. Немерелері де шешелерінің қырпымен болып «майор әжесіне» еркелей қоймайды. Қос ұлдың құдайы жарылқаған еді. Арбакеш Солтан сатылған үйден алған үлесін жең ұшынан жалғасуға жаратып, таксопаркке орналасып алды. Кіші ұлда да өзгеріс бар. Саудаға жүгіргенде жолында кім тұрса да қағып өтуге бар. Қытымыр шешеден ықтағанды ұмытқан.

Майор шенді шешеде бұрынғы екпін қалмаған еді. Аудандық деңгейде үштің бірі боп құқық қорғау саласында мінсіз қызмет атқарған Саягүл отбасылық күйбеңде мүлт кеткенін мойындауға мәжбүр. Қызмет бабындағы қатаңдық үй ішілік жағдайға үйлеспейді екен. Меселі түсіп тауы шағылған ол: «Әй, тұқымың өскірлер - ай!» деп шарасыз мұңаяды. Болып - толып тұрғанда «маматайлап», алды - артын орағыштайтын ұлдары мен келіндерінің салқынсыған қалыптарына себепкер өзі екенін іштей сезінгенде қасарыспа мінезі күрт сынып, сәтте жұмсақси қалатыны бар.

*16.07.2024.*

# АЛАШАП АЙҒЫР ҺӘМ БОЛТАЙ

Көктемнің алақызбасы жылдағыдан алабөтен. Үйір соңындағы айғырлар арқырап кісінегенде тау теңселгендей болады. Шаруа қожалығының жетекшісі Болтай жылқыны екі - үш үйірден асырмайды. Бас үйірдің қарамы мол, үйір соңында Алашап жүреді. Тай - байталдарға қытымырлығы жоқ кәрі айғырдың үйірі молығып жатады. Бұл үйірде саяқтар да жүре береді. Алашап сырт көзге айбарлы көрінеді. Үйіріне суық қол сұғынғанда алапаты асып өрленіп алады. Қуғыншының жолын бөгейді. Қанды ауыз қарақұлақтың қоршауында қалғанда тіптен үдеп салады. Алдындағы жылқыға қасқырдың тісін тигізген емес. Үйірін ауылдан ұзатпайтын естілігіне баға жетпейді.

Болтай «Аққөл» совхозының бұрынғы жылқышысы еді. Ұры - қарыны жылқыға қия бастырмайтын қасқыр соққыш болатын. Тағы бір қыры шабандоздығы, тақымынан көкпар бермейтін ол тұлға - тұрпатының ірілігімен қоса той - томалақта әуелете ән салып, отырған жерін думанға бөлейтін - ді. Серілігін перілігі жеңгенде қызды ауылдарды жағалап жүріп алатыны бар. Жар қосағы Кәнайды көкпарша іліп әкеткені ел ішінде аңыз боп тараған.

Ғашық боп қосылған Кәнай босағаның құты болған еді. Ұл да тапты, қыз да тапты. Қолын ашық ұстады. Сүйіп қосылған күйеуінің ыңғайымен болып, төрге озған қонақты төредей күтті. Болтай шаруа қожалығын құрып жеке қыстақты иеленгенде, ерімен иықтаса жүріп, жылқы қайырып, қой да бақты. Алты қанат ақ үйдің үзік, туырлығы, бау - шуы Кәнайдың өз қолынан шықты. Қымыз баптағаны да бір жосын. Сары қымызды құлаштай сапырғанда жұп - жұмыр ақ білегі кісінің көзін тұсап тастар еді. Төрге озған қонақ





өзіне шара аяқпен қымыз ұсынған ажарлы әйелдің келісті келбетіне ұры көзін жүгіртер еді. Кәнай әйелдің шолпаны болғанда үй иесі отағасы еркектің көкжалы сияқтанатын.

Ұжымдық шаруашылық ыдырап, жекешелену басталғанда қатардағы жылқышы Болтайға үлес аз тиді. Жеті - сегіз тай, байталдың соңына салатын айғырға таңдауы түскенде Алашапты жетекке алған еді. Дөнежіннің бауыры құтты болды. Алдына салған тай - байтал төрт - бес жылда молықты. Маңайдағы шаруагерлер жылқысын ұрыға алдырып, жер сипап қалғанда Болтайдың жылқысы аман жатады. Бас үйірдің соңында Алашап жүреді. Кіші үйірді Алашаптың бауырынан өрбіген жас айғырар иеленеді.

Болтайдың жылқысы былайғы көзге ала құла боп көрінеді. Үйір соңындағы жас айғырларда да мінез бар. Қара жерден із айыратын Болтайдың ұрланған жылқыны түн асырмай тауып әкелетіні малды ауылдарға аңыз боп тараған. Жер жады зеректігінен қорынған бұқпа ұры ала жылқылы фермердің қотанына сұғына қоймайды. Қиян шетте жатса да сырт жұртпен байланысы мықты. Болтайдың аты ала жылқыларымен әйгілі. Кілең тұрықты омырауы есіктей көрнекі жылқыдан тұқым алушылар жалғыз аяқтап келіп жатады. Қыста қысылып, жазда жазылатын малшылықтың ежелгі тәртібіне қанық Болтай қыстауда омалғанды қош көрмей жайлау тәртібін сақтайтын еді. Төрт түліктің төресі жылқының мінезіне сүйенетіні, ұрыны қия бастырмайтын қырағылығы, жаздың үш айында көкпардан қалмайтын өлермен өжеттігі ауыл арасына аңыз боп тараған. Серілгі де бар, сырнайды құлаштай тартып әнге басқанда қыз - қырқын аузына қарап қалады.

Қос ақ үй тігетін ала жылқылы шаруагердің ауылынан қонақ арылмайды. Кәнайдың қолынан шыққан қымызға

құмартатындар шеткергі ауылға ат басын бұрады. Ауыл арасында «Кәнай қымыз» да болады екен деген көтерме сөз бар. «Шешесін көр де қызын ал, ыдысын көр де асын іш» деген мақал Кәнайдың қымыз баптауына тура келеді. Жылқы ауылда өскен байыпты әйел қымыздың бабына мейлінше жетік. Шешесінің сөзі құлағында қалып қойған. «Қымыз - кінәмшіл келеді, күбіден ұзатпаған жөн» деп отыратын еді. Көп жағдай қымыздың басытқысында деп әкесі және қосарлайтын. «Кәнай қымызға» ентелегендер үй иесі әйелге будыратып ақша ұсынғанда: «Қымыз қол сауданы көтермейді» деп өңін суытып ала қояды. «Қанша ішсең де қолыңды қақпаймын. Қымыз қойшының қойыртпағы емес, қанжығаға бөктере салатын» деп келген қонақтың меселін қайтарып тастайды. «Кәнай қымызға» құмартқандар жылқылы ауылға ілгерілі - кейінді келіп, кетіп жатады. Қона жатып қымызға қанады, ата сусынның басытқысы жылқының сүр етіне кенеледі. Тоғанға қармақ салып, балық аулайды. Атқа мініп сейілдеймін десе өз еріктері. Айғырлардың бір - бірімен шайнасқанын, бұқалардың арпалысын, қошқарлардың сүзіскенін қызықтайды. Соның бәрінен де демалушыларға айғыр төбелес қызықты боп көрінеді.

Бір қос жылқыға жетіп қалған ала жылқылар алыстан көзге түседі. Үйір соңындағы айғырлар шетінен азулы. Шеткергі ауылға кеп демалушылар өрістегі айғыр төбелесін қызықтайды. Сырт елдерден кеп жүрген саяхатшыларға бұның бәрі таңсық. Әсіресе олар құтпан айғыр Алашапты төңіректейді. Омырауы есіктей тұрықты айғырдың көзі отша жанып тұрады. Бас бітімі ауқымды, жалы күдірейіңкі күдіс бел шомбал тұрқынан ересен қуат байқалады. Осыншалықты уытты кесек бітіміне қарамастан Алашап қызбалыққа салынып мазасыздана бермейді. Төбелесқор айғыраларды





тәубесіне келтіргенде тіке қабағы қара аспанша түнеріп жалынан от шашырағандай екпінмен бәсекелесін астына басып алып шайнап тастайды.

Алашап үнді, кісінесі әр қилы. Үйіріне жау тигендегі дігері бір жосын, күнше күркірегенде аспан мен жердің арасы қосылып кеткендей болады. Сонда оның азынаған айбарынан төңіректегі малды ауылдар елеңдеседі. Иттер байбаламға басып, төсекте бұйыққан отағасы жаушы - жалам сыртқа жүгіреді.

Алашаптың бұл ғадеті иесіне мәлім. Жылқыға қасқыр тигенде адуын айбармен үзіп - үзіп кісінейтіні бар. Үйірге ұры араласқандағы кісінесі тіптен ащы шығады. Әбден кәнгіленіп алған Болтайды айғырдың кісінесі шырт ұйқыдан оятады. Ояна келген ол көлігіне от беріп түнгі даланы бетке алады. Өзге шаруагерлер жылқысын ұрыға алдырып әлек - шәлек боп жатқанда, Болтай бейбіт жағдайда болады. Табиғат заңы ғой, Алашапқа уақыт ізі сұғына бастаған еді. Сыртының түгі үрпе - сүрпе болып бозғылданып кеткен. Уытты тепсір тентек көзінің оты бәсең тартып буалдырланып тұрады. Үні де бәсеңсіп, бұрынғыдай күңгірлеп шықпайды. Түбіне кәрілігі жетті. Қимағанмен болмады, бауырындағы биелер қысыр қала бергенсін, оны піштіріп тастаған еді. Сойып тастауға қолы батпаған иесі пішпе айғырды қолында ұстайды.

Алашаптың иесінен де өзгеріс байқалады. Малсақтығына қоса бозбала кезіндегі аумалығын тастай алмай жүр. Бір жақта ас беріледі, той болады десе есі қалмайды. Сол әдетіне сыралғы Кәнай ерінің сейіл - серуеніне кеңшілік жасап, мал - жанды назарында ұстайтын еді. Үш - төрт баланың анасы ол бүгінде бәйбіше жасында. Қолы ашық, дайындаған тағамы дәмді келеді. Мейлінше малсақ, атқа

мініп қой қайырады. Мәшиненің рөлін де ұстайды. Жазғы пішендікте трактормен шөп шабатын пысықтығы және бар. Бұлардың қол астындағы мал қайырып, қара жұмысқа иық талдыратын қоңсылар ерлі - зайыптылардың ашық қабақ жайдары мінездеріне тәнті. Әсіресе олар Кәнай бәйбішеге тәк тұрады. Ерінің олайқы - былайқы бөстекі жүрісіне көндігіп алған ол ауыл үй қонған жоқ - жітікке болысып, қолын ашық ұстайтын еді.

Бөстекі жүрістен бір күндері ши шығып, ерлі - зайыпылардың арасы алшақтай түскен - ді. Серілігін перілігі еңсерген Болтай тойда жүріп бір сұлуға шырмалып қалған-ды.

- Қойсаң қайтеді!? - деген Кәнай ажарлы өңіне суық сұс үйіріп. - Өткен күндер есіңде шығар. Ауыл жігіттері мені сенен қызғанып ортаға алғанда араша түскенімді ұмытатын жөнің жоқ. Жалғыз аттылы екеніңе қарамастан артыңа міңгесіп кете барғанмын.

- Қолың ұзарады, - деген Болтай. - Сен ақ бәйбіше дәрежесіндесің. Ол сенің күтуші есебіңде болады.

- Мақұл онда! - деп Кәнай жинала бастаған - ды. - Артымнан келуші болма.

Әуейілікке салынған Болтай жапсарлас ауылға кеп жатқан «сұлуға» өліп - өшіп, оны күніге бір көрмесе жүре алмайтын кепке ұшыраған еді. Қасы жаңа туған айдың қиығындай болғанда ақ, қарасы айқын көзін ұзын кірпіктері көлегейлеп тұрады. Томпақша бүйрек бетіне майға батырған бауырсақтай үйлескен тәмпіш мұрыны сүйкімін арттыра түскендей еді. Енді осы тартымдылығын иегін көмкерген толықша еріні үстемелей түскенде құмарлық жалынына шарпылған еркекте жан қалмай, бабымен жетілген шиедей балбыраған ерінді құныға өбіп ләззат тұшымына





кенелген сәтті қалайша ұмытсын. Дүлей құмарлықпен әлгі керімнің ақ тамағына төнгенде, өзгеше тартымды жұпар иіс тұла бойын балқытып балбыратып бара жатады. Тән тұшытқан ыстық құшаққа көміліп арсы - гүрсі жағдайда жан алып, жан берген төсек ләззатына кенелген сәттегі әлгі жұмбақ арудың ләззат тұшымына шыдай алмай ыңырсып сыңсығаны еркектік шабытын үстемелей қоздырып жібереді. Қылығы бір қилы болғанда, төсектегі қимылының өзі жан шыдатпайды. Мұншалықты тартымды құшақты көрмегені өзіне аян. Бәлкім, мұндай ыстық құштарлық жұмақтағы хор қыздарында болатын шығар.

Көрші ауылға кеп жатқан сұлуға ол түн қараңғылығында кеп ұрынар еді. Әуелгіде тар төсекте ұшырасқаннан басқа артық сөз айтылмай, жаздың қысқа таңын ләззат тұшымына арнаған болатын. Бір - біріне үйренісе келе сыр бөлісуге көшкен - ді.

- Жаным, нағыз еркек екенсің! - дейді қонақ әйел үздіге сыбырлап. - Осы күні жөнді жігіт бар ма?! Анаша мен арақтан басқа білері жоқ. Үстіңе шығар - шықпастан құлай салады.

- Есік көріп пе едің?

- Бір ынжықпен төрт - бес жыл тұрдым.

- Ұнамады ма?

- Ұйқыдан бас алмайтын сүңейді желкемнің шұңқыры көрсін.

- Араларыңда бала болды ма?

- Бала қолбайлау емес пе. Қызығыңнан қағады.

- Менің төрт балам бар, ендеше.

- Итше күшіктеген әйел еркектің құмарын қоздыра алмайды.

- Оны білем, - дейді Болтай әйелді ымқырулап. - Төсек

қатынасына сауаты жоқ менің қатынымның. Астымда иленіп жатқанға мәз.

- Мынадай жойқын тегеурінмен бір қатынға байланып қалғаның - ай! - дейді жұмбақ сұлу.

- Онда өзіңді алайын.

- Анауыңды қайтесің?

- Көнсе екі әйелдің бірі болады. Көнбесе төркініне жіберемін.

- Сонда мені ауылда ұстамақсың ба!?

- Енді қалай!

- Оның болмайды, мықтым! - қылымсы қатын түп ойын білдірген. - Мені алатын болсаң, қалаға жылыстайсың. Ауылдық жерде тұра алмаймын.

Екі дене қайта табысты. Өрт қызумен өліп өшкен еркек барын салды. Толассыз илекке түскен әйел ләззат иірімінің тұшымына шыдай алмай ыңырсуын үдетіп жіберді. Арудың тұшымды ерінінен емірене өбіп, ақ тамағынына ашқарақтана төнген дүлей еркек толассыз қимылға басқанда жойқын тегеурінге шыдай алмаған әйел нәзік ышқыныспен үздіге емеренеді.

Болтай әке - шешесі бола тұра нағашы жұртына тән боп өскен - ді. Жиендік еркелікпен нағашыларын жүре тыңдайтын ол еркін өскен еді. Мектеп қабырғасынан кеткен соң ұзап оқымай ауылда қалып, құрық сүйреткен жылқышы атанды. Ауылдағы еркіндік тұлға - тұрпатына сай келген ол қасқыр соққыш болатын. Сесті сергек бозбала ас - тойларда сырнайды құлашай тартып ән бастаса, көкпарда тақымкеш атанды. Қызды ауылдарды жағалайтын серілігі босқа кетпей, елде - күнде жоқ бір сұлуды жар еткені күні кеше ғана - тын. Бөлек ауыл шығып, мал өсіргенде де аса қинала қоймаған - ды. Жылқысы бір қосқа жетіп қалды.





Ірі қара малы жүзден асып жығылады. Қой - ешкі де бір отарға жақын. Ашық ауыз аңғалдыққа жоқ оның қора - қопсысына суық қол сұғына қоймайды. Жора - жолдас, туыс - туғанмен араласып, алық - берік жасасып тұрады. Саудаға оң иығын беріп тұрады. Қымыз сапырып, жылқының сүр етін баптайтын, неше түрлі ұлттық тағамның дәмін кіргізетін, келген қонаққа ашық қабақ танытып жылы ұшырайтын, мал - жанға диақшы боп өзімен қатарласа шаруа жайына атсалысатын еркек бағалы Кәнайдың орны бөлек. Арыстай - арыстай ұл тапты, сүйріктей сүйкімді қыз тапты.

Қызулы құшақтан зорға деп босанып еркіндікке шыққан Болтай құла жорғаны тайпалтқан бойда өрістегі малға бет алған. Биылғы жаз жаңбырлы боп тұр. Көк ерте жетілген, қырдың селеуі аттың тізелігінен келеді. Шабындық көтеріліп келеді. Ат басын сиыр табынына бұрды. Қарағанды өзекте байырқалаған өгізшелер мен тана - торпақтар күмпиіп ет ала бастаған екен.

Жылқы үйірлері бір - бірінен шанжауламай қатар жатыр. Үлкен үйір топталып алыпты. Үйір соңындағы Алабел айғыр жылқы шетінде селтиіп жеке тұр. Қызғаншақ айғырдың сыры иесіне мәлім. Байырғы үйір қожасы Алашаппен дамыл - дамыл ұстасып, мазасы кетіп жүр. Ат боп кеткен бұрынғы үйірдің қожасын сауырлап қуып тастаумен - ақ діңкелеп бітті. Ұмытырып жібереді де оқыстан сап етеді. Күні кеше бауырында болған сары қарын биелер байырғы қожасымен шұрқырай табысқанда, Алабел айғыр сұмдықтай бүлінеді. Жас күшке төтеп бере алмаған пішпе айғыр құла түзді бетке алып шапқылап бара жатады.

Болтай көз жетер жерге күн сала қарағанымен, Алашап көзіне түспеді. Қолға ұстайтын еді, кісінеп мазалана берген соң босатып жіберген - ді. Сойып тастауға қолы бармай және

тартынады. Кәрі айғырдың сенделіске түскені өзіне де ауыр тиеді. Піштірмей сау жібергенде бүйтіп қуғынға түспес еді. Тай - байталдарды алдына салған еді, біріне де қарамады. Үйірін іздеп арқырағанда тау теңселгендей болады. Өз үйірінің соңындағы айғырмен тістесіп те көрген. Жас күшке төтен бере алмай тая соқты.

Болтай өз жағдайының да мәз емес екенін ойлап кетіп еді. Алашап кәріліктің салдарынан сенделіске түссе, бұл қырық пен елудің арасында, шыбығы сыздап тоқал алмақшы. Артық дүниенің де бір сиқыры бар ма деп те қауіптенеді. Кешегі құрық сүйреткен сыбай салтаң кезіне не жетсін. Кедей қолды күн көрістің де өз қызық - шыжығы болады екен. Барға мардымсымай, жоққа тарылмай текетойлы тоқшылықты місе тұтқан бейбіт күндерге не жетсін! Дара шаруа да оңдырып тұрған жоқ. Өзіне басы бүтін бұйыршақ аз дәулетті қайтсем молықтырсам екен деп түнде ұйқысы бұзылып, күндіз күлкісі сұйылады. Енді сол бейнетпен қоғамдаған мал - жан өзіне бу бітіргенін не деуге болады!?

Болтай басына келген ойдан қуыстанды. Қуыстанатын да жөні бар. Ойда жоқта ұшырасқан әне бір сұлу мұны мәгінитше тартып құшағынан босатпай қойды.Әлгінің бір сиқыры бар тәрізді. Соның ғана дидары көз алдында. Жар қосағы Кәнай бүгіндері әншейін бір қалыс жандай көз алдынан бірте - бірте алыстап барады. Оның бар - жоғы есеп емес. Балаларына өліп өшетін әкелік мейірі де салқын тартып кеткен. Қатын - баласына әдеткідей жан тартса, онда мына ойда жоқта кез болған сүйіктісінен көз жазып қалатындай берекесі қашады.

Жұмбақ әйелмен жасырын қатынасы жиілей түскен - ді. Қалыңдығына ұрын келетін күйеудей - ақ түн жамылып баратын бұны сиқырлы сұлу бұрынғыдан әрмен құшағына





тарта түседі. Төсек қимылының құпиясына жетік тойымсыз ару ардың - гүрдің апырақтаған еркекті не бір тілмен айтып жеткізбес өліп - өшкен сыңсыма үнімен, биге бергісіз ымқырулы қимылымен, үздіккен өбісумен ләззатқа қарық қылағаны былай тұрыпты бұған деген тілегін бүкпесіз ашық айтқанда Болтай қанша қарпыса да қызуы бәз қалпындағы балбыраған денеге жабыса түсер еді.

- Сүйесің бе мені? - дейді сүйіктісі.

- Жаным сол! - дейді бұл.

- Қатыныңды қайтесің?

- Қосалқым болады ғой.

- Ол не сөз!?

- Үлкен әйелім боп қалмай ма.

- Оныңа келіспеймін! - дейді сәтте салқынси қалған сүйіктісі. - Мен сені басы бүтін иеленемін. Қаншама уақытым зая кетті сен үшін. Бизнесім тоқтап қалатын болды.

- Немене, кәсіпкермісің!?

- Одан да зорғысы! - деп үнін қатайта түседі жұмбақ ару. - Менің бір түнім мың доллар. Саған қаншама уақытым кетті. Уәдеден тайсаң, есеп айырысамын.

Болтайдың үні шықпай қалды. Құшағындағы әйелдің балбыраған жұмсақ денесі қапелімде салқын тартып бара жатты. Жұп - жұмсақ сүйріктей саусақтары темір қысқаштан бетер кеудесіне қатқыл тиіп тұла бойын түршіктіріп жіберді. Ләззат тұшымына шыдай алмай үздіге еміренген оның жұмсақ үні қатаң зіркілге ауысып өңменіне инеше қадалған сияқтанды да Болтай шыдай алмай төсектен тұрып кетті.

Оны бір қысастық буған еді.

- Есеп айырсайық, - деген қылымсы қатын. - Бай көрінесің, еңбегіме өтеуің мол болсын. Қиқақтайтын болсаң, заңға жүгінемін! Қараулығыңды жарияға шығарамын.

Болтайды шарасыздық буды. Мал сатудан қалтасына түскен қомақты ақшаны әйелдің алдына будыратын тастай берген. Сол бетінде рауандап атып келе жатқан таң бозын бетке алып шапқылап бара жатты. Кейінгі он - он бес күнде өзін мәгнитше тартқан тұрақ та жат қалыпқа түсіп, өлгендердің қорымы сияқтанып кеткендей еді. Екі жұма бойында құшағына көмілген ай маңдай ару ертегідегі жезтырақ кейпінде көз алдына алың - бұлың шалынып есін шығарып жіберді. Аты барлыққанда барып тізгін тартты. Қысас ыза іші - бауырын буып және қинады. Біреуде есесі кеткенде кісіні осындай бір шарсыздық буатыны бар. Бұның нақ осы сәттегі өкініш - ызасы басқаша жағдайда. Есі кете берілген әлгі бір жұмбақ ару жан түбінде сақталған арман - аңсарын, қимас сезімін, ары мен ұятын, нәзік иірімге толы махббатын - бәрі - бәрін шарай көзге тонауға ұшыратып, мәнсіздендіріп тыңған тәрізді. Болмашы тиын - тебенде тұрған түк те жоқ.

Қасақы сайқал қатын бой қуаты мен ой қуатын өшіріп тынса не болғаны!? Еркектік тегеуріні өз орынына келер-ау. Табиғат аясында, қиян түкпірде еркін жетіліп, бұла боп өскені оншадан бұншада қайдағы бір сайқалдың құшағында қалып кеткеніне не деуге болады!? Ол өз - өзіне зорға келді. Бір бұлақтың басына келіп ат шалдырып, қоржындағы дәмнен өзек жалғады. Торсықтағы қымыз онша бапты көрінбеді.

Көз шырымын алған соң, өрістегі малды амандауға кірісті. Сиыр табыны бейбіт жатыр екен. Кіші үйір де аман. Бас үйір көзіне түсе қоймады да биікке шығып, төңіректі шолды. Сонау ойдан жылқы қарасыны шалынды көзіне. Таяна келе шамалады, үлкен үйірдегі Алабел айғыр жылқыны шоқтай қып иіріп алыпты. Өзі сілейіп жеке





тұр. Дәу де болса Алашаптың әркеті шығар деп ойлады. «Жарықтығым - ай! Назаңа тап болдым - ау осы!?» деп теткіді.

Бір қыр асып түскенде жеке жүрген екі жылқыны көрді. Алашап одыраңдап алдынан шықты. Тұла денесінде саутамтық жоқ, азулы жас айғырдың өткір тістері омырауын ырситып жіберіпті. Сауыры дал - дал, қаны әлі тиылмапты. Уақыт тоздырған бұлдыраң көзі шатынап кеткен. Іші - тысын буған шарасыздыққа қарсылығы ма, шор тартқан домбал аяқтарымен тарпына қодыраңдап қысылыңқы үнмен ауыр оқыранды.

Баяғы бетті күндерден ада бүгіндегі аянышты жағдайын исіне мәлімдеп тұрғандай еді. Уақыт пәрмені өз дегенін болдырса, оған көнбеске шарасы қайсы?!. Қасақы суық қолдың тәніне сұғынғаны қиын соқты. Тұшымды күндерді бірге өткерген үйірінен шеттегені қорлықтың үлкені боп тұр. Жас айғырға таланды болғанына көнідігe алмай кәрі көкірегін өксік буады. Үйірдің бір шетінде жүре берсе де болатын еді. Соған ыңғай бергенде қасақы жас күш айқасқа тіленген жоқ па. Дегені болып үстемсіген уытты айғыр өзін алдына салып қуып бергенде соңдарынан шұрқырап жеткен құла биеге қайырылмасқа шарасы қалмаған еді. Өлермен өжеттікпен қашанғы ескі көзді бөлектеп алған болатын.

Болтай биеге таяп барды. Емшегі уыс толтыратын сүтшең еді, жарықтық! Үнемі ұрағашы құлын табатын құла бие үйірді бастайтын көсем болатын - ды. Желі басында Алашаппен қасынысып тұратын. Құла биенің пішпе айғырға ыңғай бергені Болтайдың жүрегіне ауыр тиді. Құлазыңқы көңілі иесіз үйдей азынап сала берді де Кәнайды көз алдына әкелді. Оның бет жүзін көру өзіне оңай соғатын түрі жоқ.

*23.02.2025*

## Жазмыш

# ҚАРА КИІМДІ ӘЙЕЛ

***Желтоқсан оқиғасының (1986) он жылдығына арнаймын***

- Табанынан таусылып бітті. Жүрмеген көшесі, кірмеген мекемесі қалмаған. Көбінесе жаяу жүреді. Киімі бір өңкей қарадан. Төгілме етек көйлегі сұңғақ бойына үйлесімді. Дидары жартылай жасырыңқы. Қиылған қасы мен жар қабаққа жасырынған ұялы қоңыр көзі ғана ашық. Сәндік үшін бе, нышанасы барлығын ерекшелегені ме, кимешек тәрізденген бітеу жамылғы мұрны мен аузын көлегейлеп тұрады. Сырт кейпі суық. Қара жамылған жанның қалпын танытады. Былайғы көз оны шет елдік біреу деп қалуы кәдік.

Бүгіндікке жүрісі өндімеді. Баяғы ойран болған тұсты тағы да шолған. Екі жыл тұрған жатақхана, оқыған институтына да барды. Тая соғып таныс жүздерден жалтарып кетіп еді. Оның есесіне, қаланың милиция бөлімдерін түгелге дерлік сүзіп шықты. Құныкерді таппады. Өзінікі де құр долбар. Не аты - жөнін, не тұрағын білмейді. Қайда істейтіні де белгісіз. Әйтеуір қызыл жағалы екені анық. Үш жұлдызшасы есінде қалыпты. Ендігі оның дәрежесі өсті ғой, майор әйтпесе полковник. Басқа бір жұмысқа ауысып кетуі де кәдік. Ондайлар жылы орынға үйір келмей ме.

Дағдарған. Бір қиыны - сонда бұларды апарып қамаған милиция кеңсесі есінде қалмапты.Қуықтай бөлмеде үш - төрт сағат ұстап, тауға алып кеткен жоқ па. Басында мұны жеке тергеді. Арам ойын сонда - ақ сезген. Көзі ойнақшыған таңқы танау төртбақ қара айналып - үйіріліп қасынан шықпай қойған.





Сыбырлағаны жыланның ысқырығындай зәрлі еді. Қалтасын тінткен боп, сумаң қолын о жер, бұ жеріне жүгірте түседі. Сыңайы, қолма қол есеп айырмақшы. «Қарындас! - деген еді емексіп. - Бір түніңді маған қи, әйтпесе жұмыс жаманға айналады». Ол мұның қойын кітапшасын алдына тосқан. «Мен жастарға сенемін» деген өлең жолдарын сұқ саусағымен нұсқаған. Бұл көзін тайдырғанда анау ысқырығымен осқырынды: «Ұлтшыл Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері сендерге дем берген. Солай ғой, ә?». Ол шығып кетіп, іле қайта кірген. «Ойландың ба? - деген суық сызданып. - Сен әлі тұтқындардың есебінде жоқсың».

Биташ басын шайқаған. Онысы - дегеніңе көнбейміндің аңдатқаны - тын. Содан кейін - ақ іс насырға шапты. Мұның үстіне төрт қызды кіргізді. Міністі бедеудей сауырлы, шетінен сұңғақ еді олар. Аршын төс керме иықтарды әдейілеп таңдағандай екен. Соны іштері сезіп, біріне - бірі алдағы қатерді ыммен ишаралады. Бір әбүйірі, әзірше таяқтан аман, шаштары жұлынбаған, итке таланбаған.

Қыздар сыбырласты. Бұлар ереуіл алаңынан ұсталыпты. Маңдайлы сары қыз құрбысын құтқарам деп қолға түскен. Жәудір көз қараторы бойжеткен жігіттерге ара түскенде қоршауда қалған. Үшіншісі ән салғаны үшін жазықты. «Мені шашыма бола ұстады, - деп мұңайды аққұба қыз. - Бір дәу солдат қуып жетіп, бұрымымды білегіне орап алып сүйреп әкеп машинаға тықты».

Биташ сазарған қалпында жақ ашпады. Шағынғанда не шығады? Алқын - жұлқын айқаста қолына түскен күрекпен қорғанып беріспеп еді. Бар бітіргені сол.

- Бізді бір жаққа әкетпекші ғой, - деп қалды ұзын шашты қыз.

- Жатақханаға жеткізіп салатын шығар, - деді ақ құбасы.

- Иә, саған! - деді анау ширығып. - Ақ жүректі тапқан?! Эксперимент жасамай жіберер деймісің! Сол ма естиін дегенің?

Үкімдей өктем зәрлі зекіндіден есеңгіреген олар көз жастарына ерік берді.

- Әй, қыз, неге жыламайсың?! - деді белсенді құрбысы мұны тақымдап. - Әлде тыңшымысың?

Сөйткенше есік тықырлады. Ішке қарулы солдаттар кірді. Шеттерінен серейген немелер екен.

- Кеттік! - деді сержантсымағы.

- Қайда!? - деді әлгі суырылған белсенді тұтқын.

- Серуенге! - деп ыржиды жас солдат.

Дала тастай қараңғы. Түнгі ызғар сүйектен өтердей. Дүрбелеңнен ықтап кеткен бе жұлдыз жым - жылас. Қала әлі ентігін баспапты. Абыр - сабырдан құлақ тұнады. Әр тұстан мылтық атылды. Бар ауыртпалықты бір өзі ғана сүйрегендей ышқына ажылдаған машиналар легі кең көшені бойлай әрлі - берлі жөңкіледі. Мол жүкті тасып үлгере алмай жатыр ма? Аттандап азынап жарқ - жұрқ етіп үрейді алған милицияның «жау жеттісі» әр тұста жүйткіп жүр. Қуғын толастамаған тәрізді. Қашып - пысқандар үй - үйді тасаланып безіп жүр. Жазалаушылар легі де қарбаласта. Бәз бірде шыңғырған ащы дауыс шығады. Бақырып бажылдаған дауыстар алыстан талып естіледі.

Биташ түршігіп кетті. Бір сұмдықты ет жүрегі сезген ол қоршаудан сытылмаққа әрекет жасап еді еңгезердей дәу солдат желкеден бір түйіп етпетінен түсірді. Сөйткенше қоңызша тоңқаңдаған қара тажал кеп тоқтады. Әлгі төртеу соған кеп жұтылды. Он шақты жазагер олармен бірге мінді.

Қарсыласқаннан ба, әйтпесе аяды ма, мұны оларға қосақтамай, жеке алып қалды. Сөйткенше болмай, сыптығыр сержант білегінен шап етіп қалтарысқа сүйреді. Жеңіл





машинаға мінгізбекші. Жан ұшыра сытылып жұлқына бергенде ағаштың арасынан басқалары шықты. Екі суық қол қоянша бүрді де ұмарлап машинаға тықты. Уазикте екі орыс, бір қазақ. Қазағы бағанағы өзін тергеген лейтенант. Қасындағы жалпақ сарының дәрежесі үлкен болуға керек, нығыз қара оған сөзін мақұлдатып шерушілерді даттап келеді. Анау да бұдан қалыспайды. «Ұлт араздығын қоздырушыларға ешқандай аяушылық жоқ, шетінен ұстап соттау керек!» деп өзеурейді.

- Мынаны ше? - деп жұмбақтады лейтенант.

- Аяймысың? - деді дәрежелісі оспақтап.

- Әрине, жолдас майор, - деді ол үнін жұмсартып.

- Сонда қайтпексің?

- Онда барса құтылмайды, обал - ақ!

- Кінәсі не бұ қаншықтың?

- Кінәсі шаш етектен. Сұңқылдақ көрінеді.

- Ұрандаған ба?

- Өлеңдеткен.

- Ә, әнші десеңші!

- Ақын! Қойын кітапшасы ұлтшылдық ұранға толы.

- Бұған кешірім болмайды. Әйда, тарт орталыққа!

Биташ сазарды. Өзінен де бұрын өзгелерді ойлады. Қойын кітапша мұнікі емес - тін. Бейтаныс жігіттікі. Алаңда ұсталып бара жатқанда әлгі жан дәрменде бұлар тұрған жаққа лақтыра салған. Содан Биташтың қолына түсті. Аңқаулық қой. Қайтетін еді соны. Әлгі төртеуді ойлап және жайсызданды. Алаңдағы ойран көз алдында. Шерушілерді шетінен таяққа жығып, тепкінің астына алған жоқ па! Кемелденген социализмнің кемел ойлы ақылмандары бозбастардың тентектігін кешіре алмаған. Өздері ғой, «демократия, демократия!» деп басында жалаулатқан. Ұлы көсемнің болашақты меңзеген данышпан ойларына қанығып, Лениндік идеямен шыңдалған

коммунистік партияның көрегендері үй ішілік болмашы кикілжіңді осыншама ушықтырып жібергені қалай?! Екі - үш күнгі сапырылыс мұның ұғымына сияр емес. Лениндік ұлт саясатын бұрмалауға жол берген өздері ғой. Республиканы басқаруға Қазақстаннан ешкім шықпаған. Не орысы, не қазағы? Мұндағылар шетінен қабілетсіз. Қазақстандық коммунистер сенімсіз, билік тізгінін ұстауға икемсіз. Күн сәулелі республика атанып, халықтар достығының ұясына айналған, жыл сайын Отан қоймасына миллиард пұт астық құйып, ақ май, қызыл етті жүздеген вагонмен жан - жаққа жөнелткен, алтыны мен күмісі, жезі мен темірі жебір өңеш зауыттың көмейіне білем-білем жұтылған, жері ырысты, елі бай Қазақстанды сырттан келген белгісіз біреудің иеленуіне жол болсын!?

Жастарды ширықтырған кәп осы - тын. Талабымызға құлақ асар деген. Қайдағы!? Ұзын сойыл ұр да жықтар еркек - ұрғашы демей, қойша қуалап жүріп сабаған жоқ па! Биташ екі рет соққы жеді. Жастарды ұл - қыз деп ажыратпай, тепкінің астына алды. Ақырында тоз - тозын шығарды. Жұлынған шаш пен жарылған баста есеп жоқ. Итке талатқаны, әншейін ойын жолы, арын аяққа басып абыройын төкпекші. Әлгі төртеуді сау жібере ме?

Биташ шыңғырып жіберді. «Тәте, тәтетай!». Анасына не дейді ертеңгі күні? Алты баланы асыраймын деп көк иық боп сиыр сауып... Содан бедел алып... облыстық кеңеске депутат боп сайланып... Орденге ұсыныпты деп естіп еді. Өзін жазалағанымен қоймай, шешесіне кесірі тимесе не қылсын?! Озат сауыншы атанып атағы дүркіреп тұр еді. Жесірлік бір жағынан. Енді ол аздай - ақ, бұның долығына күйсе жетіскені ғой? Бой көрсеткендерге ілесіп несі бар еді?! Оқуын оқып, тыныш қана жүрмей ме? Нендей сордың түрткенін құдайым білсін. «Алаңда жігіттерді таяққа жығып, өлімші қып тепкілеп,





ұстап әкетіп бара жатқан көрінеді» деген суық хабар құлағына жеткен бойда бір топ қызбен ілесіп оқиға болып жатқан жерге жеткен. Іс насырға шауып, келісім шеңберінен шығып кетіпті. Бейбіт шеруге шыққан құрқол жастарды қарулы топ баудай түсіріп жатыр, әншейін! Резеңке таяқша жігіт тұрмақ қыздарға жұмсалып, өжетсіген олардың біразы машинаға жұтылды.

Биташ еріксіз ширыққан. Құрбыларына бұйырып, оларды алға шығарып, жігіттерді қалқалады. Келесі күні де ол алаңда болды. Кешегі қақтығыста екі құрбысына соққы тиіп жарақат алды. Өзіне де дойыр тиді. Боса да бастан қан шықтының керіне басқан олар қасарыса қаржысып, шерушілердің алдыңғы сапында бой көрсетті. Ол бәлендей ерлік көрсетпесе де қысылшаңда шерушілермен бірге болды. Бар тындырғаны - жігіттерді жазалаушылардан қалқалады. Енді соған бола өлімнен бетер жаза шекпекші. Тәрізі солай. Жанұшырған ол қатты қарсылысаты.

- Өшір үніңді, иттің қызы! - лейтенант омырауын мытыды. - Үкіметке қарсы шыққан нелеріңді алған?!

Сығымының қаттылығы соншалық - жан даусы шықты. Сөйткенше екінші қол жармасты. Жалпақ сарының да аяйтын түрі жоқ, қапсыра құшақтап алақанымен аузын жапты.

Машина ышқынды, өрге тырмысты. Тауға апара жатқанын түйсінген сәтте тіптен шошыды. Білгендерін істеп, ата салмақшы ма?!

- Жақсылықты білсең етті! - деп жыланша ысылдады лейтенант.

Ол нендей жақсылық деп ойлап үлгергенше машина кілт тоқтады да майор мен шопыр жерге түсті. Керттеш танау бұған жабысты.

- Қашайық! - деді үздіге сыбырлап. - Майор сенімен жатпақшы.

Биташ құтыла алмасын біліп, оған ыңғай берді. Бұлар тоқтаған тұс тау алқымындағы саяжай қалашығы екен. Әлгі екеу шеткі жайдың шамын жағып үлгеріпті. Сірә, жалпақ сары ыңғайламақшы ғой мұны. Жырынды лейтенанттың ойы тіптен бұзық. Биташты анадан бұрын қарпымақшы. Соны сезе қойған ол жалт берген. Қалың ағашқа ілігіп қалғанда қуғыншыға тұтылды.Өлермен неме келе - ақ омыраулады.Қыз беріспеді. Омыраулы сақа еркек қойсын ба, жас денені илекке бейімдегенде жанталасқан ол үстіне төнген әлгінің етшең бетінен аямай тістеді. Қышқаштай қыжырлы тістің қарпуына тап болған аусардың жан даусы шықты. Жан дәрменде ол да бұған ауыз салды...

Биташ есін ауруханада жиды. Мұрны таңулы екен.Қансырап жатқан оны бейтаныс біреулер осында жеткізген. Болған жайды ой елегінен өткізуте күні бүгін жүрегі дауаламайды. Шайлыққан жүрек шымырлап кетеді. Бір әбүйірі сол - ары аяққа басылмады, абыройы төгілмеді. Есесіне, тәніне өшпестей таңба басылды. Екінің біріне бітпейтін тәмпіш мұрын таңқиды да қалды. Пұштиған етсіз кеңсірік дидарында ұйыған нәзіктікті жоқ қылып, ажарын сиықсыз күйге түсірді. Айна алдында сыланып, жігіт атаулыға жүре жауап беретін күндер келмеске кетті. Мезгілсіз үсік шалған гүлдей қуарған ол сүйкімсіз әруейге айналды. Шандыр бет пұшық кемпірге ұқсаған кейпінен өзге тұрмақ өзі шошыды. Шыбын жанды қисын ба, итшілеп әлі жүр. Сондағы әлгі сұммен арпалысқаны түсіне енеді. Таңқы танау, ит көз мыртықтың шалқалата жығып, пердесі жыртылмаған уыз тәніне арам бөксесін жұғыстырмақ болғаны, жан дәрменде онымен қарсыласқаны, ақыр соңында құрмалдыққа шалынған тоқтыдай пышаққа ілінгені күні кешегідей жадында. Беті алынып омырауын қан жапқан ызалы еркек тісімен есе қайтара алмаған соң, суық қаруға қол созған





еді. Енді атып салар дегенше болмады, бәкімен көзінің отын жарқ еткізді. Ұстарадай лыпыған қандауыр танауын таңқитып ойып түсіріп еді.

Ауруханада көп жатпаған, шыққан бойда ауылға жедел хат жолдады. «Шеше, мені іздеме. Оқуды тастадым. Тұрмысқа шықтым. Хабар өзімнен болады». Сол бетінде вокзалға тартқан. Жүргелі тұрған поезд оны оңтүстікке ала жөнелді. Ұзын жолда егделеу еркекпен кездесіп сөз байласқан. Кавказдық екен, кәсіп қуып жүрген ол мұны қиян түкпірге ертіп кетті. Жағдайын жасырмаған. Қосалқы қатыным боласың деген. Қалауы бұзылмаған уыз тәнді көлденең кездескен көк аттылы армансыз жаныштады. Елуді еңсерсе де тегеуріні қайтпаған ол мұны ләззатқа қарық қылды. Керегін тапқан жас дене саздауда өскен қайыңдай бүрленіп балғын тартқанымен, беттегі шіркеу айықпас қасіретке айналды. Айна алдына барғанда алдамшы тойымдықтан түк қалмайды. Әрі жат, әрі сиықсыз кейпіне көзі түскенде, іші - бауыры мұз боп кетеді. Қапелімде оны бір жатырқау сезім иектер еді. Бет пішіні өзінікі емес, жасанды нобай тәрізді. Жолдан қосылса да әйелдік сезімін оятып құшағына тартқан кавказдық маңдайына сыймай кетті. Үлкен жерге апарып мұрныңды қалпына келтіртем деп жүргенде мәшине апатына ұшырады. Туыстары оны еліне әкеткенде, Биташ төрт бөлмелі үйді күзетіп қалды. «Артымнан келерсің» деп еді ол. Шайлыққан жүрек дауаламады. Кейін одан хат келген. Үйімді басы бүтін өзіңе сыйладым депті. Мәрт екен сабаз, аз күнгі жұптастықты ұмытпаған. Содан былайғы күндер мен түндер бұған аса жайлы тимеді. Қолына түскен қаражатқа жасанды мұрын ыңғайлатқан. Кейпіне үйлеспеді. Ажарын қалпына келтіруден ада - күде түңіліп, өлмеудің қамын ойластырды. Елеусіздеу мекеменің еденін сыпырып үнемін айырған. Күндердің күнінде бұған тосын ой келді. Үйді сатты

да ақшасын қалтаға басып алып, Алматыға тартты. Қала мұны жатырқамады. Сайтандық пен сайқалдыққа кәнігіленіп алған шаһар кең құрсағына кімді сыйдырмаған. Жақсы мен жаман, ұлық пен кішік те осында. Бұраң белдер мен бұлтың бөкселер жүрістерін түзеп алғандай екен. Ұрғашы атаулының шаштары жайылыңқы, омырауы ашыңқы. Тек бұның ғана кескіні бүркеулі, келбеті жасырыңқы. Өзгелердің міні құрамапты. Шектеулі шеңберден босап, еркіндік алғаны бесенеден белгілі болып тұр. Ибалы жүздерден ұят пердесі алынып қалғандай екен. Көшеде қылымсы кейіпті аш көз арулар жиі ұшырасады. Жұқарған өң, жүдең жүздер де байқалады. Заманына қарай адамы деген сол. Көше кезіп жүргенде анасы түседі есіне. Ауылын көрмегелі табандатқан он жыл. Шешесі зейнет демалысында, бауырлары өзімен өзі. Өзіне тете сіңілісі іздеп келіп, жағдайын біліп қайтқан. Ұзынқұлақ арқылы амандық-саулықтарын біліп, хат жазысып тұрады. Осылай қарай келерінде кіші інісімен хабарласқан. Ауылға алып қайтамын деп қоймаған соң: «Мен бір өлген адаммын, мені бар да, жоқ та демеңдер» деп бетін қайырып тастаған - ды.

Жазымышқа не шара, заңды неке бұған бұйырмады. Әлгі кавказдықтан көз жазған соң, тағы бір салт бойдақпен үйлесіп еді, сөзінің біссімілләсі: «Әй, пұшықтан» келді де кетісіп тынды. Жұқарған жүйкеге не болса сол салмақ. Көшеге шыққанда өзіне тесілген сұғанақ көздерден тайсалып, жерге кіре жаздайды. Баяғы төртеудің бірін кеше базарда кезіктірді. Ол танымады мұны. Мұрнының ұшындағы меңі көзіне оттай басылған. Етек - жеңі жайылған ажарлы келіншек жонынан жарылады. Май бөксеге түйе ойнақтаса мәу демес. Бұл, міне, қара киімді әйел атанып... пұшық қатын кімге дәркер. Ұрғашыға жөндеп қарайтын еркек бар ма осы күні? Көкірегі шылымға ысталаған, іші - бауыры арақтан жидіген нашақор қауқарсыздан не қайыр?!





Орынсыз ерсі ой мұңын түртіп жіберді. Өзгеде не жұмысы бар, кең дүниеге симаған өзіне қарамай ма? Ал қарасын! Сонда қолынан не келеді? Сұғанақтың сұғынан, табашылдың қырпынан тайсалып он жыл тасаланды. Көргіш көз бәрі бір қайда да құтқармайды. Алматыны шарлаған бір жетіде өмірге керексіз екеніне біржолата көзі жетті. Жалғыз бұл ғана емес, кешегі Кеңестер Одағының адамдары өмірге керексіз болып қалғандай екен. Өз күндеріңді өзің көр деп бетімен жібере салған.Жан сақтауға икемсіз әйеншектердің қолынан не келеді? Өзіне салса өмірдің түк қиындығы жоқ тәрізді. Әттең, он екі мүшесі сау емес.

Аяғы ақсақ, қолы шолақ болса оған да көнер еді, танауын таңқитып қойған тағдырға не шара?! Әдейілеп солай ет деп біреу жасырын тапсырма берді ме екен? Нәпсіге ерік беріп зұлымдыққа барған әлгі сұм емес пе? Бұл арада жазымыштан көретін түк те жоқ. Құныкер кәдімгі ет пен сүйектен жаралған адам.Адамның әрекетін жаратушыдан көріп шарасыздыққа бой ұсыну - барып тұрған дәрменсіздік. Дәрменсіздік торында он жыл бұлқынды, сонда не бітірді? Қайратқа мініп қасарысқанда тындырғаны не? Соны өзі де білмейді. Бәлкім, шатасудың салқыны.

Сенделіспен жүріп түнемел орыннан алыстап кетіпті. Қалтарыста мұны суық жүрістілер тоқтатты. Жол торушылар пышақтарын жалақтатып:

- Ақша, ақшаңды әкел! - деді.

Бұл басын шайқады. Ақшам жоқ дегендегісі еді.

- Тез, жаныңның барында! - Бұжыр бет атамансымағы жамандай шүйілікті. - Жаңа ғана ақшаны бұрқыратып сауда жасамап па едің?

Биташ біле қалды. Бұлар бұны көптен торуылдаған ғой. Шегіншектей беріп қол қапшығынан пистолетін суырды.

- Кетіңдер әрі! Атамын!

- Ата алмайсың! - деді әлгі дәу қара. - Бізде де бар оның.

Биташ әмиянын дәудің алдына лақтыра салды да, бұрылып жүріп кетті.

Пәтерші әйел сыртта жүр екен.

- Кешіктің ғой? - деді қамқор ниетпен. - Қалада түнде жүруге болмайды. Тіке тонайды. Бүлінді ғой заман, бүлінді!

«Бүлінген заман емес, адам» дегісі келді де жалғыз басты кейуананы аяды. Немере қызы шашын жайып көшеге шығып кетіпті. Жалғыз баласы ішудің соңында жүріп далада өлген.

Пәтерші әйел заманды қарғап - сілеп қоймай қойды. Қайран Кеңес өкіметі дей ме, партия дей ме. Ұлы көсемді кіші көсемдерге теліп,әрбіріне сипаттама береді.Оған салса Ленин-пайғамбар, Сталин - ұлы қайраткер. Брежнев - нағыз көреген патша. «Қалды бастың бүлдіргені ғой!» деп және тепсінеді. «Желтоқсанда өкіметке қарсы шығып, сендер де бір жағынан!» ден бұған да тигізеді жазғыруын.

Биташ шешесін ойлады. Ол байғұс та заманына наразы шығар. Енді қайтсын, әркімге қиын да болса өзі өмір сүрген кезеңі ыстық. Сол әспеттеген Кеңес Одағы да оңдырмаған. Ақ пен қызыл боп майдандасқан. Атқан. Қырып - жойған. Тамам жұртты бір тарының қауызына сыйдырып, әбден көндіктірген соң құлақ кесті құлға айналдырып, жұмысқа жеккен. Жуасытып алған соң оқытып, сауатын ашқан. Сондағы үйреткені не еді? Құдай жоқ, екі дүние деген болмайды. Пейіш құр қиял. Адамзаттың нұрлы болашағы - коммунизм. Партия сызған жолмен жүре берсек, нұрлы болашаққа жетеміз. Табыс - көл, байлық - сел. Пайғамбарымыз - Ленин. Адамзат ақыл - ойын діни соқыр сеніммен улаған бұрынғы өткен пайғамбар атаулы Маркс пен Лениннің ширегіне де татымайды. Ленинизм





идеясы - мүтін әлемді нұрландыратын шыншыл да ақиқат ілім. Коммунистік партия сол ілімнің ұйытқысы. Халық пен партия бірлікте. Қалай - қалай бөседі?! Сексен алтының ойранында көрсетті ғой кереметін. Халықтың қамын ойласа өңкей көк өрім балаусаны шөпше жапырып, білгенін істер ме?! Бұқарамен санасса, сөйтер ме?!

Биташ жайсызданды. Жаяу жүргеннен бе, қыр жіліншігі сырқырап әкетіп барады. Оған бет сүйегі қосарланды. Кеңсірігі құрғақсып, жайын және кетірді. Ұйықтауға жүрексінеді. Шым-шытырық ауыр түстен әбден зәрезеп болған. Шошымалды әдет қыр соңынан қалмай қойды.Өзін - өзі жұлып жанталасады - ай! Одан бергіде қуалайтыны әбден қаңсыған кермек ой. Кітаппен біраз әуестеніп еді, жүйкесіне жайсыз тиді де оқуды азайтты. Оның орнына түні бойы жүн иіріп алданды. Шәлі, шұлық тоқиды. Қалжырап барып қор етеді де, біреу түрткендей оянып кетеді. Алданыш ететін бала, құшағына тартатын бай жоқ, қол еңбегінен жалыққанда беті ауған жаққа жүріп кетеді. Сығандарға қосылып, құмалақ салумен де әуейіленді. Мешітті де сағалады. Іширткі ішіп, тұмар тағып та көрген. Бірақ шошымалды әдет қыр соңынан қалмай қойды. Көбінесе сонау жылы өзін жәбірлегендер енеді түсіне. Ажарына өшпес таңба салған қызыл жағалылар түсінде де қыр соңынан қалмайды. Әлгі бір сұмыраймен жағаласып жүргені. Сол сұм күндіздің өзінде көз алдынан кетпейді. Көшеде келе жатқанда ту сыртынан сұғын қадап, басқан - тұрғанын аңдитындай болады. Соған түр - түсі ұқсас біреуді көрді ме, ол түні мұнда маза жоқ. Соған ұқсайтын суық бейнелер көбейіп бара жатқандай ма? Тіпті оны айтасың, бара - бара барша еркек атаулы бұған құбыжық боп көрінуі кәдік. Өзі де соған жақындады. Талып ұйықтап кеткен екен, булығып оянды. Пәтерші тұр бас жағында.

- Ылғи шошисың, - деді мүсіркеуден де кінәлауы басым үнмен. - Сенен алған бес - он тиын желкемнен шықпаса не қылсын?!

Биташ дағдарды. Үй иесі сарындауын үдетіп барады.

- Шыдай тұрыңызшы! - деді жалынғандай боп. - Шаруам бітпей түр.

- Қалтаң көтереді, қонақ үйге ауыссаң қайтеді, - деп пәтерші қадалып қоймады.

- Мына түріммен көпшілік орында қалай жүремін?! - деді ол жыларман боп. - Мені аяңыз, апатай!

- Өйтсең, пәтер төлемін қосыңқыра, - деді әйел түк шімірікпей.

- Қаражатым сандығыңызда, шетінен алып жұмсай беріңіз. - деді Биташ.

Ұйықтап жарытпасын білді де таңды тосты. Алыстап кеткен қуанышын, қожыраған арманын қиялымен қаузады. Ешкі көзденіп алған үркек секем тыншу сәтін түртіп жіберді де әр ойды бір қуалады. Жетім жүрекке жетіскен ой орала ма, шіріген жіптей үзіле берген. Үмітін тірілтіп көріп еді, оған да тұшынбады. Сезім нүктелері әлсіреп біткендей еді. Тыныштандыратын дәріні іше - іше жүрегін бұзып біткен әбден. Ендігі үміті не сонда?! Соған жауап іздеп жүргендегі сиқы осы. Өзінде ерік жоқ тәрізді. Біреу мұны белгісіз жаққа нұсқап: «Ол сұмды тап қайткенде!» деп бұйыратындай ма. «Қысасқа қысас!» деп ширығады сонда ол. Осындай ширығыс мұны бүгін тағы да көшеге шығарды. Енді жасқанғанды қойып, тіке сұрау салды. Кездескен милиция қызметкерлеріне жармасты. «Бетінде тыртығы бар» дегенді қадап айтты. Сөйтіп жүргенде сұраққа ілікті. Қалалық ішкі істер бөлімінің пысықтары оны бір күн ұстады. Сірә, мұның сөз сарынынан шошыды білемін, «бізді көп мазалама» деп дөң айбатпен шығарып салды.





Титықтап кеп құлаған. Тағы да жайсыз түс көрді. Пәтерші әйел бүлк - бүлк сөйлеп,кетпес еркіне қоймады.Нәрсе - қарасын алды да көшеге шықты. Таң білінбейді. Жаңбыр жауып өтіпті. Тау жақтан ескектеп жел есті де тынысы ашылып өз - өзіне келе бастады. Аз ұйқының өзі бұған олжа. Соған қуанады. Не ғажабының барын - көрген түсі бүге - шігесіне дейін есінде қалады. Құдды өңіндегідей сайрап тұрады. Әлгі қорқаумен бетпе - бет келген екен дейді.Ол мұны көре салып тұра қуады. Бұл шыңғырып қашады. Қыр соңынан қалсайшы!

Осыдан кейін қайтпекші?! Жас ғұмырын тонап, келешегін желге ұшырған сұммен ғұмыр бойы сырттай ұстасып өтпекші ме? Өңінде көз алдында тұрғаны иман таразы, түсіне еніп ұйқысын қашырғаны қинайды. Бәлкім, оның да жағдайы мәз емес шығар. Бала - шағасының қамына бола табанынан таусылар. Артынша ширықты, оған ешқандай кешірім жоқ. Осы оймен келе жатқанда, қасына такси тоқтады.

- Қайда? - деді жүргізуші зор үнмен.

- Вокзалға.

Мұнда да ығы - жығы адам. Қайыршы да жетерлік. Сірә, шет елдік, әйтпесе діндар деп қалды ма қолын жайғанды құр тастамады. Біраз тиын - тебен шығындады. Кез келген поезға отыра салмақшы еді, ол ойынан тез қайтты. Ауылына аңсары ауған. Әрі - сәріде жүргенде күн шықты. Анталаған көзден тайсалып, ықтай берген. Қалаға шығатын қақпаға ойысқанда, қарсы ұшырасқан біреуді шырамытты.

- «Талғарға, Талғарға баратындар барма?» - Ашық үнмен самбырлады. Үстінде шолақ жең ала көйлек. Басында шетелдік күнқағар. Төртбақ шымыр тұлғасы шымшып буған қаптай нып-нығыз. Білектері жүндес. Таңқиған шолақ мұрны майлы бетке үйлеспейді екен, сұрғылт көзі ойнақшып мұны да бір түйреп өтті. Оң жақ бетінің ұшында көмескі қара дақ байқалады.

Мөрдей дөңгеленген тыртық көзіне оттай басылды. Қос күрек тісі алтыннан еді, оны да тап басты. Кісіге ит көздене тесірейетін мүләйім кескіні өзгермепті. Ептеп толысыпты, қарыны салыңқы екен. «Тап соның өзі». Артынша айныды. Адамға адам ұқсай береді, басқа біреу боп жүрмесін. Жаңағы адам жүз танысымен сөйлесіп тұрғанда, Биташ оны жақыннан бақылады.

- Кәсіп не? - деді танысы.

- Милициядан кеткенмін, - деді ол сәл қолайсызданған ажарда. - Жиырма бес жыл істедім, жетпей ме? Ал сау бол...

Биташ аңырды. Нендей шешімге табан тірерін білмей дағдарып, әлгіні көзімен іздеді. «Талғарға баратындар бар ма, Талғарға!» деп жарапазандаған оған бүйірден килігіп:

- Мен, мен барамын! - деді. Даусының қатты шыққаны соншалық - бұған сол маңдағылар жалт - жалт қарасты.

- Барсаң, жүр! - деді ол машинасын нұсқап. - Өзің ғана ма?

- Жалғызбын.

- Екі адамға деп есептеймін, келісемісің?

- Келісемін, - деді ол тұла бойын алып бара жатқан дірілді оған сездірмеуге тырысып. - Қанша сұрасаң да беремін.

- Емшісің ғой, сірә? Ақшаң көп шығар, - деді ол бұның сөлекет оғаш кейпіне суық назарын жіті жүгірте.

Биташ жауап орнына ақша ұсынды. Мың теңгеліктің екеуін іліп алды да:

- Отыр! - деді бұйырып. Машинаға мінерде қатты жүрексінді. Әлгіндегі қолайсыз діріл өне бойын қалшылдатып жіберді.

Жымық құлақ «жигули» ұра кеп жөнелгенде Биташ шайқалақтап кетті. «Тәрізі жаман екен, несіне міндім осыған?!» деді ол тіксініп. Сәтте айнып, «тоқта» деуге шақ қалды. Мұны айнадан бақылаған ол:





- Бірдеңеңді ұмыттың ба? - деді алдын орап.

- Жоқ! - деді бұл жалтарып. - Машинаны ұрт жүргізеді екенсің.

- Шұрқ етпе, менен сенімді шопыр таппайсың, - деді де ол газды баса түсті.

Биташ қапелімде босаңсыды. Әйелдік осалдығына бағып, жылағысы келіп кетті. Бұл қалпында бас амандаудан әріге өлсе бармас. Түсе қашуды да ойлаған.

Ол енді өзімен өзі алысты. Әйел сорлыға қазан - ошақтан ұзау қайда? Табиғат шебер, ұрғашыны еркектің умажына ыңғайлап, төменшік қып қойған. Соны әу баста мойындағанда ғой, әлгі бір дүрмектен көзді жұмып өте шығатын еді. Алла тағала еш пендені періште ғып жаратпаған. Өкім - зорға кеудемді бастырмаймын деп қарсыласып не бітірді?! Бір жүндес көкіректен құтылып еді, екіншісіне тұтылды. Қайдағы бір кавказдықтың қарпуына түсіп, жат құшаққа бұйырды. Көрді ғой анада базардан сондағы қыздардың бірін. Міні құрамапты. Ағы - ақ, қызылы - қызыл. Түгі кетпеген. Бұл, міне, адасқан қаздай көрінген шалшыққа бір қонып, үрпе - сүрпе боп...

Үйреншікті жабысқақ мұң көңілін ірітті. Азап пен сорға малшынған жетім жүрек жеме - жемге келгенде тая соқты. Биташты аяқ астынан кешірімшіл сезім жеңді. Кек қуаннан не шығады? Енді бұған жетпей тұрғаны - кісі өлтіру ме? Мынаның қасықтай қанын мойнына жүктегенде бағы ашылып, өмірден баян таба қойса жақсы - ау?! Онсыз да бүлінген жүйке одан әрмен ширығып, жынданып кетпесе деңіз. Ең әлсіз жәндік құмырысқаға да залал жасап көрмеген сорлы басы кісі өлтіріп не барқадар таппақшы?! Былай қорқытып... тәубесіне келтіріп дегендей... Соның өзі оған өлгенмен тең. Қарсыласып көрсін осыдан!? Онда өз обалы өзіне.

Мұны айнадан бақылаған оның да секемі секіре бастаған - ды. Жөппелдемеде аңғармапты. Ту сыртынан суық сұғын қадаған қара киімді әйелдің қабағы мейілінше қатулы екен. Жас мөлшері ажарынан байқала қоймаған. Жартылай тұмшаланған бет - жүзінен кескін - келбетін ажырату мүмкін емес. Тек барша кескініне қалт етпес қарауыл - ұялы көзі ғана. Аса төңкерілген сауырлы болмаса да, бөксесі сұңғақ бойына жарасып, сұлу мүсінін әйгілеп тұрғандай екен. Керме иығы төстиген кеудесіне шебер үйлескен. Нағыз аршын төстің өзі десе болғандай. Бірақ сол сылқым кейпін ашатын алма бет, қаймыжық ерін, пісте мұрын, қасқиған тіс - бәрі - бәрі бүркеулі еді. Соған таң қалып, таңырқаған ол арт жағына жалт - жалт қарай түсіп келеді. Жұмбақ кейіптегі жолаушының айнаға іліккен дидарынан құпиялы сыр аңғарылғандай. Мана асығыс долбармен емші шығар деп ойлаған. Енді байқаса, мүлде басқаша кейіптегі біреу. Ауыратын әйел дейін десе отырысы орнықты. Сұйық жүрістіге келіңкіремейді, көзінде айықпас мұң бар екен. Жанарына ауық - ауық жас үйіріледі. Соған қарағанда қара жамылған қайғылы жан. Бірақ бұл жорамалына да табан тіреп қала алмады. Қайғы қармаған еңсе түсіңкі келмей ме? Мынаның иығы көтеріңкі. Мұңайып - күрсінгені мүлде жасанды, сырын алдырмаудың амалы ма әлде? Талай бұзақы мен баскесерді ауыздықтаған ол жұмбақ кейіптегі жолаушыдан сескенейін деді.

Биташ жорта көзін жұмды. Алдыңғы орындыққа маңдайын сүйеп, жол соқты боп шаршаған қалып танытты. Сонымен қоса ішкі қарсылығына тойтарыс беріп және қарысты. Өзінің де, мынаның да тағдыры шешілер сәтте сыр алдырып босаңсығаны - барып тұрған бейшаралық, төмен етектігеге тән осалдық. Осы оймен ширыққан жүрегі өткірленіп қатая түсті де алған беттен қайтпауға нық бекінді.





Бұл сәтте машина иесінен де береке кете бастаған - ды. Сан жолаушыны алып жүргенде бүлк етпеген беті жыбырлап, көзінің алды тартқыштап жаман нышана танытты. Жүйкесі сыр бергендегі әдеті еді. Ту сыртынан қадалған сұқ тұла бойын тітірентті. Әйелдің жанары тіке жон арқасына сүңгіше қадалды да, шекесінен сұп - суық тер шыпшыды. Сасқалақтаған ол машинаны кілт солға бұрып, келте көшені бойлап ылдилай жөнелді. Сол бетінде көп қабатты үйдің сыртына кеп тоқтады.

Артына мойын бұрғанда, төбе шашы тік тұрды. Әлгіндегі сүңгі көз жұмбақ жолаушыны пұшық мұрын сиықсыз біреу алмастырыпты. Мыстан кемпірге ұқсаған тажал пистолетті тура мұның кек желкесіне бағыттап тістене қатып қалған еді.

## ҮЗІЛГЕН ҮМІТ

Әйел бүгін де келді. Тозыңқы шыт көйлектің етегі жырым-жырым.Шашы дода - дода.Арақ жеп тастаған жанары өлеусіреп:

- Нандық бірдеңе бар ма? - деді жалынышты мүләйім кейіпте.

- Енді бұнда аяқ баспаймын дегенің қайда? - деді Жайна барынша қатуланып. Түгімді қоймадың ғой. Алғаның аз ба еді? Қымбатшылық мынау алқымдап тұрған. Арақ ішкен неңді алған!?

-Жалғыз мен бе, ішетін? Арақтан басқа нендей ермек қалды мына ит тіршілікте!?

- Әне, шетінен білгіш! - деді Жайна жыларман болып. Алтындай - алтындай балаларың бар, отырмайсың ба біреуінің қолында.

- Сүйреңдеме - ей! - деді ол оқыс тұтанып. Кезінде дүниені етегіммен шайқағанмын. Төсегім суып көрген емес. Сен сияқты жарымжан құнысқа телініп, жас ғұмырды босқа өткізді

деймісің. Қызылды - жасылды дүние менен қалған. О, несі екен-ей!

- Сондағы айтайын дегенің не? - Жайна оны қасақана шырғаға тартты. Кеше ғана еді ғой күйеуімнің жалақысын түгел қолыңа салғаным. Кетем бұл жақтан дегенің қайда?

- Ақшамды ұрлатып алдым, - деді ол түк шімірікпестен. Есіңде болсын, менен құтыла алмайсың өміріңше. Байың базарды ұстап тұр. Сен деген жаяу саудагерсің. Бір мені асырай алмасаңдар онда несіне мал малданып, жан жанданасыңдар?

- Кім едің сонша!? Екі туып бір қалғанымбысың?

- Түк білмегенсуін! Асыранды жалғыз ұлыңның туған шешесімін. Ал, ендеше! Осы ма естиін дегенің?

- Айта түс, - деді Жайна мұңая күрсініп. Баласыз ба едің?

- Жеті балам бір, немерелерім де өсіп келеді. Солардан маған сенің қолыңдағы ұлым қымбат. Сол үшін жүрмін осында. Соны күніге бір көрмесем ішкен асым бойыма сіңбейді. Қайда өзі?

- Сабақта.

- Онда мектебіне барам.

Дымы құрыған Жайна сөлкебайын оның алдына лақтыра салды.

- Аз ғой? - деді ұсақ ақшаны қомсынып. Қара қалтаңды. Майлы шексің ғой сен қатын! Жөндеп бала таба алмағансын, ақшаға буазымағанда қайтесің. Оның да жөн. Нарықтың заңы осы. Ақшасыз адам, ақылсыз надан. Студент кезімде өлең де жазғам. Ақындар маған шетінен ғашық болған. «Зүбайра жаным, Зүбайра, уәдеміз былай ма. Зарықтырдың сарғайтып, ғашықты бүйтіп сынай ма?» деп үздіккен. Сен, кім дейсің мені? Аз мынауың! Зүбекең болмашыны қанағат тұтпайды.

- Барым осы, тәтетай! - Жайна жыларман болды. Сырғамды берейін, киілмеген көйлектерім бар, соны да ал.





- Ондай қиқым - сиқымға Зүбекең пысқырып та қарамайды. Ертең тағы келем. Молдау ғып ақша ұсынасың. Әйтпесе жұмыс жаманға айналады, деді де ол сыртқа беттеді.

Жайна жеңілейді. Иығынан ауыр жүк түскендей арқа - басы жазылды. Үркек көңілі аздап байыздады. Бірақ алдамшы жұбанышы ұзаққа бармады. Қапелімде оны үрейлі күдік буды. Әлгі мектепке барып жүре ме!? Одан да тайынбас. Бала түсінер деймісің оның қияли сандырағын. Мұғалімге білдіріп қойса сұмдықтың көкесі сонда болар. Мектептегілер мұндайдың бірінен де хабарсыз. Қайтсе екен? Беруіндей беріп бақты. Үш жылдан бергі әлгі қатынның алғаны бұлардың тірнектеп жиған дүние мүлкінің үштен екісіне тең. Сонда да қанағаттанбайды. Иеленгенін кәдеге жаратса оған да шүкір дерсің. Өңешінен өткізгенге мәз. Су жұтқан бақа секілді арақты сыңғыта береді, сыңғыта береді. Жаны сірі өзінің. Заһардан өртенсе екен деп еді, өлімші боп сүйретіліп әлі жүр. Жәй өзімен өзі жүрсе бір сәрі, бұларды мазалауды әдетке айналдырып алған. Басты нысана - от басын ойрандау. Араққа ақша табудың оңай жолы болған соң неден тартынсын.

Жайна қамықты. Әр нәрсе шындығына бармай қоймайды. Құдайдан жасырмағанды адамнан жасыра алмайсың. Бұған қиыны - күйеуінің алдында ұятқа қалып қарабет болғаны. Оны да ұятымен жуып шаяр - ау. Жарты жанымен жан асырап, жар құлағы жастыққа тимейтін байғұсты тұяқ жалғарынан айырып тынса еңбегінің еш кеткені ғой. Бірдеңе ғып өз басын арашалап алар - ау, ала қайғыдан Мұғалды қалай құтқарады? Әлсіз адам тағдыр соққысын көтере ала ма? Шіріген ағаштай күрт опырылса обалына қалғаны ғой.

Ол терезеден сыртқа көз жіберді. Әлгі әйел дүңгіршекке туралап барады екен. Ішу ғой бар мақсаты. Одан басқаны ұмытқан. «Кезінде болып толғамын» дейді, бүйтіп болғаны

бар болсын?! Балаларын қу құлқынға айырбастап жіберген оған не дауа? Өз келісімімен болған жайды қоймай - қоймай қоздырады кеп. Тартып алған жоқ, келіскен өзі.

Енді келіп «баламды қайтып бер» дейді. Сау адамның ісі емес. Дертті ғой, дертті. Үйлі - баранды балаларынан көрмеген рахатты бұлардың бауырындағы шикі өкпеден көрем дегені, әншейін далбаса. Бұлай боларын бал ашып білсін бе, жоламайтын еді ғой басында. Тықпалап баланы алмас еркіне қоймаған соның өзі. Төкені онға толды. Туған күнін атап өтпекші еді, бет алысы жаман әлгінің. Шындығына келгенде бала сонікі.

Келіншек оқыс ойдан шошып кетті. Біреу естіп қалды ма деген сақтықпен жан - жағына сақтана қарады. Ішкіш әйелден зәрезеп болған ол есік - терезені қымтап ұстайды. Көршілер сезіп қоймасын деп және сақтанады. Әлгімен арасындағы құпияны әзірше екеуінен өзге жан баласы білмейді. Содан ғой оның үстемситіні. Бүгінде кімді кім сақтағандай. Базар бағасы қымбатшылық тынысты тарылтып барады. Үкімет асырайдының күні өткен. Кешегі арзаншылықты аңсайды, түге! Бұрын адамдар «жынды суды» тоқтықтан зерігіп ішетін, енді жоқтықтан қиялданып ішетінді шығарды. Соған біреудің бірдеңесі кететіндей, сорлайтын өздері. Арақ десе ес - түсі қалмайтын сусамыр шетінен. Жаңағы қатын солардың тобында. Баласына емешесі үзіліп жүргені шамалы. Кезінде болғаны, толғаны неге керек, қазіргі сиқынан адам шошиды. Қу құлқынын тия алмаған ынсапсыз сол!

Сыртқы есікті қақты біреу. Жүрегі дүрс - дүрс соғып аузына тығылды.

- Бұл кім - ей!
- Мен ғой.
- Ә, көрші тәтемісіз?





Жүзі жылы көрінгенімен іші салқын осы әйелдің. Көрші - қолаңға суықтау. Ауласына адам түгілі мысық та жоламайтын оның үй ішілік күңкіл - шүңкілінен бұлар мүлдем хабарсыз. Балалары тәртіпті. Күйеуі табысқой. Соған дәсерсіген ол көрші - қолаңды іліп - шалып өсектеп жүреді. Мұнда келген сайын бірдеңені есебін тауып іліп кететін сұғанақтығынан запы болған Жайна:

- Жай жүрмісіз? - деді сасқалақтап.
- Сенде басы артық тоқ шәйнек жоқ па ұстай тұратын? - деді ол жайбарақат.
- Бар ғой. Мұғал жұмысқа алып кетіп...
- Онда артық самаурыныңды бере тұр.
- Шүмегін жоғалтып алғаным...
- Әне бір пиәншік әйел сендерге үйір. Жақындарың ба? - деді ол сахнаға шыққан әртісше мәнерлеп.
- Жай бір танысымыз, - деді Жайна қуыстана қызарақтап.
- Қайдан білейін, - деп көрші әйел ернін шүйірді. Бұларда менің аласым бар дейді кездескен сайын.

Жайна сасқалақтады. Қолы - басы дірілдеп кетті. Ойға берілгенде басы айналып құлап қала жаздайды. Шаншу сөзді кім жақайды. Көрші әйелдің бұған сақтаған ағаш оғы бар екен. Жұмсап тынды ақыры.

Біліп жүрмін, - деді ол бұған жаны ашығансып. Бұл әйел сендерге жабысқан сор. Ылғи көремін. Сенен алған шүберекті бір жартыға бере салады.

- Қайтесіз соны сөз қып! - деді Жайна жалынышпен. Айтпақшы, менде ұсталмаған шәйнек бар. Соны алыңызшы.
- Басы бүтін бе?
- Қидым сізге.
- Ұстай тұрайын, - деді көршісі қасақана тәлімсіп. Осы күні бос жатқан дүние бар ма?

Сендерде тауық бар ғой, жұмыртқадан ауысшы маған, түскілікке керек еді.

- Алыңыз, алыңыз! - деді Жайна елпектеп. Базарға шығуға құлқым жоқ бүгін.

Ене қаздай мамырлаған көршісін көргенде Жайна өзін қораш сезінеді. Бұл жолы тіптен жұқарды. Ағы - ақ, қызылы - қызыл қашанда осындай жандардың. Күйеуі де уайымсыз. Қозы қарнын мәшинеге теңдеп ап жүргені ылғи ырсалаңдап. Біреуді нұқып, біреуді шұқып. Мұның күйеуінде ондай мінездің бірі де жоқ. Тырпың - тырпың сүйретіліп қыбырлаудан жалықпайды. Біреулерге бермесе, өзгеден алу жоқ онда. Бәлен жыл бір мекемеден тапжылмай қойманың кілтін ұстады. Қолдағысына тұтқыр ол иелігіндегі мүлікті шашау шығармайды. Не өзі алмайды, не өзгеге татырмайды. Жекешелендіру науқанында иелігіндегі мүлікке қызықпады. Қолды - қолда кетті ғой есіл байлық. Нарықтық күн керіс пайдакүнемдерге теріс боп тұрған жоқ. Ашпа - жалаптардың араны ашылып алған, әншейін! Білем - білем құйрықты обырлана қылғытады. Мұғалға ондай ширақтық қайдан келсін. Баяғы ақ жүрек қалпы. Аудан орталығындағы базардың айналасында жүр, әйтеуір. Базар бастық оның адалдығына қызығып алымшы қып қойған. Қалтасына анық жүз теңге салып келмейді.

Жайна базарға жиналды. «Ойбай, жұмыс жоқ! Құрыдық, суалдық!» дегенде біреу бұлардың аузына ас сала ма. Он тауықтың жұмыртқасы мен екі сиырдың сүті әжептәуір тәлкесу бұларға. Тіпті табыс көзі десе болады. Бірақ түсімі басқаға бұйыршақ. Маскүнем әйелдің қалтасына түседі. Қара да тұр, ол мұның жолын тосуға үлгереді қалайда. Қалтасын талай-талай қақты ғой.

Жайна осы күндері қос үрей. Бір жалғыз мұнда да бар. Әке - шешесінің тәрбиесінде. Сол қарғатайының амандығын





құдайдан жатып та, тұрып та тілейді. Тас түскен жеріне ауыр, тұла бойы тұңғышынан да бауырына басқан алданышы ыстық. Төкеннің жолына өзін де құрбан етуге бар. Көңіліне алалық кіріп, оны жатырқаған жері сірә да жоқ шығар - ау.Сол кішкенесі үшін бұл нендей амалға бармады дейсің? Көйлекті көйлектей, сырға - жүзікті уысымен, ақшаны мың - мыңдап тығындап - ақ жатыр өңешіне. Сүлікше жабысқан қатын сонда да алдым демейді. Қан сорғыш пәлеге қайдан душар болды? Кемсеңдеді ол балаша. Ішіндегі мұң - наласын көз жасымен шайып, аздап жеңілейген де демеу жартыкеш көңілге. Одан басқа қолынан не келеді. Әйел басымен зұлымдыққа қалай барсын. Барғанда біреу сенің тас ошағыңды талқандап, отыңның басын күнде - күнде ойрандай берсе, итшілеген тірлікте нендей береке қалады? Көнбістіктің де шегі бар, шыдамның да шынысы шытынайтын, сыр беретін тұсы болады. Сонда қайтуі керек? Жұлыссын ба онымен? Шынашақтай мұны мәудей ме ол? Өлтіріп кетуден тайынбас. Не қылса да қорлығы өтіп тұр оның. Мүлде басынып бітті. Былайша оны іш тартатын. Бұл қиналғанда қол ұшын беріп амалдағаны неге тұрады. Ішінен шыққан нәрестесін бұған басы бүтін қиғаны үлкен ерлік.Тәп - тәуір әйел еді, бүйтіп азып кетеді деп кім ойлаған?

Жайна талайсыз тағдырына риза емес. Пешенесіне осылай жазылған ба, сүйіп қосылған алғашқы қосағы сұйық жүрісті біреу боп шықты. Көрінген қызыл еріндіге сұқтанғыш қылжақай бір күндері әлдекімнің әдеміше келіншегіне ауып түсті де бұдан тез жерінді. Екі - үш жыл жесір отырған ол Мұғалға кезікті. Сөйлесе келгенде мүгедек жігіттің жан сарайы таза екенін аңғарды. Екеуінің тәнінен де бұрын жаны үйлесті. Мұғал бұрындары біреумен отасқан екен. Жағдайсыздау болған соң қоя беріпті. Арақ ішпейтін, шылым шекпейтін, қозыдай қоңыр, қойдай момын. Мұғал келіншегінен бала іздейтінін

жасырмаған. Алла берсе, тастамаспыз дегенді Жайна іркіліссіз айтқан еді. Қатарынан екі рет құрсақ көтерді. Туа сала өліп қала берді. Дәрігерлердің айтуына қарағанда, аталық ұрықта әлсіздік бар,ұрпақ жалғастығына кедергі содан көрінеді.Әкенің денесіндегі кемістігі шаранаға ауысқан. Осылай қайталана бермекші. Жайна оған илана қоймады. Өзін де, күйеуін де дәрігерлік тексерістен өткізіп, күшті - күшті дәрі ішіп көрді. Үшінші жолғысы да тұрмады. Содан тағы барды тәуекелге. Арнайы облыс орталығына барып босанған. Бала жерге дыбыс беріп түскен еді. Ұл екен бұл жолғысы. Шығар - шықпас жаны бар нәрестенің. Мүтін перзентхана боп жабылды әлгі шаранаға. Қалай да аман алып қалу үшін дәрігерлер жанын салды. Бала емшек еме алмайды, болар - болмас талмайды. Тым әлжуаз. Қатарға қосылуы екі талай. Зүбайра есімді кексе әйелмен қатар жатты. Ол да ұл тапқан. Жылаудан көзі құрғамаған бұған басу айтты.

Мұғал күнде келеді. Терезеден телміреді де тұрады. Көрсет дейді нәрестені. Балада әкесі көретіндей сиық жоқ. Саздан домбалдаған куыршақ іспетті. Шығар - шықпас жаны бар қызыл шақаны басқа түгілі анасының өзі анықтап көруге дауаламайды. Қасындағы Зүбайраның баласы балшықтай, бұныкі қызыл шақа. Әлгі босанған әйелдің де күйеуі кеп жүреді. Өзінен қилы үлкен отағасын қасындағы әйел жете таныстырған. Кезінде тәуір қызмет атқарыпты. Көп жыл отасқан жұбайын тастап, Зүбайраны алған. Алғашқы әйелі кілең қыз тапса керек, соны ілік қылған. Бұл шалына қошқардай - қошқардай ұл тауып берген. Бес ұл, екі қызға мына сәби және қосылған. Бірақ олардың бұрынғыдай шалқыған дәулеті жоқ көрінеді бүгінде. Отағасы зейнет демалысқа шыққан. Бала басты бұлардың күн керісі қиындаған. Табысқой күйеуіне сүйеніп, жаман үйренген ерке тоқал араққа үйір боп алған. Соның бәрін ол





бұған сыр қып айтқан. Бірақ сонда Жайнаны басқа бір жағдай таңдандырып еді. Қызықты қараңыз! Мұғал Зүбайраның шалына қатты ұқсайды.Екеуі ағалы - інідей бір - бірінен аумай қалған. Сол сәйкестік тосын жағдайға түрткі болды да кексе әйел өз аузынан Жайнаға ұсыныс жасады.

- Құдайға шүкір, біздің шаңырақ үпір - шүбір балаға толы, сені аян тұрмын. Қидым осы кенжемді құдай алдында! - деген аңғарлы адал көңілмен. Тек бұл құпияны екеуімізден басқа жан баласы сезіп білмейтін болсын. Соған уәделесейік. Сүт ақыма екі - үш мың сом тауып берсең болғаны. . .

Екеуі бір күнде шыққан перзентханадан. Көз тасада бірінің баласын бірі ауыстырып алып жөндеріне кеткен - ді.

Сондағы Жайнаның толқығанын сұрама! Жат құрсақтан шыққан бөтен сәбиді жатырқап, тас құшақтағандай қиналғанын айтсаңшы. Әлгі әйел мұны алдап соғып, қимасын тартып әкеткендей - ақ іші - бауыры үгітіліп бара жатты. Жылай берген, жылай берген. Түбінде жақсылығына бағатын оқыс шешімнің сәттілігінен үміттенген тоқмейіл жұбаныш та жоқ емес көңілінде. Аналық сезімнің олқын - толқыны біразға дейін басылмады, ішінен шыққан шикі өкпесіне алаңдады да жүрді. Бәлкім, ол қатарға қосылып кете ме деп те үміттенді. Кейін естіп білді. Нәресте бөтен шаңырақта үш - ақ күн тұрыпты. Есесіне бұл бауырына салған сәби күн сайын ширай берді. Емшегін сүт кернеп, нағыз аналық келбетін тауып еді. Бір жапырақ Төкеннің уілі жас шаңырақты шаттыққа толтырды. Ата - анасына қуаныш сыйлады.Жіңішкеріп үзілуге жақындаған үміт қайта күш алып, арман оты лаулады екі бірдей жүректе. Енді сол тұтанған от, лаулаған алау өшкелі тұр. Биіктеген шаңырақ ортасына түсудің аз - ақ алдында. Әлгі ішкіш қатын бұлардан бала даулап жүрген жоқ. Құлқынын бітеудің қамы. Арақтың құлына айналған маскүнемде қайбір сана бар. Жо-

жоқ, олай емес, ішкіштер шетінен милы. Өздері солай дейді ғой.

Жайна тездетіп шай қойды. Мұғал келіп қадар деп асыққан. Шіркін, төзімді - ау өзі. Қанша шаршап қажыса да қабақ шытпайды. Қолға алған ісін тындырғанға мәз. Ақ жүрек адалдықпен мұратына жетсе Мұғал жетер еді. Осындай момын жандардың тауаны аз болатыны несі екен? Жаратқан ие біреулерге үйіп - төгіп бере салады да қамкөңіл пақырларды тұлданған жылқыдай күзеп, тұлдырлап тастайды. Құдіреті күшті Иенің өзінде әділдік болмаған соң жұмыр басты пенделерден нендей шапағат күтерсің?

Оғаштау ерсі ойдан тез тартынды. Жұқарған көңілі төменге тарта берді. Құдайдан емес, бәрі адамнан. Мұғалды сорлатып қойған солар. Жайнаға бәрі белгілі. Күйеуі бұдан өмір тарихын жасырмаған. Бұлар ертеректе Семей полигонына шектес ауданда тұрыпты. Алғашқы атом сынағын шешесі көзімен көріпті. Осы Мұғал ішінде екен. Өртше лапылдаған алауға қайран қалып, селтиіп тұрған да қойған. Ертеңінде іші түйнеп ауырып қалыпты. Үш - төрт айдан соң босанғанда гәпті біліп, бармақ тістеген көрінеді ата - анасы. Жойқын жарылыстың салдарынан ана құрсағынан мүгедек боп туған Мұғалдың аянышты тағдырын Алладан көретін несі бар? Бар пәле адамдарда. Жер бетін өртше ұйпап жатқан солардың аш көз тойымсыздығы.

Терезеге барды. Сөмкесін құшақтап Төкені келеді. Жүгіре шықты алдынан. Екі құшақ айқасты. Сүйгіштеп жатыр, сүйгіштеп жатыр томпиған сүйкімді құлыншағын. Әлгіндегі мұң - наланы елжірек аналық сезімі жеңді де Жайна сәтте жайланды. Бәрі орнында, түк те болмаған. Бұларға сондайлық төнген қауіп - қатер жоқтың қасы. Ішкіштің сөзіне кім иланады? Қайта өзіне арақты беріп, беріп. . .





Сөйткенше, сыртқы қақпа даңғырлады. Байлаудағы ит үріп, тауықтар қыт - қыттады. Бір жығылып, бір тұрып Зүбайра жүр тәлтіректеп.Бет аузы қожалақ - қожалақ.Үсті - басы лай. Шашы дода - дода. Есін білмейді, өле мас.

- Баламды бер, баламды!..

Жайна есікті жауып алды. Анау итке жақындады. Жайшылықта кісі алатын Қарауыз ырылдады да қойды. Тәлтіректеген бойда тауық қораға кірді. Сүрініп кетті де сол бетінде тұрмады. Өлі мен тірі аралығында қимылсыз қалды. Аздан соң қорылға басты. Түннің бір ауығында оянған. Іші жанып барады екен. Зорға деп су тауып ішті. Қалтасын ақтарғыштап еді, соқыр тиын да қалмапты. Бағана өзімен төсек бөлісетін әне бір жынды сүреймен бірге жүріп еді. Бұтына сарығанымен қоймай,қалтасын қағып жіберіпті - ау.Енді қайтсе екен? Бас жазбаса өлгені ғой, өлгені... Жан дәрменде терезені қақты, сыртқа үй иесі шықты.

- Апай, жайма?

- Өліп барамын.

- Өлмесең, өмірем қап!

- Ә, сүйдеймісің?

- Әбден ығыр қын біттің, не деген ұятың жоқ адамсың!?

- Ұят сендерде бар ма, ә? Біреудің ішінен шыққан баласын...

Ар жақтан Жайна киілікті де Мұғал ішке ығысты. Құлағы ауырлау ол мына әйелдің не дегенін анық ести алмаған.

Қолына ақша тиісімен Зүбайра тайып тұрды. «Расында осылардың мазасын алғыштап жүрмін - ау деп ойлады ол жақын маңдағы дүңгіршекке бара жатып. Біреуге берген асырандым тұрмақ, ақ сүтімді емген бауырымдағы балаларымнан да рахат көрген жоқпын»...

Бұл жолы ол шамалап ішті. Сасық арақтан беті қайтып қалыпты. Қойып кетсе ғой ит ішкірді. Ол кемсеңдеді. Жылайын

деп еді, көзінен жас шықпады. Кімді жоқтайды, не деп жылайды? Тағдырына шағынып па? Тағдырын ойыншық еткен өзі емес пе? Торалып бұла боп өсіп еді. Қос өрім сүмбіл шашы тілерсегін соғатын. Аппақ сұлу жүзді бойжеткенді бозбала атаулы көзімен ішіп - жеп өле жаздайтын. Күніге екі - үш хат алатын жігіттерден. Кісі киік емес еді, ұнатсын - ұнатпасын құрбыларымен қолтықтасып жүре береді. Сондайлық ақ жарқын ашық мінезін біреулер басқаға жорып, оны топсасы босаң қыз атандырып өсекке танды. Шындап келгенде, Зүбайра ондайлардың санатына жатпайтын еді. Сезгір қабақ баққыш ол жеме - жемде жалт беріп, арам ойлы аусарды сазға отырғызып кететін - ді. Неге екенін өзі де тап баса алмайды. Бала жасынан ба, әлде жүре келе жамалды ма, жылтыраққа үйір болатын. Сол әдеті оны қалтасы жұқа сыпайы бозбалалардан алыстатты. Институтта құлықсыздау оқыған жайы бар еді. Бітіргенде де селт етпеді. Мұғалімдікті қаламаған. Не істеу керек? Олқылы - толқылы боп жүргенде ғайыптан оған бақыт құсы қона кеткен. Дипломды әдемі бойжеткенге қырықтағы қырқылжыңның көзі түсті. Алтын тісті, «волгалы» сауда саласының алпауыты пісуі жетіп әбден толысқан Зүбайраны ілді де кетті. Оған керегінің өзі осы. Не ішем, не кием демеді. Кілең ұл тапқан ақ келіншек күйеуіне қатты еркелейді. Күнде қонақ, сейіл - серуен. Қызметі өрлеп тұрған отағасы Зүбайраның бетінен қақпай, баласындай әлпештеді.Арақ - шараптың басқа шығып алған деген дәуірлеген кезі. Шалы үстепкесін бұған икемдеп:

- Мен үшін біздің бәйбіше ішеді, - деп отыратын қонақта. Сол қолпаш Зүбайраға келе - келе сор боп жабысты.Еркектермен тең түсіп сыңғытқанда, бір жартылықты мәу демейтін еді. Күніге екі - үш үстепке өңешінен өтпесе,қабағы ашылмай тұлан тұтып жүргені. Күйеуі аттан түсіп, зейнет демалысына шыққан соң от басынан мән кете бастады. Баяғы аста - төк молшылық





жайына қалып, күн көріс қиындады. Бал талмап, қонақ күткен бұла күндер келмеске кетіп, жан сақтаудың амалы қинаған Зүбайра «ащы сумен» жұбатты өзін. Шалы өлген соң тіптен қайнады соры. Өз қолы өз аузына жеткен балалары от басының берекесін алған ішкіш шешені қайбір жақтырады. Салынып ішіп әбден азғындаған ол бұларды қалайша жетістіреді? Оларға асырауға берген баласына емешегі үзіліп жүргені шамалы. Оған күнделікті тиын - тебен қажет. Одан арғыны тереңдеп ойламайды. Ақша шығатын жер біреу ғана, соларды түртпектей берсе болғаны. Одан басқа жол шектеуді. Ішкенде бәрі түгел. Аузынан арақ кетсе онда оған қара аспан төнеді.

Қызының үйіне барды да жақсылап ұйықтады. Ертесіне ол мешітке баруға қамданды. Таза киімдерін алып, көйлек ауыстырды. Бет - аузын ақпен тұмшалап, монтаны қалыпқа түсті. Назарын төмендетіп ізетпен бас сұқты ғибадатханаға. Имам бір топ адамға шариғат айтып отыр екен. Зүбайра ұйып тыңдағансыды. Имамның назарын өзіне аударып, сеніміне енбекші - тін.

- Арақ харам! Бір рәуатта заһар ұрттаған адам доңыздың сідігін ішкенмен тең делінген. Ол тіке бұған қарап сөйледі. Беті қатты тиын - тебеннен қарайласпас бұл қалпында.Біреулер айтады деп жалғастырды сөзін. Арақ бидайдан жасалынған, қалайша арам болады деп. Қисынға қараңыз. Таза дәнді бұқтырып, шірітіп, одан арақ шығарса, сонда бидайда нендей тазалық қалады? Әу баста біз де ана құрсағынан тап - таза сәби қалпымызда дүниеге келдік. Жүре келе, жамандыққа үйір боп, өсек айтып, ұрлық жасадық. Заһар ұрттап, ызынаға үйірлестік, күнәға баттық. Олай болса, жаман әдеттерден аулақ болғанымыз жөн. Арақ барша күнәнің бастау көзі, қоздырушысы. Бір сөзбен айтқанда, азғындаудың бықырған ашытқысы нағыз.

Діндар жігіт көсіліп ұзақ сөйледі. Насихаты көңілге қонымды - ақ.Ерте - ерте заманда жер жиһанға билік жүргізген қаһарлы әмірші балаларын сынамаққа сейілге шығарады ғой. Жолай олар түйе бағып жүрген қыз бен жігітке кездеседі. Қыздың әдемілігі соншалық - дидарынан төгілген нұр қара тасты да қорғасынша балқытып жіберердей екен. Ағайынды қос патшазада аруды төңіректеп жүріп алады. Жалақ ерін жалбыр тымақ құл: «Бұл - менің болашақ қалыңдығым, сұқтанбай әрі жүріңдер!» деп айбат көрсетеді. Былай шыға екеуіне адам бейнесіндегі азғырынды шайтан жолығады. «Шөлдедіңдер ғой, кеуілдеріңді көтеріп сусындаңдар» деп шарап ұсынады. Олар бастарын шайқайды. Сонда шайтан тұрып: «Шарап ішпейсіңдер, қызға қырындамайсыңдар. Өмірдің қызығынан құр қалған тірі жан екенсіңдер ғой!» депті торығыңқы түңіліспен жаны күйгенсіп. «Сендердің сейілдеп шыққандарыңды естіп, қараңғыда бес жыл сақталған жүзім шарабын алып шығып едім, еңбегім еш болды - ау!?».

Қос патшазада бір - біріне қарайды. Туғалы ауыздарына алып көрмеген заһарға беттей алмай: «Сен іш алдымен, сен көр» деп тартыншақтап тұрып алады. Азғырынды әзәзіл саудасын өткізуге барын салып, оларды зорға иліктіреді. Шарап ішке түсісімен - ақ балқытады, артынша шалқытады. Одан әрі екеуі құтырынып жау қайдаға басады. Әлгі түйе баққандарға қайтып барып, құлдың басын қылышпен қағып түсіреді де қызға ұмтылады. «Бірінші кезек менікі» дейді. «Жоқ, сенен үлкенмін, жол менікі» дейді ағасы. Екеуі айдалада қидаласады. Інісі ағасын өлтіреді де қызды зорлайды.

Аңызды тыңдаған Зүбайра жерге кіре жаздап отырды. Әрі толқыды, көзіне жас келді кәдімгідей. «Енді жынды суды аузыма алсам ба!» деп өзіне қатты тоқтам салды. Оның бұл көңіл толқынысын байқаған имам бұған жүзін жылытты.





- Шешей, жай келдіңіз бе ?

- Тиын - тебеннен қысылып. . .

Бір уыс ақша қалтасына түскенде Зүбайра қатты марқайды. Қаладағы үлкен баласына жете алмай жүр еді. Соның қолына барған жөн. Келіні иман жүзді. Дәрігер және өзі. Емдеп көрер, бәлкім.

Былай шыға оны бөтелкелестері қоршалады. «Бірдеңе түсірдің бе?» деп іліктпес еркіне қоймады. Аздап ақша ұсынды оларға. Дүңгіршектен газет қарады, тамақ алды жолға. Пойыз келгенше деп паркке кірді де, ауқаттанып ес жиды. Артынан газет оқуға кірісті. Кейінгі төрт - бес жылдың беделінде қағазға қарағаны осы шығар. Қарайып қалыпты, ежелеп зорға айырды ұсақ жазуды. «Иба - әдеп шығыста. Шығыстың тәлімі алдымен әйел жүрегіне орнығады. От басында бекиді. Сосын балаларына ауысады. Соған жағдай жасалынады. Батыста өршіген рухани дерт түрлері: нашақорлық, жезөкшелік, мейірімсіздік, зорлық - зомбылық шығысқа да таралып келеді. Сол апаттың алдын алудың амалы діндарлықты күшейтіп, әр халықтың ежелгі тәрбие-тәлім ұстаныстарынан үлгі алу боп табылады».

«Жақсы жазылған мақала екен деп ойлады ол. Мендейлерге зор сабақ».

Тықыршыды. Көңіл қуысы азынап барады. Қапелімде оны құлазу сезімі иектеді. Бірдеңені аңсайтындай. Әлгі азғырынды су шығар іздегені. Соның орны ғой толмай тұрған. Қалғып-мүлгіп отырғанда төрт жігіт келді ентелеп. Таныды. Екі - үш рет тапқан олжаларына ортақ болған еді. Соның қарымын қайтармақ қой. Бұның ізін бағып жүріпті. Бағана мұның мешітке кіргенін көріп қалғанын жасырмады олар. Олжадан бөлісейік дегенді жамырай айтысты. Беріп еді, азырқанды. Жағдайын айтып еді, тыңдамады. «Біз сізді жібермейміз ол

жаққа, онда қатарымыз ойсырап қалады» деді жылтыр қара. Қалтасын қақты да, үйірлі ішкіштер тайып тұрды.

Өзі де сезген бұл тықырды. Енді қайтсе екен? Ішеді, басқадай амалы жоқ. Сәтте жеңілейді ол. Құлқынына тежеу салған бір күні бұған жылдай көрінген. Қамаудан шыққандай өзін азат сезінді. Әйтсе де мешітте тыңдаған шариғат ойынан шықпады. Жамағатқа арнаған сөзінде имам: «Бір әйелдің амалы қырық есекке жүк» дегенді таратып айтып берді. Оның мәнісі- ұрғашыға тиым қырық түрлі екен. Сол межеден асып кетсе төмен етектілердің күнәсі молая түспекші. Қырық есекке артса да таусылмайды. Біреу отырып: «Егер әйел салынып арақ ішсе қайтеді?» деді тура мұны нысаналап. «Онда ондай күнәһардың күнәсі екі еселеніп сексен есекке артқанда да артылып қалады. Ішкен әйелден нендей адамгершілік күтесің? Барша ластық, имансыздық құлқынын тимаған маскүнемдерден шығады» деген заржақ жас имам.

Енді сол насихатты естен шығарып, тағы ішпек пе? Сонда мұның күнәсі үш еселеніп үстемелене түспекші ғой. Боса да жеңілдемейді екен. Күнәнің азы не, көбі не одан да шалқысын бір. Кімнен кем еді?Бозбаланың көзінің құрты еді - ау.Күпітіп бала да тапты, бай да құшты. Соның бірінен рахат көрмеді. Заманың тағы шықты қырланып. Өз күніңді өзің көр дейді үкімет екі сөзінің бірінде. Бірің емес, бәрің байы деп және үгіттейді. Ау, күні кеше еді ғой біреуді біреуге андытып қойғаны. Сәл артық алды ма, жабылып желкесінен түйгіштеп- түйгіштеп құстырып алатын. Мұның шалын сауда мекемесінен ығыстырған сондай пәлеқорлар. Енді бәріне жол ашық, тек баюды біл дейді. Сонда әлгі имам айтқан имандылық қайда қалады? Насихаттың түрі мынау - ұрлайсың ба, қарлайсың ба қайткенде байы. Біреу дәрі деп заһар, біреу зәмзәм деп су сатып, біреулер азын - аулық малын, біреулер тәнін сатып табыс





табады. Қарақшылықпен кісі өлтіріп барды тонағанда, қандай адамшылық қалады? Бүйткен тірлікте нендей барқадар бар? Жүр ғой әне, базарда тамам әйел. Сапасыз нәрсені үстеме бағаға сатып, қара халықты қанағанға мәз. Сөйтіп жанын жалдап тапқан табыс жұмырына жұғын болса не дейсің? Біреуді біреу арбап, алдап жүргені. Соңы алыс - жұлыс, атыс - шабыс. Мұның жазығы тек ішкені. Ал анау өңшең дүние қоңыз тойымсыздар Алланың сүйген құлы болып, бұл ғана тозаққа барғаны ма? Алдымен өліп көрсін, көрер күні уағында. Мына қалпында пейішке бір адам бармас.

Ол өзімен өзі ұзақ салғыласты. Ақырында шайтаны жеңді де жартылыққа жүгірді. Шұлығына жасырған бөлек- салағы бар еді, сонысы кәдеге асты. Шөлдеп қапты таза. Қалжасы жағып балқысын - ай! Кәйіп дүниесіне ене бергенде бөтелкелесі келді. Ол да сусаған екен пақыр. Екеуі қосылып ішті де құшақтары айқасып, армансыз зауықтасты. Ашық-шашық денелері тал арасынан ағараңдап, олай - бұлай өткендерді еріксіз елеңдетті.

Түннің бір уағында оянған. Бөксесі қымталмаған қалпы. Ашқарақ көңілдесі мауық басқан соң тайып тұрған. Шөл қысқаны соншалық, тілі аузына сыймай барады. Еңбектеп зорға жетті суағарға. Қылқылдатып жұтып жатыр, жұтып жатыр.

Орталық көшені бойлап жоғары тырмысты. Қайда бара жатқанын өзі де білмейді. Бас бір жаққа, аяқ бір жаққа тартатындай. Түн күзететін бірер дүңгіршекті торып еді, маңайына жуытпады иелері. Тегін бас жазумен ығыр қылған өзі оларды. Бір жүреді, бір тоқтайды. Баратын жағын аздап долбарлаған. Ызғардан ықтағандай беттей алмай - ақ қойды. Қызынан күдер үзді біржолата, күйеу баласы тіке өңменінен итереді. Үпір - шүпір балаларына нан тауып бере алмай

жүргенде маскүнем енені басына сор қып қайтеді. Мешітке барып, тәубеме келемін деп таза киімдерін алғаны кеше ғана-тын. Мына бетінде кіріп барса, тіке сабар ашынған күйеу баласы. Қызының да жетіскені шамалы. Таңнан кешке дейін базарда тұрады. Бұған қанша ренжісе де қолы тиіп көрген емес. Күйеуі бұзықтау, ұрып жіберуден тайынбайды. Бір жолы ішіп барғанда, кеудесінен итеріп, шалқасынан түсірген. Өтірік талса да жібімейді. «Қараңды батыр, көрінбе көзіме!» деп бақырғанда үй теңселді.

Әрі - сәрімен таңды атырды.Үйі алыс - ақ әлгілердің.Кенттің ең шетінде. Жетті - ау бір қауымда. Таңнан тұрған Мұғал бақшаға су жіберіп жатыр. Кішкене келіншек сиыр саууға кірісіпті. «Пішту, пысығын өздерінің!?». Міндетси келетін әдетінен жаңылмады бұл жолы да.

- Әй, шолақ! - деді үй иесін салғанан нықыртып. Анада сен не дедің - ей маған?

- Ішпе дедім. Соған да жазықтымын ба? - деді Мұғал одан тайсалып.

- Сенің анау тырық қатының маған қарыздар.

- Бірдеңені алып па еді?

- Алғанда қандай.

- Мөлшері қанша?

- Әжептәуір.

Ол кемсеңдеді, бірақ көзінен жас шықпады. Мені құдай қарғаған. Содан ғой өстіп жүргенім.

- Жуыныңыз, шай ішейік.

- Балама кетпекші едім. Алыста қалада тұрады. Соған пойыз пұл таппай.

Мұғал төс қалтасын қармады. Салықтан түскен ақша - тын. Өткізуге үлгермеген екен кеше. Әмиянымен қоса әйелге бере салды.





Осы жаңа қолы - басы дірілдеп, мүсәпір кейіпте өлеусіреп тұрған тіленші шұғыл ширап, жүрісін түзеп алды да тез - тез басып сыртқы қақпаға барып қалды. «Рахметі жоқ, неткен қаныпезер!» деп ойлады Мұғал. Текке кеткен ақшаға іші ашыса да өзін жұбатқан бейбіт кейіпте.

- Әй, анаған ақша беріп қойдың ба? - деді Жайна анадайдан. Мұғал басын изеді.

- Қанша?

- Бір кәшелөк.

- Алда құдай - ай!

Ол әйелдің соңынан жүгірді.

- Әй, тоқта, тоқта!

Ол іркілді. Ит көрген ешкідей одырайып айбат шақыра:

- Немене - ей, сонша далақтап?! - деді қарлығыңқы тосаң үнмен. Осыдан жуып көр қасыма! Шашыңды жұлып қолыңа берейін!

Мал ашуы жан ашуының кері ме, әлде мейманасы асқан оған деген ызасы әбден шегінен шығып, тежеуге шамасы жетпей қалды ғой деймін.

- Қайтар ақшаны! Қайтар деген соң қайтар! - деп түп етегіне жармасты. Қайдағы! Тұмса бұзаулаған тайыншадай әлжуаз келіншекті сүйекті денелі қатын сүзеген сиырша бір - ақ іреді. Талмау жеріне дөп тиген соққыдан Жайна талып түсті.

Есін зорға жиды ол. Бір жағы намыс, бір жағы тұщы етіне тиген таяқ, әрі ушыққан тағдыр шиесі - бәрі қосарланып қатты жүқарды. Неше қилы ойға беріліп жамандай бұзылды. Ерегіскенде соған баласын жетектетіп жіберсе қайтеді. Әй, болмас! Қатқан тұяқ Мұғал шыдар тағдырдың басқа салғанына. Сәби жаны жаншылып, шикі өкпесі езіліп, пәк жүрегіне ғұмырлық дақ түспей ме, асыранды атанған соң ішінде жібіместей боп мұз жатады. Жібір ме жуықта.

Жайна ауырып қалды. Ой бұзады екен адамды. Төтеден килікті бір дерт. Сәл ренжіді ме, қаны басына шауып, құлағы бітеді. Тәлтіректеп барып зорға оңалады. Бәрінен де оны шарасыздық қинайды.

Ұялмай тағы келді. Кешір дейді шімірікпестен. Жылан көргендей түршігіп жүрегі мұздады. Одан ат құйрығын кесісудің амалын таппай басы қатты. Алмай кетсін бе, нәрсе-қараға пысқырып та қарамаған. Тек ақша. Әйтпесе тамағынан өтетін бірдеңе. Жартылыққа өліп түседі. Былай шығысымен сыңғытады. Шашылып жатады - жатады да мастығы тарқаған соң тағы келеді. Алдап - суламаса тіке жұлысуға бар. Сірә, мұның бетін қайтарып алдым деп ойлайды ғой деймін.

Бір күні ол сап - сау қалпында есік қақты.

- Аш, - деді зілсіз үнмен, қоштасуға келдім. Енді қайтіп көрісеміз бе, жоқ па. Алдапты. Қолында қанжар.

- Тырп етсең тіке жарамын, - деді беті-жүзі шаңыта сұрланып. Бес мың теңге табасың, әйтпесе жұмыс жаманға айналады. Мені де біреу жұмсап тұр. Қарыздармын оларға.

- Оларың кім?

- Бөтелкелестерім.

- Айтып қойғансың ғой, - деді Жайна кемсеңдеп. Өзімді, екі сиырым мен қорамдағы он тауықты алмасаң ақша жоқ ырымға.

- Жарайды онда қинамайын. Іске жарайтын жылтырағаныңды шығар, - деді ол түсін жылытып.

- Алып біттің ғой. Қаңқиған ағаштан басқа түк те қалмады, - деді жыламсырап.

- Соңыра ел аяғы басылған соң кел, буып - түйіп қоямын.

- Оған шейін жарты тап, кемі екі - үш бөтелке, - деді анау жұтынып. Кешке ел орынға отыра аламын. Өтімдірегін, әлекөй - шүлекейің керек емес. Дүние менен қалған, білдің





бе? Ақшалаймын да қарамды батырамын. Құтыласың менен біржолата.

Құтылу қайда одан. Өзін былай қойып, енді ол бұзақыларды айдап салды бұларға. Іс насырға шауып, өлесі халге жеткенде Жайна шарасыз ширықты. Ұйықтататын дәріні араққа мол қып езіп, шишаны қолына ұстатып қоя берген. Кешінде базардан оралған Мұғал:

- Әлгі әйел паркте өліп қалыпты, - деді мүсіркеген ажарда. Жайна селк етіп шошып кетті. Жүрегі қатты - қатты соғып аузына тығылды. Көзіне жас тығылып кемсеңдеді ол кәдімгідей. Мұғал да жабырқады. «Құтылмайтындай көріп едік» деп аяғын сүйрете басқан бойында төр бөлмеге өтті. Төкен кісі өлді дегенде елеңдеген. Әкесі мен шешесіне кезек қарап қабағын шытынды.

- Осында кеп жүретін ішкіш тәте ше, сол ғой өлген, - деді Жайна баласын мүсіркеу аралас сыншыл көзбен бағып.

- Байғұс - ай, өмірден түк көрмей кетті - ау!?

- Бізге туыс па? - деді бала шешесіне.

- Жоқ, әншейін таныс кісі. Ертеректе көрші тұрғанбыз.

Төкен тосын сырдың ұштығын шығарды:

- Маған шәкалет беретін. Алмасам жылайды. Сосын аяймын да достарыма үлестірем.

- Дұрыс қой, - деді Жайна манағыдан бетер үгітіліп. Бізбен таныс, сосын сені іш тартқан ғой.

- Неге ішті екен, ә? Баласы жоқ па өзінің? - деді Төкен шешесін сөйлемес ерікке қоймай.

- Балалары көп оның. Арақпен кетіп қалған ғой.

- Не сонда? Арақ тәтті ме?

- Ап - ащы, у ғой нағыз! - Жайна құдай аманаты лоқсып шала бүлінді. Жүрегі өрекпіп тынши алмай қойды. Кірпігі ілінбей түн күзетіп шықты. Сиыр сауылмай, тауықтардың жұмыртқасы

алынбай қалды. Жайна аяқ астынан шошымалды әдет шығарды. Түн баласында елірмелеп есін шығарды күйеуінің. «Әне келе жатыр! Кеп қалды!» деп шыңғырады «Кім ол?» десе басын шайқайды. Содан әупіріммен беті бері қарағанда Мұғалға құпиялап: «Оның түбіне араққа дәрі қосып беріп жеткен мен» деді кемсеңдеп. Ақырында кісі қанын мойныма жүктедім. Өлемін! Керек емес бүйткен тіршіліктің. Ұйықтасам түсімнен шықпайды. Күндіз көз алдымнан кетпейді. Рухымен арбап жүр...

Мұғал қайбір тәуекелшіл. Келіншегіне түк айта алмай көзімен жер шұқып отырғаны. «Болған іске болаттай болайық та» дейді жаттанды тоқтамды көлденең тартып. Онысына да рахмет. Еркек басымен жүрегінің жұмсағын - ай өзінің!«Бір біз емес, жиырма мың тұрғыны бар кентті ығыр қылған күнәһарда қайбір рух бар дейсің? Қайта одан құтылғанымызға шүкірлік» дей салса несі кетер екен?

Осы ухілеуімен Жайна жазды өткізіп, күзді түгесті. Нендей іске де уақыт төреші. Мұғалдың мұңы ішінде. Сыртқа көп шығара бермейді. Жайна шашыла жаздап барып оңалды. Бір жақсысы - шошымалды әдеттен арылды. Тез түлеп, тез жүдейтін әсершіл жан өзіндік күйеуі мен құдайдан басқаның ортағы жоқ Төкеніне бар мейірім - шуағын төгіп, жадыраңқы тартты. Төкен бұрынғысынан да сүйкімді болып алды. «Әке дейді Мұғалдың мойнына асылып. Мен сенен аумаймын, ә? Мамама түк те тартпағаймын». «О, көкетайлағым сол! дейді Мұғал емірене үздігіп. Жалғызымсың ғой менің. Өркенім! Өнігім! Тұяқ жалғарым!»

Күндердің күнінде бұлар тағы дүрліксін. Ойламаған жерден тосыннан кеп килікті бір сойқан. Кәдімгі адам бейнесіндегі жалмауыз есікті қақпастан тапа - тал түсте кіріп келген.





Амансыңдар ма? - деді баяғысындай еркінсіп. Қайда әлгі маған у берген сілімтік қатын?

Мұғал шалқалап барып түзелді. Жайна бағжиды.Өз көзіне өзі сенбей тұр. Өлді деген адамның түгі кетпеген. Бөртіп ішіп алыпты. Арақ жасытқан жанарынан бұған деген өшігіңкі кек аңғарылды. Тіке жеп жіберердей тесілгенде, өңменінен өткізіп жіберді.

Жайна құлап қалмауға тырысты. Бұған дейін мұны бір күш демеп жүргендей еді. Енді сол сүйеніші шіріген тіреудей опырылып, үй төбесі ортасына түсудің аз - ақ алдында. Лап етіп құлайды да, мұны басып қалады. Бітеді сонымен сәбізі. Мына тажал аямас қаттылықпен болған жағдайды басынан аяғына дейін айтып - айтып тастамақшы. Тәрізі солай, беті қатты.

Өзінен де бұрын Мұғалға қиын - ау! Көрейін деген қызығынан көз жазып, ақырғы қуанышынан айрылған соң жер басып жүру қиын - ау оған? Ортасына түскен шаңырақты, ойраны шыққан от басын, үзілген үміті мен тоқыраған арманын қайтадан қалпына келтіруге шамасы жетер ме? Сәбізінің біткені осы ғой. Күйеуіне жақсылық жасаймын деп жүргенде, шыңырауға құлатып тынғаны ма?

Қарсы алдында сұрлана қалшылдаған Зүбайра райынан қайтатын емес. Әңгімені әріден қозғап шет пұшпақтап шығара бастады.

- Сен қаншық, мені сандалтқаныңмен қоймай, қойныңдағы байыңды да алдап, басын айналдырып. . .

Жайна әлсіреп бара жатты. Ауа жетпей демі бітіп, көз алды қарауытып жүре берді. «Мұғал - ау!» деуге шамасы келді де, сылқ етіп құлай салды.

## ТҮС

- Біссімілләдеп бастайыншы. Мен сізге түс туралы айтпақшымын, - деді ол. Кәдімгі көрген түсім. Соның себебінен туындаған салдар. Болған жайды тым қарадүрсін, әйтпесе көңілсіздеу өрбітсем, өтірікке балап жүрмеңіз. Өтірік - кісінің өңіндегі амалы. Түске амал үйлеспейді. Ұйқы құшағында жатқанда пенде бейтарап жағдайда. Не өмірде, не өлімде емес, тең орталықтасың. Жаратылыс құпиясының құндағына бөленген сәби тәріздіміз. Құдіретті күшті ие тым мазасыз пендесіне жаны ашып тыншу сәтті бұйыртқан. Ғылым тілімен айтқанда мидың дем алуы, менің түсінігімде үшінші дүние. Жә, аздап шегініс жасап көрейін. Өзімді көріп отырсыз, от басымнан да хабардар етейін. Хабардар еткенде... дәл қазір. .. Ә, айтпақшы, түсімді! Ой, өстіп, кейде шатасып қалатыным бар. Ғапу етіңіз, ағасы. Әзірше ақыл - есім бүтін. Дегенмен кім-кімде де аздаған ауытқушылық болмай қоймайды. Жантану ғылымына ден қойғалы сауатым ашылып қалды. Тотықсыз таза сана сәбилерде ғана. Үлкендердің көбісі бүлінген. Миғұламыз шетімізден. Соның бірі - өзім. Нанбасаңыз жақсылап тыңдаңыз. Онда да шыдамыңыз жетсе. Мазасыздығыма ғапу өтінемін. Ұстамды сабырлы - ақ едім, кейінгі кездері тым қазымыр боп барамын. Өзен өртеніп жатса мыңқ демеуші едім, бүгінде жора - жолдастарым мені көргенде сырт айналатынды шығарды. Мінез құлқымдағы жүре пайда болған өзгерістен сескенеді білемін, шалық ұрғанға жатқыза ма, қайдам!? Көзіме айтпаса да, сыртымнан күңкілдейтіні анық. Оған себепкер өзім, түнде бір түс көрдімнен басталады әңгімемнің біссімілләсі. Онсыз да кісіні жынды атандыруға бейім пенденіз менен ат тонын ала қашпағанда қайтеді. Күнделікті күйбеңі мен мүтін күн көрісін «ақылды темірдің» құзырына тапсырып, соның құлақ кесті





құлына айналғандар «түс көрдімге» өлсе иланар ма. Кезінде велосипед жарысында алдыма жан салмай, қатарынан үш рет республика жүлдегері, бір мәрте Кеңестер Одағының чемпионы атанған мені қара жаяу деп ешкім де айта алмас. Педучилищеде оқытушымын. Қызметте абыройсыз емеспін. Жасым қырыққа келсе де жиырмадағы жігіттеймін әлі. Дене сымбатым келісті - ақ. Жора - жолдас қатарластарымның арасында қой бастаған серкедей әлі де оқшау тұрамын. Жаратылысым қылаусыз. Түр - тұлғама көз тояды. Жұмыс орныма сыйлы, достарыма жұғымды, ортама сыйымды екендігім адамға да, Аллаға да аян. Қыл - аяғы киген киіміме шейін бойыма қонып, сүйкімімді арттырады.Жүріс - тұрыс сөз саптасымда оғаштық байқалмайтын. Тағам ішісімде де сыпалық бар. Арақты татып алмаймын. Шылымды суқаным сүймейді. Ішкіштерден қашып жүремін. Осы қасиеттер тегімде бар еді, ата - анамнан жұқты, достарымнан, ұстаздардан ауысты деп көбейтер жайым жоқ. Адамды заман билейтіні белгілі. Жақсы әдет, сүйкімді қылық, қоңыр мінез тыншу ортада қалыптасады. Дегенмен жазымышқа бой ұсынып, тағдырға тоқтап, Алланың бірлігін мойындау - бәрінен де мәнді екендігін өз басым ертерек сезіндім. Материалистік іліммен уланған санам: «Екі дүние болмақшы емес, құдай жоқ» дегенді қасарыса қайталағанымен, көкейім:«Бір күш бар ғой, әйтеуір» деп босаңдайтын.
Енді қайтеміз, мүтін бір мемлекет, оның идеологиясы құдайсыздықты насихаттап құзғынша сұңқылдағанда менің бұра тартуыма жол қайда. Дінсіздер қоғамында өмір сүре тұрып, ептеп Алланың жолына қиыстауыма, бірден бір себеп - түс көруім еді. Онда тура он бестемін. Қыс ортасында атам дүние салды. Әке - шешем алас - күлес ауылға аттанды. Мен іні - қарындасыма ие болып үйде қалдым. Содан түс көрейін. Атам кеп тұр. «Жансері, сені әкеткелі келдім, жүр менімен

ілесіп» деді де еңкейіп маңдайымнан иіскеп, «Жарайды қала қой, тоқсанға келгенше жүре түр» деді де үйден шығып кетті. Ояна келсем таң аппақ атқан екен. Екі бауырым терең ұйқыда. Інімді жұлқылап оятып: «Атам енді түсіме!» дей беріппін. Әкеме айтқанымда, аса мән бермей, аруақ қой дей салды. Шешем жұқа пісіріп, көрші шалды шақырып, атама аят бағыштады. Сонымен біраз жүрдім. Атамның аруағы қайтып мені мазаламады. Ол кісі түсіме енсе екен, аян берсе екен деп тілеймін - ақ. Оныншыны бітіріп институтқа түскенімде тағы бір елестеді атам. Қолыма қамшысын ұстатып: «Алды - артыңа қарамай шаба бер, қайткенде озасың» деді. Бірақ мен атқа үйір болмадым. Қалалықпын ғой қанша дегенмен. Іргедегі көкше көлге жиі - жиі түсіп, қайық есумен әуестендім. Желдіаяқпен ұшыртқанда алдыма жан салмадым. Жүгіру, биіктікке секіру, шаңғы тебуден облыстық деңгейде топ жардым. Сонда ылғи атамның ескі қамшысы қолымда жүреді. Соңғы көрген түсімнен кейін әкейдің ауылдағы ағасы үлкен көкемнен қалап алғанмын. Кәдімгі тобылғы сапты отыз екі өрім қасиетті айдауышты ұйықтағанда бас жағыма қойып жатамын. Атамның аруағына қатты сыйынатынымды осыдан - ақ білерсіз.

Бірақ түсті тәжірибе қыла алмадым. Ырым - жырым, діни нанымды ескіліктің сарқыншағы санайтын қоғамда өмір сүруім, сондай ортада тірлік кешуім өзге тұрмақ өзіме де жұмбақ шырамытымды, сезімталдығымды ұштауға мүмкіндік бермеді. Расы керек, құлқым да жоқ - тын. Бой - басымды былғанышқа ұрындырмай таза жүргендіктен бе, әлде спортпен айналысуым әсер етті ме, ұйқым тәтті еді, қатты ұйықтайтынмын. Мүлде түс көрмеймін десем де болады. Есімде қалғаны өңімдегі елестің қайталанған жаңғырығы сияқты көрінеді.

Несін жасырайын, бұла өстім. Әкем беделді қызметте, нағашыларым да әйдік. Осының бәрінен де қосағымның дұрыс





кездескені көңілімді көншітіп, шексіз бақытқа бөледі. Зипамен спорт додасында жүріп таныстым. Бір жылдары екеуіміз бірдей бас жүлдені иемдендік: мен желдіаяқтан, ол суға секіру мен мәнерлеп жүзуден. Одақтық жарыста суға секіруден бір алтын, екі күміс медаль тағынды ол. Онымен тұрмыс құрып жұбайлық өмірдің қызығына кенелгенім күні кешегідей. Былайғы көздер екеумізге қызығып та, қызғанып та қарайтын. Оны әсіресе, Зипа қатты сезінеді.Әдемі киінбей - ақ қояйыншы дейтін ол. Екеуміз де спорттық киімдерді ұнататынбыз. Бойшаң адамға не кисе де жарасады. Жүріс - тұрысымыздағы жинақылық, кейпіміздегі тартымдылық бағамызды асырып, өзгелерден оқшаулап тұрады. Үнемі дене шынықтырумен айналысып, жазда көлге шомылып, қыста шаңғы, коньки теуіп, шымырланған тұрқымыз сымбатты - ақ. Сырт адамдар бізге еріксіз сұқтанады. Айтпасқа болмайды, бір - бірімізді аялап зауықтасуымыз өзгеше қызулы еді. Келіншегім көзімнен сәл тасаланса, қашан көргенше дегбірім қалмайды. Сағынып өле жаздаймын. Одан көркем әйел жоқтай көрінеді маған. Шыны сол, иланыңыз маған. Әсіресе оның дене бітімі келістітін. Кәдімгі ақ сазан бар ма, тура сондай. Ақындар жырлайтын аршын төс, алма мойын, керме иықтың өзі. Денесінде артық ет жоқ. Судағы балық та бір, ол да бір. Құлын мүшесі мінсіз үйлесіп тұтаса сомданған. Жалаңаш тән кей жағдайда кісіні қызықтырудың орнына жиіркеніш сезімін тудыратыны болады. Оны тек суда көрсең ғой. Кәдімгі қолға үйретілген дельфинше айдында шоршығаны, неше қилы мәнермен су бетінде билегені,биіктіктен шеңбер жасап тұңғиыққа секірігені тәнті етеді. Өзгені қайдам, онымен бір көрпе астында жатып шықсам да, суға шомылғандағы жалаңаш тәніне сұқтануымда, қызықтауымда шек болмайтын. Құшағымдағы Зипа бір басқада, айдында аққуша сыланған Зипа бір басқа. Оның дене бітімінің

сондайлық тартымдылығына ертегідегі алтын балықтай көз жауын алған сұлу мүшесіне менің беретін бағам осы. Басқалар оны қандай көзбен көреді, куәлік бере алмаймын. Біреудікі біреуге таңсық көрінеді деп жатады ғой, оған да қызығып сырттан таңырқап құмартатындар бар шығар. Мейманасы тасыған өзімшіл көңіл келіншегімді қызғанудан да қызықтауға бейім еді. Ұзын сөздің қысқасы, әйелдің шолпаны Зипадай - ақ болар. Сүйегінің асылдығын, келісімді кейпін біраз сипаттадым, енді оның жан мөлдірлігіне тоқталайын. Байқаған шығарсыз, қалалық бола тұра өз ана тілімде жап - жақсы сөйлеймін. Атасының алдына отырған, қазақы отбасында тәрбиеленген менің туған тілімнен қол үзуім қисынсыз. Сөздік қорымның молығуына, сөйлеу машығымның қалыптасуына ықпал еткен әйелім тағы. Облыстық кітапханада бөлім меңгерушісі боп жүрді де, директорлыққа көтерілді. Оқымпаз кереметтей. Бала тәрбиесі мен үй шаруасынан қолы қалт еткенде кітапқа тесіледі. Ұққанын міндетті түрде маған әңгімелейді. Ойын қисынды өрбітіп, таза әдеби тілде сөйлейді. Құлағым қанығып санама сіңген сөз оралымы ойымда мықтап орнығып, миымда шегеленіп қалатын еді. Қысқасы, ол маған ұстаз есепті. Сүрінсем - демейді, қиыс кетсем - түзу жолға салады. Қыл аяғы бой - басымның тазалығына шейін қадағалайтын сол. Қоңқақтау мұрнымның астындағы тықыр мұртымды басып мәнерлейтін өзі. Сәл жалқауланып бойкүйездікке салындым ба, есебін тауып сілкілеп алады. Сесті сергек жүргенімді қалайды. Қолға түсе қоймайтын сирек кітаптарды басыма жастап, оқы деп үгіттейді. Бірақ мен кітапқа аса құмар болмадым. Мамандығыма сәйкес оқулықтарды парақтадым. Тарихи танымдық зерттеулерді, салт - дәстүрге байланысты еңбектерді, діни сарындағы үгіт - насихаттық аңыздарды түбейледім. Студенттерге дәріс оқып, оларды спортқа баулитын





ұстаздығымды қорғағаным ба, анайы шығармаларға зауқым соқпайды. Зорлық - зомбылықты көрсететін кино туындыларына күні бүгін жиіркене қараймын. Осындай талғампаздығыма, жан дүниемді кірлетпей таза ұстауыма ептеген ырымшылдығым, діндарлығым септескенін жасырмаймын. Бұған және де ертеректе атамның аян беруі ықпал еткенін қосыңыз. Тым беріліп кетпесем де Алланың бірлігін танып, аруаққа табынуға бейімдігім мені қомағайлықтан қашқақтатты. Мен де біреуге қызығып, маған да біреулер іш тартып, жүрегі түскір құр аттай көлденеңдеп зықымды шығарғанда, атамның аруағы көмекке келіп: «Балам, былғанышқа ұрынбасаңшы» дегендей болады. Мені бақылайтын екінші көз тағы бар, ол - Зипа. Ұзын сөздің қысқасы,құлқыныма қатты тыйым салып, күнәлі істен аяғымды тарта бастым. Атамның аян беріп тоқсан жасқа келесің дегені-аусар көңілімді жаман жердің қиырынан қақпайлап түзу жолға бұруға септесті. «Көп жасағың келсе, көп асағанды азайтқын» деп өзімді және қайраймын.

Өмірден түйген аздаған тәжірибеме сүйенсем - ойыма Алланың бірлігі оралады. Жұмыр басты пендені Алла тағала тегін жаратпаған. Білуімше, әр адамның иесі бар. Құдіреті күшті ие соған бізді бақтырып қойған. Әлгі бақташыны періште дейміз бе, аруақ дейміз бе, әйтпесе космос адамы дейміз бе - әйтеуір бір күштің ықпалындамыз. Сол күш мына біздерді қауіп - қатерден қақпайлап, түзу жолға салуға тырысады. Оған біз көне қоямыз ба, амалы таусылған әлгі иеміз енді бізді бір - бірімізге бақтырады.Бірақ өзімшіл көкірек біреудің ақылына бой ұсынып, оңайлықпен иліге қойсын ба!? Әлгі иеміз адамдардың жуасыған тыншу сәтін тосады екен. Құбыжық боп елестесе шошытып алармын деп кәдімгі адам кейпінде түске енеді. Жақсылықтан алдын ала хабардар етіп, қауіп - қатерден сақтандырады. Бірақ ондайды адамдар

тәжірибе қылмайды. Елемейді. Содан әлгі бағымшымен арада кереқарлық туындамай ма. Менің аздаған пәлсапам осыған саяды. Бірді айтып бірге кеткенімнің себебін әңгіме соңында ұғынасыз. Сұмдықтың көкесі алда. Тікесінен қойып қалуға жүрегім дауаламай, орағыта бергеніме кешірім өтінемін. Айттым ғой жаңа, кейінгі кездері тым сөзуар боп кеттім деп. Өмір өзгертеді адамды. Бір қалыпта ешкім де жүре алмайды. Сырды ішке бүгуге менен өткен тас түйміш табылмас. Қазір ше,екінің біріне мұң шағуға бейіммін. Солай ағасы. Жарайды, негізгі айтарыма оралайын.

Осыдан үш жыл бұрын жаңа жылдың қарсаңында қорқынышты түс көрейін. Аттың үлкендігіндей қара қасқырмен айқасып жеңісе алмаймын. Ауызды енді салам дегенше ояна келдім. Түршіккендігім соншалық - жүрегім тулап аузыма тығылды. Тұла бойымды алған үрейден денем ұйып жон арқам шымырлады, маңдайымнан сұп - суық тер шыпшыды. Біразға дейін ұйқым келмеді, дөңбекшідім де жаттым төсекте. Ертеңгі жоспарымнан еріксіз бас тарттым. Уәделескен шаңғы жорығына бармадым. Айдында коньки тебуге де зауқым бармады. Үйде сенделіп жүрдім де қойдым. Түндегі елестің айқындығы сондай - көз алдыма елестеп жүргізбейді. Жарайды, қасқыр енсін - ақ түсіме. Сондайлық үлкендігі, қаралығы несі?! Бұл нендей гәп?! Келесі күні қала шетіндегі нағашымның үйіне бардым. Үлкен баласы оймышты әсем кәшауаға ат жегіп, жаңа жылдық шеруге дайындалып жатыр екен. Бастықпаған ба, сүліктей қара арғымақ тулағысы келгендей шәлкестеніп жүре қоймады. Сулығынан ұстап тартқаным сол еді, ат атқығанда шалқамнан түстім. Тұяғы бетімді сызып өтті. Шанаға кептелдім - ау дегенімше, аздап кідіріс болды да, жетектің астынан еңбектей тырбанып сытылып шыға бердім. Сөйткенше, сатыр - сұтыр тепкіден





құлақ тұнды. Шананың быт - шыты шықты. Нағашымның баласы әупіріммен аман қалды.

Іле тағы бір түс көрейін. Дәу қара шұбар жылан денеме оратылып сығымдап әкетіп барады. Қатты шошысам керек, Зипа ұшып тұрып шам жақты. Кешікпей әлгі түсім өңімде қайталанды. Жол торушылар айсыз қараңғыда ұрынды маған. Беріспей көріп едім, пышақ жұмсады. Қалтамдағы мың сом әлгілердің олжасына айналды. Ауруханада табаны күректей үш ай жатып шықтым. Содан былай мінезімде ептеген өзгеріс байқалды. Сесті сергектіктен жаңылып, жасқаншақ тарттым. Түс көру құпиясын зерттеуге кірістім. Ғылыми еңбектерді ақтарғыштап, түске байланысты аңыз бен ақиқатты салғастырдым. Түс жорудың әдіс - тәсілдеріне үңіліп, халық санасындағы сан қилы жорамалға талдау жасадым. Құпияның ұшығына жете алмай діңкелеп біттім.

Ойларсыз бәлкім, жүйке ауруына шалдыққан шығар деп. Ондайдан аулақпын әзірше. Ұйқым тыныш. Түнде сирек оянамын. Көбінесе жанға жайлы түс көремін. Мәселен, мына сарында: биік тауға шыққан екенмін деймін. Жер дүние көгілдір түске малынып тұр. Мұншалықты биікке шыққаныма таңданамын. Аяғымда шаңғы, сырғып етекке түсіп келе жатырмын. Қасымда Зипа бар екен. Ол құлап тұрып, құлап тұрып, кейіндей береді.

Түс көрумен бас қатырып жүргенімді келіншегіме сездірмеймін. Онда ол түгімді қоймай, балаша ұрсып итімді шығарады. Зипаға байланысты көрген екі түсімді айтайын. Әйелімнің қол сағатына бейтаныс біреу таласады. Мен бермеймін деймін, ол аламын дейді. Өзгелерге тән қызғаныш менде де бар. Өзімді өзге еркектерден артық санайтын менмендігім ондай осалдыққа ырық бермейді.Әйелдің еркектен алар үлесі мол. Соның бастысы - төсек ләззаты, одан соңғы

жарасымды татулық. Бұл талаптардан сүрінбей келе жатқаным өзіме аян. Зипаға тағар қылаудай кінәм және жоқ. Жылтыраққа үйір емес. Көйлек таңдап шала бүлінбейді. Үстінен спорт киімдерін тастамайды. Дүниеге қызығушылық онда пәс. Ішіп - жемге де аса ентелемей, орта құрсақ жүргенді ұнатады. Тамақсау мешкей адамдарды екеуміз де жақтырмаймыз.Ондай адаммен қонақта қатар отыру - біз үшін қорлықтай көрінеді. Несін айтасыз, әйелдік міндетіне адалдығы басқаларға үлгі еді оның. Аусарсып өзіне қол жүгірткен еркекті жағынан тартып жіберіп қарап отыратын. Жора - жолдас: «Сенің қатыныңа таянуға болмайды, шақар мысықтай тырнауық» деп әзілдейді. Шындығы сол еді. Тек бір ғана әдеті оғаштау көрінеді. Айдында сағаттар бойында балықша жүзуге жаны құмар. Мүтін көз оны ішіп жеп сұқтанғанда, расы керек, кәдімгідей шытынаймын. Менің жақтырмағанымды сезді ме, кейін ол көлге оңаша шомылуға ұсыныс жасады. Көл жиегінен қолайлы орын тауып алаңсыз қыздырындық күнге.

Сүйген жарға адалдық, қызуы басылмас құштарлық екеуімізде де молынан жетерлік - тін.Әлгіндегі оған байланысты көрген түсімнің әсерінен сейіле бере тағы бір сұмдық түс көрейін. Суға түсіп жүр екенбіз. Балық тәрізденген жылан Зипаның мойнына оратылып алып жібермей қояды. Анау суға бір батып, бір шығып тұншыға жанталасады. Оны құтқарайын десем жылан балық оқталады маған. Бұл түсімді Зипаға тұспалдап жеткіздім. Бірақ ол мені жүре тыңдап аса мән бермеді. «Кісі жақсы лепеске үйір келмей ме?» деп қайта өзімді жазғырды. Бірақ көңілі түскір орнықпады, қос үрей болдым да жүрдім. Етжүрегім бір қатерді сезетін тәрізді. Қатар өсіп келе жатқан екі ұлымның анасы, қойнымды жылытқан қосағымнан айрылып қалам ба деген қауіп - жатсам - тұрсам ойымнан кетпейді. Зипа әйел болғанда қандай дейсің! Сырт сымбатына





көзің тоймайды. Төсек ойынына берілгенде тым қызулы. Етіңнен өтіп сүйегіңді еріткен ләззат шарпуына кенеліп, лапылдаған от құшақта балқып бір жатқаның. Болмастан ілік шығарып; қисынсыз бұртыңдайтын қылт етпе кінәмшілдікке мүлде жоқ. Дүниеде бала мен жар қызығынан өткен сүйкімді не бар дейсіз! Қабағы - ай, жанары - күн жақсы әйелдің ері болудың өзі бір ғанибет қой. Тек саған ғана берілген, тек сен ғана сүйіп, жүрегінің жылуын саған басы бүтін арнаған опалы ұрғашыны сипаттауға тіл жете ме! Зипаның барша қасиетін түгелдеп шығу мүмкін емес. Онда менің әңгімем мың бір түн хикаясынан да асып кетеді. Оны шексіз сүйгендігім бе, әйтпесе көрген түсімнің дәл келуіне қатты иланғандық па, әйелімді көзімнен таса қылмауға тырыстым. Әсіресе көлге бармауын қатты қадағаладым. «Суды қояйық, егде тартып келеміз, анда - санда болмаса» деп жақауратып көрсем, қабағы түсіп түйіле қалады. «Менің жарты жаным суда» дегенді шегелегендей етіп нықтап айтады. Сосын тая соғамын да сыртынан бақылаймын. Айдын қызығын онымен бірге бөлісемін. Лажсыздан. Тұңғиық мені бұрынғыдай қызықтырудан қалған. Су түбінде бізді жұтатын жайын бұғып жатқандай - ақ көлге түскенде денем қатты тітіркенеді. Зипаның ойына түк кіріп шықпайды. Көгілдір айдында емін - еркін құлаштап рахатқа батады. Жағалаудан ұзап аралға бет қойғанда: «Қайт, қайт!» деп жан даусым шығады.

Арал демекші, оның хикаясы біраз жыр. Ерте - ертеде осы мына Көкше көлді мекендеген қалың елдің бетке ұстаған абызы Ерқұтты шешеннің жалғыз қызы болыпты. Ай десе аузы, күн десе көзі бар еркекшора бойжеткен жиырмаға келгенше оң жақтан ұзамаған көрінеді.

Небір сен тұр, мен атайын жігіттер оған ғашық болып қол созғанымен, арудың қатал сынынан өте алмай жолда қалады. Сұлулығы ересен Ақшабаққа ғашық болмаған

еркек қалмапты. Түбіт мұрт бозбаладан бастап жетпістегі желсақал шалға дейін бағын сынап алдынан өтіпті. Жақын жеңгелеріне:«Көңілімді аударған еркек көрсем көзім шықсын!» деп кекірейетін көрінеді. Сол ай қабақ ару бір күндері көлде шомылып жүріп жеңгелерінен арттағы елге сәлем айтыпты. Кімде - кім менің соңымнан аралға жүзіп келсе сондықпын дейді ғой. Тез құлақтанған қалың ел дүрлігісіп жағалауды басып кетіпті. Дәмелі жігіттер бақтарын сынап көргенімен, жүрегі дауаламай орта жолдан қайтыпты. Кейбір жан кешті есерсоқтары суға кетіп, сүйегі балыққа жем болыпты. Содан бір талапкердің бағы жанса керек. Сөйтсе әлгі жігіт бидің есігіндегі жалшысы екен дейді. Ақшабақ сөзінде тұрып соған қосылыпты. Осындай оқиғаға куәгер киелі жер содан былай «Махаббат аралы» атанып кетіпті. Мүмкін естіген аңызыңыз шығар. Мен бұл хикаяны білгіштігім ұстағандықтан еске түсіріп отырған жоқпын, Зипаға байланысты болғандықтан сөз арасына қыстырдым.

Қызықты қараңыз, оның да аңсары аралда, бір жүзіп барсам - ау деп тамсанады да жүреді. Көрген де шығарсыз. Кемі жиектен екі шақырым жайымен бар. Өзіміз орын тепкен тұсты біз де «махаббат жағалауы» атандырдық. Сондайлық көз тартпаса да жүрекке жақын, ең бір ләззатқа толы қызулы күндеріміз сол тұста өтті. Тастақты жиекті көмкере суға сұғынған нар қамыс ит тұмсығы өтпестей қою. Қамыстың нақ ортасында тасты жарып жалғаз тал өскен. Діңіне құшақ жетпейді. Тоғыз тармақты алып ағаштың саясы көлеңкелі. Жеңіл - желпі төсек орын, ыдыс - аяқ бәрі бар. Біз мұнда тек қана велосипедпен келеміз. Екеуміздің екі желдіаяғымыз бар. Бұл тұсқа қыдырмалардың көзі түспейтіні содан. Шыбын да саябыр мұнда. Осы маңның балығы ашқарақ әрі ірі келеді. Алма кезек құлаштай лақтырғанда кесімділігі сондай, қамысты





жапырады. Балық асып жеп, әйдай кенелеміз. Сосын тырайып ұйқы соғамыз.Айдыннан ескен салқын леп жанға рахат.Жарым құшағымда, көкше көл көз алдымда. Менен бақытты кім бар дейсің? Бірақ әлгі бір қорқынышты түстер есіме түскенде жүрегім май ішкендей айнып берекем кетеді. Тоқтыққа мәз көңіл аштыққа ұрынардай қоңылтақсып, қараптан қарап берекем кетеді.

Тәңірге жалбарынамын. Атамды еске алып дұға оқыттырамын. Зипа ондайға бейім. Жұма күндері міндетті түрде шелпек пісіреді. Көрші ақсақалды шақырып, аруақтарға аят оқытамыз.

Сезімшіл жүрек тыпыршығанын қоймады, бірақ. Отбасымызға бір қатер жақындап қалғандай көрінеді де тұрады. Несін айтасыз, тағы да түс көрейін. Суық қабақ біреу Зипаны құшағымнан жұлып әкетіп түпсіз шыңырауға итере салды. Ояна келсем, жұбайым қаннен қаперсіз ұйқы құшағында. «Жаным - ай, өлтірдің - ау!» дейді ыңырсып. Тіксінейін кәдімгідей. Көңілімді ұры күдік түртіп, дүдәмал сезімге берілдім.Қорқынышты елеске шырмалған сорлы басым әйелімнен айрылып қалмайын деген сақтықпен оны сырттай бақылайтынмын. Сонда оның менен жасырған «тығындысы» барын ептеп сезгендей болатынмын. Кейде ол маған көрпе астының құпиясын тарататын кітап ұсынады. «Оқы, шабытың оянады» дейді түк шімірікпестен. Парақтаймын да лақтыра саламын. Ол кітапты құтқармайды. Қалайда уақыт табады оқып шығуға. Кітап құмарлығына сидырамын да кешіріммен қараймын оған. Алған мағлұматынан мені де хабардар етіп «сауатымды» ашып тастайды. Құмар қандырудың он бес түрлі тәсілі бар екендігін ежектейді. Қуатты бойда ұстаудың әдісін, төсек рахатына кенелудің түрлі құпияларын санамалайды. Гауһар балғаны шынықтырудың жолдарын түбейлейді.

Әйелдердің лағыл өзегі қайтсе тұшынады - оған шейін жасырмайды. Осы жазған мені олқысынар деген күдікпен бірер қимасымды жағалап ем, олар бір ауыздан зар күйіндесің деп куәлік берді.Сейткеннен бұрын, аңсар бәсеңдеп жұбайыма салқын тарта бастадым. Ол керісінше ынталы маған. Бойына тың қуат қосылғандай өліп - өшіп алғаусыз беріледі. Бой жазып жүр ме деп те күдіктенемін. Расында солай тәрізді. Көңілін суыққа салса мені осыншалықты өбектер ме? Бірақ ол топшылауыма да табан тіреп қала алмайын. Қатерге ұрынып, ғұмыры тұйықталатын адам қайткенде сыр алдыруы керек. Сөйлеген сөзі, немесе жүріс - тұрысы, әйтпесе пиғыл - ниетінен бір шикілік байқатары сөзсіз. Келіншегімнің ағы - ақ, қызылы - қызыл керісінше. Қызметтен көбінесе көңілді оралады.Қыздармен барып көлге шомылдым деп келеді.Нұры тасыған дидарынан мұң тармақ болмашы кірбің де сезілмейді. Өмір қызығына кенелген тоқ көңілі барынша көтеріңкі. Сөйткен адамды жаманатқа қалай бейімдерсің. Соқыр елеске шырмалып, ырым - жырымға алданған мен - ақ болайыншы деймін де желдіаяғымды өкпеге тепкілеп көшеге шығамын. Толқыны көбік шашқан айдынға аңсарым ауса да жүрегім тартпайды. Зипаны алған бетінен қайтара алмаған соң өзіме тиым салып, ол жаққа қия баспайтынды шығардым. Әйелім жүр десе лажсыз ілесемін. Ол суға келе - ақ қойып кетеді. Жағалаудан ұзама, саған бір қатер бар десем, ерегісе түседі.

Мен жай ғана орта оқу орнының қарапайым оқытушысымын, ол облыстық кітапхананың директоры. Автоклуб машинасына ие. Шопыры неміс шалы қауқалақтаған оңды адам. Кейінгі бір жылда әлгі шалды да, машинаны да көре алмадым. Зипадан сұрағанымда бұзылып тұр дей салған. Және оның бірі әдеті машинаны көше арасына мінбейді. Қызметке желді аяғымен барады.





Нендей түрткінің итермелегеніне таңым бар, оның қызмет орнына бас сұқпайтын мен сол күні қолды - аяққа тұрмадым. Көңіліме алаң кіріп, жүрегім әлденеден секемдеген сыңайда. Келсем Зипа орнында жоқ. Дәлізде ұшырасқан қалың қабақты етжеңді әйел:

- Көлге кеткен шығар. - деп жүре жауап берді.
- Немен? - деппін түлен түртіп.
- Машинамен де, бастық адам жаяу жүруші ме еді, - деді ол.
- Шопыры әлгі шал ма? - дедім күдігімді жасыра алмай.
- Басқа біреу! - деді әйел кекесінмен.

Педальды бастым. Барынша ұштырттым кеп. Күн екіндіге құласа да ыстықтың беті қайтпаған еді. Жағалауға іліге бере бетімді салқын леп шарпыды. Бірақ ішім алаулап жанып келеді, асқынған күдік қызғанышымды үрлеп өртенудің аз-ақ алдындамын. Бәсе - бәсе деймін, тым құбылып құлпырып кетіп еді. Шопырымен суға түсіп жүрсе қайтпекпін?! Қасында біреулер бар шығар, ондайға бара қоймас деп өзімді және жұбатамын. Түсім дәл келіп, қатерге ұрынбаса деңіз?

Ойым ойпаң - тойпаң. Өмірімде мұншалықты жан алқым үрейлі күдікті бастан кешпеген едім. Күдігім сәт сайын қоюлана түсті. Сасық қара тұманша басып, көз алдымды көрсетпей жіберді. Түпсіз орға құлдилап келе жатқандаймын. «Әй, осыдан қолыма аман - есен түссең, көрешекті көрсетермін - ау, сен қатынға! Бетінен қақпағанға дандайсыған әбден». Астаң - кестең ойдың бір ұшығы осы. Екінші ұшығы шиеленген күдік. Шиесін тарқата алмай әлекпін. Жаңағы әйел бірдеңені сезгенсін астарлады - ау сөзін. Шопырын ауыстырғанын жасырғаны қалай?! Бұл енді бұлтартпас айғақ деймін кіжініп. Көңілім жұқарып өзімді дәрменсіз сезіндім. Ерлі - зайыптылардың бір - бірін қызғанып әлекке түскенін ақымақшылық деп жете түсінбеуші едім. Ондай ауытқушылық ақыл жұтаңдығы мен

мінез кедейлігінен деп білетінмін. Жұбайлық шырғалаңға тап болып, от бастарынан береке кеткен кейбіреулердің қисынсыз ертегісін салғыртсып жүре тындайтын едім. Оным бір жағы: «Өз от басым тыныш, өзгеде нем бар» деген немкеттілік болса, екіншіден біреудің талайсыз тағдырына араласуды артық санағандығым. Егер нақ сүйерім ашынасымен аймалсып жатса қайтпекпін!? Отыз шақырымдық қашықтықты жүріп өткендегі санамнан шықпай келе жатқан ой осындай.

Үйреншікті мекен көзіме оттай басылды. Бұйра толқын жағалауға келіп қайтып, келіп қайтып бейбіт ереуілдейді. Құстар да бәсең. Тек шағалалар ғана мазасыз. Күннің өткір сәулесінен ығысқан балықтар тереңде жосылады. Төбемнен қос сарыала қаз ұшып өтті. Мұңлы сыңқылы алаң көңілімді түртіп жіберді де жан - жағыма тінтіне қарадым. Қамыс арасынан ақ сауыр автоклубтың жоны шалынды көзіме. Онан кейінгі оқиғаға ырқымнан тыс өрбіді десем де болады. Өң мен түстің аралығындағы елес санама кеп соққанда есеңгіреп, әрі абдырап қалдым. Түсім шығар деп өзімді алдаусыратқандай боламын. Ырықсыз күш мені қамыс арасына итермеледі. Ту сырттарынан кеп килігіппін. Есімнің шыққандығын мынадан - ақ білерсіз:

- Әй, не істеп жатсыңдар?! - деппін. Шыққыр көзім бәріне куә. Бура сан, жүндес көкірек төртбақ қара атып тұрғанда, шашылып жатқан әйелді бірден танымадым. Зипа емес, бөтен біреу тәрізді. Бұл алдануым, сірә нақ сүйерімді жаманатқа қимағандығым шығар. Сол екенін көре тұра жорта жалтаруымда сұмдық құпия барын кейінірек сезіп топшыладым. Қос күнәһарға салған бетте ұрынғанымда - екеуінің біреуі, немесе мен мерт болуым кәдік еді. Алдамшы сәттен тез айықтым. Зинақор қатын арам бөксесін толқынға жасырып үлгерді, соңынан ашынасы да секірді суға. Шешінгенімше жігіт бой





тасалап үлгерді. Анау құлаштай жүзіп жағалаудан алыстап кетті.

Дәрменсіз едім сонда мен. Ашу да, ыза да, намыс та қалмады бойымда. Қауқиған құр сүлдермін. Көзім көріп тұрса да мына сұмдыққа иланғым келмейді. Бәрінен де түсімнің дәл келгенін айтсаңшы! Аралға жетіп жығылған Зипа әбүйірін жасырған лыпадан ширатып жіп есіп, талға асылып қапты.

Ол осылай деді де бетін қос алақанымен басып еңіреп қоя берді. Жайшылықта сиыр азынаса да көзім шықтанатын мен сазарып отырдым да қойдым. «Түсің түс - ақ екен!» деппін бар болғаны.

## ҚЫЗАЛҒЫШ

Жайсыз ұйықтаған. Ісі оңаймаған адамның түсі оңалушы ма еді, ақ бас прокурор өңіндегідей қыр соңынан қалмай қойғаны. Соның қаһары мұны елден бездіріп тентіреткен. Ендігі жер астына барған шығар. Көрінде өкірсін. Бұған жасаған қиянаты текке кетпес. Жазығы не еді? Қиық қасқа ұрынғанды жазалай берсе онда ешкім сау қалмас. Мұны келісті қып жаратқан тәңірге артсын кінәні.

Көңілі пәс тартты қолма - қол.Келісті тұлға бүгінде зым - зия. Аяғы ақсақ, көзі шапыраш. Сыртқа шығарда еріксіз тосылды айна алдында. Баяғы серілік әдетпен бой - басын барлаған. Кезіндегі сұлу кейпінен жұқана таппады да айнаға тұтылған аянышты сұлбадан сырт айналды.Сөйткенше шабдар шаш мәлін көз әйелдің сұғы тесілді ту сыртынан. Әлгі ызалы сыбырмен: «Бос келме, әйтпесе үйге түнемейсің» деп тұрғандай ма? Екеуін ыстық құшақ табыстырған. Туған ауылынан сотталғаннан бетер жаза арқалап, қуылып бара жатқанда шылауына оратылып қыр соңынан қалмаған көңілдесін ерте кеткен - ді. Екі сөзінің

бірі: «Менің махаббатымнан» келетін құмарпаз ұрғашы мұны Ресейдің Қазақстанмен шектес қаласына бастаған. Бұлар бетке алған қала ошарлы еді ол жылдары. Кейін заман амалына қарай қаланың берекесі базарына ойысты. Базары дулы бола түскен сайын жаңа заманның адамдары да ала - құлалана бастаған.Күн көріс қиындап, еркін де бейбіт өмір сағымға айналды. Сейілшіл серілер енді нан тауып жеудің айналасында дызықты. Күн көріс қиындаған соң құшақтан да қызу қашты. Сері жазған жеңіліс тапқан. Есесіне нақ сүйері үдетті екпінін. Шабытын шараппен қоздырамын деп жүргенде Қызалғышекең сүрініп кетіп аяғын сындырды. Көзден айрылды. Келісті кескінінде ұялаған сұсты сұлулықты сүңқиіңкі сұлба алмастырды. Жазыңқы маңдайы шытынаған шыныдай айғыз - айғыз. Сұлуды сұғымен арбап түсіретін уытты жанарыңда от қалмаған, әлсіз жылт қана бар. Жасанды көз тәрізденіп үнемі суық тартып тұрады. Ақ тамақты адаспай табатын шырынды ерні шыт - шыт жарылып, жойдасыз түріліп кеткен. Сан керімге сұғынған салалы сұлу саусақтары үсік шалғандай көгістеніп, өңін жоғалтып алған. Иығы түсіңкі боса - болмаса. Бойшаң тұрқы еңкіштенген.

Ол өз - өзінен селк етті. Суық сыбыр құлағын жанағандай болды. «Базардан бос қайтсаң, менен жақсылық көрме». Он жыл отасқан, тежеусіз тегеуріріне кенеліп, деген отыз бен қырықтағы бұла шағының жойқын қуатына armansыз қаныққан нақ сүйері күн сайын мұны осы сарындас сөзбен шығарып салады базарға. Бір сарынды әуеннен жаңылмайды - ау, жаңылмайды! Үш күннен бері жоқ ол. Кәсіп қуып жүрсе арманы не, кәнігі машық та қуғаны. Жүрегі лыпыды. Соның мәгиниті емес пе, бұны ел - жұрттан бездіріп жат қалаға жіпсіз байлап қойған. Қылықты да қызулы еді - ау өзі. Мұндайлық махаббатшыл ұрғашыны кезіктірген емес. Тұла бойы бұлқынған құмарлық. Жүріс - тұрысы, сөйлеген сөзі, кісіге





ілтипаты, көгілдір тұнық көзінде тұнған жылы мейірімі қандай! Айтары жоқ, тартымды - ақ. Көрпе астындағы ойнақта тіптен дәуірлеп, құшағындағы мұны оралымды нәзік қимылымен еліктіріп есін шығарады. Былайғы көзге әлжуаздау көрінетін келіншек төсек биінде қылық - қимылын үстемелеп жібергенде әупіріммен зорға басатын аптығын.Ендігі жүрістері мынау.Үш бөлмелі пәтер қаңырап тұр.Іске татитын дүние - мүлік сатылған. Керексіздері еденде шашылып жатыр. Сопайып айна ғана тұр. Жұқарған жүз, жүдеген өңді дамылсыз назарынан өткізіп табашыл жанның кейпіңде сынап - мінеп тұрғаны ылғи. Ах, қайран жалынды жылдар - ай! Келісті кесек тұлғасын айнадан көргенде шоқтығы биіктеп қалатын еді.

Тез - тез жиналды ол.Әлгі кеп қалар деп асыққан.Сібірдің үскірігіндей бет қаратпайды - ау. Екі сөзінің бірінде: «көзіңді құрт, кет еліңе» деп тепсінеді. Не бетімен көрінеді ағайын-туғанға? Кешегі жігіттің сұлтаны бүгінде кебінін сүйреткен аруақ кейпінде. Жиған - тергенін құтайтпайды шабдар шаш қатын, тіке тонап алады. Кетсе екен сол бетінде, қарасы батса екен деп тілеген. Қаражат жиыстырып көретін.

Базар бұларға ұрымтал.Төтелей тартты.Ыңыршағы шыққан ескі балдақ қолтығында шиқалақ қағады. Алпамса денені ауырлайтындай ма? Қара жердің жон арқасы да мұның лас табанынан жиіркеніп кірпіше жиырылатындай сезіледі өзіне. Ау, сонда құдайдан безген күнәһар арсыз азғын бұл ғана ма? Жазығы өзіне жан тартқан ұрғашымен ләззат бөлiскені, оны армансыз илектеп, құмарын қандырғаны. Өзі кеп құшағына кірген төмен тектіден қажырын аяғаны еркек басына лайық па? Қаталаған жолаушыға сусын ұсынсаң, сауапқа жатады екен де, құмарлық жалыны өртеп, тән шөліркеуін баса алмай алас ұрған әйелге ұрынғаның күнәнің ең үлкені боп шығады екен. Апаш - құпашта құнарлы қорысқа түскен дәннен өніп шыққан

өскенді де, осының күнәһарлығына жатқызады. Өйтсе, еркек атаулыны түгелдей ақ тамыр қып тастасын да, кілең қатынды қалдырсын. Сосын көреді ұрғашының әуселесін. Еркексіз бір күн де өмір сүре алмай өң - түстен айрылып, қара жамылып қаңғып кетсін, түге!

Түндегі көрген түсі келді көз алдына. Ақ бас прокурор үстелді шымыр жұдырығымен түйгіштеп бұған қаһарын төге тепсінеді - ай кеп, баяғысынша. Қалай еді өзі? Әке беделді, шеше берекелі. Туыс - туған да баршылық. Апа - қарындас пен аға - іні бір төбе. Солардың буына жығылғаны ма, әлде табиғат берген келісті өңіне масайды ма, бозбалашылыққа ерте дәніккен.Мектепте жүргенде салған сайранды.Сыныптас әдемі бойжеткенмен байқамай ойнап қойып, тұңғышын бұл он алты жасында көрді. Студенттік кезеңді де жетістіргені шамалы. Қатарынан үш бірдей қыздың жәлесі бұған ауып институттан шығып - ақ қалғаны. Алғашқы алғаны көзі жасты қызғаншақтау біреу боп шықты. Күйеуінің басқан - тұрғанын аңдып түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айрылсын. Екінші жұптасқаны жойдасыз долы, ашуы үдегенде ыдыс - аяқты ұйпап тастайды. Одан әупіріммен ажырасып, тағы бір қиық қасқа құрық салған - ды. Ажарлы еді онысы. Жұмыртқандай ақ келіншек қызылшыл сері күйеуін ұзын арқан, кең тұсаумен амалдап ұстады.Қатарынан екі қыз тапты.Үшіншің ұл болмаса тастаймын, ат ұстар керек маған деп ширенді. Кілең қыз ғана табатын ақ келіншектен де ат құйрығын кесісіп тынған. Одан соңғы отасқандары байдан ажырасқандар еді. Бірін алып, бірін тастап, ұрғашы атаулыны қарташа сапырумен жүргенде, заңның ұзын құрығына іліккен. Шортанша тулап көріп еді, әндемді қол босатпады. Сан жырындыны жардан оздырмай жайғаған әккі қол мұның тіке қыл кеңірдегіне жармасқан. Серілігі мен перілігі мадақ - мақтанның шекарасынан асып,





қиянатқа ұласқанда төнді ақ көз зауал. Бұған дейін әкенің беделіне,ағайын - туыстың айбарына сеніп келген.Қалабай есімі ұмытылып, Қызалғыш атанған сабазың бұлтартпас айғақтың шырмауында ақ бас прокурордың алдында болдырған атша сілейіп тұрған да қойған. Болдырмағанда қайтеді. Өткінші сүйіспеншіліктің аз күнгі ермегіне айналғандарды былай қойғанда, қағазбен заңдастырылып некелескені артық - кемі жоқ тура тоғыз. Шетінегенін есепке алмағанда тоғыз әйелден он сегіз бала көрген.

Қаһарлы ақ бас прокурор жұдырығымен үстелді ұрғыштасын. Алдында жатқан ыбырсыған мол қағазды сіңірлі шақар саусақтарымен мытып, өзін өзі жұлсын. Әдептен озып былапыт жаман сөздер айтсын бұған. «Се - сен сонда үйірге түсетін айғыр боп кеткенің бе - ей!?Айғыр екеш айғыр да бауырындағы тай - жабағыдан көз жазбай,ит - құстан қорғаштайды. Өзіңнен шыққан балаларыңды тарыдай шашып жібергенсің».

Ақ бастың айбарынан бұл тұрмақ кабинеттегі барша мүлік қозғалақтап кеткендей еді. Ауыр емен үстел сықырлап, кәрі орындық шиқалақтады. Түрік құлақ телефон шыр - шырлап қоймап еді, төбесінен бір - ақ түйді қожайыны. Аққаптал заң қызметкерінің мұншалықты шала бүлінуінде гәп бар еді. Ол қызмет атқарған қырық жылда шиесі тарқамайтын оқиға болып көрген емес. Мына қарсы алдында тұрған құныкерді көзіне көк шыбын үймелетіп су түбіне жіберуге болар еді, оған заңның қалыбы тура келмейді. Опасыз әкеден алимент өндіріп беруден басқа шарасы қалмаған прокурорды осыншалықты тығырыққа тіреген жағдай - ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруге дағдыланған мына серісымақтың болмашы еңбек ақысы он сегіз балаға шаққанда бес сом елу тиыннан келеді екен. Шарасы таусылған адуын прокурор айқайды одан әрмен үдетіп: «Құрт

көзіңді! Батыр қараңды!» деп шүйілікті бұған. Сөйткенше болмады, жесірлердің алды есік қақты. Үпір - шүпір үш қызын ертіп кірген ақ келіншек жесірлікке әбден көндігіп, қатайып алғандығын байқатты мұның алдында.Өңіндегі уыз ұяңдықтан қалған болмашы жұқана шытынаған жүдеңкі ажарынан еміс - еміс байқалады. Әйтсе де ол әйелдік осалдықпен мұңайып көзіне жас алды. «Сенен рахым күтейін деп келді деймісің. Мына сор маңдай жетімектер әкесін іздейді. Тұрлаусыз да болса әкесі ғой, сені бір көрсін деп ерте келдім. Мен тұрғанда бұларға жетімдік жоқ. Түбінде алдыма бір келерсің! Сонда көрем, сенің әуселеңді!» деді Мәкітай шаруам осымен бітті дегенді кабинет қожасына қабағымен ишаралап.Аяғын сылтып басқан ортаншы қызы есіктен шығарда бұған нәзік саусақтарын ербеңдетіп қоштасқан сыңай танытты. Дегенмен сезімсіз емес қой, жүрегі шымырлап кетіп еді. Бірде ішіп келгенде екі жасар қызын байқаусыз басып кетіп аяғын кем қып тастағаны есіне түскен ол одан әрмен тұқырайсын. Аздап сабасына түскен кабинет иесі: «Үш күннен қалма. Кет бір жағына!» деді кесікті сөзім осы дегендей қолын түңіле сермеп. Бұдан былай сені бұл маңнан көрмейтін болайын».

Ал, көрмесін! Сондағы мықтағаны осы ма!? Мұны тентіретіп жібергенде жесір мен жетімнің көз жасы құрғай қойса жақсы - ау. Жетіскен шығар. Бәрінен де бұрын өзінің мүшкіл халіне қорланды. Сол ақ бастың кесірі, әйтпегенде бүйтіп шығандап кетпейтін еді.

Жолай дүңгіршектен тамағын жібітті. Сасық самапалдың қуаты аздау көрінді. Дегенмен ширады ептеп. Әлгіндегі жылымшы мұңды өткінші қиял еңсерді. Тоғыз әйелден он сегіз бала сүйіпті, алтауы ұл, он екісі қыз. Қызды қойшы, жаттың телімінде. Алты ұл алты рулы ел боп өсіп өнеді. Сонда олар түп атасын іздейді қайткенде. Қалабай әулетіненбіз деп





мақтанышпен айтпай ма? Бабамыз ұрғашыға тынышсыз, бір басында тоғыз қатыны болған, серіліктің буымен шет жұртқа да ат ізін салыпты. Ресейдің аспан көз сұлуларын да жайғаған деп мадақ жыр арнамай ма? Садағасы кетейін Мұхаммед салолла ғалайқісәламнің да некелі тоғыз әйелі бопты - ау. Сонда бұл қатын жағынан пайғамбардың өзімен шендескені ме!?

Шалқыды кеп. Кенет ту сыртынан зекінді естілді.«Бас - ей аяғыңды! Мына тұрған базарға әлі жете алмай келемісің?».

Әлдебір салт бойдақтың қолтығындағы Катеринасы мұны баса - көктеп өте шықты. «Ұзамаймын, осы маңда боламын» деп және түйді жұдырығын. Ондағысы, «тапқан табысыңды шашып жүрме» дегендегісі.

«Өлмегенге - өлі балық». Бүгінде дербес мемлекет Қазақстаннан шекара асып кеп, сауда жасайтындарды төңіректейді. Жарымжан бейшараны аяп, жерлестері ұмсынған қолын қақпайды. Ақша береді, одан қалды, жеміс - жидекке сықайды дорбасын. Көбінесе үйден гармон ұстай келіп, базаршыларды әнге бөлейді. Бұл жолы ауырсынды күйлі аспапты.

Базар ығы - жығы. Әрлі - берлі сапырылысқан аларманнан бұйым саудалағандар көп. Тілемсектер де баршылық. Қайыршылар да жетерлік. Бір тұстан сақалы омырауын жапқан соқыр музыкант сарнады. Одан жарымжан кемпірдің сұңқылы үдеді. Қышқылтымның аздаған әсері ме, арқасы ұстады да, сақалдының гармонына жармасты. Барынша құйқылжытты зарлауық аспапты. «Қара - ай көз, олай да өттің, былай да өттің, басыңнан бір тал үкі бермей кеттің - ай. Қайтейін, сәулем, қара - ай көз!».

Кеңес заманынан қалған ескі кәртөзіне тиын сараң түсіп жатты. Іші жылады бұның. Кешегі өткен бұла заманда бір деген әнші еді - ау! Сырнайға дауыс қосып ойнақы әуенді

қоңырлатқанда той дастарқанын қоршалағандар «Ой, жаса!» деп дуылдата соғатын қолды. Аяқ жетер жерде той мұнсыз өтпеуші еді. Айтулы асабаның бірегейі. Мол дастарқаннан емін - еркін дәм ішкен тойшылар бұл не деп сөйлесе соған мәз. Күле береді, күле береді. Тоқтыққа мас айғандардың күлкісіне елігіп қызалғышекең барын салады. Әнді қойшы, мәселе басқада. Той тарқардың кәдесі деп шетке шыққан жеңіл етекті іліп кететін қырағылығы қандай еді. «Сол үкі азар болса жүз теңгелік, қалдырдың көңілімді мың теңгелік. Ай, ай, қайтейін, сәулем, қара - ай көз!». ..

Барып - барып зорға тоқтаған. Молыққан олжаны әлде бір суық қол ортайып кетіпті. Өкінбеді. Түсімділігіне мағмұрланды қайта. Қазақстаннан келгендер еді мұны көтермелеген. Соған дәніккен ол қатарласа сап түзеген жерлестерін жағалады. Жеміс - жидек ұсынғандарға алла риза болсын айтып, елге қайта алмай жүрмін, маған ақша керек деп турасын айтты. «Былтырғы сөзін биыл да қайталап тұр. Бермеңдер бұған! Өтірік мүләйімсиді!» деп қалды бір сүйрең ауыз. «Қой, рас шығар, көмектесейік» деп құдайға қараған мырзасымақ доллар ұстатты қолына. Екінші біреу орыс рублін ұсынды. Қалғандары да қарап қалмаған. Дәніккен ол ұмсынған қолын жойдасыз соза түсті. Созылған қол омырауға жиі - жиі сұғынып, қалтасы томпайды. Бір қолы балдақта, екінші қолы садақа ұсынғандарға бағытталған. Іліп түскен сәтінде қалтасына жытырады да келесі саудагерге алақан жаяды. Осындайлық жіті қимылымен керуеншілерді түгендеп қалғанда, созылған қолы қапелімде сылқ түсті. «Өй, жарымағыр, кешегі алғаның аз ба еді!?» деді ақ халат киген тығыншықтай өңді әйел.

- Ә, ә - ә!?

- Баяғы әдетің қалмапты. Екі жеп биге шықпақсың ғой, ә?

- Кімсің - ей?





- Көзіңе ненің жауы тиген?

- Ә - ә - ә. . .

- Аяғыңды кімнің төлеміне бергенсің?

- Ә - ә - ә?!

- Есің өзіңде екен. Ән салысың нәш.

- Ә - ә - ә?!

- Қойыңызшы мама! - деп сылтымасы бар әдеміше қыз шешесін сөйлетпей тастады. Жол алыс. Жиналайық. Бейтаныс біреуді құдай аманаты жазғырғаның не сонша?!

- Ә, бұл біздің құныкеріміз, Қызалғыш сұм емес пе!

Әйелдің бастапқы жауаптасуы әншейін ойын жолы еді. Мына сөзі жүрегіне тіке инеше қадалып, мұны есеңгіретіп тастады.Ойда жоқта тап болған қолайсыздық қол - аяғын жіпсіз шырмап, сіресіп қатқан да қалған. Баяғыда ақ бас прокурордың алдында нақ осындай шарасыз дағдарысқа тап болғаны бар-тын. Дәл сондағы хәл айна қатесіз қайталанып, Қызалғышекең көзін тарс жұмған қалпы балдаққа салды салмағын. Қиюы қашқан тозыңқы ағаш сықыр - сықыр етіп азап пен сорға малтыққан кірлі лас сұлбаны зорға сүйемелдеп тұрды.

## ТАҒДЫР ТЕПЕРІШІ

Манараның тұрағы зәулім үйдің үшінші қабатында. Екі бөлмелі пәтер қазақы тәртіппен ыңғайласқан. Еденге сырмақ, текемет төселген. Төр қабырғаға неше қилы оюмен әдептелген тұскиіз құрылған. Үйдің төсек жабдығы да өз қолынан шыққан. Келесі бөлмені оқуын бітіргелі жүрген қызына арнап жасаулаған - ды.

Үйдегі әр мүлік пен тұтынатын заттар Манараның жағдайына орайластырылған еді. Екі аяғы тізеден жоқ оған қол ұшын беріп қарайласатын немере әпкесі - тін. Ол мұның

тіккен ісін базарға шығарып, қолөнер бұйымдарына керек - жарақты сіңілісіне жеткізіп тұрады. Кітапханадан керекті кітап жаздырып әкеп береді, дүкеннен сатып та әпереді. Күн сайынғы басылымдарды бұған ізін суытпай жеткізетін сол әпкесі. Манараны қол арбаға отырғызып алып, көше аралатуды және бұлжытпайды. Бала - шағалы апасының да күйбеңі бір басына жетерлік. Соған қарамастан немере сіңілісін назардан тыс қалдырып көрген емес.

Манара төсектен шаршап тұрды. Басы зеңіп, сүйек - сүйегі сырқырай берген соң азанғы шайды баса ішті. Шекесінен шыпшып тер шығып, арқа - басы жазылғандай болды да қызын күтіп алуға қам жасады. Бір түрлі боп алаңыта берді. Жүрегі өрекпіп және мазалайды. Қалта телефонды қосты іске.

- Ау, Сәнім, қайдасың?

- Міне, жолға шықтық.

- Немен?

- Жеңіл көлікпен.

Манара бір түрлі болып кетті. Қызына пойызға отыр, сақтанып жүр деп айтпағанына өкінді.

Байланысқа қайта шықты.

- Нешеусіңдер?

- Екеуміз.

- Құрбың ба?

- Жігітім ғой...

Телефон қолынан түсіп кетті. Қатты дағдарған оның көз алдына өткен күндердің елесі ойқастады. Арада қаншама жыл өтсе де санасынан өшпей қойған қасырет - нала жұқарған сәтінде есіне сап ете қалатыны бар. Жазымыштың жаңылтпашынан әбден зәрезеп болған пақыр үрпе - сүрпе келте шашына қос қолымен жармасып: «Менің сорлағаным аз ба еді?!» деп жұлынды. Тартпайтын пештей түтіндеп пықсыған қасақы





тағдырдың ащы қоңырсығына жанарын жегізе - жегізе әбден пісіп қатқан оның көзінен жас шықпады. Жылап сықтаудан оңалып кетсе, ендігі қатарға қосылып кетпей ме. Қарға адым жер мұң болғаны аздай - ақ өткеннің өкініші көкірегін үңгіп кеміреді де жатады. Қасірет шеңгелі сығымдаған жырым - жырым жүрегіне бізше қадалып, денесіне у боп жайылған тағдыр наласынан өліп - ақ қалсам - ау деп қиястанатыны бар. Сондай торығыста құлағына тым - тым алыстан жалғыз жұбанышы қызының үні талмаурап жетер еді. «Мен тұрғанда өлмейсің, анашым!» дейтін. Сөйткен жалғызы ...жаман айтпай жақсы жоқ... сорлы анасының жүріп өткен жолына түсіп кетіп... бір пәлеге ұрынып қап...

Манараның пешенесіне ауыр да азапты жол бұйырған еді-ау. Жоғарғы оқу орынын қызыл дипломмен бітіріп, туған ауылына алып ұшып жетем дегенде орта жолда қапылыста торға шырмалып қалған жоқ па. Ата - ананың жалғызы - тын. Көркем де келісті боп торалған оның дидарынан шалқыған нұр қараңғы үйді жарық қып жіберердей еді. Тұла бойы тұнған өнер болатын. Өлең де жазатын, ән де салатын. Үні ашық, сөйлегенде күміс қоңыраудай сыңғырлап кетеді. Керек десе, спортқа да бейім еді. Нәзік жандылығына қарамастан, шығыс жекпе - жегін меңгерді. Бәрінен де бұрын бетті болатын. Соншалықты нұр жайнаған ажары ниеті бұзық бұзатармен шарпысқанда сұрланып суық тартып кетер еді. Жұп - жұмсақ сөзінің тігісі ыдырап сала беретін де үстемсіген әумесерді отты көзінің сұғымен түйреп тастар еді. Сондай бір үстемсіген өр кеуде соңынан қалмай қойғаны. Спорт сарайында күреске жаттығып жүргенде ұшырасып еді. Зілтемір көтеретін студенттің тұлға - тұрпаты келісті - ақ.Бірақ сол сом бітіміне мінезі үйлеспей дөрекі сөйлеп, кісіні ығыр қылатыны бар.

- Саған қызығып жүргенім, - дейді ол шүңет көзімен Манараға суық тесіліп. Сенің әне бір сүмелегіңе қарағанда мен деген жігіттің сұлтанымын ғой.

- Оның өнерін қайда қоясың? - дейді Манара қасақана қиыс тартып. Гитараға даусын қосқанда, тамам студент соңында жүреді. Қыз беткен сырттай ғашық оған.

- Сен де ғашықпысың?

- Ауылдасым ол. Бірге өстік, бір мектепте оқыдық.

- Сол да сөз боп па?! - деп зілтемірші бұған қолын жүгірте бастайды. Сыртым салқын болғанмен, ішім жылы. Ұрғашы керектісін менен молынан табады. Сенің анау сорайыңда дауыс болғанмен, жігер жоққа тән. Қауқиған қауақ ол. Мен деген зілтемірішімін.

- Содан екен ғой сөзіңнің зілді келетіні, - дейді Манара оған беріспей. Дөрекі тұрпайы адамды мейлі туғаным болсын жек көремін.

Бұлардың ерегісіне гитарашы жігіт ара түспеді. Маған қыз табылады, өзіңді ойла деп Манараға жүре жауап берді. Елең - селеңге үйір әуейі жазған қайтып бұған қайырылмады. Менің ығымда жүрмедің, көзге түстің деп жазғырды. Зілтеміршінің құдайы жарылқап еді. Кел деді, құшағыма ен деді. Болмайды деп тұлданды асаусыған өр қыз. Сенің суық құшағыңа кіргенімше тасқа айналсам қайтеді. Тас тұрмақ мұзға айналсаң да ерітпей қойман деп сұстанды зілтемірші студент. Ерегістің соңы насырға шабатынын онда ойнақтаған бойжеткен қайдан білсін? Сол бір сұсты еркектен өлердей сескеніп бітетін. Бір қызға жар болтындай қатарласына тал бойын тастаудан қашқақтап, өзін соның еркіне бағындырудан қатты тартынатын. Тартынғаны былай тұрыпты, әлгіні көргенде жерге кіріп кете жазайды. Оның алдында арылып та көрген. Бота борым боп жылайтын еді. «Қорқамын, сенен. Жоламашы маған!» деп





жалынар еді. Анау одан бетер үдеп салатын да тұла бойын суыққа алдырғандай дірдектеген мұны құшағына тартатын - ды. Суық құшақтан бұлқынып шығып, зытып бергенде зілтемірші қарық боп күліп қала беретін - ді. Оның сол арсыз күлкісі күні бойы құлағынан кетпей қоятын да қай жағымнан сап етер екен дегендей - ақ қос үрей боп күнді батырған ол түнгі тыныштықтан да береке таппай жайы кетеді. Түсінде әлгіден қашып - пысып жүргені. Қыр соңынан қалмаған жігіттің есімі - Тасан еді. Ұрағашыға жұлдызды жазған қыздарды қарташа сапырып және дәуірлейді. Сөйте тұра бұған қасақана қадалатынын қайтерсің. Соңғы бір жолығыста: «Сені алып қашам, соған дайындала бер» деп төтесінен бір - ақ қайырды. Айтқаны расқа шықты. Оқуын бітіріп ауылға кеткелі жүргенде бет - ауыздарын тұмшалап алған содырлар Манараны еркіне қоймай иномаркаға отырғызып алып жөнеп берген - ді.

- Сендер кімсіңдер? - деді жүрегін тоқтата бере.

- Біз дегендер асаусыған қыздарды жуасытатын, аптығын басатын арнайы жасақшылармыз.

- Тасан қайда?

- Оның кім еді?!

Манара қайтып жақ ашпады. Сол сұмның әрекеті бұл. Бір іркілісте машинадан түсе қашқан еді, зулап келе жатқан ұшқыр көлік іліп әкетті де ауруханада жиды есін. Екі аяқты тізеден кестіріп томар боп қалған бұған әке - шешесімен көрші тұратын сыныптасы қарайласты. Жуастау момын жігіттің көзінің ақауы бар - тын. Екі жарты, бір бүтін боп жалғастырды тіршілікті. Жалғызы Сәнімді содан тапты. Он жыл отасты онымен. Балаша арқалап жүретін Оқан мұны. Қараңғыда терең орға құлап кетіп, мезгілсіз озды дүниеден. Ол кемтар келіншегін арқалап алатын да тойға тартатын. Манараның қолына домбырасын ұстатып жырла дейтін жұмсақ жымиыспен. Сондағы өзінің айтатын

өлеңінің сарыны былай: «Біздің ауыл айтына қошқар сойған, ақсақалдар жиналып майға тойған, ақсақалдың батасы қабыл болмай, ортан жілік жамбасым қоса сынды - ай, ой, Алла - ай, аяғым - ай!».Ерте бір кезеңдерде бір байдың еркешора қызының аттан жығылып ғарып боп қалғандағы шығарған өлеңі екен.

Он бес жаста сорладым бесік көрмей,
Күйеу шіркін қалды ғой есік көрмей.
Бұлғақтаған біреудің еркесі едім.
Өте шықты қыз ғұмыр ескен желдей. Ой, Алла - ай, аяғым - ай!деген зарлы сарынға Манара өз басының мұңын қосарлайды.

Мың бұралған мезгілсіз биден қалдым,
Тікенекке тұтылып, гүлден қалдым.
Қасарысқан қасақы жолды бөгеп,
Қарға адым жер мұң болған ғаріп жанмын. Ой, Алла - ай, аяғым - ай!. .

Одан әрі жалғастыра берсе Оқанның жүрегіне қаяу салып алармын деп тартынатын еді. Оны да көп көрді бұған қасақы тағдыр. Кісі нені болсын пиғылынан табатын шығар деген күдікпен сұңқылдаған зарлы үнін саф тиып, іс тігуге алданған еді. Екі қолында дамылдық жоқ әйтеуір. Жүрегіне байланып шор болып қалған қасіретті епті саусақтарының шалымды қимылымен жұмсартуға тырысады, жалғыздық азабына беріспеудің амалына жатқызады өнімсіз тырбанысын. Жаман ырымға бассам тағы бір қатерге ұрынып жүрермін деп және тартынады. Ұйқысы тынышсыз. Содан да басы жастыққа тигенше қолында дамылдық болмайды. Немере әпкесі жеткізіп беретін түбіттен, мәліштің жүнінен жіп иіреді. Көлгемедей шәліні үш күнде тоқып бітіреді. Бір пар шұлық жарты күннің еншісінде. Ара - арасында құрақ құрап, көрпеше жасайды. Киізден сырмақ ояды. Қазақы шапан үлгілеріне де ынта қояды. Кәмзол мен бешпентті де сүмірейтін шығарады.





Қолынан шыққан бұйымдары өтімді - бір жақсы жері. «Мен алам, мен аламын» деп есік қағады көрші - қолаң. Алыстан келетіндер де бар. Пайда тапқаннан да бұрын қолынан шыққан өнімдерінің өтімділігіне жұбанады. Қуанады деуге ауыз бармайды. Жұбанғанына шүкір десін.

Күні бойғы түртіністен титықтаған шаршау сананың дамылдық алар сәті оған ауыр тиеді. Көзі іліне бере біреу түртіп оятқандай болады да санасында сапырылыс басталады. Өзін түртіп жіберген әлгі бір қасақы құбыжық бас жағына кеп тұрып алып мұны адамша арбайды. Кәдімгі зілтемірші қасақының суық сыбыры жетеді құлағына. «Менен өлгеніңше құтылмайсың. Қыр соңыңнан қалмай елес боп езіп жанши беремін, жанши беремін. Тағдырыңа тас атқан өзіңнен көр. Бұл саған әлі аз, көрешегің алда».

Енді бір кезекте әлгі суық елесті басқа сұлба алмастырады. Кәдімгі гитарашы ұзынтұра сөзге тартады мұны. «Сен тым кесірлі едің. Өзіңді бұлдаймын деп құртып алдың. Ағысқа қарсы жүзуге жаның құмар - тын. Тағдырмен тайталасқаныңды кімнен көресің?».

Өң мен түстің аралығындағы шатасуға еті үйреніп алғаннан ба, кейде бұған кәдімгі тағдыр делінетін суық елес адамша тіл қатады. «Сен мені бекерден бекер жазғырма. Біле білсең, саған мен тілекшімін. Бәрі - бәрі өздеріңнен. Құранда бар ғой, Алла айтпай ма, «Сақтансаң ғана сақтаймын» деп. Көретін көзің бар, еститін құлағың бар, басыңда ми, ақылың бар. Барша қасиет жинақталған бір басыңа. Сөйте тұра бар кінәні маған аударып, сүттен ақ, судан таза боп шыға келесіңдер».

Бір жақсысы - аз ұйқыға жұбанады. Түндегі көргені түс пе, елес пе, соны ажырата алмай басы қатады. Түсі болуға тиісті. Кәдімгі құныкер зілтемірші қолтықтайды. «Саған тимеймін, қорықпа менен» деп маңдайына жұғыстырады ерінін. Өңінде

жылылық бар өзінің. Келісті кесек пішіні көзіне ап - айқын шалынып, оны бір түрлі іш тартқандай болады. Бұрын қалай байқамағанмын, сұлу жігіт екен - ау» деп таңырқайды.Расында, бұған көзі түскен оның ер бітімі кісі қызығарлықтай еді. Тұлға - тұрпаты мінезіндегі ірілікпен жарасымды үйлесіп, былайғыларды ығыстырып жіберетіндей көрінетін сыншыл көзге. «Әй, бикеш, деген бір жолы. Мойныңды бұрсаңшы, біз де тірі жанбыз ғой». Манара естімегенсіп жылыстай бергенде Тасан кеп мұны ымқырулады. Іліге қоятын бұл ма, қолын шұғыл тартып алды да теректей серейген жігітті қос қолымен итеріп кеп қалды. Ол теңселіп барып оңалды. «Тым кесірлі екенсің деді шәлкестенген бұған суық тесіліп. Аптығыңды басармын әлі». Жазған хатына бір ауыз өлеңмен жауап та қайтарған еді. «Еркіңе көнбеймін, құсадан өл мейлің, талайын көргенмін, опасыз сендейдің». Өлеңі ащылау шығып еді, соған намыстанып өшіксе керек. Үш жігітті соңына салып қойып, өзі артқы машинада келе жатыпты. Менің апатқа ұшырауыма себеші сол деген шағымы аяқсыз қалған. Жол ережесін бұзған басқалар емес өзі боп шыққан еді. Куәші шықпады да Тасан тарапынан жасалынған қастандық дәлелденбей аяқсыз қалды. Оқу - тоқуы көп еді - ау, кітапханадан шықпайтын, бәрі зая кетті. Бар қолынан келері тағдырға деген наза. Өзекті пенде аз ғұмырда өзіне тиесілі тағдыр талайынан ұзап кете алмай, соның аясында тырбанады білемін. Тағдыр сыбағасынан артықты дәметуден еш пайда жоқ. Осы күніне шүкір десін. Бұған бұйыршақ тағдыр тым шамшыл ма қалай? Оны қитықтырып алудан не мұрат табады?

Әпкесі келді торламасы жер сызып. Үйреншікті әдетімен айналып - толғанып жатыр. Манараның тоқ бұрымын тарқатып қайта өріп шықты, үстіне жөндем киим кигізіп, бетіне опа - далап жақты.





- Неге көңілсізсің? - деді әпкесі оны балаша аялаған машығынан қолын айырмай. Жалғыздықтан құтыласың әлі. Бұ да болса жаратқанның есіркегені. Үйің бала - шағаға толады. Сәнімің қосағын тауыпты. Менің де тынысым ашылатын шығар - ау.Бір сен деп жүгіргіштеумен табанымнан таусылатын едім.

Әпкесі жылап жіберді.

- Құдай - ай, ұзағынан сүйдіре көр!

Манараның көзі шарасынан шығып кетті.

- Не дедіңіз, әпке?!

- Сәнімің күйеу баланы саған көрсеткелі ертіп келе жатқан көрінеді.

- Қай жақтікі? Кім ол өзі?!

- Каспи жағалауының жігіті болса керек, - деп кексе әйел байыппен сөйледі.Жігіттің әке - шешесі осыдан оншақты жыл бұрын теңізде серуендеп жүргенде қайық аударылып суға кетіп қалыпты. Жетімдеу өскен бала көрінеді. Сәніммен бірге оқыпты.

- Ә-ә, онда жөн! - деді Манара не қуанарын, не жыларын білмей. Соған сеніңкіремей, бір түрлі боп.. . Жолда бірдеңеге ұшырап жүрмесе деп...

- Тек, өйдеме!

Әпкесі тіксінді.

- Балқаштың тұсынан бері өтіпті. Сәнімжан мамамды жайландыра бер деп тапсырды. Бір сағаттың мұғдарында төбе көрсетіп қалар.

Манара кемсеңдеді. Көзінен жас шықпады. Тұлыпқа мөңіреген сиырдай шаралы көздері шатынайды да жүреді. Өзінің алғашқы махаббаты ұзын тұра гитарашыны ойлап кетіп еді. Сәнім бір жолы оның баласы да студент деген еді. «Жолама оның күшігіне!» деп қатты тиып тастаған - тын. Мынасы кім

болды екен? Атыраудың жігіті деді ме? Өзінің құныкері де сол жақтан - тын. Тасан мұнымен тиіп - қашып сөйлескенде: «Уылдырық сорып, бекіре балықтың жаясына кенеліп, теңізде қайықпен алаңсыз сереуендегің келсе, менен айрылма, ұста түп етегімнен» дейтін үстемсіп.

Көп кешікпей олар да келіп жеткен. Алдымен Сәнім көрінді. Оның соңын ала құрбысы бой көрсетті. Шешесі мен қызы шұрқырай табысты. Анасы аңырап - аңырап алды. Сәнім өзін тежеп ұстады. Бірге келген құрбысына ымдап жөніңді білдір дегенді ишаралады.

- Тәтетай, мені танымадыңыз ба? - деді ол ашық үнмен.

- Білем ғой, - деді Манара өңін жылытып. Екеуің ғана ма?

- Үшеуміз, - деді қыз қыстыға қызарып. Осы үйге бала болам деп жүрген бір досымызды ерте келіп... Сіздің ризалығыңызды алғалы.. .

- Кірсін, - деді Манараның әпкесі Сәнімге иек қағып. Бар, ертіп кел қонақ баланы!

Сөйткенше ол да көрінді.

- Қарағым, із - жолың құтты болсын! - деп Манараның әпкесі оң пейіл көрсетті оған. Анаңа тағызым жаса!

Ұзын бойлы кесек жігіт сәл иілді. Екі қолын кеудесіне апарып ескі ғұрыппен амандасу ишарасын жасады.

Іште үнсізік орнады. Бәрі - бәрі үй иесінің қабағын бағулы. Артық - ауыс сөзден тиылып, тым - тырыс бола қалған.

Манара аңырды. Сараң жасқа шыланған үлкен көздерін бейтаныс жігіттен айырмай, қадалып қатты да қалды. Заматта басына келген ойдың ұзын - ырғасы мынау еді. Соның өзі ме, көзі ме? Тасаннан аумай қалған біреу тұр қарсы алдында. Тағдырдың суық сұлбасындай тағы да алдынан шыққанын қарай гөр!

Оны бір түпсіз тұңғиық иіріміне тартып бара жатты.





## Бұрыс әңгімелер

# СЫЗДАУЫҚ

- Мені танитын шығарсыз, ағасы! - деп сызданды ол.

- Әлбетте ғой.

- Жақсы онда, - деп ол сөзін ауырлата түсті. Сізге бір тапсырма бар.

- Дұрыс екен.

- Үлкен кісілердің ұйғарымы бойынша біздің ауылға арнап кітап жазасыз.

- Ол қай ауыл?

Бұрынғы «Ақдала» кеңшарының құрылғанына алпыс жыл, - деп сұрғылт өңіне жылу үйірді жүз танысым. Сол салтанатты шараға арнап кітап жазуыңыз керек.

- Тарап кеткен ауылдың несін жазамын?

- Өткен кезеңдердің жетістігін жазасыз, - деп шүйліге түсті ол маған. Сол ауылдан шыққан тұлғалардың өмірбаянын тиянақтайсыз. Атақты шопандарды жырға қосасыз.

Бүгіндегі ел назарындағы біздің ауылдан шыққан игі жақсыларды мадақтайсыз. Белгілі жазушысыз. Сізге сенім артамыз, ағасы.

- Оларың жөн! - деймін дымым құрып. Өзің нешедесің, інім?

- Елуден астық қой, - деп сызданды ол.

- Мен ше!?

- Сіз енді... көп болса сексенде шығарсыз.

- Сексендегі селкілдек шалға кітап жаздырғанды қай атаңнан көріп едің!?

Түнеріп кеткен ол маған жау беттене қарады. Мен оны

керісінше мүсіркедім. Ойын, көрген - баққанын қағаз бетіне түсіріп, тумысында бір бет қағаз толтырып көрмеген саппасқа не шара!?

*23.03.2025.*

## ӘМБЕБАП

- Бұл кім өзі!? - деймін таңданыспен ол мақтаған кісіні.
- Әмбебап кісі! - деп төндіреді таныс жігіт.
- Бұрын қайда жүрген?
- Заман сығымынан шыға алмаса керек.
- Енді ше?
- Еңіреген ерім нағыз.!
- Тындырғаны не?
- Толып жатыр.
- Басты бітіргені не?
- Дала тағыларын таратады, - деп көтеріле сөйледі досым. Сен ғой ел сенбейтін ертегімен әуейі боп. . . жазған бірдеңе-сірдеңеңе адам түсініп болмайды.
- Анау қайткен?
- Бірден анығына көшкен, - деп ескі танысым маған жау көздене қарады. Жазғансын былай түсінікті қып. . . қолмен қойғандай етіп мөлдіретіп жазу керек қой.
- Қалайша!?
- Мәселен былайша! - деп ол өзі пір тұтатын кісінің жазған-сызғандарына тоқтала басады. Сен де ит туралы жазасың. Бірақ жеріне жеткізе алмайсың. Итің адамға ұқсап кетеді.
- Ананың ше?
- Оның иттері кілең текті келеді, - деп ескі досым көтеріле түсті. Иттерде де жеті ата болады екен. Мәселен былай: Алабай,





одан Арсылдақ, одан Бөрібасар, одан Аңқоймас, одан Жұлқар, одан Шәуілдек, одан Үйкүшік.
- Сонда мақатаулы кісің нендей ғылым саласында еңбектенеді?
- Ол кісіге оң - солы бәрі бірдей. Көнерген сөздерді тірілтеді. Сен болсаң жадағай жайдақ сөзге үйірсің. Ол кісі тереңнен тартады.
- Мысал келтірші.
- Сенің тілің жадағай. Айтыла - айтыла қасаңданып кеткен сөзге үйірсің. Ол кісі сұлу тіркесерді тыңнан туындатады.
- Қайтіп!?
- Сен ғой қоңыр күзден жаңылмайсың. Ол кісі «күрең күз» деп түрленіреді. Сен болсаң «шал - шал» деп тақылдайсың. Ол кісі «шал - шауқан»деп кеңейтеді. .
- Шауқаны не ?
- Керемет екенсің, түсіндіріп бер қойшы, - деп ол мені тығырыққа тіреді. Шауқан деп үлкендік қасиеттен жұрдай шалды айтады.
- Солай шығар, - деп күмілжимін. Мен тіл маманы емеспін. Халықтың жадындағы қолданыста жүрген сөзді пайдаланамын.
- Жарайды оныңа келістім, - деп ол менің тағы бір осал тұсымды нысанаға алады. Қасқырдың жеті атасын таратып бере қойшы.
- Жеті атаны тағымен байланыстыруға қарсымын.
- Біздің кісі қатырады, - деп ол дүрдиеді. Әмбебап оған оң - терісі бәрі бір. Қасқырда да жеті ата болады екен. Мәселен былай: Көк бөрі, одан Жортуыл, одан Ұлыма, одан Қарақұлақ, одан Шулыған, одан Тасшайнар, одан Қырыпсал делініп әрі қарай кете барады.

«Солай шығар» деймін дымым құрып. Қасқырды біздің жақта «қарақұлақ», «ұлыма», «тасқақпыр», «жаманауыз» деп түрлендіре атай береді.

- Ол атаулар қасқырдың мінезіне қарата айтылады

- Жарайды оныңа да келістім, - деймін дымып құрып. Өзіңнің жеті атаңды біліп алсаңшы алдымен.

- Білгенде қандай! - дейді ол көтеріле түсіп. Біздің ата Жауқашардан тарайды. Жауқашар, одан Найзакер, одан Қылышбай, одан Алыпқара делініп әрі қарай кете береді.

- Бұны қайдан біліп алғансың? - деймін мен дүдамалданып. Сенің бабаларыңда атақты кісілер аз болған.

- Өйтіп көкіме! - деп ол шырт етті. Біз текті атаданбыз. Кедей - кепшікке есе - теңдік тиген кезеңде төмен атаданбыз дейтінбіз.

Нанбасаң біздің кісіден сұра. Ол кісінің білмейтіні жоқ. Оған оң - терісі бірдей. Әмбебап қой, әншейін!

- Нағыз әмбебап ол емес сенсің ғой! - дедім шарасыз теткіп.

*25.03.2025.*

## ДАУРЫҚПА

Бөлтекпен бір көшеде тұрамын. Жас шамасы менімен қарайлас. Құлағының мүкісі бар. Менде де жетіскен жағдай жоқ. Бала күнімде құлағыма кене кіріп кетіп, бір құлағым естуден қалған. Басымыз қосылғанда дамбыр - дұмбүр сөзімізден ел көшіп кеткендей болады. Даурықпаға басқанда көрші - қолаң бізден мезі болғаны соншалық, есіктерін жауып, терезелерін қымтап тастайды. Мәселені ушықтыратын Бөлтек керең.

- Әй, сен не білдің!?

- Не боп қалды!?

- Мына менің іргелес көршім істі боп қалыпты.

- Қалайша?





- Қатынын сабап қамалып қалған дей ме!?

- Заң солай, әйелге қол көтеруге болмайды.

- Балаға ше?

- Кісі баласы былай тұрыпты, өз балаңа да да қол жұмсай алмайсың.

Әңгімеміздің сарыны осылайша өрістеп жатады. Екеу ара айтылмайтын сөз қалмайды.

Дін турасында, тіл жөнінде сөз қозғаймыз. Көршілерді де сынға аламыз.

- Баяғыда жиналыстан қалмаушы едік, - дейді Бөлтек балаша бұртиып. Көрші - қолаң шекеге де шақырмайды.

- Оны құлағыңнан көр! - деймін мен. Отырған жеріңде даурығып кісінің мазасын аласың.

- Сен қайтесің?

- Ауыз бағамын.

- Мен өйте алмаймын! - дейді Бөлтек қиықтанып. Абай абыз айтқандай ішім толған зар - нала.

- Енді не қыл дейсің? - деймін оған. Тәубеңе келіп намаз оқып, ораза ұстамайсың ба?

- Оған мына құлағы құрғыр машайт жасап тұрған жоқ па! Ана жолы жұма намазына барғанымда айқайлап сөйлейді екенсіз деп имам бала ескерту жасаған соң мешіттен аяғымды тарта басатын болдым. Содан шыдамай кетемін де өлеңге басамын.

Келін мен балам талай мәрте үйден шығарып та жіберді. Қыздарыңа бар дейді.

- Өлең неңді алған!?

- Ішім толып кетеді

- Басташы соныңды. - деймін қасақана.

- Мен өзі қатқан шалмын, қатқан шалмын, қойнына сан сұлудың жатқан шалмын!..

Сөйткенше болмады, тәртіп сақшысы төбе көрсетті.

- Сіз екеуіңізге байланысы көше тұрғыдарынан шағым түсті, - деді ұзын тұра шенді жігіт. Түсінік аламын.

Бөлтек жым болды. Мен оған қарадым, ол маған қарады.

- Үлкен бастарыңызбен «басқа пәле тілден екенін» неге қаперге алмайсыздар? - деді ол сөзін ауырлатып.

«Құлақты қайтеміз? - дегім келді де тартындым. «Елден шыққан екеу» атануымызға себепші мүкістігіміз екенін кімге айтып иландыра аларсың.

*27.03.2025.*

## ҮНЕМСОЗАР

Шүкірхан өзінше сөзшең. Түйдек сөйлеп кеткенде таңдайынан шаң шығады.

Жөн білетіні, оған қоса тіл білетіні, өмір көргені сөз сарынан байқалып тұрады. Көмейінен төгілген сөз топаны тау суындай екпін алғанда есті құлақты елеңдетпей қоймайды. Қолшапалақ үдегенде одан әрмен көсіледі. Барып - барып тоқтайды бір заматта. Сұмдығы сол - әлгінің түйдектелген серпінді сөзі есіңде қалмайды. Тартымды қоңыр үнін ұстап қалсақ та не айтқанын ойыңда жаңғырта алмай дал боласың.

- Әй, бауырым, жаңағы не деп сөйледі!?

- Қатырды! - дейді сыншыл досым. Ұран сөздің көкесін танытады екен.

- Өзінің сөзі қайда!?

- Артына сақтайтын шығар.

*08.04.2025.*





## ТОҚТАМ

Бір жаназға қатыстым. Өлген адам ауылдың жылқысын бағады екен. Имам тұрып:«Біреулерге берешегі, мойнында қарызы жоқ па?»деп дауыстады.

- Менің қарызым кетіп барады мойнында! - деді біреу. Бір емес екі бірдей жылқымды жоғалтып, төлемей кетті.

- Кешірім бар ғой, - деді имам. Артында қалып бара жатқан бала - шағасы жоқ - жұқана, несін береді?

- Менің де жағдайым оңып тұрған жоқ! - деп өзеуреді әлгі адам. Ақыретінен жыртып алам...

- Уай , қарағым,қайт райдан! - деді бір қартаң кісі. Өлген адамға өкпе жүрмейді.

## ҰРАНШЫЛ

- Заманымыз енді туды! - дейді Өкіреш қатарласына. Бұрынғы бірсарындылық келмеске кетті.

- Тоталитарлық режімді айтамысың? - деді мондыбас досы. Ол қоғамда қанша дегенмен теңгермешілік бар еді.

- Бай да жоқ, кедей де жоқ, бірдейшілігін айтамысың? - деді Өкіреш оған өңмендеп. Сәтсиализмді желкемнің шұңқыры көрсін,

- Жетіскенің не сонда? - деді Монтай тыжырынып.

- Іштен тынып өлесі боп бітіп ем, көзім енді ашылды.

- Қайтіп?

- Еркіндікке қол жеткізіп...

- Сондағы бітіргенің не?

- Бір деген белсендімін! - деп Өкіреш досына теке көздене қарады. Сен деймісің шимай - шатпаққа алданған. Онынан түк шықпайды. Ұзындатып созбалап сөйлеудің заманы өткен. Айтайын дегеніңді қысқа да нұсқа сөзбен жеткізген жөн.

- Ата - бабаларымыз сөзге тоқтайтыны қайда!?

- Әсіре мылжыңдықтың күні өткен, - Өкіреш жаңағыдан бетер өзеуреді. «Артық қайрат жанға қас» дегенді кім түсінеді? «Екі елі ауызға бір елі қақпақ» дегенде нендей мағына бар!? Сенің шатпақтарыңа анда - санда көзім түседі. Жаман әліңе қарамай роман жазғансың. Сірескен өлі сөзді шұбырта береді екенсің. «Тозған мотор ашылуымнан езуі құрғамайтын көксау шалша түтінін ағыл - тегіл үдете түсті» дегеніңе кім түсінеді? Темекіні «ашылуым» дегеніңе жол болсын !?

- Жә, оныңды мойындаймын, - деді Монтай қашанғы көмпістігіне бағып. Өз бітіргеніңді айтшы.

- Сілкініс керек қоғамға! - деп ол жаңағыдан бетер өрекпіді. Аяққа оралғы ескілкті әдет - дағдылардан тезірек арылғанымыз жөн. Сонда «Жаңа Қазақстанға» тезірек жетеміз.

- Саясаткерлігің осы ма!? - деді жәбірленген Монтай көзі жасаурап. Менің қайтуым керек еді!?

- Қаламыңды күресінге атып ұрып, маған ілес.

- Сосын не болады?

- Не болатынын жүре келе көресің, - деді Өкіреш суық жымсиып. «Жаңа Қазақстан» жасасын!» дегенді қаперге алсаң жерде қалмайсың. Шабытың қысып бара жатса, биліктегілерді жырла.

## КӨҢІЛ ЖЫҚПАС

Боқыбай елпектеген ақкөңіл. Кісі көңіліне жел боп тимейтін оны былайғы дос - жаран өздерінен алыстата қоймайды. Досқа пейілді оны үстел басындағылар да өздеріне жақын ұстайды. Жиналыс - жиыннан қалдырмай, бірінші қатарға отырғызады.

Пікір алысу басталғанда міндетті түрде сөз береді оған. Көкезу мылжыңдыққа жоқ ол тоқетер сөзден әріге бармай,





үйреншікті пікірін қайталайды. «Мен анау - мынау былшыл сөзге жоқпын. Жаңарып жатырмыз, одан артық бізге не керек!?» дегенде жиынға келгендер дүркірете қол сағады.

Боқыбай былайша сөзге сараң. Ішін ашпайтын тас түйміштігі әкесінен ауысқан.

Үш мәрте істі болған марқұм әкесі: «Аузыңа сақ бол. Басқа пәле тілден» деп құлағына құйып тастаған. Әкесінің өсиеті тұйықтығына дөп келген еді. Жай отырыста да сөзге жоқ оны былайғы дос - жаран «мылқау» деп қыжыртады. Сонысына қарамастан ол тауып айтатын тапқырлығымен өткен кезеңде де басшылыққа жұғымды болды. «Партиядан әділдік құтылмайды» дегені үшін төрден орын алды.

- Сөз сізде! - дейтін жиналыс басқарған білікті.

- Балтай - шалтай неме керек! - дейтін үйреншікті сөзін қайталап. Партия қайда болса жеңіс сонда! Алға жолдастар!

Сөйтіп жүргенде сүйікті партия бір - ақ күнде тоңқалаң асып, жайрады да қалды.

- Енді не істейміз!? - деген дос - жарандары Боқыбайға жүгініп. Аузыңның дуасы бар еді, бірдеңе десеңші.

- Нешауа, арба сынса кашауа! - деп Боқаң жебелі сұлу мұртын бір сипап өтіп, сөзін әрі қарай жалғайды. Шұрық етпеңдер, жаңарамыз әлі.

- Ау, Боқа! Жаңарғанымыз осы ма!? - дейді қатарластары.

- Енді бұдан артық тау қопарамыз ба!? - дейді ол еш құйтырқысыз. Кеңестік кезенің қара шаруасы едік. Шетімізден байып жатырмыз. Жаңарудың көкесі осы. Кішкене кезімізде үлкендерге сәлем бергенде: «Таудай жігіт бол, бай бол, айналайын!«дейтін. Сол кісілердің айтқаны айдай келді.

Алға бауырлар, алға!

*18.04.2025.*

## ҚҰБЫЛ

Бөлтек пен Сәтбек қатар өскен құрдастар. Кешегі бай да жоқ, кедей де жоқ.

Бірдейшілік кезеңде Бөлтек рөл ұстаған кәттабай шопыр болса, Сәтбек шымыркеш атанып балуандықпен аты шықты. Бір жолғы белдесуде жарақат алып боз кілемнен сырт қалған еді. Қара күшке мығым ол жаңадан байыған біреудің оққағары боп әлгіні сырт көздің сұғынан қорғаштады. Бөлтек машықты мамандығынан ажырамай, ол да бір тәуірдің ат қосшылығына іліккен. Жүрдек көліктің рөлін ұстаған оған бу бітейін деген еді.

Ескі досы Сәтбекпен кездескенде дүрдиетіні бар.

- Әй, сен несіне жетісесің!? - дейді тік мінезді Сәтбек. Шопырлықта нендей бу бар?

- Қосалқы жұмыс қой мені көтеретін! - деп Бөлтек шалқалай түседі. Қожайынымның қойынына қиық қастарды саламын.

- Менің ондайға ебім жоқ, - деп Сәтбек қабағын түйіп алады. Мықтыны сырт көздің сұғынан қорғасам болғаны.

- Әлі оны да көресің, - дейді жылпың досы. Өзіңді соған алдын ала дайындай бер.

- Қайтіп!?

- Сондайға жұмсаса, елп ете қал.

- Немене, мен сонда еркек басыммен жеңгетайлықпен айналысуым керек пе!?

- Өйтпесең жұмыстан шығып, қаңғып қаласың.

- Онда күзетші бола саламын.

- Оған тұру үшін де танысың болуы керек.

- Күн уағында көре жатармын, - деген ол ауыр теткіп. Менің қожайыным таза адам.

Арада біраз күн өткен еді. Сыпырғыш ұстаған досын көшеден көріп қалған Бөлтек бұрылып кеп Сәтбектен жөн сұрады.





- Уай, батырым, орта толсын!

- Әлей болсын! - деді Сәтбек гүж етіп. Немене саудаң қызып жатыр ма?

- Ол не сөз!?

- Жеңгетайлығыңды айтам.

- Сенің де жетіскенің шамалы! - деді Бөлтек шырт етіп. Сыпырғыш ұстағаныңа буланамысың?

- Қарындасын бастығына жұғыстыратын да жүр ғой жер басып.

- Өйтіп жала жаппа! - Бөлтек шоқ басқандай ыршып түсті. Мен ондайдан аманмын.

- Сырың белгілі сенің! - деді Сәтбек сыпырғышын оған төндіріп.

Еркек басыңмен жеңгетайлыққа салынған сенен не қайыр!? Бара - бара қатыныңды да жалдарсың бастығыңа.

*19.04.2025.*

## ЕЛЖАНДЫ АЗАМАТ

Өкірекбайдың сөз саптасы «ауыз өзімдікінен» келеді. Дәйексіз ол бір сөйлеп кетсе көпке дейін тоқтамайды. Оның сол әдетін білетіндер оған қасақана жел беріп:

- Не жаңалық бар!? - деп астына көпшік қоя көтермелейді. Сөз білесіз ғой.

- Мәселен былай. . . мен ел ішінде көп жүрдім. Шопырлық мені көсем етті. Содан көрген - баққанымды қағаз бетіне түсірсем бір кітап болар еді. Әсіресе мен өлке тарихына жетікпін. Белгісіз қашанғы кәрі молада кімнің сүйегі жатқанын жақсы білемін. Бұрынғы ескі көздерден сұрап біліп алғанмын.

- Мәселеңки?

- Мәселеңкиің өзіңе! - деп ол сыңар езулігіне басып қиыс тартады. Осында біреулер ауылдың шығысындағы ақ бейітті бердес руына жататын Ақбала сұлудың мазары деп көкиді. Шыли өтірік! Онда біздің атаға жататын Нарынбай батырдың қызы Ақмоншақ апамыз жатыр.

- Қош дейік! - деп отырғандар Өкірекбайға жел бере түседі. Ауылдың шығысындағы жалғыз бейіт ше?

- Ол да біздің атаға жататын Жаныс батырдың мазары.

- Оны қайдан біліп алғансың?

- Көріпкел үстінен дөп түсірді.

- Наршөккен тауының етегіндегі жалғыз бейіт ше?

- Ол мазарда да біздің атаның жетінші бабасы Көрпебай батыр дамылдап жатыр.

- Бар бейіт сенің атаңа тиесілі болғанда, бізге несі қалады?

- Оны өз кещелігіңнен көр! - деп үнемі тақымдап қоймайтын құрдасын бір шалып өткен. Мен текті атаданмын.

- Дәлелің бар ма? - деп ол да бұны тақымдай түсті. Арақтан аузың құрғамаушы еді. Бұның бәрін қайда жүріп біліп алғансың?

- Жүре - жүре көсем болдым,сөйлей - сөлей шешен болдым, ішің күйсе тұз жала!Менің Қылышбай бабам ойсан батыр болған екен. Жаумен жағаласта опат болып, бір саусағын елге әкеп белгі қойған. Сол шоқы Қылышбай биігі аталады.

- Сан суайтты көріп едім, дәл сендей көкімені көрсем көзім шықсын! - деді сексен жасаған Жәпек кәрие шыдамай кетіп. «Қазанына қарай тамағы,заманына қарай адамының» кері ғой бұл.





# СӨЙЛЕМПАЗ

Бүлкен жайшылықтың өзінде жұлынып сөйлейтін - ді. Осы әдетін ол қызмет бабында пайдаланатын еді. Телехабар жүргізгенде шапшаң сөйлейтін машығын жетілдіріп, уақыт үнемдеу арқылы тыңдаушыға ой тастаудың шебері атанды. Ойын тезбе - тез дамытып, жұлқынып сөйлегенде былайғы көрермен оның жүргізген хабарын қалт етпей тыңдайтын - ды. Ардың - гүрдің сөйлеп ала жөнелгенде жұрт назарын өзіне еріксіз бұрып алатыны сөзшеңдігіне жатқызылып, шебер жүргізуші атағына ие болды. Телеарнадағы хабарды жүргізу барысында ойын еркін төгілдіретіні өзіне бек жарасар еді. Түйіле сөйлеп бергенде қоңырқай кескінде сұсты уыт пайда болып, қабағы жауар бұлттай түнеріп сала береді де сөз топанына орайласқан ойнақы қоңыр көзі уыттана тесірейіп көмейінен ағылтылған сөзге дем бергендей алақтап кетеді. Не деп сөйлегені өзіне аян бола тұра былайғы құлаққа анық жетпей жатады. Айтты болды, шапты кесілдіге жатқызылған оның әр жүргізген хабары керенау мен немкеттіні бір сергітіп тастайтыны ақиқат болатын. Соның нәтижесі Бүлкенді ел көлемінде танымал дәрежеге жеткізіп, парламент төріне шығарған еді. Мәжіліс құрған депутаттар ілгерілі - кейінді сөйлеп жатқанда Бүлкен тым - тырыс отырады. Айтылған пікірлер пышырап бара жатқанда мәжліс төрағасы: «Бүлкен Шәлденов сіз не дейсіз?» дегенде орнынан лып көтерілген ол сөйлеп ала жөнеледі. Жұлқына елірмелеп астын - үстін сөйлеп кеткен ол өзінің алдында сөйлегендердің пікірін белден басып озғындап кетер еді.Барып - барып тоқтаған оның сөзіне түзету енгізу мүмкін емес. Басы бар, аяғы жоқ көпіре көбік сөзінен іліп алар соны пікір тапаған әріптесері «оның аузына түсіп қап жүрмейін» деген сақтықпен Бүлкенді көрінеу

қошеметтейді. Соған дәс алып дүрдиген одан үлкені бар, кішісі бар мәжілiскерлер ықтап жүреді.

- Бұл не кеп!?-деседі олар оңашалықта. Жылдам сөйлегенде тұрған не бар?

- Заман талабы соған мәжбүрлесе амалың қанша!?

- Сондай да талап болғаны ма!?

- Болып жатыр емес пе! - дейді бір кәртамыс депутат. Жеделдік дегенміз осы, уақыт үнемдейтін заң қабылданады әлі.

- Жылдам сөйлейтіндер қайтеді?

- Олар озады.

- Өзгеміз ше ?

- Артық сөзге де тыйым болуға тиісті. Бірте - бірe соған келе жатырмыз. Сөзді уақытқа бағындырып шақтап сөйлеуміз керек. Ойды тезбе - тез жекізіп қалу үшін жылдам сөйлеуге тура келеді.

- Бүлкеннің күні туады десеңші!

- Келешектегі бұлбұлымыз сол боп шығады.

- Бұлбұлдан садаға кетсін! - деп бір әріптесі шала бүлінді. Құрдым заманның құзғыны нақ солар.

*28.04.2025.*

## МӘЙМӨҢКЕ МЕН ДҰШПАН КӨЗІ

Бұл екеуін білмейтін жан жоқ. Қалаға да, далаға да белгілі. Заманның амалы бұларға түк емес. Қиын - қыстау күндерге шұғыл бейімделіп, сыртқы тонын тезбе - тез өзгертіп ала қояды. Әне бір кезеңде алдыңғы шепте жүрген олар алағай -бұлағай шақта да жұртта қалып жатқан жоқ. Алға озбаса да орта тұстан төбе көрсетіп жұрт назарын





өздеріне аударады. Әсіресе Божбанның жолы болып тұр. Кешегі бірдейшіліктегі турашыл бірбет әдеттен сап тиылып, мәймөңкеге басатынды шығарған. Не бір дау - дамайда ара ағайындықпен ширықты жағдайдың тігісін жатқыза салатыны бар.

Төлтай болса басқаша қалыпта. Қашанғы қанына сіңген машықпен сыртын дүрдитіп қопсып сөйлеуге жаны құмар. Содан да ол саясаткер дәрежесінде. Жиналыс - жиыннан қалмайтын Төлтай міндетті түрде сөйлеуге тиісті. Ол қатыспаған бас қосу тартыссыз көңілсіз өтеді. Соны жақсы білетін үстел басындағылар оның жолын бөгемейді.

- Қадірлі үлкен - кіші бұрынғы өткен ата - бабаларамыз «заманың түлкі болса,тазы боп шал» деп өсиет қалдырған, - деп Төлтай сөзін әріден басайды

- Жөн - ақ қой!

- Өйдесеңдер неге көткеншектейсіңдер!? - деп ол ойын үстемелей түседі. Үй күшік тазы түлкі алып жаратпайды. Сілкініп сестенейік, мырзалар!

- Енді кім бар сөйлейтін?

- Божбансыз сөз оңалмайды, - деп біреу аяқ астынан дауыс көтереді. Бұғына бермей шықсын ел алдына!

- Қадірлі әлеумет! Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады. Сөз түзелмей іс оңалмайды. Аузымызға сақ болайық, - деп бір өтті. Бұрынғы өткендер «басшысыз үйдің иті осырақ» деп тегін айтпаған. Бас жаққа барыса бермейік, ағайынар! Билікті сынап мінегеннен заман оңала қоймайды. Бірлік болса, тірлік те болады, қарақтарым!

Жиналыс ың - шыңсыз тыншу өткен еді.

*01.05.2025.*

# ЖАМЫЛҒЫ

- Осы жігіт қашан өседі? - дедім еш құйтырқысыз.
- Оны өзінен сұрсайшы.
- Тас түйміш ол! - деп қарадай қиыс тартты жүз танысым. Шіркін, оның білімін маған берсе ғой!
- Қайтер едің?
- Қызметте жоғарылап, мансап бигінен көрінер едім.
- Оның да бір діттегені бар шығар.
- Әрине, ғой.
- Сонда оның басшылыққа ілікпеуіне не кедергі?
- Көңіл жықпастығы болуға тиісті. Тым майысқақ, өзіндік беті жоқ.
- Сөйте тұрғанмен, соныңның ұпайы түгел.
- Нендей артықшылығымен?
- Құмарпаздығымен
- Ішкіштігі ме?
- Одан - да зорғысы бар,
- Көмейі кең парақор шығар.
- Ол бержақтағысы.
- Әржақтағысы не сонда!?
- Серілігін айтамын.
- Онысы еркектік қой.
- Біріншілікке іліге алмағанына не деуге болады!?
- Ұпайы түгел соныңның! - деп сөзіне екпін түсірді екінші біреу. Орынбасарлық сырт көзден далдалайтын жамылғы емес пе. Төменде жүріп те таудай іс тыпырады.

*02.05.2025.*





# ИТ АЙТАҚ

Кезінде болып толғанның нақ өзі - тін. Тіршілік ыңғайына орайласқан ол қайраткерліктің қызығын бір кісідей көрген еді. Аумалы - төкпелі замана забалаңында кез болған Мәселхан алашқы дүрмекте суырылып алға шыққан - ды. Үні зор,өң - түсі сұсты, алапаты басым болатын.Оның дігерлеген ойбай - аттанына еліккендерде ес қалмайтын еді. Қара тобырға жақын жүретін ол биліктегілерге тас ататындарды төңірегіне топтасырып шеп құрды. Аңшылық кәсіпке тән «ит айтаққа» басқанда еліккен тобыр дүрк көтеріліп, алға озатын. Сол екпінмен өзеурегенде қарсы топ шөпше жапырылып сала беретін - ді. Сясаттағы «ит айтақ» амалы елден елге таралып жатты. Қоғамдағы өзгеріс салдарынан қиналғандар «ит айтақтың» нәтижесінен үмітті еді. Бұл ағымдағылардың қатары молыға бастағанда аяқ астынан Мәселханға бір қырсық жабысты. Жер - көкті тітіренткен айбарлы даусы аяқ астынан сыр беріп, үні шықпай қалды. Содан былайғы жерде саясаттағы «ит айтақ» ағымы көз түрткіге ұшырап, мәнсіздене бастаған - ды.

Кезінде айбарлы зор үнінен тау тітіренген айтақшыл Мәселхан қоғамнан шеттеп қала берген - ді. Замана зобалаңының қақпақылына ұшыраған ол пәнайы себеппен аман қалған-ды. Есін жиып өз - өзіне келе бастаған ол кешегі жансебіл серіктеріне ыңғай беріп, Жалпан досының есігін қаққан еді.

- Кімсің? - деді іштегі адам.
- Мен ғой, - деді қарылығыңқы үнмен,- ескі досың Мәселханмын.
- Даусыңа не болған? - деді іштегі адам, - үнің шықпай сыбырлап қалыпсың.
- Кешегі айқай - сүреннің салдары ғой, - деді сырттағы кісі, - тар қамақта ұйлығысқан тобырды азаттық жолына бастағандағы жетіскенім осы, бауырым!

- Әрі жүр, жарқыным! - деді ескі досы, - қырсығың тиеді.
- Жазығым не?
- Жазығың сол! - деп одыраңдау үй иесі танауына жұмырығын төндірді. «Ит айтаққа» жаның құмар еді - ау!
- Одан не зиян шектіңдер!? - деп Мәселхан көрінеу жалтарды. Бүгіндегі жетістікке біз құрған «ит айтақ» партиясының ықпалы орасан болғаны әмбеге аян.
- Оның жеңерақы сылтау! - деп ескі танысы сөзін ауырлата түсті. Сен құтылып, біз тұтылған жоқпыз ба!? Бас кететін жағдайға талай - талай бардық. Бақталастарыңмен ашық майданға шықтық.
- Айтып өлтірсеңші! - деді Мәселхан қарлығыңқы үнмен. Мен сендерді қыстаған жоқпын. Өздерің емес пе өре түрегелген?
- Атташыл едің ғой! - деді ескі танысы жыларман болып. Сенің ойбай - аттаныңа өлген адам да тірілердей еді.
- Ол кезеңнің ұраны сол болатын.
- Енді қайтпексің!? - деп қасақана сыр тартты Жалпан одан. Айтақшылдардың заманы өтіп кеткен жоқ па?
- Бір мәнісі болар, - деп Мәселхан көрінеу шалқайды. Қанша дегенмен саясаткер атым бар. «Ит айтақтан» мән шықпағансың, «Ұлыма» партиясын құрып, қасқыр мінезді азаматтарды маңыма топтастырмақ ойдамын.
- Оның далбаса! - деп Жалпан қиыс тартты. Қасқыр мінезді азаматтар қалмады ғой, батырекесі! Биліктің сығымы бетті азаматтарды жасытып тасаған жоқ па!?
- Онда «Үндеместер» партиясын құрамын.
- «Үндемеген үйдей пәледен құтылады, - деді Жалпан анығына көшіп. Соның жөн!

Іле құрылған «Үндеместер» партиясы тіркеуден мүдірмей өткен еді.



# МАЗМҰНЫ

## І БӨЛІМ
## Хикаяттар

Математик Ергешбай............................................................6

## ІІ БӨЛІМ
## Әңгімелер

Дала данышпаны...............................................................103

Бейбіт әңгімелер...............................................................179

Жазмыш........................................................................ 208

Бұрыс әңгімелер...............................................................281

**Өмір**
**КӘРІПҰЛЫ**

# ТӘБЕРІК

*Әңгімелер мен хикаяттар*

**Редакторы** *Төрехан МАЙБАС*
**Техникалық редакторы** *Нұрбол ИГЕН*
**Көркемдеуші редакторы** *Нұргелді СЕРҒОЖАҰЛЫ*

Басуға 20.10.2025 ж. қол қойылды.
Қалыбы 60х84 $^{1}/_{16}$. Борлы қағаз. Шартты баспа табағы 18,75
Таралымы 500 дана.

Тапсырыс берушінің файлдарынан «Қазына» баспаханасында басылды.
050002, Алматы қаласы, Л.Хамиди көшесі, 4а үй

# Өмір КӘРІПҰЛЫ

Арқа өңірінің тумасы. Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданына қарасты бүгіндегі (бұрынғы Атасу қолхозында) Байдалы би ауылында 1940 жылы бесінші мамырда дүниеге келген. Қаламгердің балалық шағы алыстағы қойлы ауылда өткен еді. Әкесі даңғайыр шопан болған. Қозы бағып, қой қайырып еңбек көрігінде шыңдалған қойшының баласы жастайынан сөз өнеріне бейім болған. Әдебиеттегі алғашқы талпынысын өлең жазудан бастаған Ауылдық мектепте жиырма жыл бала оқытқан. Қарағанды пединистутында оқыған. Қалам алды прозалық жинағы «Сарыбел сазы» 1977 жылы жарық көрген. Содан бергі жылдарда «Атасының баласы», (1980 ж.) «Ескі тоған» әңгіме-хикаяттары, (1985 ж.) «Бұрқақ» және «Тайталас» романдары (1991- 2001 ж.) «Серілер мен перілер» әңгіме-хикаяттар жинағы, (2004 ж.) «Тамызық» прозалық кітабы, «Тұғыр» этнотанымдық еңбегі, (2013 ж.) «Сыбаға» поэзиялық жинағы, (2010 ж.) «Қоңыр сарын» таңдамалы прозалық еңбегі, (2014 ж.) «Дала сыры» кітабы, (2020 ж.) «Белес» прозалық жинағы (2021 ж.), «Бастау» романы (2022 ж.) жарық көрген. Бұл кітаптардың дені мемлекеттік тапсырыспен шыққан.

